

Е. АБДУВАЛИТОВ, С. ДОСЫМБЕТОВА,
А. БЕКТАЕВ

ӘДЕБИЕТ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТИН
МЕКТЕПТЕРДІҢ 8-СЫНЫБЫНА
АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен

Бесінші басылымы

ТАШКЕНТ
«О'zbekiston»
2019

УҮК 821.512.122(075)

КБК 83.3(5)я721

A14

Пікір жазғандар:

Д. Дүйсебаева – Низами атындағы ТМПУ-дің аға оқытушысы.

К. Башаров – Ташкент облысы Төменгішыршық ауданындағы

40 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі

мен әдебиеті пәннің оқытушысы.

**Республикалық мақсатты кітап қоры есебінен
жалға беру үшін басылды.**

ISBN 978-9943-01-522-7

© Е. Абдувалитов және т.б., 2005–2014, 2019

© «O'ZBEKISTON» БПШУ, 2005–2014, 2019



Қымбатты шәкірттер! Сендер 8-сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығын қолдарыңа алып отырындар. Бұған дейін, 5-сыныптан бері, сендерді небір қиял-ғажайып ертегілер әлеміне, оқиғасы қызықты әңгіме-хикаяттар дүниесіне апарған, көңілдерінді шаттандырған әдебиет пәнін оқып-үйреніп келдіңдер.

Енді 8-сыныпта оқитын «Әдебиет» оқулығында осы кезге дейін алған әдеби білімдерінді әрі қарай тереңдете түсетін, жалпы түркі халықтарына ортақ жазба әдебиетіміздің бастауы – ежелгі дәуір әдебиетінің үлгілері берілді. Сонау алыс ғасырлардан жеткен асыл мұраның тілі үйреншікті емес, сондықтан берілген материалдар сендерге қындау соғар. Бірақ оларды сендердің шамаларың келмейтіндей қындық деуге болмайды. «Ежелгі дәуірдің өзінде менің ата-бабамың керемет жазба өнері болған екен, сонда мынадай асыл ойлар айтылған екен, сондағы тіл, мақал-мәтелдер бүгінге жетіп, оны біз айтып, қолданып жүр екенбіз» – дегенді сезінудің өзі қаншалық ғанибел десендерші! Осы мақтаныш сезімі мен сана сендерді ежелгі әдебиетті оқып-үйренуге құлшындыра түсетініне құмәндануға бола ма!

Еліміздің тұңғыш Президенті И.А. Каримов: «Әдебиет ежелден-ақ халық жүргегінің жырын жырлаушы, әділет пен ақиқаттың жаршысы болып келген. Тәуелсіздік жылдарында әдебиетті дамыту, тарихи шындыққа айналды, сондай-ақ бүгінгі күн туралы, заманамыздың ерлері жөнінде тың шығармалар жасау да уақыт талабы болып отыр»¹, – деген болатын.

¹ Каримов И.А. Жоғары руханият – жеңілмес күш (қысқаша сипаттама). – Т.: «Маънавият», 2008. – 38-бет.

Шындығында да әдебиет адамға сөз құдіреті арқылы әсер етеді. Жазушы өткен тарихты, ондағы адамдардың жай-күйін, сезімін, қайғы-мұңын тебірене жазып, бүгінгі бізді толқытып, күшті әсерге бөлеп, ойға шомылдырады. Кейбір көркем шығарманы оқып отырып, оқиғасына өзің араласып кеткендей күй кешесің, кейіпкердің түр-түсін, қуанғанын, ренжігенін жан-жүргегінмен қабылдайсың. Бұның бәрі – көркем әдебиеттің, яғни сөз өнерінің құдіреті.

Ал нағыз оқырман болу үшін, көркем шығармалар туралы ғылыми білімге ие болып, оларды талдай білуге үйрену керек. Көркем туындыны талдау оқулықтан алған біліміңдеғана қатысты емес. Оқыған шығарма туралы өз сөзінді, пікірінді айту – талдаудың басы да, негізі де осы. Оқулықта ұсынылған шығармаларды оқығанда, сендер де сөйтіндер. Талантты жазушылардың талантты оқырмандары болуға тырысындар.

БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗҒА ДЕЙІНГІ ЖАЗУ-СЫЗУЛАР МЕН АҚЫЗ-ЖЫРЛАР

Қазақтардың арғы ата тегі – біздің жыл санауымызға дейін-ақ, Қазақстанның қазіргі аумағында өмір сүрген сақ, ғұн, үйсіндер заманымыздың V ғасырынан былай «түрік», «түркілер» атанған.

Сақтар біздің заманымыздан бұрын Монголия мен Дунай арасын мекендеген. «Сақ» сөзі қазақ тілінде күні бүгінге дейін сақталған. Мысалы: сақа (асық), сақпан, сақшы, қыпсақ (қыпшақ) т.б. Көшпелі сақтар жайындағы деректер көне грек тарихшысы Геродоттың «Тарих» кітабында, қытай шежірелерінде жазылып қалған.

Сақтардың 26 әріптен түраратын жазуы болған. Есік каласының маңынан табылған Алтын Бекзаданың жанындағы күміс тостағанда: «Аға, саған бұл ошақ! Ошағынан безгендер, тізенді бүк! Халықта азық-түлік мол болғай!» – деген жазу бар. Алтын Бекзаданың біздің заманымызға дейінгі VII–V ғасырларда өмір сүргендігі анықталып отыр. Сақтар көне түркі тілінде сөйлеген. Күміс тостағандағы жазу мен біздің заманымыздағы VIII ғасырда жазылған Орхон жазу-лары бірдей.

Сақ, ғұн дәүірлерінен келіп жеткен Тарғытай, Алып-Ер Тұңға, Тұмар патшайым, Ширақ батыр, Зарина, Мөде батыр жайындағы ақыз-жырлар бар.

АЛЫП-ЕР ТҰҢҒА

Алыш-Ер Тұңға¹ – өте көне замандарда өмір сүрген түркілердің көсемі. Иранның ұлы ақыны Фирдаусидің «Шаһнама» кітабының кейіпкері болған. Онда Алыш-Ер Тұңға – Афросияб, Тұранның патшасы болып суреттеледі.

¹ Тұңға – «калғашқы, бірінші» деген мағынада.

Ақыл-айласымен, күшімен, біліктілігімен ел есінде мәңгілік қалған тарихи тұлға.

Алып-Ер Тұңғаның Барысхан атты ұлы, Қаз есімді қызы болған. Қаздың екі шаһары Іленің маңайында. Барысхан қаласының орны Ыстық көлдің жанында.

Алып-Ер Тұңға қайтыс болғанда, артында қалған елі жоқтау шығарған. Сол жоқтау атадан балаға жетіп, XI ғасырда Махмұт Қашқари жазған «Түркі сөздерінің жинағы» деп аталатын кітапқа кірген. Бұл жоқтау ежелгі түркі әдебиеті мен фольклорының алғашқы нұсқаларының бірі болып есептеледі.

Жоқтау жырында опасыз дүниенің¹ Алып-Ер Тұңғаны да аямағаны, түркілердің оның қазасына қайғырып, бөрідей ұлып, жағасын жыртып жылағаны айтылады. «Ажал оғы жақсыларды құллатты, жамандар қалды», – дейді. Бұл жырдан қазақтағы жоқтау айту салтының өте көне заманнан келе жатқанын байқаймыз.

АЛЫП-ЕР ТҰҢҒАНЫ ЖОҚТАУ

Алып-Ер Тұңға өлді ме?
Опасыз¹ дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар...

Бектер аты болдырып,
Қайғы оларды солдырып,
Менді жүзі сарғайып,
Запыран рең суртілер.

Бөрідей жүрт ұлысып,
Айқаймен жаға жыртысып,
Өкірген үнін өшіртіп,
Жылаған көзден жас өрер.

Көнілім ішті жандырды,
Жазылған жара жаңғырды.
Көшкен күндер көзге ұрды,
Күн-тұн демей ізделер.

Тағдырың кезін келтірді,
Ұры тұзагын ілдірді.
Бектердің begіn ап кетті,
Қашса қалай құтылар?

Тағдырың күнін тербетер,
Пенденің күшін мендетер.
Пәниді жүрттан тазарттар,
Қашсаң тағы артылар.

Тербетер салты мұнданай-ақ,
Бұдан да басқа сыр көп-ақ.
Заман атса кезеп-ақ,
Таулардың басы қүйрелер.

Оғын атса дәл кезеп,
Кім тоқтатар көлбеу кеп.
Тауды атса көздел кеп,
Шың шатқалы қақырап.

¹ Опасыз дүние – «бұл дүниеде ешкім мәңгі қала алмайды» деген мағынада.

Заман түгел күйреді,
Білімді жақсы сиреді.
Жаман-жәутік түптеді¹,
Ізгі бектер шешінер.

Білімді батыр жұнжіді,
Замана аты жаншыды.
Ізгілер тәні жидіді,
Жерге тиіп сұртілер.

(Аударған Фариза Оңгарсынова)



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Жоқтауды оқып шығып, мазмұнын айтып беріндер.
 - a) Дұниені неге опасыз дейді?
 - ә) Жүрек неге жыртылады?
 - б) Жұрт неге бөрідей шуласады?
2. Алып-Ер Тұңғаның түркі тарихындағы рөлі «Жоқтауда» қалай көрінеді?
3. Қазақтың дәстүрлі жоқтауларымен салыстырып көріп, үқсастығын байқандар.
4. Жырда заманға қандай сын айтылады?

ТАСҚА ЖАЗЫЛҒАН ДАСТАНДАР (Орхон жазба ескерткіштері)

Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі ежелгі феодалдық мемлекеттердің бірі – Түрік қағанаты (552–745).

Рас, алғаш ұлан-ғайыр жерді алып жатқан бұл мемлекет бертін келе екіге бөлініп кетті. Бірі – Шығыс түрік қағанаты (Орталық Азия), екіншісі – Батыс түрік қағанаты (Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан).

Кезінде Батыс түрік қағанатын құраған түрлі тайпалар кейіннен қазақ халқының құрамына еніп кеткені мәлім.

Батыс түрік қағанаты – Тараз, Суяб, Испиджаб (Сайрам), Отыrap, Құмкент, Қарнақ, Қауыншы, Қойлық сияқты мәдени және экономикалық орталықтары бар, өзіндік жазу-сызу өнері, қолөнер кәсібі, әдебиеті мен ғылымы дамыған қуатты мемлекет болды.

Міне, сол ежелгі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін жыр еткен ғажайып дастандар бар. Бұлар – «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныққөк» жырлары деп аталады. Бұдан 1250 жыл бұрын үлкен құлпытастарға қашап жазылған осы

¹ Түптеді – көбейді.

әдеби ескерткіштер идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шеберлігі тұрғысынан да күні бүгінге дейін оқушысын таңдандырып, тамсандырып келеді.

Орхон өзені бойынан табылған бұл ескерткіштердің бірі – Түрік қағанатының әскери қолбасшысы болған Құлтегін батырдың (684–731 жылдары) ерлік істерін баяндайтын дастан. Ал екіншісі – Батыс түрік қағанатының елбасы – Білге қағанға арналған жыр. Құлтегін батыр мен Білге қағанның ақылшысы, кеңесшісі, данышпан қарт Тонықөкке арналған ескерткіш тасқа да осындай жыр-дастан қашап жазылған.

Тасқа қашап жазылған бұл үш дастанда Түрік қағанатының құрылуы мен құлдырауы, өрлеу дәүірі мен қүйреу кезені жайында аса құнды тарихи деректер бар. Эйтсе де, Орхон жазуындағы бұл жәдігерліктер жылнама-шежіре емес. Автор сол кездің аса маңызды тарихи оқиғаларын бетке ұстай отырып, өзінше эпикалық сарындағы көркемдік дәрежесі биік, тарихи тақырыптағы дастандар жазған. Мұнда тарихи шындықтан емес, автордың көркемдік қиялынан туған көріністер мейлінше мол. Ерлік, елдік және ел қорғау тақырыбына арналған бұл ғажайып дастандардың авторы Иоллығ тегіннің аса дарынды сөз зергері болғанын шығарманы оқи отырып анғару қын емес. Ол әсіресе ежелгі түркі поэзиясына тән көріктеу құралдарын зор шеберлікпен пайдаланған.

Өлеңде бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталанып қысу, яғни аллитерация жырдағы үндестікті, мәнерлілікті күшайте түсетінін ежелгі түркі сөз зергерлері жақсы түсініп, бұл әдісті шебер менгергені анық. Мәселен, Құлтегін жырының авторы әдеби тілге дауыс ырғағы түгіл, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы әжептеуір ажар беруге болатынын сезген секілді.

Орхон ескерткіштеріндегі үйқастықтың өзіндік ерекшеліктері бар. Қалай болған күнде де өлеңге қойылатын негізгі шарттардың бірі – тармақтағы сөз сонының үндестігі, дыбыстас естілуі болып табылады. Ежелгі түркі жырындағы үйқас – екпінді және екпінсіз буындар үйлесімінің біркелкі қайталануы. Бұған «Құлтегін» жырын оқи отырып көз жеткізу қын емес.

«ҚУЛТЕГІН» ЖЫРЫ

Биікте көк тәнірі,
Төменде кара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ататегім
Бумын қаған, Іstemіс қаған отырған.
Отырып, түркі халқының ел-жұртын
Қалыптастырған, иелік еткен.
Төрт құрыштың бәрі дүшпан екен,
Сарбаздарымен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп талаған, бәрін бейбіт еткен.
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген,
Ілгері Қадырқан қойнауына дейін,
Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған.
Екі аралықта жұрген иесіз көк
Түріктерді осылай қоныстандырған екен.
Білге қағандар екен
Алып қағандар екен.
Әміршілері де бірге болған екен,
Алып болған екен.
Бектері де, халқы да сенімді екен.
Сол үшін де елін сонша (ұзак)
Билеген екен.
Ел ұстап, төрелік еткен
Өздері қаза болған.
Жылаған-сықтаған:
Әуелі күн шығыстан
Беклі шөлінің елі,
Табғаш, тибет, авар, үрім,
Қырғыздар, уш құрықандар,
Отыз татар, қытай, татабылар¹ –
Осыншама халық келіп сықтады-жылады.
Осындай сыйлы қаған екен.

¹ Ежелгі монгол тайпасы.

Соңындағы інілері қаған болған,
Ұлдары да қаған болды.
Соңындағы інісі ағасындай болмады,
Ұлдары әкесіндей болмады.
Біліксіз қағандар отырған еken,
Жалтақ қағандар отырған еken.
Әміршілер де біліксіз еken,
Жалтақ болған еken.
Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,
Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен,
Арбауна көнгендігінен,
Інілі-ағалының дауласқандығынан,
Бекті халқының жауласқандығынан
Түркі халқы елдігін жойды,
Қағандығынан айрылды;
Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды.
Түркі бектер түркі атын жоғалтып,
Табғаш бектердің табғаш атын тұтынып,
Табғаш қағанына бағынды.
Елу жыл ісін-кушін берді,
(Олар) ілгері – Күншығыста
Бөклі қағанға дейін шапқынады,
Кепі – Темір қапаға дейін шапқынады,
Табғаш қағанына елін, жұртын алдырыды.
Күллі түркі халқы былай десті:
«Елді халық едім,
Елім қазір қайда,
Кімге ел-жұрт іздермін?
Қағанды халық едім,
Қағаным қайда,
Қандай қағанға күш-қуатым берермін?» десті
Осылай деп, табғаш халқына жау болды.
Жауы болып,
Қолдарынан түк келмей,
Қайта бағынды.
Бүйтіп күш-қуатын бергілері келмеді.

Түркі халқы:

«Қырылайық, жойылайық» десті,

Ажалға жылжи бастады,

Көктө түркі тәңірісі,

Түріктің қасиетті жері, суы.

Былай депті:

«Түркі халқы жойылмасын» – дейді, –

«Ел болсын», – дейді.

Әкем Елтеріс қағанды,

Шешем Елбілге қатынды

Тәңірі төбесіне ұстап

Жоғары көтерген екен,

Әкем қағанға он жеті ер еріпті.

Шетте жортып жүр дегенді естіп,

Қаладағылар өрлепті,

Таудағылар індепті,

Жиылып, жетпіс ер бопты.

Тәңірі қуат берген соң

Әкем қағанның әскері бөрідей бопты,

Жаулары қойдай бопты,

Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті.

Қолы жеті жүз ер болыпты.

Жеті жүз ер болып,

Елсіреген, қағансыраған халықты,

Күнденген, құлданған халықты,

Түркі иелігінен айрылған халықты

Ата-баба мекеніне қайта орнатты.

Төліс, тардұш (тарға)

Жабғы, шад сайлапты.

Оңында-табғач халқы жау еді.

Солында – Баз қаған, тоғыз оғуз халқы жау еді.

Қырғыз, құрықан, отыз татар.

Қытай татабы – бәрі де жау еді.

Әкем қаған осынша

Қырық жеті рет аттанды,

Жиырма айқас жасады.

Тәңірі жарылқағандықтан

Елдігін елсіретті,
Қағандығын қағансыратты.
Жауын бейбіт етті,
Тізеліні бұқтірді,
Бастыны еңкейтті.
Әкем қаған сөйтіп, ел-жұрт құрап,
Ұша барды.
Әкем қағанның басына
Баз қағанның балбалы қойылды.
Оның елінің үстіне
Ағам қаған болды.
Ағам қаған болып,
Тұркі халқын көркейте тұсті,
Көтерді.
Кедейді бай қылды,
Азды көп қылды.
Ағам қаған болғанда,
Өзім тардұш халқына шад болдым.
Ағам қағанмен бірге ілгері – Жасыл өзеніне,
Шаңтұң жазығына дейін аттандық.
Кері – темір қақпаға дейін аттандық.
Көгменнен аса қырғыз жеріне дейін аттандық.
Бас-аяғы жиырма бес (рет) аттандық,
Жиырма үш рет соғыстық,
Елдігін әлсіреттік,
Қағандығын қансыраттық.
Тізеліні бұқтірдік,
Бастыны еңкейттік.
Тұргеш ханы түркіміз, өз халқымен еді,
Білместігі үшін,
Бізге жауыздығы үшін қағаны өлді,
Әміршілері, бектері және өлді.
Он оқ халқы азап көрді.
Атамыз, бабамыз ұстаған
Жер-су иесіз болмасын деп,
Аздарды халық етіп құрап,
(Оларға) Барс бек болды,

Қаған атағын оған біз бердік.
Карындасымды – қаған қызына бердік.
Өзі жаңылды, қалғаны өлді,
Халқы күн, құл болды.
Көгмен жер-сұы иесіз қалмасын дедік.
Аз, қырғыз халқын жинап,
Келдік, соғыстық.
Елін қайта бердік.
Ілгері Қадырқан қойнауынан аса,
Халықты осынша қондырдық, осынша еттік,
Кері – Кену тарманға дейін түркі халқын.
Осынша қондырдық, осынша еттік,
Ол шақта құл-құлды болған еді,
Күн-күнді болған еді,
Інісі ағасын білмес еді,
Ұлы әкесін білмес еді,
Сонша иелік еткен ел-жұртыймыз осындей еді.
Түркі, оғуз бектері, халқы тындандар!
Төбеңнен тәнірі баспаса,
Астыңнан жер айрылмаса,
Түркі халқы, ел-жұртыйның кім корлайды?
Түркі халқы, өкін!
Бағынғаның үшін (өзінді) көтерген қағаныңа,
Қасиетімен, ісімен жақсы еліңе
Кінәлісің, жаман шатастың.
Қарулылар, қайдан келіп,
Тағы (сені) құлдыратты?
Найзалылар қайдан келіп,
Тағы сені ыдыратты?
О, қасиетті Өтүкен қойнауының халқы, бостың:
Біресе ілгері шаптың,
Біресе кері шаптың,
Барған жерде не пайда таптың?
Қаның судай құйылды,
Сүйегің таудай үйілді,
Бек ұлдарың құл болды,
Пәк қыздарың күн болды.

Білмestігіңен, нашарлығынан,
Ағам қаған дүниеден өтті.
Басына қырғыз қағанының балбалын тіктім.
Тұркі халқының атақ-даңқы
Өшпесін деп,
Әкем қағанды,
Шешем қатынды
Көтерген тәнірі,
Ел берген тәнірі,
Тұркі халқының атақ-даңқы
Өшпесін деп,
(Мені) қаған (етіп) отырғызған еді.
Ең болмаса бай халыққа отырмадым.
Іші ассыз,
Сырты тонсыз
Бейшара, Мұсәпір, халыққа отырдым.
Інім Құлтегінмен ақылдастық.
Әкеміз, ағамыз құрган халықтың
Аты, даңқы өшпесін деп,
Тұркі халқы үшін
Тұн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Інім Құлтегінмен бірге,
Екі шадпен бірге
Өліп-тіріліп жерді ұлғайттым.
Біраз ұлғайтып,
Біріккен халықты от-су қылмадым.
Мен өзім қаған боп отырғанда,
Жер-жерден босыған халық
Өліп-жітіп,
Жаяу-жалпы
Келіп жатты.
Халықты көтермек боп:
Терістікте оғуз халқына қарсы,
Шығыста – қытай, татабы халқына қарсы,
Тұстікте – табғашқа қарсы
Көп қолмен он екі жорық жасадым.

Сөйтіп тәнірі жарылқады.
Бағым болғандықтан,
Сәті түскендіктен,
Өлімші халықты тірліттім.
Жалаңаш халықты тонды,
Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Тату елге жақсылық қылдым.
Төрт бұрыштағы халықты,
Бәрін бейбіт қылдым,
Тату қылдым,
Бәрі маған бағынды.
Ісін-күшін беріп, осыншама ел жиып,
Інім Күлтегін өзі қайтыс болды.
Әкем қаған өлгенде
Інім Күлтегін жеті жаста қалды.
Он жаста Умай текті шешемнің бағына
Інім Күлтегін ер атанды.
Он алты жасқа (келгенде)
Ағам қағанның ел-жұртын сонша молайтты.
Алты чуб, соғдаларға қарсы
Аттандық, талқандадық.
Табғаш, Оңтұтықтың бес мың әскері келді,
Соғыстық.
Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды,
Оңтұтықтың қарулы басшыларымен қолға түсірді.
Қарулыларды қағанға еншіледі,
Ол әскерді сонда талқандадық.
Жиырма бір жасында
Чача Сенұнмен айқастық.
Ең ілкі Тадықын чурдың
Боз атын мініп шапты,
Ол ат сонда өлді.
Екіншіден Ышбар Ямтардың
Боз атын мініп шапты,
Ол ат сонда өлді,
Үшіншіден йегін Сілікбектің

Ерттеулі торы атын мініп шапты,
Ол ат сонда өлді.
Қаруына, сауытына жүзден артық оқ тиді.
Барлаушының басына бір де дарыған жоқ.
Оның шабуылын, түркі бектері, жақсы білесіндер!
Ол әскерді сол жерде талқандадық.
Осыдан кейін Байырқылық ұлық
Еркін (бізге) жау болды.
Олардың батырын талқандап
Түркі йарғын көліне қудық.
Ұлың Еркін аз ғана ерлерімен қашты.
Күлтегін жиырма алты жасқа (келгенде)
Қырғыздарға қарсы аттандық.
Найза бойы қардан өтіп,
Көгмен қойнауынан асып,
Қырғыз халқын үйқыда бастық.
Қағанымен сұңа қойнауында айқастық.
Күлтегін Байырқынның
Ақ айғырына мініп
Шабуылға ұмтылды.
Бір ерін оққа ұшырды,
Екі ерін найзаға шаншыды.
Осы шабуылда Байырқынның
Ақ айғырының белі үзілді.
Қырғыз қағанын өлтірдік,
Елін алдық.
Сол жылы түргешке қарсы
Алтын қойнауынан асып,
Ертіс өзенін кеше жорыттық.
Түргеш халқын үйқыда бастық.
Түргеш қағанының әскері Болшыда
Отша, бөріше келді,
Соғыстық.
Күлтегін Башғы боз атқа мініп шапты.
Башғы боз
Екеуін өзі құртты.
Сосын тағы кіріп,
Түргеш қағанының әміршісін,

Аз тұтықтың елін алды,
Қағанын сонда өлтірдік,
Елін алдық.
Күлтегін қой жылы, он жетінші күні өлді.
Тоғызынышы айдың жиырма жетісінде жерледік.
Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын бешін жылы,
Жетінші айдың жиырма жетісінде тегіс аяқтадық.
Күлтегін өлгенде қырық жеті жаста еді.
Тас... көптеген бәдізшілер тойғұндар,
Елтеберлер (де) келтірілді.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Шығармада еркіндік, бостандық, тәуелсіздік идеясы қалай көрінеді?
2. Күлтегін мен оның ағасы елбасына келгенге дейін түркі жұрты қандай күйде болды?
3. Күлтегін бейнесіне, оның ерлік істеріне назар аударындар.
4. Түркі елінің бақытқа кенелген тұсын мәтіннен тауып оқып беріндер.

ҚОРҚЫТ АТА ТУРАЛЫ АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Қорқыт – VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген батыр, атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері. Қорқыттың анасы қыпшақ тайпасынан, әкесі оғыз тайпасынан екені мәлім. Міне, сондықтан да Қорқыт қыпшақтар мен сол кезде Сырдария бойын жайлаған оғыздар арасында екі жаққа бірдей ел ағасы атанған. Данышпан қарттың ұзак жылдар бойы ел басқарған көсем болғанын, өз өмірінің үш тұсында уәзірлік қызмет атқарғанын дәлелдейтін тарихи деректер бар.

Ал, оның теңдесі жоқ күйші – сазгер болғандығын халық жадында сақталған «Қорқыт ата күйі», «Қорқыт сарыны» т.б. музыкалық шығармалары дәлелдейді. Қазақ арасынан шыққан атақты күйшілер, ақын-жыраулар өздерінің өлең жырларын бастар алдында, алдымен Қорқыт атанаң есімін ауызға алуды шарт деп білген.

Жыраудың үлкен пірі – Қорқыт ата,
Бата алған барлық бақсы асқан ата.

Таң қалып жүрттың бәрі тұрады екен,
Қобызбен Қорқыт ата құй тартқанда.

Ел аузындағы аңыздардан Қорқыт ата өзінің жүйрік желмаясына мініп алып, халқына мәңгі жасайтын жерүйік іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы құресуші, өлім дегенді білмейтін ғажайып қайсар жан ретінде суреттеледі. Әйтседе ол өмірінің сонында «Өлмейтін нәрсе жоқ екен» деген пікірге келеді. Енді Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобызы сарынынан іздейді. Ұлы күйші, кеменгер жырау өзі ізденген мәңгілік өмірді шынында да тапқан секілді. Қорқыт атаның жан тебірентерлік сиқырлы қүйлері, ұлағатты ғибрат сөздері, әрбір жолы мақал-мәтелге айналып кеткен өлең-жырлары ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра, мәңгілік қазына ретінде ауысып, мың жылдан астам уақыттан бері өмір сүріп келе жатыр.

Қорқыт анасынан туылған бойда-ақ тілі шығып, сөйлеп кетіпті. Қорқыттың өмірге қалай келгені туралы ерте заман қобышылары мен бақсы-жыраулары айтатын өлең-жырлар бар:

Қорқыт туар кезінде
Қара аспанды су алған,
Қара Жерді құл алған.
Ол туарда ел қорқып,
Тұған соң әбден қуанған.

Сонымен, Қорқыт туралы, сол дәуірде Қаратай қойнаулары мен Сырдария бойында тұрған қалалар, елді мекендер, кешендер туралы аңыздар қазақ халқының арасында осы күнге дейін айтылып жүр. Өйткені бұл аңыздар тарихта болған шын оқиғалармен тығыз байланысып, ұштасып жатады.

«Қорқыт ата кітабы» – түркі текстес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық, әрі тарихи мұра. Қорқыт ата хикаясы VII–VIII ғасырларда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа тараған, рухани қазына ретінде бүгінгі күнге дейін өзінің әдеби, тарихи, этнографиялық, т.б. мәнін жоймаған аса құнды шығарма.

«Қорқыт ата кітабы» он екі жырдан, басқаша айтқанда он екі оғыз-намеден тұрады. Оғыз-қыпшақ дәүірінің бұл эпикалық мұрасы сыртқы жауға күрес жолындағы халықтың ерлік күресін жыр етеді.

«ҚОРҚЫТ АТА» КІТАБЫ **ҚОРҚЫТТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ**

Кар қанша қалың жауғанмен, жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас.

Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас.

Ат қиналмай жол шалмас.

Қайыспас қара балтасыз жау алынбас.

Мыңғырған мал жиганмен, адам жомарт атанбас.

Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман.

Ондай бала ел басын құрап үйінен дәм беруге де жарамайды.

Ананың көнілі балада болар.

Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары.

Ұлың өсіп жетілсе, ол – от басының мерейі, бас-көзі.

Ақылсыз балаға ата дәүлетінен қайран жоқ.

Уа, хан ием, сізді тәнірім сондай ісінің сәті түспегендерден сақтасын.

Корқыт ата өзінің ел-жұртына тағы мынадай өсиет айтқан: «Жол қындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ.

Колына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген корқаққа қылыш сермел, күшінді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі.

Конағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық.

Ат жемейтін аңы шөптің гүлденіп өспегені жақсы. Адам ішпес аңы судың жылға қуып ақпағаны жақсы.

Атанаң атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы.

Ата даңқын шығарып, өзінің тегін құған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз, өрге баспайды, өтірікші болғаннан,

жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрген де аз.

Хан ием, сізге сансыз ұзак ғұмыр тілеймін. Тәнірі сізді жамандықтан сақтап, бақ-дәулетіңіз арта берсін».

Корқыт бұдан басқа не айтқан екен, соған келейік: «Хан ием, сайдың шебін жеген білер, тұздің шебін бөкен білер. Құн мен тұннің келгенін бозторғай білер. Ұлдың кімнен туғанын ана білер. Иесіздің иесін ат білер. Жұктің ауыржәнілін есек білер. Беліне қай жерден арқан түскенін тең білер. Қолына қобыз ұстаған ұзан елден елге, бектен бекке барады. Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер. Қобызын сарнатқан жырауға думан керек.

Уа, хан ием, мынау жарық дүниеде тәнірім (сіз бен бізді) адастырып, жарты жолда қалдырmasын».

«Корқыт ата» кітабы он екі жырдан тұрады дедік. Сол он екі жырдың бірі – «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат туралы жыр» деп аталады.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. «Корқыт ата» кітабының мазмұны не туралы?
2. Корқыт атанаң өсіет сөздерінің қазіргі күнде мәні қандай?

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

(870–950)

Әбу-Насыр әл-Фараби – дүние жүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы, арабша: «Мұаллими соний» атанған данышпан, философ, энциклопедист, ғалым, әдебиетші, ақын.

Ол Арыс өзенінің Сырдарияға құя беріс сағасындағы ежелгі Отырар (оны қыпшактар Қарашокы деп те атаған) қаласында туылған.

Жастайынан асқан зерек, ғылым-өнерге мейлінше құштар болып өсken әл-Фараби алғашқы білімін туған жері – Отырарда, қыпшақ тілінде алады. Ол өсе келе өз заманының аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары: Бағдат, Қорасан,

Дамаск, Каир, т.б. шаһарларда болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәүірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз зергерлерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады.

Фарабидің «Ақылдың мәні туралы трактат», «Данышпан-дықтың інжу-маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Фило-софияны оку үшін алдымен нені білу керек», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» («Тактика», «Риторика», «Софистика») т.б. сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ ретінде танытты.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-қоғамдық және этикалық көзқарастарын танытатын туындылары да аз емес. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, әсіресе «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» деген сияқты еңбектерінің мәні ерекше зор.

Сондай-ақ, Әл-Фараби – әдебиет теориясын зерттеуші ғалым. Оның «Өлең ырғағы туралы», «Ырғақ пен өлең туралы сөз», «Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат», «Өлең кітабы», «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат», т.б. зерттеулерінің мәні күні бүгінге дейін жойылған жоқ.

Әл-Фараби – ғажайып жыр-толғаулар жазып, кезінде поэзия әлемін таңдандырған аса дарынды ақын. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау, адамгершілікке шақыру.

ӨЛЕНДЕР

Қашықтасың, туған жер – қалың елім,
Небір жүйрік болдырар жарапу деген.
Шаршадым мен,
Жанарайм талды менің,
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.
Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, Жаратқан, көп неткен ақымағын,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

* * *

Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ.
Жататын дәйім жаңғырып,
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Опасыз мына заманда
Бақұл¹ боп кетер адам да.
Жұрт кілең құнін көп қызық
Жіберер зая өткізіп

* * *

Қағаздың түсіп бетіне,
Сызықтай бейне тартылған.
Тап болып, жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өтіне
Қайыспай тұрса нар тұлған.
Сонда да беріп кетеміз,
Жүректің отын молында.
Арманды аңсан өтеміз
Біз, ұлы мұрат жолында.

* * *

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.
Тағдырынды еш уақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңінің ішінен.
Жүргендей көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.
Тірелеміз шешусіз көп түйінге;
(Іске аспаған асыл тасқа сүйінбे).
Айтса да әркім ойға берік түйгенін
Ең бастысы – сыр қалар жұмбақ күйінде!

¹ Бақыл боп кету – дүниеден өту.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әбу Насыр әл-Фараби туралы не білесіндер?
2. Әл-Фараби өлеңдерінің негізгі арналары қандай?
3. Әл-Фараби өлеңдерінде халықта өнеге боларлық қандай ойлы-пікірлер ұсынады?
4. Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінің идеялық ерекшелігін айтыңдар.
5. Әл-Фараби өлеңдерінің тақырыбын талдап түсіндіріңдер.

МАХМҰТ ҚАШҚАРИ «ДИУАНИ ЛУҒАТ АТ-ТҮРІК» (Түркі сөздерінің жинағы)

Махмұт Қашқарі (XI ғасыр) – ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, саяхатшы.

«Диуани луғат ат-түрік» – түрікше-арабша түсіндірме сөздік. М. Қашқарі «Сөздігі» қазіргі түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ мұра.

«Диуани луғат ат-түрік» тек сөздік қана емес, сонымен бірге орта ғасырдағы түріктердің қоғамдық, рухани, ғылыми, мәдени, әдеби, саяси өміріне, көне тарихы мен әдет-ғұрпына, салт-санасы мен наным-сеніміне т.б. қатысты аса бағалы деректері мол жинақ.

«Диуани луғат ат-түріктің» әдеби мәні зор. «Сөздікте» мысал ретінде келтірілген көркем сөз үлгілері – бәйіттер, ғазалдар, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, ғибрат сөздер, саждар (ақ өлең), насыр (проза), т.б. бар.

М. Қашқарі «Сөздігінде» адамдардың ерте замандардағы тұрмыс-тіршілігін, Көк Тәңірісі мен Құнге табыну дәүірін бейнелейтін көркем сөз үлгілері жиі ұшырайды.

«Түркі сөздерінің жинағындағы» табиғат туралы, жылдың төрт мезгілі – көктем, жаз, күз және қыс көріністеріне арналған өлеңдер ерекше назар аударады. Бұл жырларды оқи отырып, алғашкы қауым адамдарының табиғаттың дүлей күші-найзағай, қар, жаңбыр, жел, т.б. туралы түсінігін, көзқарасын аңғарамыз.

«Сөздікте» алғашқы қауым адамдарының тіршілік көзі – аңшылық болғанын бейнелейтін көркем сөз ұлгілері көп. М. Қашқарі еңбегінде батырлықты мадақтайтын жырлар, қадым заман адамдарының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, кәсібін, тотемдік түсініктерін танытатын өлеңдер жиі ұшырайды.

«Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінен алынған ертедегі түркі жырлары

ЖАЗ БЕН ҚЫСТЫҢ АЙТЫСЫ

Қыс пenen жаз тоғысты,
Көздерімен соғысты,
Өзара жау болысты,
Женбек болды бір-бірін.

Жаз бенен қыс жанасты,
Қаһарланып қаасты,
Қарсы тұрып таласты,
Телмендесіп тұр бүгін.

Қыс:

«Ауруды емdedім,
Қуаттанар ерлерім,
Тұлпарларды жемdedім,
Күш беремін тәнге де.
Қармен бидай өнеді,
Төлдер қырға өреді,
Қар далаға күш себер,
Жаз байлығын қыс берер.

Ауру-сырқау тынады,
Дұшпандар да бұғады.
Сен келіп ең, әлденіп,
Бәрі бірдей әрленіп.
Шыға келер секіріп,
Жылан уы жетіліп,

Бүйі жүрер тайрандал,
Шыбын-шіркей
жайрандал...

Жау да қыста тынады,
Жазда ғана құлағы
Ербендейді, тұрады»
Жаз тамағын кенеді:
«Қыстың аяз, мұзы бар,
Жер келбеті бұзылар,
Жайлы жазға қызығар,
Сорғанда аяз денені.

Кедей жүрер бүгіліп,
Қыстан жаны тұніліп,
Саусақтары тілініп,
Отпен ғана жан кірер.
Адам мені аңсайды,
Қар, ластан шаршайды,
Өткізеді қанша айды,

Әлін алып қарлы жел!
Бұлт төнеді сұстана,
Желі қандай? Масқара!
Іздейді адам баспана.
Құн кешеді күрсініп.
Бәрін де қыс қусырып,
Жер жатады тұншығып,

Тау тұрады күрсініп,
Қалтырайды гүл, шыбық.

Төбелерді қар басар,
Көкте бұлттар арбасар,
Жерде жемен жалғасар,
Дүниеден әр қашар.

Мен келгенде жер үсті
Түрге енеді келісті.
Қар менен мұз ығысып,
Жер көктейді, күн ысып.

Қар менен мұз жылайды,
Таудан сулар құлайды,
Жылға болып ұзайды.
Мерейі есер көнілдің.

Қара, кепкен сайларды:
Жасыл көлге айналды,
Жер жасарып, жайланды,
Лебі есті өмірдің.

Айдың нұры төгілді,
Жұлдыздар да өрілді,
Ақша бұлттар көрінді,
Шарқылады бұлақтар.

Қар астында үздіккен,
Шешек атты гүл біткен.
Шаттық есті тірлікten,
Көз тартады қыраттар.

Жердің бетін гүл алар,
Бұршік атар, бұралар.
Құшақтасып тұр олар,
Ашылады, шалқиды.

Жаңбыр жерге нәр берді,
Гүл шешініп, сәнденді.
Жазбен бірге ән келді,

Жұпар иіс аңқиды.
Жұтып нәрлі күн нұрын,
Қызыл-жасыл гүл бүгін.
Құшақтайды бір-бірін,
Таңдасасың, ғажап тым!

Көкте тұман қалмады,
Ақку бұлттар шарлады.
Найзагайлар самғады,
Жебесіндей садақтың.

Төкті жерге ай нұрын,
Шапқылады тай-құлын.
Үйір-үйір жылқылар
Кісінесіп шұрқырап.

Қырат, шыңдар құлпырып,
Жас шалғынға тұр тұнып.
Көлдер сұлу көрінер,
Сиыр, бұқа мөнірер.

Құлан-тұздің жүйрігі,
Тік шаншылып құйрығы.
Қырға қарай қүйғыды,
Жазды олар да құптады.

Киіктер де зырлады,
Арқарлар да шыңдағы
Бір орында тұрмады:
Жазылмайды жұптары.

Қой, ешкілер, семіріп,
Сауын малдар бөлініп,
Сұт ағады төгіліп,
Жамырайды қозы-лақ.
Жылқы оттайды күйленіп,
Жалды, қонды күйге еніп,

Бектер мінер тарлан да
Жаз болмаса самғар ма?!

Шабар атқа күш керек,
Мінер атқа күш керек.
Күйлі жылқы ойнайды
Бірін-бірі тістелеп.
Қыс келгенде жұлынып,

Боран соғып, күн ұлып,
Бұрсендейді тығылып,
Құс та сайрай алмайды.
Жазбен жайнап бар алап,
Гұл атады дала, бақ.
Ылғи мені сағалап,
Қарлығаш та самғайды».

МАХМУТ ҚАШҚАРИ ЖИНАҒАН ТҮРКІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНЕН

Бір-бірлеп мың болар,
Тама-тама көл болар.

Көзден алыстаса, көңілден де алыстар.

Хас батыр өткінші жаңбырдай,
Білімді мірдің оғындар.

Екі қошқардың басы бір қазанда піспес.

Жалғыз қаздың үні шықпас.

Кәрі өгіз балтадан қорықпас.

Далада бөрі ұлыса,
Үйдегі иттің бауыры солқылдар.

Диірменде туған тышқан тарсылдан қорықпас.

Кең тігілген тон тозбас,
Кеңесілген іс бұзылmas.

Құс тұзаққа жем үшін ілінер.

Бір тұлкінің терісін екі мәрте сойып болмас.

Адамның қадірі тіршілігінде.

Бөрі көршісін жемес.

Құндастің күліне дейін дұшпан.

Бидайдың арқасында бидайық су ішер.

Құшті есіктен кірсе,

Төре түнліктен шығар.
Түйе мінген қой арасында жасырынбас.

Баланың ісі-іс болмас,
Лақтың мүйізі сап болмас.
Жаттың майлы бөкпенінен
Жақынның жұдырығы жақсы.

Жұпар қалтадан жұпар кетсе де, иісі қалар.

Жасауы мол келіннің күйеуі жуас болар.

Тозған қорамсақтан тұқыл жебе шығар.

Көрпеден артық көсілсе, аяқ үсір.

Кекке түкірсе, жүзіне түсер.

Тау-таумен қауышпас, кісі-кісімен қауышар.

Күздің келетіні жаздан білінер.

Берекесізден құт қашар.

Кішкентайында қиналса, үлкейгенде сүйінер.

Атаның ұлы атасына тартып туады.

Таздың келер жері берікшінің дүкені.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. М. Қашқари жайлы қандай мәліметке иесің?
2. «Диуани лугат ат-турік» жинағының көркемдік ерекшелігі неде?
3. «Диуани луғат ат-түрік» шығармасынан мақал-мәтел, нақыл боп кеткен сөздерді тауып, олардың бүгінгі біз үшін қандай мәні бар екенін айтып беріңдер.
4. «Сөздіктегі» жырларға талдау жасаңдар.
5. Махмұт Қашқари ғылымның қандай саласымен айналысқан ғалым?
6. XI ғасырда басқа елдерден шыққан ғалымдар бар ма? Издеп көріңдер. Қашқари жинаған мақал-мәтелдердің қазіргі тіліміздегі баламасын табыңдар.
7. «Сөздіктегі» мақал-мәтелдердің өздеріңе ұнағанын жаттап алыңдар.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ

Жүсіп Баласағұни – XI ғасырдың көрнекті данышпан-ойшылы, есімі мәшһүр ғалымы, аса көрнекті ақыны, белгілі қоғам қайраткері.

Жүсіп Баласағұнидың есімін әлемдік әдебиет тарихына мәңгі өшпестей етіп жазып қалдырған бірден-бір әдеби мұрасы – «Құтты білік» дастаны. Бұл дастан қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихы, қоғамдық-саяси өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі т.б. жөнінде аса қызықты, әрі қыруар мол де-ректер беретін көркем туынды

«Құтты білік» дастанының негізгі тақырыбы – мемлекетті дұрыс, әділ басқару мәселесі. Дастаның басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылған. Олар: әділдік, бақ-дәулет, ақыл-парасат, қанағат. Осы төрт принциптің символы ретінде төрт қаһарман – Күнтуды патша (әділдік), уәзір Айтолды (бақ-дәулет), уәзірдің баласы Өгдүлміш (акыл-парасат), дәрүіш Одғұрмыш (қанағат) бейнеленген.

Дастаның әрбір тарауы белгілі бір моральдық, этикалық, философиялық, адамгершілік т.б. мәселелерге арналған.

Жүсіп Баласағұни «Құтты білік» дастанында ел басқаратын әкімдерге жоғары талаптар қояды. Ақынның айтуынша, елді басқаратын жандар мейлінше әділ, ақыл-парасаты жоғары, өнер мен білімге жетік, ниеті тұзу, сөзі шырын, пейілі кең кек сақтамайтын адам болуы тиіс.

Бұл дастанда ел басқарған әкімдер мен қарапайым халық арасындағы қарым-қатынас қандай болуы керек деген саяалға өзінше жауап береді.

Жүсіп Баласағұни мемлекетті дұрыс басқару үшін патшадан бастап, диқанға дейінгі әрбір адам өзінің қоғам алдындағы қызметі мен міндетін жақсы білуі керек деген пікір айтады.

«Құтты білік» дастанында патшалар, уәзірлер, қолбасшылар, елшілер, ғалымдар, саудагерлер, диқандар, малшылар, қолөнер шеберлері, аспаздар, тұс жорушылар, тәуіптер, тағы басқалардың қоғамдағы рөлі егжей-тегжейлі баяндалады.

Дастанда ақыл-парасат, өнер-білім, әдептілік, тәлім-тәрбие, мінез-құлық, кішіпейілділік, жомарттық, мейірімділік, тіл мәдениеті, әке шешені құрметтеу т.б. мәселелер кең көлемде сөз болады.

«ҚҰТТЫ БІЛІК»

(*Узінді*)

Тіл өнерінің қасиет-сипаты туралы

Тіл қадірлі етер ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кешетұғын бас болар.
Тіл-арыстан есік бақкан ашулы,
Сақ болмасаң жұтар, ерім, басыңды!
«Тілімнен көп жапа шектім, есебім:
Бас кесілмес үшін, тілді кесемін!
Сөзінді бақ, басың кесіп алмасын,
Тілінді бақ: тісің сынып қалмасын!»
Біліп айтқан сөз – білікті саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар
Көп сөйлеме, аз айт бір-ер түйінін.
Бір сөзбен шеш гүмән сөздің түйінін
Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар.
Көп сөз басты қара жерге кеп тығар,
Көп сөйлесен, «Езбесің» – деп жек көрер,
Сөйлемесен, «Мылқау» – еken, деп сөгер!
Бұлай болса, тең ортасы – керегің,
Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің!
Тұған адам өліп, сөзі қалады,
Өзі кетіп, ізгі аты қалады!
Сөзді ұлымға арнадым мен ер-батыр,
Ұлым, тыңда, менде алтын-кен жатыр.
Саған арнап сөз сөйлемдім, ей ұлым,
Өсиетімді қабыл алған құлныым!
Күміс, алтын қалса менен сендерге,
Оларды сен бұл сөзіме теңгерме!
Күмісті іске тұтсақ – бітіп қалады,
Сөзімді іске тұтсаң – күміс табады.
Қалар мұра – сөз, кісіден кісіге,
Сөзді мұра тұтсақ, пайда ісіне.

Білім, ақылдың пайдасы туралы

Білімді – аз, білімсіздер қаптаған,
Ақылсыз – көп, ақылдыны таптаған.
Білімсіздер білімдіге жау болды:
Надандардың аңсағаны дау болды.
Бұл сөзімді білімдіге арнадым,
Білімсіздің тілін ұға алмадым
Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,
Білім – жарық, нұрын саған шашатын.
Ақыл кімде болса – болар асыл ол,
Білім кімде болса – бек һәм басың ол.
Кісі ұланы қара жерге қол салды,
Көтерді бәрін, білімін ол қолданды
Жұпарға ұқсап білім де тез таралар,
Сақтап болмас басқалардан даралап.
Жасырсаң жұпар, оны иісі бүлдірер,
Жасырсаң білім, тілін айтып бүлдірер.
Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас,
Еш қарақшы, ұрыға да тоналмас.
Ақыл керек, білім таңдал оларға,
Білім керек, іске жақсы қарапға.
Жарамды мен жарамсызды көрерге,
Керектіні – керексізден бөлерге.
Барлық іске зерек болса, парықтап,
Ала білсе аз керегін анықтап
Мұндай кісі тілегіне жетеді,
Қос жағында ісі оң бол өтеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» дастанының түркі тілдес халықтар тарихының дамуындағы маңызын баяндаң беріңдер.
2. Дастанда көтерілген мәселелерді атандар.
3. Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» дастанының тақырыбы не?
4. Білім мен ақылдың пайдасы жайлы не айтылған?

МАХАМБЕТ ӨТЕМИСҰЛЫ (1803–1846)

Асқақ ақын, жаужүрек-батыр Махамбет Өтемісұлы 1803 жылдың қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Нарын құмында дүниеге келген.

Ескіше де, орысша да сауатты Махамбет туралық, әділдігімен аты жайылып, халық арасында ерекше беделге ие болған. Оның ақындық, батырлық даңқының көшілікке айрықша мәшһүр болуы сол кезеңнің ұлы оқиғасы – Исадай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісіне (1836-1838) тікелей байланысты болды. Қайсар, әділдікті сүйген, озбырлықтың жек көрген Махамбет халық Жәңгір хан тепкісіне шыдамай, көтеріліске шыққан кезде, Исадай батырдың қасынан табылып, өмірінің соңына дейін осы көтерілістің ұйымдастырушыларының бірі әрі жалынды жырларымен дем берушісі бола білді. Исадай қазасынан кейін көтеріліс басылып, Махамбет Жәңгір хан мен патша өкіметі тарарапынан қатты қуғынға ұшырайды. Ел арасында жасырынып жүріп, ақын көтерілісті жалғастыруды армандайды. Бірақ ол арманы орындалмай, елін сүйген ер, жауынгер ақын андаусызыда аңдыған дүшпандарының қолынан қаза табады.

Махамбет жырларының басты тақырыптары да, айтпақ идеясы да өзі өміріне арнаған осы көтеріліс шындығымен, халықтың арман-тілегімен, Исадай батырдың ерлігін дәріптеу, үлгі ету мақсатымен тығыз байланысып жатыр.

Бүкіл ғұмырын күрес, арпалыс үстінде өткізген ақынның жырлары кек пен жалынға, арман мен үмітке, өр рухқа толы. Ақын жырларын көтеріліс айнасы деп бағалау орынды. Өйткені, ол өлеңдерінде өз басынан бар қындығын



өткерген көтерілістің барлық кезеңінің көркем суретін береді. Мәселен, «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі – жауынгер ақынның көтерілістің алдыңғы кезеңінде ізінен калмай құған патша әскерімен кезекті шайқастан кейін шаршапшалдықтан, тіпті кейбірі қүрестің болашағына құдікпен қараған кезде, сарбаздарға рух беріп, намысын қайрау, ұлы мақсаттан айнымауға шақырған әйтгілі туындысы. Ел үшін еңереген ердің сипаты қандай болуы керек, теңдік жолында ол қандай киындықтарға төзуі қажет, міне, осы жайларды ақын барынша өткір, шымбайға батыра толғаған. Ал «Бұл дүниенің жүзінде» өлеңін ақын көтеріліс жалыны басылып, өзі жалғыздықта, құғында жүргенде шығарған. Арманының орындалмайтынын сезген ақынның көңіл күйі оның жалғыздық жайлы («Қаумалаған қарындас, қазакта бар да, менде жоқ»), заманы, өмірде әділдіктің жоқтығы туралы, күн мен ай, дәulet хақында философиялық толғанысынан танылады. Өлеңде синтаксистік егіздеу өте ұтымды қолданылған.

«Мен – құстан туған құмаймын» өлеңінің лирикалық кейіпкери – жігері жасымаған жан. Ол өзін біресе «түбін кескен бәйтерекке», біресе «қарақұстан туған калықпанға» балайды. Әлі де «ерегіскендей ер болса, соғысқандай жер болса», қайрат етер қажыры, үзілмеген үміті бар екенін, өзінің «көп кісіден анық» (яғни, ұлы мақсатқа адал) екенін халыққа бұкпесіз айтады. Бұл туынды ақынның «Айныман», «Нарын» өлеңдерімен үндес, сарында.

Көтеріліс басшысы Исатай патша әскерімен шайқаста ерлікпен қаза табады. Бұл Махамбетке де, халыққа да қатты батқан ауыр қаза болды. «Мұнар күн – ақынның батыры өліміне арнап шығарған элегиялық (мұн мен өкінішке толы өлең элегия деп аталады) сарындағы туындысы. Ақын Исатай өлген күн шексіз қайғылы, каралы, ауыр күн екенін өлеңде «шұбар», «мұнар», «буыршын мұзға тайған», «бұрынғы бақыт тайған», «он сан байтақ бұлғынғен» деген ерекше жағдайды, ауыр күйді, сезімді сәтті танытатын эпитеттерді қолдану арқылы ұтымды анғарта алған. Тармақ соңында «күн» сөзін үнемі қайталап отыру арқылы да ақын

осы сөзге айрықша мағына жүктеп, айтар ойын еселей түсken.

Махамбет өлеңдерінің тілі кестелі, олар көркем, небір әдемі әпитет пен теңеулер, көркем суреттеулерге толы.

ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ

Ереуіл атқа ер салмай,
Егөулі найза қолға алмай,
Еңку-енку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Тұн қатып жүріп, тұс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Ку толағай бастанбай.
Ерлердің ісі бітер ме?!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Махамбет Өтемісұлы кім, оның өмірі туралы не білесіндер?
2. Махамбет өлеңдері қазақ тарихындағы қандай оқиғаға арналған?
3. «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі не туралы? Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алындар.
4. «Жалғыздық» өлеңінде акын неліктен «заманым менің тар болды» дейді? Ақын өзін неліктен жалғыз сезінеді?



ШОРТАНБАЙ ҚНАЙҰЛЫ

(1818–1881)



Қазақ әдебиеті тарихындағы ірі тұлғалардың бірі – Шортанбай Қнайұлы 1818 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданында дүниеге келген. Ақын 63 жасында қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданында қайтыс болған.

XIX ғасырдың орта тұсы мен екінші жартысында казақ даласында орыс отаршылдығы күшіне түсті. Ел өміріне енген түрлі өзгерістер (ел билеу жүйесіндегі, жер мәселесі, сауда, тұрмыстық жайлар т.б.) халықтың дәстүрлі өмір салтының, ынтымақ-бірлігінің бұзылуына, ал отаршылдық саясаттың нығаюына қызмет етті. Шортанбайдың азаматтық, ақындық ғұмыры халық тарихындағы осындағы қыны кезеңмен тұспа-тұс келді. Шортанбай осы көзі көрген, көңілі түңілген шындықты – жаңа қоғамдық қарым-қатынастарды заманның азғаны деп жаны күйзеле, зарлана жырлады, шеней суреттеді. Келешектің не боларын айта алмай күйінді, торықты. Оның «Зар заман» өлеңдер жинағы – заман сипатынан түңілген, халық үшін жаны күйген жанның толғанысы, дәүір айнасы.

XIX ғасырда өмір сүрген Дулат, Мұрат т.б. ақындар да замана жайын отаршылдықтың зиянды кесірі деп қарап, ашина, түніле күйіну сарынында жырлады. М.Әуезов бұл ақындарды «зар заман ақындары» деп атаған.

ЗАР ЗАМАН

Зар, зар заман, зар заман,
Зарлап өткен бір заман...

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды.

Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар тоқ болды.
Жөн білмеген жамандар
Ел билеген бек болды.
Көтере алмай билігін
Ұласқан жаман кек болды.
Ниетіне қазақтың
Тым-ақ тәуір кеп болды.
Заман акыр болар деп
Сол себептен қорқамын!
Әр нәрсенің болжалы
Келе жатыр жақындан.
Ағашты тауға үй салып
Алды кәпір ақылдан.
Елді еркіне қоймады
Буыршындай тақымдан.
Дәуренбексіп¹ болыс тұр
Кәпірдің сөзін мақұлдан.
Бейшараның пұлы жоқ
Қорыққаннан қақылдан.
Жарысқа кірген жақсылар
Аша алмассың көзің деп
Сол себепті қорқамын!

* * *

Жарты кедей жоқ десек
Ата бала араз бол
Елге егін жайылды
Байға қоңсы жоламас.
Алдан-арбап жүрем деп
Өз тілегін сұрамас.
Арам сулы балаға
Атаның сөзі ұнамас.
Заман акыр боларда
Алуан-алуан жай шықты.

Қайыры жоқ бай шықты,
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп түсер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне малы көрінбей.
Билер жейді параны
Сақтап қойған сүріндей.
Заманың түрі бұзылды
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны жамандық
Жарадан аққан іріндей...

* * *

Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малға жүгінген,
Мұның өзі зар заман.
Зарлығының белгісі:
Бір-бірлерін қундеген
Жай-жайына жүрмеген.
Мұның өзі тар заман,
Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті
Тәнірім болғай демесін!
Анты жүқпас бойына,
Әр не түсер ойына.
Жалмауыз болды үлкенің
Қазақ, сенің сорыңа.
Арқадан дәурен кеткен соң,
Күғындал орыс² жеткен соң

¹ Дәуренбексіп – бұл жерде амалсыз, жалынышты деген мағынада.

² Орыс – бұл жерде отаршыл патша үкіметі мағынада.

Тіпті амал жоқ, қазақтар
Енді сенің торына.
Орыс – бүркіт, біз – тұлкі
Аламын деп талпынды.
Орыстан қорлық көрген соң,
Отырып билер алқынды...

* * *

Патша жұртын қанады,
Байлар жөргем санады.
Жарлының жаны берік екен,
Мал үшін он екі ай қой бағып,
Жалғыз тоқты алады.
Тоқты берсе, іsec деп,
Құнан шығар тұсақ деп,
Саулық берсе, егіз деп,
Қыстан шыққан семіз деп,
Жарлының тынышын кетіріп,
Құрттай санап мал алды,
Ел қамқоры саналды.
Кетейін десе, алды тар,
Тұрайын десе, кәпір бар
Қайсы бірін айтайын
Қазақтың ұлы қамалды.
Қамалмай енді неғып тұр?
Тәубасынан қазақ жаңылды.
Тұс-тұсынан жау шығып,
Дүшпанға жаман табынды.
Көдесі қалың Арқаңыз
Ақ шөбін қимай бағынды.
Бағынғаның белгісі:
Билік кетті басынан,
Қорлық көрдің жасынан.
Ұл-қызынан үміт кетті,
Айырылдың құда, досынан.
Мұнан қатты не болсын,
Өлім менен осынан.

Жамандықтың белгісі:
Ұлың көңілі бір бөлек,
Қызыңың көңілі бір
бөлек,
Өзіңің көңілің бір бөлек.
Алысар түрін болса да,
Әлсіз айбар не керек?
Ендігі жанның ақылы –
Отқа тұскең көбелек.
Көбелектен несі артық? –
Өлген қазақ көрмедің.
Жалға жүрген жалшыдай
Жан қадірін білмедің.
Білмегеннің белгісі:
Балаңды бер деп орыс
тұр,
Қайтемін деп болыс тұр,
Корқар ма орыс қой
дегенге,
Қазақты қамай түсіп тұр:
Басынан билік кеткен
соң,
Малыңдан асып балаңды
Бер деп ақыл тапқан соң,
Тогайды жеңіп қолға
алған,
Өз ақылы жеткен соң.
Бұ құсаға ел қайтіп
шыдасын,
Шабынан шоққа тұрткен
соң!
Қазақ кез мойын атқа міне
алмас,
Кең шалбарды кие алмас...

* * *

Шалғын жайлар күйретіп,
Мың кісі мінер үйретіп.

Ақылы жоқ есер құл
Бір қайрылмас кеткен соң.
Көтерер ме осы жақ,
Кеткенде қайда баrasын?
Алдыңызда Қоқан бар,
Орыстан жаман тым-ак
жаяу.
Қазаққа атар таң бар ма,
Мұнан өзге аң бар ма?
Қом туған сылты қазақты
Қамарға бірме-бір шағып
тұр,
Руданға қағаз салып тұр
Асылық, асқан заманда!
Сүйтсе де жұртта ар бар ма,
Қатын ұрыс болып тұр,
Аяғында қия бастырмай.
Малынды билеп басшы тұр,
Дос-жарыңа шаштырмай.
Сыртыңан билеп, келіп
тұр,
Ақ-құласын қостырмай.
Жүгінді билеп қызың тұр,
Басыңа ине шаныштырмай.
Құнен туған көбеген
Қонаққа қазан астырмай,
Құлың кетті құтырып,
Құң көтіне қыстырмай.
Осы құнде адамның
Ешнәрсе жоқ ойында.
Адам қылар ұрлығын,
Әдет қылар қорлығын,
Қасиет қалмас бойында.
Арамға баулыр баласын,
Құда-тамыр келерде
Ине жүрмес арадан.
О дүние азабын

Бұ дүниеде не деп айтайын,
Көңілінде иман бар адам.
Бір пара жанды малды қып,
Бір пара жанды малсыз қып,
Бір пара жанды ғалым қып,
Бір пара жанды залым қып,
Бір пара жанды дінді қып,
Бір пара жанды дінсіз қып,
Шерне үшін жанды жаратты.
Мұсылманды бір бөлек,
Кәпірлерді бір бөлек
Ауылдарды бір бөлек
Өз дініне каратты.
Алладан жарлық келгенде
Соң тараған сауал шығарып,
Шартарапқа тарапты,
Алты мың да алты жұз
Алпыс алты аятты
Кітап пенен құранды,
Мақұлықатты жаратты.
«Сопы Аллаяр» кітаптан,
Сұрап тұрсаң осымды,
О, тәңірі-ай қымбатты.

* * *

Бас бермеймін дегеннің
Жалғызын жардан құлатты.
Мал бермеймін дегеннің,
Үстіне шекпен кигізіп,
Иініне қоржын ілгізіп,
Ақ таяғын ат қылып,
Айуаннан жат қылып,
Елден тамақ сұратты.
Байлар сәнге мінеді
Жазы-қысы құр атты.
Жарада өлім қылған жоқ,
Оның да көңлін жұбатты.
Жалғаннан беріп жарығын,

Бишара жанды қуантты.
Мінер атқа кем қылып,
Қара жермен тең қылып,
Бір пара жанды жыллатты.
Ашты-тоқты болсаң да,
Иманың – сакта үятты.
Ардан кешкен ұятсыз
Дінсізге қылар мұятты.
Қолында тұрып ұрлығы,
Мойында тұрып зорлығы,
Ойында тұрып жалғаны,
Көңілінде тұрып арманы,
Баласын беріп молдаға,
Көңілін беріп аллаға,
Дүнияға көңіл жұбатты.
Зар заманың аяғы –
Заманың кетті баяғы,
Ыңгас-ниет қалмады,
Ұлkenge билік салмады.
Жарлының жалғыз сүйеніш
Мал болыпты таяғы.
Ұлықсыған ұл туып,
Бұлықсыған қыз туып,
Заман жауға кеткен соң,

Кім үлкенін сыйлайды?
Жан есінен адасты,
Жамандық мұнша ұласты.
Жарысқа кірген жақсылар
Жақыным деп жан тартпай,
Кәпірменен қынасты
Аузына кәпір қаратты.
Бұ дүниенің тұтқасы,
Ойлап тұрсам, мал екен,
Соған енді, жігіттер,
Кәпір, қазақ таласты.
Заманың енді өткен соң,
Адам қайтіп қуансын?
Жандарал болды ұлығын,
Майыр болды сыйынғанын.
Айрылмайтұғын дерпт
болды
Кедейге қылған қорлығын.
Кәпірді көрдің піріндей,
Тілмашты көрдің
женгендей,
Дуанды көрдің үйіндей.
Абакты тұр қасында
Қазылған қара көріндей!..

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Шортанбай ақын қандай кезеңде өмір сүрген? Отаршылық заман қазақ өміріне қандай өзгерістер экелді?
2. Шортанбай заман өзгерісін қалай түсінді және қалай жырлады?
3. «Зар заман» толғауында Шортанбай заманды неліктен «зар заман» деп атаған?
4. Ақын заманының қандай өзгерістерінен шошынады, жиренеді?



МАЙЛЫҚОЖА СҮЛТАНҚОЖАҰЛЫ (1835–1898)

Майлықожа Сұлтанқожаұлы Сыр бойында, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыагаш ауданында 1835 жылы дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған. Ол кішкентайынан өмірдің тауқыметін көп тартады. Жастайынан туған өлкедегі ақын, шешен, билердің өрнекті сөздеріне қызығып, оларды жаттап өсken ол өнерге қатты құмартып, өзі де ақындықтың аулына ат басын бұрады. Оның тұрмыс себептерімен Орта Азияның бірсыныра қалаларында (Бұқара, Самарқант, Ташкент т.б.) болуы, Шығыс шайырларының поэзиясымен жақын танысуы да ақындық өнерге құштарлығын арттыра түседі.

Ол өлең-толғаулар жазумен қатар, айтыс өнерінде де бақ сынаған. Қырғыз ақыны Жанаспен, Жамбылдың ұстазы – Сүйінбаймен айтисқаны белгілі.

Майлықожа өз өлең-толғауларында замана сипатын, халық тұрмысын, елдегі би-болыстардың жемқорлығы мен тұрлаусыз мінезін шынайы бейнелеген, адамгершілікті, ізгілікті, өнер-білімді дәріптеген. Ақын туындыларынан шығыс поэзиясының эсер-ықпалы байқалады.

Ақын өлендерінің көбісі толғау үлгісінде жазылған. Толғау – казақ әдебиетінде ақындар шығармашылығында, әсіресе, жыраулар поэзиясында жиі орын алған жанр. Толғау өленде ақын әдетте өмір-болмыс, қоғам, адам тіршілігі, жақсылық-жамандық т.б. жайлы ақыл-өсиет, насихаттық тұрғыда ой қозғайды.

Майлықожаның «Ілімге толса көкірек», «Жақсы болсын жұбайын», «Ұрлықтың түбі – қорлық», «Ер көгерер дұғамен» т.б. толғаулары бар.

«Ілімге толса көкірек» атты толғауында ақын «ілімге (білім) көніл койсан, санаң ашылады» деп білімді, «өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнерін айрықша ардақтап әспеттейді. «Өзбекте өткен Науай – тілдің кәусар гүлі (яғни

шебері) еді», ал «парсыда өткен Фирдауси заманында дүр (атақты, танымал) еді» деп, бұның себебі олардың өнерінде жатқанын көпшілікке өнеге етеді. Ақын, сондай-ақ, мұнда жақсы менен жаманды салыстыра мінездеп, «жаманның мінін жасыратынын», «жақсының халықта қызметін асыратынын», «жақсының жолы – жарық құн» екенін, не нәрсеге де «сабырмен қарап», «сабыр – акыл серігі» жүрт қызығатындай, «бәрекелді» дейтіндей іс істе дей келіп, «өмір – өткінші, бос күлкіге салынба, оның қадірін біл» деп, философиялық қорытынды ой түйеді.

Талап, білім еңбексіз –
Қалайша тірлік жеңбексіз? –

деп, жастарға өмір-тіршіліктің мәнін талаппен, біліммен, еңбекпен байланыстыра ұғындыруы ұлы Абайдың окудағы жастарға жаңыңа серік ет деп айтқан «бес асыл ісін» (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) еске түсіреді.

ТОЛҒАУ

(Ұзінди)

Ілімге толса көкірек,
Ашылар көзі сананың.
Құлақ салсан, жақсылар,
Азырақ сөзді жазамын.
Көрейін мен де толғанып,
Келгенінше шаманың.
Дүбірге қызған жүйріктей,
Қызып тұр әзір табаным.

Айтқан сөзің бармайды,
Көңіліне наданның.
Аспан-жердей парқы бар
Деп айтады адамның...
Халық ішін аралап,
Өнерді өлшеп шамалап,
Ұлғайса деймін қадамым.

Аман болса ағайын,
Үлкен кіші жамайым,
Бәрінің жақсы аманың
Өзіме келген тіл бағы,
Өнері емес бабаның.
Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кенесті.

Өңкей жаман қосылса,
Шығарады егесті.
Мәмілемен іс бітер,
Бас қосып қалса көп есті.
Жақсының жолы – жарық құн,
Жаманның жолы – көмескі.
Жаман сөйлер лепіріп,
Орамалың желлініп,
Соза түсіп өңешті.

Мақтағанмен жарамас,
Пайымы аз, кем есті.
Тентек бір-ақ аттайды
Белес пенен дөнесті.
Бағың барда, жігіттер,
Токталып сірә іркілме.
Жұрт қарасын қызығып,
Бәрекелді деп шіркінге,
Арзымас іске еліріп,
Бос салынба күлкіге.
Бір күні өтер өмірін,
Қараңғыда қалып көңілін,
Дүние ұқсар түлкіге.

Парасатты ер жігіт
Ақылмен әр іс біледі,
Мен істедім бәрін деп,
Өзгеден артық өлім деп,
Ие бол тентек жүреді.
Ақылсыздың белгісі,
Орынсыз жерде құледі.
Талап, білім еңбексіз,—
Қалайша тірлік женбексіз?
Бос күлкіге салынып,
Қара терге малынып,
Жақсы болған кім еді?

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ақын өлеңдерінде қандай тақырыптар жырланған?
2. Майлықожа толғауларының тәрбиелік мәнін ұфындар.
3. «Жақсының жолы – жарық күн, Жаманның жолы – көмескі»
дегенде не түсінесіндер?
4. Өлеңнен өздерің қалаған шумақтарды жаттап алындар.



МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ

(1843–1906)

Мұрат – жезтаңдай шешен-жырау, төгілген төкпе ақын. Мұсылманша сауатты, дәуірінің алдыңғы қатарлы азаматы. Кең тынысты керемет шабыттың иесі. Халқының басына түсken замана ауыртпалықтарын көре де, көрсете де білген шынайы поэзия өкілі: елі, жері, халқы үшін қасіret шеккен саналы суреткер. Ел тарихын емірене жырлап, аруағы асқан ержүрек батырларының образдар галереясын қалдырған шын мәніндегі эпик ақын. Табан асты тамаша сөз тапқыш ақпа-төкпе, нағыз профессионал импровизатор. Заманаусы артқан ауыр жүгін елімен бірге арқалаған ғажап қайрат иесі.

Ақын 1893 жылы Қазақстан Республикасының Батыс өлкесіне қарасты Қызылқоға жерінде, Қарабау жайлаған Беріш елінде дүниеге келді. Әкесі Мөңке – өз еліне аты мәлім дәүлетті адам. Тайсойған, Қарабау жерлерін мекендейген Қаратоқай ұлыстарының белді биі. Жайық бойын қыстай, Атырау аса жайлаған рұлы елдің белгілі азаматы. Мұраттың әкесі ерте өліп, ата дәүлетінен өз басы еш нәрсе көрмей, ағаларының қамкорлығында өмір кешіп, ер жеткен. Кейінірек Мұрат елі жұтқа ұшырап, өзі адай ағайындарына барып жан сақтаған.

Ақын шығармалары мәнгілік көркем туындылар қатарында кең тарап, қанша қысым көрсе де ұмытылмай ел аузында сақталды. Ақын шығармалары 1924 жылы Ташкент қаласында «Мұрат ақын сөздері» –деген атпен жарық көрген.

Айтыс жанрындағы Мұраттың шығармалары – оның ақындық өнерге дағдылану жолын танытарлық және суырып салма ақын жырау болғандығына күә боларлық туындылар. Мұрат шежіре-тариҳқа жетік, өткен ғасырлардағы жыраулар мен батырлар жырларын жатқа білген. Сыпыра, Асан, Қазтуған, Шалгез, Жиенбет, Доспамбет, Махамбет, Шернияз т.б. тарихи адамдардың шығармалары бізге осы Мұраттың

айтуы арқылы жеткен. Сондықтан Мұраттың шығармалары – өз кезіндегі тарихи маңызы зор, халқының мұнын көтерген, тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған туындылар.

Мұрат Мөңкеұлы 1906 жылы 63 жасында Жайық бойындағы Өрлік поселкесінде қайтыс болған.

ҚЫЗ

Бұрандал ақ моншақтай керілген қыз,
Оздырдың салтанатты еліңнен, қыз.
Сәулесі ақ жүзіңнің жерге түссе,
Реңкің сары алтындаі көрінген, қыз.
Шай ішіп самаурыннан сәске түсте
Керіліп азар тұрасың төріннен, қыз.
Қосшы ертіп, үкі қадап, жорға мініп,
Көшкенде салтанатың көрінген, қыз.
Дәүлеттің қалың қара арқасында
Аскан жоқ қатар құрбың өзіңнен, қыз.

Бұланда дәурен өтпей басынан, қыз,
Сүйегің жаратылған асылдан, қыз,
Лебізің, сөзің-шырын, маржан-тісің,
Кеткісіз келген адам қасынан, қыз.
Адамның жалғаншида арманы не,
Сенімен дүниеде қосылған, қыз.
Сөйлесең сүт шығады тіліңнен, қыз,
Құрбыңа салтанатың білінген қыз.
Басымнан бұл дүние өтеді деп,
Қайғымен тамақ ішпей бұлінген қыз.
Қамқа бөрік, кәмзор, бешпент, алтын ілгек.

Ақ көйлек зер шашақтан киінген қыз.
Қызығын дүниенің сізде көріп,
Ата-анаң үйде отырып сүйінген қыз.
Шалықта ата-анаңың дәүлетіне,
Бір күні жөнелерсің үйіңнен, қыз.
Әуелде атаңа еріп анаң келген,
Ойласаң осы жерден білінген, қыз.

ТОПҚА ТУСКЕНДЕГІ ТОЛҒАУЫ

Айдынды қөлде шуласа,
Жағалай қонған қаз кетер.
Ер жігіттен бақ тайса,
Қатар жүрген құрбымен
Айтысып жүрген наз кетер.
Атадан алтау тусаң да,
Аузың бірге болмаса,
Дұшпанға қолдан ар кетер.

Әлімұлы, байұлы,
Толса, табын – жетіру –
Алшыннан алған жүлдем бар.
Білген кісі айта алмас,
Айтады деп мактанаң.
Халық ортаға алған соң,
Жүрт жүйрігі болған соң,
Сөзді неге таппалық.
Сұрағаның сөз болса,
Әрі-бері сөйлейін.
Таудан шықкан бұлактай,
Ылдига құйған ақтарып.

Басы жұмырп бұз пенде
Не салса да, көніп жүр,
Балуан, байлық, батырлық
Үшеуі қолдан келмей жүр.
Сүйген құлға беріп жүр.
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Қияметтің азабын дүниеде
 көріп жүр.
Уақыты біткен жан

Бұйрықты құні өліп жүр.
Жігіті өлгеннің
Оты жанбай сөніп жүр
Жеті қары бөзбенен
Құніне бірін көміп жүр,
Оны көзің көріп жүр.
Таусылар бұл адам –
Біреуін біреу орып жүр.
Бір адамды қиянға,
Бір адамды зиянға,
Аударып шайнап шеліп
 жүр.

Атанды алып алдында,
Құрбынды алып жанында.
Төніректен еліп жүр.

Мен белгілі жүйрікпін,
Айтсам бір сөзді асырған.
Байұлы басын қосқанда,
Атағым жүртқа шашылған.
Көп атада азған көп
Балықтай басы сасыған.
Азда қайрат жоқ деме,
Лақтырған бір кесек
Мың қарғаны қашырған.
Орман, тоғай өртөнген
Құдіретімен құдайдың
Аспаннан түскен әмірден,
Бір инедей жасылдан.
Дүние деген бәйтерек,
Біз – бозторғай асылған.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Мұрат ақын қызы сипатын қалай бейнелеген?
2. Толғаудағы елді бірлік, ынтымаққа үндеген шумақтарды тауып, мәнін ұғындырыңдар.
3. Өлеңдерді мәнерлеп оқуға үйреніндер.
4. Толғаудың өздеріне ұнаған шумақтарын жаттап алындар.



АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

(1845–1904)

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөздің мың жыл жүрсе дәмі кетпес
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!

Магжсан Жұмабаев

Ұлы жазушы М. Әуезов Абай шығармашылығын алғаш зерттеп жүрген кеңінде-ақ, былай деген екен: «Абайдың істеп кеткен қызметі – әдебиетімізге асыл іргетас. Бұл асыл іргенің үстіне салынатын ілгері қазақ әдебиетінің дүкені көрікті, көрнекті, нақышты, өрнекті болуына лайық. Қуанамыз! Нанамыз! Марқұм атамыз қазақ халқына халықтығын жоғалтпайтын өшпес белгі орнатты».

Абай (Ибраһим) Құнанбаев 1845 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы (бұрынғы Семей облысындағы) Шыңғыс тауында дүниеге келген.

Абайдың әкесі Құнанбай тілге шешен, ақылға бай, әділ ел басқарып, жұртына жақсылық жасаған адам болыпты. Сол кездің өзінде жол бейнетін тартып, қажылық жолын жасап, Меккеге барған. Онда қажылыққа баратын қазақтар үшін қонақ үй салдырған. Меккеден келген соң, ел басқаруды қойып, Қарқаралыда мешіт салдырып, мұсылманшылық жолын ұстаған.

Абай өлеңді бала кезінен-ақ сүйді. Әжесі Зере мен анасы Үлжаннан көптеген әңгімелерді, естеліктерді, ертегі, жырларды тыңдал өсті.

Оқу дегенде, Абай не бары үш жыл мұсылманша, үш ай орысша оқыды. Бұл жылдары бала Абай араб, парсы, шағатай тілдерін жақсы менгеріп, шығыс классиктері: Фирдауси, Сағди, Науай, Низами, Физули, Жәми, Сайхалидің т.б.



шығармаларымен танысты. Өзінің зеректігінің арқасында Абай орыс тілін де жақсы үйреніп алды. Араға біраз жыл салып, жасы отыздан асқанда, Абай орыс классиктерінің шығармаларымен терең таныса бастаған. Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкинді өзіне рухани ұстаз тұтты. А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крыловтың шығармаларын аударып, қазақ тілінде сөйледті.

Абай Еуропа ғалымдары: Спенсердің, Луистің, Дрепердің еңбектерін, соның ішінде «Позитивная философия», «История умственного развития Европы» деген кітаптарын да оқып зерделепті.

Абай Құнанбайұлы адамзат мәдениетіне үлкен үлес қосқан, әлемге ортақ дара тұлғалардың бірі болып саналады.

Мұхтар Әуезов: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала құнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да – Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маған «Абай» деген сөз «қазақ» деген сөзben теңбе-тең түсетін де кездері бар секілді», – деп тебірене айтқан.

Құрметті шәкірттер! Абайды оқындар, танындар, тағы да оқындар!

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ – САРАСЫ

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Киыннан қыстырыар ер данасы.
Тілге женіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзben былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
Айтуши мен тыңдаушы көбі – надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдалап айтады екен сөз қосарлап.

Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін bezеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап, Құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдал,
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.
Қазакқа өлең деген бір қадірсіз
Былжырақ көрінеді солар дандақ.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдал.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам, қыздырмалап.
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жұр табандап.
Кісімсінген, жеп кетер білімсіз көп,
Жіберсем, өкпелеме көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жұр алар жердің ебін қамдап.
Мақтан қуған малқұмар нені ұға алсын,
Шықпаса, мыңнан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықпен үрлап-қарлап,
Қусың десе, қуанып жұр алшаңдал.

Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,
Елдің байын еліртіп «жаяу мұндалап».

Ыңсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым ізdemейді.
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Абайдың өлеңге берген анықтамасынан оның поэзияға коятын қандай жоғары көркемдік талабы танылады? Ақын неліктен «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» дейді?
2. Абай өлеңді неліктен өнер деп таниды және оның міндеттін қалай түсінген?
3. Ақын бұрынғы ескі билер мен ақындарды не үшін сынаған? Ол «Қазаққа өлең деген бір кадірсіз» деп неге айтқан?
4. Өлеңде Абай өзінің ақындық биік мақсатын қалай түсіндірген? Оның «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деуінің мәнісін қалай ұғасындар?
5. Өлеңді байыппен мәнерлеп оқып шығындар. Алғашқы жеті шумағын жаттап алындар.
6. Өлең өлшемін танытатын жолдарды дәл тауып, өлең теориясы түркесінан ғылыми түсінік беруге тырыс (мұғалімнің көмегімен).

АДАМНЫҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

Адамның кейбір кездері
Көнілде алаң басылса,
Тәнірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса.

Сылдырап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындей,
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас, әсте жуынбай.

Тәнірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көніл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.

Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап Қырымға,
Мұн мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шиыршиқ атар, толғанар.

Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.

Үзілік жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе, жайы сол
Жек көрсөндер өзің біл.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Поэзия, өлең өнерінің, қандай жағдайда өмірге келетінін ақын қалай дәлелдейді? «Өлеңдегі ақынның жан дүниесі, болмыс-бітімінің суреттелуіне жүрек үні, жүрек сыры, жүрекке қозғау салар күш жөнінде сыр толға.
2. «Ызалы жүрек, долы қол
Улы сия, аңы тіл» –
деген эпитеттердің көркемдік мәнін аш.
3. Өлеңді жаттап алындар.

ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ

Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қыынға сермедің.
Көзінді салдың тұрғыға,
Бейнетін қыын көрмедің.
Бірге оқыған құрбыға
Бас бәйгені бермедің.
Бала болдың, жас болдың,
Жалғандыққа ермедің.

Төре болдың, бас болдың,
Көкірегінді көрмедің.
Ел ішіне сау келсен,
 Тағылым¹ айтпас ер ме едің?
 Жол көрсетіп сонда өлсен,
 Арманым бар дер ме едім?
 Іздеп табар жалғаннан
 Бала берген бенде² едім.
 Бенде өлмейді арманнан,
 Мінеки, мен де өлмедім.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Өлеңде Абай Әбдірахманның қандай адамгершілік қасиеттерін үлгі етіп отыр? Мысал келтіре отырып әнгімелендер.
2. Өлеңнің әрбір жолына үніліп, онда ақын сезімінің толқындары қалай көрініп тұрғанын айтындар.
3. «Талаптың мініп тұлпарын», «тас қияға өрледің» деген бейнелі сөздердің мән-мағынасын қалай түсіндіңдер?
4. Өлеңдегі үйқас түрі мен буындық өлшем үлгісін атап беріндер.

¹ Тагылым – бұл жерде үлгі, өнеге беру деген мағынада.

² Бенде – дұрысы пендеге, адам деген мағынада.

ОН ЖЕТИНШІ ҚАРА СӨЗ

Қайрат, ақыл, жүрек – үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің білесің, дүниеде еш нәрсе менсіз мәдмәлатқа¹ жетпейді, әуелі ғылым өзінді білуге, ерінбей, жалықпай ізденіп, үйреніп, орнына келтірмек – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, әбүйір, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз, нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсекзызар женілдіктен, нәспі шайтанның азғыруынан құтқаратуғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатуғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады», – депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеде, не ахиретте не пайдалы болса, не залалды болса, білетуғын – мен, сенің сөзінді ұғатуғын – мен. Менсіз пайданы іздей алмайды еken, залалдан қаша алмайды еken, ғылымды ұғып үйрене алмайды еken, осы екеуі маған таласады? Менсіз өздері неге жарай-дай?» – депті.

Онан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың қүй-жайы қандай болып жатыр еken деп ойлатып, жанын аштыып, ұқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетуғын – мен. Үлкеннен ұят сактап, кішіге рақым қылдыратуғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритуғын – мен, жаманшылдықтан жиреніп, тулас кететуғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтуғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көргөн күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Сонда ғылым үшеуінің сөзін тыңдал болып айтыпты: «Ей, қайрат, сенің айтқаныңың бәрі де рас. Ол айт-

¹ Мәдмәлатқа – мақсат, мұрат деген мағынада.

қандарыңнан басқа да көп өнерлерінің бары рас, сенсіз болмайтыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті.

«Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтыны да рас. Жаратқан тәніріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің сүйенгені – сен, екеуінің іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман, – депті. Сен үшеуіңнің басынды қоспақ – менің ісім, – депті. – Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сені қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл, қуанады. Жаманшылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл, қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл, жиреніп, үйден қуып шығарады.

Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіне жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолынды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпынды таза сакта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы», – депті.


Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Қара сөзді байыппен оқып шығындар. *Қайрат, ақыл, жүрек* не жөнінде таласты? Әрқайсысы өз ісін қалай дәлелдеді?
2. Олар неге ғылымға келіп жүгінді? Ғылым оларға қандай төрелік айтты?
3. Қара сөздердің шешендік сөздерден қандай айырмашылығын байқадындар?
4. Абайдың қара сөздерінің стиліне (такырып, ой түйіні, тілі) назар аударындар.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

(1857–1931)



Шәкәрім Құдайбердіұлы – үлкен ақын, жазушы, аудармашы, тарихшы, ойшыл. Ол – Абайдың Құдайберді деген ағасының баласы, жастайынан Абай тәрбиесінде болып, терең тағылым алған. Абайдың ақыл-кеңесімен алғашқы өлеңдерін шығарған. Жан-жақты сауатты болып өсүіне ұлы ақын анасының ықпалы мол болды.

Шәкәрім жеті жасында хат танып, әрі қарай өз бетінен ізденіп оқыған.

Араб, парсы, түрік тілдерін жетік білгендейтін, Фирдауси, Низами, Сағди, Физули, Науай сияқты шығыс классиктерінің шығармаларын талдап оқыған. Солардың әсерінен «Ләйлі-Мәжнүн» атты ғашықтық дастанын жазған. Ол Абайдың тапсырмасымен «Еңлік-Кебекті» де жазып, сәтті аяқтаған. Сонымен бірге батыс әдебиетінен де көп мағлұмат алып, А.С. Пушкиннің «Дубровский» повесін поэма етіп қазақ тіліне аударады.

Ол 1905–1906 жылдары қажылық сапармен Меккеге барған уақытында Стамбул кітапханаларының бай мұраларымен танысады.

Ақынның «Қалқаман – Мамыр» атты көлемді поэмасы бар. Қөтерген мәселесі жағынан «Еңлік-Кебекке» ұқсас, кейбір әдет-салттардың жастардың арман-аңсарына қайшы келген тұстарын, оның аяғы екі жастың қосылуына бөгет болып, қайғылы жағдайға ұшыратқанын көрсетеді.

Шәкіртінің прозалық туындылары – «Түрік, қазақ, қырғыз һем хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты», «Бәйшешек бақшасы», «Қайғылы роман» тағы басқалар. Оларда адам басшысы мен тағдыры, өмір құбылыстары, мұсылмандық, имандылық туралы айтылады.

ҚАЛҚАМАН – МАМЫР

Өткен іс ойға күңгірт, көзге танық,
Көрмесе де білгенге бәрі қанық.
Мың жеті жұз жиырма екінші жыл,
Қазақтың Сыр бойында жүргені анық.

Әнет бабаң – арғынның ел ағасы,
Әрі би, әрі молла, ғұламасы,
Орта жүзге үлгі айтқан әділ екен,
Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Кішік деген – бабаңың өз атасы,
Мәмбетей – ол Кішіктің бір ағасы.
Мәмбет сопы, Кішіктің шешесі бір,
Қатаған Тұрсын ханның ханшасы.

Біздің жетінші атамыз Әйтек деген –
Бабаңың бір туысқан інісі екен.
Әйтектің бәйбішеден жалғызы – Олжай,
Тоқалынан Байбөрі, Қалқаман, мен.

Бәкең деп атап кеткен Байбөріні,
Бұл сөзім өртек емес, сөздің шыны.
Бір қыз үшін Қалқаман елден кеткен,
Соның жайын айтайын тында, міне:

Мәмбетей өсіп-өнді бара-бара,
Сол таптан бір шықты жеке-дара.
Сол байдың он бес жасар қызы Мамыр –
Әрі сұлу, әрі есті, еркек-шора¹.

Онан басқа бала жоқ әлгі байда,
Оны қыз деп еш адам айту қайда?
Байдың көңілі жабырқап қала ма деп,
Жұрт жүрді құда болам дей алмай да.

Қалқаман қыз айттырмай жүреді екен,
Мамырды жас күнінен біледі екен.

¹ Еркек-шора – еркек балаша киінген қыз.

Асықтығын айта алмай іштен жанып,
«Құрбымыз» деп құр ойнап-қүледі екен.

Мамыр жылқы бағады күндіз барып,
Тымақ киіп, қолына құрық алып.
Қалқаман Мамырменен малда жүріп,
Біраз сөз сөйлесіпті, кез бол қалып.

Жігіт сонда қызға өзін сүйдірмекке,
Асық болса, оны да күйдірмекке, –
Жұмбақ мысал сықылды бір сөз айтты,
Көнілдегі мақсұтын түйдірмекке:

– Ей, Мамыр, Адамды Алла жаратыпты,
Хая-Ананы Адамға қаратыпты,
Бірін еркек, біреуін әйел қылып,
Екеуінен көп жанды таратыпты.

Құдай неге қылмаған адамды так,
Балаларын өзінен өстіріп-ак.
Хая-Ананы жаратудай мақсұты не?
Сол арасын білуге ақылым шақ.

– Ей Қалқаман, тегі жоқ, Құдай жалғыз,
Мұқтаж емес жолдасқа тіпті армансыз.
Адамзатқа көмексіз, махаббатсыз.
Өмір қызық дегенді естен қалғыз.

Жоқ болса махаббатты бір сүйгенің,
Ойлашы, керегі не дүниенің.
Сүйсін, жолдас болсын деп жаратты Алла,
Бұл туралы білгенім – осы менің.

– Тауып айттың, Мамыржан, ұқтым жайын,
Сүйтсе-дағы тағы бір сөзім дайын.
Махаббаты жарым жоқ, жәрдемшім жоқ,
Өлейін бе, қайтейін, кімге айтайын?

Қалқаманның мақсатын Мамыр білді,
Аз ойланып, үндемей сабыр қылды.
Жылы жүрек өзіне жар тапқандай,
Тыншымады, тулады, жұз құбылды.

Қызарды, бір ағарды байдың қызы,
Бетке шықпай тұра ма жүрек ізі?
Іші ыстық, сыртқы дене сұық тартып,
Салқын термен мөлдіреп нұрлы жүзі.

Аздан соң Мамыр айтты: – Ей, Қалқаман,
Байқадым сөз аяғы бізге таман.
Қазір жауап берерлік уақыттым емес,
Сүйсе де үміт үзіп өлмек жаман...

Соны айтып, амандасып Мамыр кетті,
Күн сайын Қалқаманнан сабыр кетті.
Мамыр бүгін қыздарша киінді деп,
Қалқаманға бір күні хабар жетті.

Қуанды атқан оғым тиді ме деп,
Мен үшін қызы қиімін киді ме деп.
Қаяп шіркін тағы да ойлатады,
Менен басқа біреуді сүйді ме деп?

* * *

Ол кезде жерге талас қазақ, қалмақ,
Атысып, ауыл шауып, жылқыны алмақ,
Бір соғыста қалмақты қазақ женіп,
Тобықтының бәрі де тойға бармак.

Той қылған Орта жүзде Сәмеке хан,
Жиылды той болған соң бірталай жан.
Бай-бәйбіше, үлкендер сонда кетіп,
Жас жігіт, қыз-келіншек үйде қалған.

Қазақта бастан¹ деген бір ырым бар,
Мал сойып, жастар ойнап, бір жиылар,

¹ *Бастаңғы* – әке-шешесі үйде жокта қыз-бозбала мал сойып, құрбыларын жинайды (автор).

Қалқаман: «Бастан қыл, – деп қызға келді,
Азар болса, бір тоқты шығын шығар».

Сойғызды Мамыр сонда тоқтыны әкеп,
Ойнады қыз-бозбала етінен жеп.
Онашада Қалқаман Мамыр қызға
Ымдады «бір жауабың болмай ма?» деп.

Айтса да қыздан жауап үміт етіп,
Есітпеген кісі боп қалды кетіп.
Сүйтсе де сондағы айтқан сөзі мынау,
Еш адамға елеусіз өлеңдетіп:

«Ауылымның күнбатысы қалың қамыс,
Бұрсігүннен арғы күн болады алыс.
Жас кісіде бар болса жігер-намыс,
Болып кетіп жүрмесін жатпен таныс».

Солайша жауап берді Қалқаманға,
Бұл сөзі байқалмады басқа жанға.
Бұрсігүні қамыстан жолықпасаң,
Мен саған жоқ дедім ғой, байқағанға.

Қалқаман оймен шешті қыздың сөзін,
Таптым деп шешуінің анық сөзін:
Бұрсігүні күн бата сол қамысқа
Келіп кірді сол ғой деп айтқан кезін.

Ел жата қыз да келді шоқ қамысқа,
Қалқаман айтты сонда көз танысқа:
– Бұгін кешке осынан жолықпасаң,
Кетемін деп неге айттың тіпті алысқа?

– Ей, Қалқаман, аңғалсың аңқылдаған,
Біржолата келген жоқ Мамыр саған.
Тағдыр бізді қоспады, айып етпе,
Ертең құда түседі біреу маған.

Кеше білдім төбемнен ұрғандығын,
Құдалықтың дап-дайын тұрғандығын.

Бұрсігүннен кешіксең жауап жоқ деп,
Сол еді сөз ишарат қылғандығым.

Әке берсе, қыз болмас кімге қатын?
Қайтейін сенде-ақ еді махаббатым.
Ерекеше киімінен ұялам деп,
Уақыт өтті, сол болды қатты оғатым¹¹.

Алдына кешу сұрай келіп тұрмын,
Көзге тірі болсам да, өліп тұрмын,
Қалқаман, осы саған қоштасқаным,
Денемді емес, жанымды беріп тұрмын.

— Ей, Мамыр, бұл іс оңай, алдамасаң,
Зорлық жоқ, өзің сүйіп тандамасаң,
«Ер жеткен қыз еркімен ерге тиер», —
Молдалардан есіттім әлдеқашан.

Мамыр-ау, мені сүйсөң, кетпе жатқа,
Құдайға хақ, ісім жөн шариғатқа.
Басы бабаң, алғы шала молда,
Бәріне анық оқыған жамағатқа

— Қалқаман, рас болса айтқан сөзің,
Сен үшін келіп тұрмын, көрді көзің,
Сүйген жарым, сүйенген жаным — сенсің,
Не қылсан да біле бер, мейлің өзің.

— Олай болса кетейін қазір алып,
Тұрсақ жазым болармыз қапы қалып.
Азар болса мал алар, адам алмас.
Тобықтыны жиярмын бара салып.

— Қыз алған жоқ жақыннан Тобықты әзір,
Өлтірем деп жүрмесін бізді қазір.
Өзімді аяп тұрғам жоқ, Сізді аяймын,
Сен сау болсан, болар ем мен-ақ нәзір.

¹¹ *Oғат* — оғаш, қателік.

—Мамыр-ау, айтып тұрсың әлденені,
Шарифат қосады еken немерені.
Қайғы ойлап жаман ырым айта берме,
Алаңсыз сүйген болсаң анық мені.

Мамыр айтты: —Мен сенсіз тірі тұрман,
Уш қайырдым сөзінді мен антұрган.
Бір құдайға сиынyp ал да жөнел,
Жолында өлсем разымын, жаным құрбан.

Алдандырдым мен Сізді сөзбенен құр,
Тәуекел деп Аллаға тез, жылдам жүр.
Заман қандай болар деп дайындағ ем,
Боз жорға атым белдеуде ерттеулі тұр.

* * *

Мінді де екі ғашық кетіп қалды,
Ауылға бір сағатта жетіп барды.
Не де болса қылдым деп бір жұмысты,
Бара сала Олжайға кісі салды.

Олжай барды бабаңа тұн ішінде,
Қысылшандық бар еді жүрісінде,
Бабаң басын көтеріп Олжайға айтты:
«Неге келдің, асыққан жұмысың не?»

—Қалқаман қашып келді Мамырды алып,
Қапы болдық өзгеміз білмей қалып.
Алыс жерге кетсін бе, тоқтасын ба,
Ақыл сұрай келіп ем Сізге салып.

Бабаң мұны есітіп қайғы жеді:
—Бір жаман тұс көріп ем бүгін, — деді.
Бітімсіз іс кез болып қалар ма еken,
Көкенайдың мінезі қатаң еді.

Көкенай — Мәмбетейдің бастаушысы,
Өзі батыр, мінезі қатты кісі.
Сол кісінің алдынан тараушы еді,
Бабаңнан соң бұл елдің көп жұмысы.

Бабаң айтты: – Кете алмас бір жас бала,
Тобықтыға хабар қыл бара сала.
Болар іс болған шығар, малды аяма,
Өзі ондасын ақырын Ҳақ тағала.

Тобықты, Қанжығалы, Бәсентиін,
Атығай, Қарауыл мен бәрі жиын.
Бабаң хабар айтқан соң ел жиылды,
Сүйтсе де сөз аяғы болды киын.

Мәмбетей жатып алды ырық бермей,
«Қалыңмал ал, біт» деген сөзге көнбей.
Қалқаман мен Мамырды өлтірмесе,
Кетеміз деп бабанды тіпті көрмей.

Бабаң айтты: «Өлтірер жұмыс емес,
Таспен атып өлтірмек бұл іс емес.
Біреудің некелісін бұзбаған соң,
Қанына ортақ болу дұрыс емес».

Көкенай тағы көнбей жатып алды,
Бітім болмай неше құн жұрт сандалды.
«Қалқаман мен Мамырдың дауындай» деп,
Мақал болып бұл елге сонан қалды.

Бітім болмай созылды сөз аяғы,
Белгісіз кімнің соры, кімнің бағы?
Бір құні төркініне амандаса,
Мамыр келді, тағдыр ғой ол баяғы.

Көкенай бітпей жүрген сөзді ұзайтып,
Сол құні келген екен аңнан қайтып.
Анау бір топ жаяу кім?» – деп сұраса,
«Ол – Мамыр», – деп, бір қойшы қойған айтып.

Ести сала садағын қолына алды,
«Мамырдан аулақ жүр!» – деп айғай салды.
Ұялмай жүзіқараның жүргенін деп,
Аямай дәл жүректен атып салды.

Бұкшиіп иман айтып қаны қашып,
Қолтығын қолыменен тұрды басып,
Бейшара бір-екі ауыз тілге келді,
Өзін айтқан кісімен араздасып.

– Көкенай, қарғамаймын, сөзіме бақ,
Ісім жөн, бір Құдайға, көңілім хақ.
Мойның менің қаным халал¹ болсын,
Болма енді Қалқаманның қанына ортақ.

Кешікпей мен өлемін, сен тірісің,
Сүйсінбе бұл рақымсыз мінезіңе.
Айырған екі асықты² оңа ма екен,
Деп тұрсың алғыс айттар кім өзіне?

Тілегім келді орнына, арманым жоқ,
Артында Қалқаманның қалғаным жоқ.
Мені сен өлтіргенмен жасырмайсың,
Сүйткенмен жас жанымды алғаның жоқ.

«Қалқаман, аман бол!» – деп көзін ашты,
Алла деп алақанмен бетін басты.
Қоштасып, қасындағы қатындарға.
Опасыз бұл жалғанға амандасты.

Көкенай жиды барып Мәмбетейді,
«Өлтірдім тентегімді өзім» дейді.
Бабана кісі салды дамыл бермей:
«Ол неге Қалқаманды өлтірмейді?!

Жақыным қызыымды алды, ұнамаймын,
Қорлыққа тартып алған шыдамаймын.
Егерде Қалқаманды тірі қойса,
Ел болып Кішікпен бас құрамаймын.

Оллахи, біз кетеміз, қазір ауып,
Менен басқа туысқан алсын тауып».

¹ Халал – адап.

² Асық – ғашық.

Бұл хабар Тобықтыға жеткеннен соң,
Сөзінен елдің бәрі қылды қауіп.

Бабаң айтты: «Ел бітпес оныменен,
Жүрелік шарифаттың жолыменен.
Бір еркек, бір қатынның құнын алсын,
Мәмбетей разы болсын соныменен».

Көнбеді Мәмбетейлер оған тағы,
«Ауамыз біз болсақ, – деп, – қор қылмағы,
Әнет бабаң әділет қылмаған соң,
Көз көрмеске жат болып кетті-дағы».

Көп берген түкке тұрмай, қалың малы,
Ем болмады жалынып айтқан жалы.
Тобықты осы сөзге қақ бөлініп,
Болысты Мәмбетейге Қанжығалы.

– Ей, Баба, тәнірге аян адап ісің,
Сүйтсе де ел бүлінер бір бала үшін.
Болған соң қазақ та жау, қалмақ та жау,
Бұл елдің обалына қалмаймысың?

Болсын да Мәмбетейдің бір айтқаны,
«Еркек тоқты – құрбандық» деген кәне.
Қалқаман Тобықты үшін жанды қиса,
Кетпей ме шаһит болып¹ оның жаны?

Сол сөзге аударылды жұрттың бәрі,
Не қылсын көп наданға жалғыз кәрі.
«Кеселі көпке болып жүрмелей», – деп,
Бабаңың шын кейіген шықты зары.

Салған соң өңкей надан көптік құшке,
Қалыпты қайран бабам қын іске.
«Бір Алла, өзіңе аян, жүрегім», – деп,
Байлапты өлтірмекке ертең түсте.

¹ Шаһит болу – дін жолында қаза болу. Бұл жерде ауыспалы мағынасында «ақ өлім».

Бабаңың нұр жүрегі болды мұздай,
Жазасыз жасқа ешкімнің қаны қызбай.
Мысалы көз алдында тұрған жоқ па,
Қойдыңдар Абайға да не қылғызбай?

Аллаға бабаң сонда сиыныпты,
Аққан тер нұр жүзіне құйылыпты.
«Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін,
Көкенай сонда атсын», – деп бүйірыпты.

Өлтірсек, оғы тисе, өзі айтқан жол,
Аман кетсе, түк те жоқ, бітімі – сол!
Мәмбетей шуылдапты разымыз деп,
Осыған тамам арғын басыпты қол.

* * *

Көкенай құлдық деді бұл билікке,
Мәмбетей шығып тұрды бір биікке.
Мінгізді Қалқаманды алып келіп,
Дейтұғын «Арда күрен» бір жүйрікке.

Төгілді көзден жасы көрген жанның,
Шолағын қарай гөр деп бұжалғанның.
Жиылған көп қауымға қарап тұрып,
Қоштасқан сөзі мынау Қалқаманның:

«Ей, жұртым, мен өлемін, сендер қалдың,
Орнына бауыздадың айтқан малдың.
Өз бауырын оқقا байлап өлтіртті деп,
Қалдыңдар обалына мына шалдың.

Назасы нақақ жастың қате кетпес,
Деймісің қалмақ сені тентірепес.
Мамырдан қалған жанның керегі не,
Ісім ақ, косылармын, еш нәрсе етпес.

Белгілі Мамырдан соң көп жүрмесім,
Тұз-дәмін Орта жүздің жеп журмесім.
Жалғыз-ақ Тобықтының дүспандары.
Рақымсыз, бауырсыз ел деп жүрмесін.

«Қош, баба, бата бер!» – деп тұра келді,
«А, Құдай, сақтай гөр..» деп бата берді.
Жөнелді күрең атпен сырылдатып,
Ажалға көпе-көрнеу байлап белді.

Көкенай садақ тартты дүрілдетіп,
Қақ жарды ердің қасын оғы жетіп.
Әйтеуір, ұлы дene аман қалды,
Оң жакта қара саннан өтіп кетіп.

Атының жалын құшып, жүріп кетті,
Басына бір төбенің барып жетті.
Бір жеңін көйлегінің жыртып алыш,
Аузына жарасының таңу етті.

Ат қойды, а Құдайлап көп бозбала,
Ажалдан қақты ғой деп Хақ тафала.
Той қылып, ат шаптырып, ойнаймыз деп,
Жабылды үйге жүр деп бара сала.

Қалқаман айтты: «Токта, құрбыларым,
Жоққа есеп осы күнде менің барым.
Аямай елім оққа байлаған соң,
Кетер ме өлгенімше іштен зарым.

Ел қылып Тобықтыны тұра алмаймын,
Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймын.
Өлерде аямады, қайда аяйды,
Сендерге енді мойын бұра алмаймын».

Соны айтып қамшы басты күрең атқа,
Қуса да жеткізбеді жамағатқа.
Ұлы жүз Еділбайда нағашысы,
Жөнелді соған қарай Бұқар жаққа.

Қалқаман сол кеткеннен кетіп қалды,
Халқына Әнет бабаң хабар салды.
Жаз шыға Қалқаманды іздейміз деп,
Тобықты ат жаратып дайындалды.

* * *

Мың жеті жұз жиырма үшінші жыл,
Қазақ, қалмақ атысқан мұны да біл.
Қалмақтың бастаушысы Суан Раптан,
Өзі батыр, соғысқа тым айлашыл.

Шеп құрып соғысыпты қазақ, қалмақ,
Қорқаққа оңай емес шепке бармақ.
Бабаның бес баласы садаққа ұшып,
Бұл соғыста қазаққа түсті салмақ.

Қазақты ол ұрыста қалмақ алды,
Ұш есенің екеуін қырып салды.
Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойында,
Арқаға қазақ ауып кетіп қалды.

Осы жол – бар қазаққа белгілі жол,
«Ақтабан шұбырынды» дегенің сол.
Жаяу жүріп табаны аппақ болып,
Қорлық көріп, қазақтың шұбырғаны ол.

Сол себепті Қалқаман қалды ізделмей,
Іздемейін деген жоқ, шама келмей.
Ол түгіл, Әнет бабаң көшкесе ере алмай,
Тірідей дөң басында қалған өлмей.

Тұқым бар Қалқаманнан осы күнде,
Шын болса, Ұлы жүздің жүр ішінде.
Өздері Елібаймыз десе керек,
Білмейді кейінгісі бізді мұлде.

Бар болса Қалқаманың нәсілдері,
Оқығын осы өлеңді талапты ері.
Осында туысқан ел Олжай – Бәкен,
Семейпалат облысы – тұрган жері.

Хан Шыңғыс деген тауда тұрмыз біз де,
Егер де іздесендер, сонан ізде.
Тобықтыда Құнанбай қажы десе,
Басты кісі біледі Орта жүзде.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Поэманы тұтас оқып шыққаннан кейінгі алғашқы әсерлерің, кейіпкерлердің іс-әрекеті жөніндегі пікірлерің.
2. Қалқаман мен Мамырдың алғашқы кездесуі қайда, қандай жағдайда болды, нендей байлам жасалды? Текстен оқып беріндер және бұл оқиғаның байланысты екендігін біліндер.
3. Әнет баба, Көкенай, Мәмбетейлерді жырда ақын кім деп таныстырады, олардың Қалқаман мен Мамырға қандай туысқандық қатысы бар?
4. Қалқаман мен Мамыр тағдырын шешуде Көкенай қандай рөл атқарады? Жырда қандай мінез-құлқымен, жағымсыз іс-әрекетімен көрінеді? Оның образы қалай сомдалған? Көкенайға мінездеме бер.
5. Жырдағы Әнет баба туралы не айтар едің?

Бабаң айтты: «Олтірер жұмыс емес,
Таспен атып өлтірмек бұл іс емес,
Біреудің некелісін бұзбаған соң
Қанына ортақ болу дұрыс емес» –

деген Қалқаман – Мамыр тағдыры туралы алғашқы үстанған бағытынан.

«Бір еркек, бір қатынның құнын алсын,
Мәмбетей разы болсын соныменен» –

деп ауытқып екінші шешімге келуіне, одан да кейін

«Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін

Көкенай сонда атсын» – деп соңғы шешімге келуге қалайша мәжбүр болды? Жыр арқауына сүйене отырып, Әнет бабаға мінездеме бер.

6. Автордың Әнет бабаға көзқарасы қандай екендігін айтыңдар?
7. Жырдағы Мамыр образын жасауда ақын қолданған тәсілдер, туралы не айтар едің? Мамырдың өзін атқан Көкенаймен өлер алдындағы араздасуын мәнерлеп оқып беріндер. Бұл монологтан Мамыр мінезінің тағы қандай кырын байқадындар? Мамырға мінездеме беріндер.
8. Жырдағы Қалқаман қандай адам? Мінездеме беріндер.
9. Жырда автордың негізгі айтпақ ой-түйіні неде? Жыр арқауына сүйене отырып, кейіпкерлер іс-әрекетіне авторлық көзқарасты айқындаі отырып, айтып беріндер.



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

(1846–1945)



Жамбыл – қазақ халық поэзиясының алдыбы, айтыскер ақын, сазгер. Ол ғасырға жуық ұзақ ғұмырында екі дәуірдегі талай әлеуметтік өзгерістердің күесі болды. Сөз қадірін жоғары бағалайтын қазақ халқының қадір-қасиетін, даналығын әлемге танытты.

Ол қазіргі Жамбыл облысы аймағындағы Жамбыл тауының етегінде туды. Ақындық атағы 16 жасынан бастап, Жетісудың әйгілі ақыны Сүйінбайды

өлеңімен тәнті қылып, бата алғаннан кейін шыға бастады. Айқыміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағамбет, Құланаян Құлмамбет, Шашубай ақындармен айтысқан. Әсіресе, XIX ғасырдың 80-жылдары айтыста Құлмамбетті женғеннен кейін, Жетісудың ақыны атанды. Жамбыл айтыстарында ел қорғаған ерлерді, кіслік-парасатты мадақтады. 1913 жылы Романовтар әuletінің патшалық құруына 300 жыл толғанын тойлау құрметіне көрме өткізіліп, оған үш жүздің иғі жақсылары жиылды. Жамбыл онда жағымпаз старшындарды әжуалаған өлең шығарды. 1916 жылы патшаға қарсы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде елді азаттық құреске шақырған «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» өлендері туған. «Мың бір тұн», «Шаһнама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрүғлы», «Шора батыр», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты көптеген дастандарды таңнан-танға жырлаған. «Көрүғлының» бір бұтағының (тарауының) өзін он бес күн қатарынан айтатын болған. Мыңдаған жол өлеңді жатқа білген.

Жамбылдың өлендері орыс және басқа тілдерге аударылып, жер жүзіне тарады. 1936 жылы Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің бірінші онкүндігіне қатысты.

1937 жылы Жамбыл грузиннің ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды батыр» поэмасының 750 жылдық тойына қатысып, ұзак өлең айтты.

Жамбыл жақсылықты жырға қосты, жамандықпен күресті. Өз заманының қуаныш-қайғысын, ауыр тағдырын терең сезінді. Жамбыл қазақ халқының рухани мәдениетіне зор үлес қосты.

ЖАҢЫС АҚЫНГА

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.
Сырлы сұлу сөздері –
Маған тартқан сыйындай!
Сөз келеді бүркырап,
Қара дауыл құйындай!
Екпініме кезіккен
Кетер мекен жығылмай!
Құлаштап бір кетейін,

Көбең¹ құсан тығылмай.
Қашсаң қуып жетейін,
Бізге жабы² бұйым ба-ай!
Селтендеген ақынды
Көрмеуші едім шыбындай.
Қәне, сөйлеп жіберші,
Айтыспағың шының ба-ай?
Деп келдің бе Жамбылды,
Күнде женғен шыбылдай³.

ПАТША ӘМІРІ ТАРЫЛДЫ

(1916 жылғы оқиға)

Кызығынды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз.
Күндерімді өткердім
Сенде жүріп ұзак жаз.
Көкорайға жайылған
Секілді едік үйрек-қаз.
Ештеңе жоқ уайымнан,
Жүруші едік көніл мәз.
Оған қылар бар ма лаж?!

Ішке толған зарымды

Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қосақтап,
Қалай қыып берерміз?!

Көздің жасы моншақтап,
Көніл шер бол өлерміз.
Көк жайлауды қалдырып,
Кайда көшіп кетерміз?

Көкіректі зар қылып,
Қорлықпен қайтып өтерміз?!

«Бес үйден бір жігіт!» деп,

¹Көбең – арықтап жүріп, ет алған жылқы.

²Жабы – қарапайым жылқы.

³Шыбыл – Ұлы жүздегі ру аты.

Болыстар жүр шапқылап.
Жасаулы үй тінітпек,
Қылыштары жарқылдап.
Бүйтіп көрген күн күрсүн,
Жапырақтай қалтырап!
Таусылғандай тынысың,
Күнде жүрек қансырап...
Дүниенің кеңдігі –
Жүргенінде басың бос.
Жан қысылса белгілі:
Таба алмайсың жақын дос.
Өз араңнан шыққандар
Таяқ соғар өзіңе.
Әр нәрсеге бір зауал,

Дейтін еді кезінде.
Би, болысты тәңірі атты,
Ел қорғауға жарамай.
Ағайынды еніретті,
Көз жасына қарамай.
Енді ойласақ не қалды? –
Ата жүрттан кету бар.
Жолға тігіп не жанды,
Тәуекелге беку бар.
Не болмаса шыбындалп,
Тағдырыңа көну бар.
Көнсең күнде шығындалп,
Ит қорлықта өлу бар!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Жамбыл ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып шығындар.
2. Жамбылды неге «жыр алыбы» дейміз?
3. Жамбылдың ұлт-азаттық көтерілісі кезінде шыгарған қандай өлеңдері бар? Онда нені көксеген?
4. «Патша әмірі тарылды» өлеңінен үзінді жаттап алындар.
5. Осы өлеңнің мәні мен мағынасын талдандар.



МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ (1885–1935)

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 күнде қарашада бұрынғы Торғай облысының Жангелдин ауданында дүниеге келген.

Міржақып әуелі ауыл мектебінде оқыған. 1897 жылы Торғай қаласындағы орыс-қазақ мектебіне түсіп, 1902 жылы оны ойдағыдан бітіріп шығады. Алты-жеті жыл бойы ел ішінде, ауыл мектептерінде бала оқытады. Мұғалім бола жүріп, өлең жазады.

Міржақып 1904 жылы сол кезде қазақ оқығандарының бас қосатын орталығы – Омбы қаласына сапарға аттанады. Ол жерде Ахмет Байтұрсыновпен жүздесіп, ақтық демдері біткенше жұп жазбай өткен екі есіл ер әуелі астырын жұмыстан бастап, кейін жария сипат алған төңкерістік жұмысқа белсене араласады.

Осындай қызу қимылмен көзге түскен жиырмадағы жас жігіт қазақ конституциялық-демократиялық партиясының Оралдағы съезіні қатысады да, соның делегаттары қатарында 1906 жылы Петербургке барады.

1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде Міржақыптың «Жастанға» деген өлеңінің басылу сыры да осында. 1909 жылы Уфа қаласында «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы басылып шықты. Ондағы өлеңдері:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб¹ боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты,—

деген оймен мазмұндала.



¹ һараб — күру, күйреу.

Поэзияда қаламы төсөліп қалған автор проза саласында да күрделі жанрда күш сынап, «Бақытсыз Жамал» романын жазады. Казақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш роман 1910 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан жарық көреді.

Ел санасын ояту мақсатымен А. Байтұрсынов екеуі бірлесіп ағартушылық-демократиялық бағыттағы тұңғыш бейресми басылым – айтулы «Қазак» газетін шығарады.

1911 жылы саяси айыппен қамауға алынып А. Байтұрсынов екеуі Семей түрмесінде бір жарым жыл отырып шығады. 1922 жылы қайта ұсталып, Әлихан Бекейханов екеуі Орынбор түрмесіне түседі де, көп ұзамай қамаудан босатылады.

Республикадағы мәдени төңкеріс ісіне белсене ат салысып жүрген кезінде 1928 жылдың желтоқсанында бір топ қазақ оқығандары қатарында тағы тұтқынға алынады. 1930 жылы сот үкімі бойынша әуелі ату жазасына кесіліп, кейін бұл үкім 10 жыл абақтыға қамау жазасымен алмастырылады.

1935 жылы қазанның 5-і қуні 50 жасқа толуына бір ай қалғанда, Ақтеңіз-Балтық каналының бойындағы Сосновец станциясындағы түрме ауруханасында ауыр науқастан қайтыс болады.

ШЕШЕҢІҚ БАЛАЛАРЫН СҮЮІ

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа қүйетұғын?
– Түн үйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.

Кім сендерді, балалар, тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
– Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.

Кім сендерді сағынар шетке кетсен,
Фылым іздел, тез қайтпай, көпке кетсен?
– Бетін жуған жасымен сорлы анаңа
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді келгеніңше,
Кұлышарын көзімен көргеніңше?
— Сендер қайтып келсендер адам болып,
Еш арманым болмас еді өлгенімше...

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқындар.
2. Өлеңнің құрылсына, оның сұрақ-жауап үлгісінде жазылғанына назар аударындар.
3. Анаға құрмет көрсету – адам баласының парызы екенін терең түсінідер.
4. АナンЫҢ балаларына деген қамқорлығын, сағынышын өлеңнің өз тілімен айтып беріңдер.

ЖАСТАРҒА

Найзаменен тұртсе де,
Жатырсың, қазақ, оянбай.
Мұнша қалың үйқыны
Бердің бізге, ой, Алла-ай!

Бар ма екен біздей ғафыл жұрт,
Атырапқа көз салсақ.
Көзі іскенше үйқыға
Келе жатқан тоя алмай?

Етемін үміт жастардан,
Жана гүл шашқан бақшадай.
Мұрадын оңай кім табар,
Жар салып жұртқа қақсамай?

Халыққа, жастар, басшы бол!
Қараңғыда жетектеп.
Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай?

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өлеңнің мағынасын өз сөздеріңмен айтып беріңдер.
2. Ақын жастарға қандай ой тастап отыр?

3. «Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай», – деген мысалдың мәнін түсіндіріндер.

ЖАС ҚАЗАҚТАР, ҚАЙДАСЫҢ?

Жатпалық, жастар, жатпалық,
Жасқанба, жолың ашылсын.
Бақшасында халықтың
Бұлбұл боп тілің сайрасын.

Садақа басың жан пида,
Ең жаманы айдалсын.
Әр қамалға – бір зауал
Болып бір заман айналсын.

Кешегі дұшпан қаһарлы,
Ертең қор боп, жай қалсын.
Ұраныңды шығармай,
Жас қазақтар, қайдасың?

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өлеңдегі ақын ойын қара сөзбен айтып беріндер.
2. Бақшасында халықтың
Бұлбұл боп тілің сайрасын, –
деген жолдардың мәнін ашып түсіндіріндер.
3. Соңғы екі өлеңдегі ортақ идея не?



МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893–1938)

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Сасыққөл мекенінде дүниеге келген. Мағжанды әкесі ауыл мұғаліміне ертерек беріп, хат танытады. 1905 жылы Қызылжардағы медресеге түсіп, 1910 жылы бұл медресені жақсы ұлгіріммен бітіреді.

Мағжан жеті жасында «Қисасул әнбия» атты кітапты түгелдей оқып шығып, құллі пайғамбарлардың өмірлерін жаттап алған көрінеді. Бұдан кейінгі жылдары Уфадағы медресе – Фалияда дәріс алады. 1913–1917 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясын, 1923–1926 жылдары Мәскеудің әдеби-көркем институтын бітіреді.

1913 жылы Қазан қаласында М. Жұмабаевтың «Шолпан» атты тұнғыш өлеңдер жинағы жарық көрді.

Жиырма жасар Мағжан ақындығымен жүртшылық назарына түсті. Әсіресе, қазақ жастарының арасына Мағжанның атағы кең жайылды. Олар ақынның қасында болды. Мағжан Омбы қаласында «Бірлік» деген қолжазба журналына редактор болды. Ақынның өлеңдері сол кездегі «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жиі жарияланып тұрды.

1927 жылы М. Жұмабаев еліне оралады. Оқытушылық қызметпен айналысады, жаңа өлеңдер жазады. Бірақ өмір ақынға ауыр тағдыр сыйлады. Мәскеуде оқып жүргенде, Мағжан «Алқа» деген әдеби үйірме ұйымдастырған болатын. Бұл 1925 жыл еді. Содан төрт жыл өткен соң, «ол ұйым – төңкеріске қарсы ұйым» деген жаламен Мағжанды он жылға концлагерге айдады. Одан 1936 жылы боса-



нып шығып, бір жылдан кейін, 1937 жылы озбыр топтың қолына қайта түсіп, 1938 жылы 19 наурыз күні атылады. Жалынды ақынға «халық жауы» деген қара таңба басады. Ақынмен бірге оның шығармалары да қараланады. Тек содан кейін, жарты ғасыр, 50 жылдан кейін ғана ақын аты елімен, жерімен, ұрпақтарымен қайта қауышты.

ТҮРКІСТАН

Түркістан – екі дүние есігі ғой.

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде тұған,

Түріктің тәнірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,

Тұранда ер түрігім туып-өскен.

Тұранның тағдыры бар толқымалы,

Басынан көп тамаша қундер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,

Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.

Тұранның жері менен сұы да жай,

Теніздей терең ауыр ой бергендей.

Тұранның елі, шексіз шөлі қандай,

Теніздей кемері жоқ көлі қандай!

Тұранның дария аталған өзендері

Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,

Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.

Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,

Жаралап таудан ақсан салқын жастан.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,

Шалқыған ені – шексіз теңіз, Арас.

Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің

Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,

Түріктер бұл екеуін дария дейтін.

Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейтін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың,
Көкке асқан Хантәңірге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай.
Қазығұрт қасиетті тау болмаса,
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жад, елі де жад¹,
Құйындай бастан кешкен күні де жад!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің тарихты ашсаң Тұран жайын.
Тұранға қасиетті құмар болған
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлкарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе,
Тұрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғиық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы. Төле–
Атаға тартып туған бәрі бәрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі –
Жолбарыс Сұпыйтай мен көкжал Жебе.

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол биден Темір туған от боп ойнай,

¹ Жад – бұл жерде елдің есінде, жадында деген мағынада.

От шашып жер жүзіне Әмір Темір,
Жарқ етіп өте шықсан наизағайдай.

Тұранды мақтамайтын тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен,
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан – қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан – Ибн-Сина Әбу Әли.
Молдығы білімінің сиқыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен мұзыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып таrasқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?!

Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрган.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп түрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрган екен
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран – ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны – Абылай ері...

Шер батса кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?

Арқаның ардагері – қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Ертеде Оқыс, Яқарт – Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.

Киелі сол екі су жағасына
Болмаса, барсаңшы ізден бабаң бейтін.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өлеңдегі ақынның айтпақ ойын өз сөздерімен әңгімелеп беріндер.
2. «Ер Түрік» дегенде «ер» деген эпитеттің ақынның қолданысындағы мәні неде деп түсінесіндер?
3. «Тұранда түрік ойнаған ұқсан отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазакта қара шаңырақ қалған жоқ па?!»
Өлеңнің осы шумағындағы ақынның айтайын деген ойын (мұғалімнің көмегімен) анықтандар.
4. Ақынның: «Болмаса, барсаңшы ізден бабаң бейтін» дегінде үлкен мән бар екенін, «баба» деп отырғаны – Қожа Ахмет Йассауи бабамыз екенін түсініндер. Бүкіл түрік елі Түркістанды киелі жер – екінші Мекке деп түсінеді.
Бабаның басына барып қайту үлкен сауалқа саналады.
5. Бұл өлең лирикаға жақын ба әлде эпикаға жақын ба?
6. Өлеңнің тарихи сипатын өз сөздерімен айтыңдар.
7. Өлеңді түгел немесе өздеріне ұнаған шумақтарын жаттал алыңдар.

БАТЫР БАЯН

(Поэмадан үзінді.)

Бірінші тарау

Жүргегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.

Түйіннің тоқсан тұрлі шешуі бар,
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,
Сұм өмір құшті уын аяды ма?
Ертегі уатпай ма баланы да,
Сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да?
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған,
Еркімен өзі-ақ отқа барады да.
Жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда,
Қанды ор боп ақын жолы қалады да.
Ойлайды, күніренеді, толғайды ақын,
Күрсініп көзіне жас алады да.
Ақында азаматтан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.

Мен де ойды ағытамын қаламыма,
Арқаның көз жіберсем алабына:
Сарыарқа – сары дария, қыры жоқ,
Көз болсын, қандай қыран, талады да.
Ішінде сары дария көз тоқтатар
Көкшетау – Сарыарқаның аралы да,
Көкшеде күні кеше қойдай өрген
Тұрлі аң: бәрі, бұғы, маралы да.
Айырылып асау, ерке андарынан
Көкшенің тас жүрегі жаралы да!

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бөлленген бұйра сыпсың қарағайға.
Бұлт құшқан мәңгі мен-зең Көкшетауға
Бөлектау: «Ой, бауырым!» – дер анадайда.
Оқжетпес найза қия – қыранға ұя,
Қарасаң жанның шері тарамай ма?
Солардың ортасында Бурабай көл,
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек, ұқсайды Айға.
Бурабай – Арқа аралы, жер еркесі,
Ертеде қоныс болған Абылайға.
Бауырында Бурабайдың қалың ағаш,
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.

Арудың ақпен өрген тұлымындей,
Қарағай, қызыл қайың, тал аралас.
Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,
Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш!
Қабірінен әулиенің алашқа артық
Ертеде Абылайға орда болған ағаш.
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың
Меккедей тәуеп қылған тамам алаш.
Қыын күн туған алаш баласына,
Шұбырып жапанның сар даласында,
Кез болған жаудан үркіп «Ақтабанға»,
Дүшпанның қалғандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып, түскен барып
Екі оттың – орыс, кытай арасына.
Күндерде сонау – қара, тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсан да аз қанша тәуеп моласына.
Алыстан орыс, кытай – ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы – жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кездे елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.
Күндердің бір күнінде хан Абылай
Қалмаққа – (ойна алды) – айран салмақ.
Ханынан: «Аттан!» – деген сөз шыққан соң,
Ордаға батыр билер келеді андал...

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға,
Алаштың кебесіндей¹ ізгі жайға.
Батырлар бұғаудағы арыстандай,
Абылай тұнғиық бір терең ойда.
Бәрі де ел қорғаны – батыр, билер,
Аттанбай тек жатудан таппай пайда:
«Жүрелік, жау басынар!» – деген сөзбен
Салады Қанай биді Абылайға.

¹ Кебе – қағба мағынасында.

Би Қанай: «Бұ қалай?» – деп бастағанда,
Абылай сұрайды одан: «Баян қайда?»
«Қанайым, ойың үдай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның аруақты күр атынан
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?
Наркессен, өрттей ескен, қайтпас болат
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе қанды балақ батыр Баян!» –
Деген соң теңіз хан Абылай,
Аяңдап батырларға қайтты Қанай...
«Жау» десе жатпайтұғын батыр Баян,
Апырым-ай, келмеуінің мәні қалай?
Жас Баян жауды талай көрмел пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді.
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш берідей кірмеп пе еді?
Жебесі көбе¹ бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді?
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр
Баяндай: «Алашым!» – деп еніреп пе еді?
Бұл жолы кешігуі жай емес қой,
Тұлпарым кез болды ғой орға, тегі!...
Ол құндер аз қазақ пен калың қалмақ
Қыранмен қара құстай алысқан шак.
Баласы алты алаштың Абылайдың
Астында ақ туының табысқан шак.
Қазақтың батырлары бәрі қыран,
Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.
Жауының бір жорықта бір сұлуын
Ер Баян алып қайтқан артына сап.
Баянның алып қайтқан сол сұлуы –
Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ...

¹ Көбе – сауыт.

Ер Баян жас сұлуды алып келген,
Сұңқардай бабындағы сұқсыр көрген,
Қан жауып екі қанды балақ
Ілмекке қоңыр қазды көңіл бөлген.
Марал бар оққа ұшпайтын, тым сақ бірақ
Кезенде кез келсе де қандай мерген.
Болмасын жас сұлудың білгеннен соң,
Ер Баян қарындас қып ерік берген.
Алайда ар алысқан жүрегімен
Теңізде алысқандай құшті сеңмен...
Осылай іштен қүйген Батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның інісі бар он бес жаста –
Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян.
Ноянның бар ақылы білегінде,
Билеген асау жүрек, қайнаған қан.
Көргенде-ақ сұлудың бір қарауынан
Ноянның жүрегінде ұшқын туған.
Сол ұшқын өртке айналып, жап-жас Ноян
Алысып жүрегімен, аласұрған...
Сұлуға, тәнірі көріп табынғандай,
Жанса да жап-жас Ноян, сұм сұлу қызы
Көп заман жүрді бірақ көз де салмай.

Сонда да кейбір кездे ақ бетіне
Бір нәрсе жүгіруші ед ыстық қандай...
Нояннан о да көзін алмас болды,
Күйдіріп жас жүрегін жалын кернеп.
Шешілді екі жастың жұмбақтары
Екеуі бір інірде сайда кез кеп...

Қызы сонда: «Қалауым бар, Ноян батыр,
Адасқан аққу құстай мен бір пақыр.
Арқаның аруы боп жүрсем-дағы,
Алыста туған, өскен жерім жатыр.
Өткізген балаусадай бөбек күнім,
Барқыттай белес-белес белім жатыр.
Айбынды арыстандай күмда кезген,

Күніреніп қалың қалмақ елім жатыр.
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,
Ата-анам – айым менен күнім жатыр.
Ер Баян біздің елге барған еді,
Көп койға көкжал ойран салған еді.
Бебегін шырылдаңып ап кеткенде,
Ата-анам жылап-зарлап қалған еді.
Сорлы анам көкірегін көкке сауып,
Қан жылап менен бір ант алған еді.
Ол айтты: «Елдің шетін, анаң бетін
Бір көрмей, қозым, ерге барма», – деді
Анама сөзім – анау, өзім – мынау,
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені»... –
Деп сұлу сыйырлады сиқыр сөзін,
Толтырып меруерттей жасқа көзін –
«Шыдашы, кәне, күймей!» – дегендей-ақ,
Ноянға тақап тұрып жалын жүзін.
Жас Ноян жас қанына тұншықсан соң,
Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзін!
«Жарайды, даярмын!» – деп атып салды,
Ойланып бір минут та қылмай төзім.
Сол сайда уәделерін бекітісіп,
Екеуі аймаласты ыстық жүзін.
Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,
Төзім қып албырт Ноян құтпей таңды,
Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,
Жылқыдан екі жүйрік таңдал алды.
Азырак азық алыш, қару-жарақ,
Жүйрікке әсем әбзел-тұрман салды.
Сөйтті де Сарыарқамен есендересіп,
Екеуі ескен желдей кетіп қалды.
Кетті олар, Сәске болды, ауыл тұрды.
Алдымен Ер Баянға хабар барды...
Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,
Жаралы жолбарыстай күңіренді,
Қорғасын миын, ойын төмен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.

Бір көк сұр енгізіп бар денеге,
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.
Ақыры ашу ерді билеп кетіп,
Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді.
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,
Боз үйден оқ жыландашты шыға келді.
Ер Баян сол кеткеннен кете барды,
Мініп ап белдеудегі көк тұлпарды.
Дулыға, қалқан, көбе қалған ұмыт.
Белінде жалғыз-ақ бір садақ бар-ды.

Бауырынан Обағанның орғып өтіп,
Арыстан айдалада дүбір салды.
Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
Тұс ауа Жолдызекке жетіп қалды.
Кермиң Қолдызектің даласында
Алыстан екі қараны көзі шалды...
Алыстан екі қара көрді Баян,
Кілегей қара бұлттай төнді Баян.
Ой жоқ боп, жүрек шоқ боп, күр екпін боп,
Сұнқардай сорғалаған келді Баян.
Қыз түгіл, қаны бірге өз бауырын
Танымай қалғандай да болды Баян.
Байланған белде сала садағына
Қалшылдан қалды салып қолды Баян.
Ашуын арыстанның байқаған соң,
Майысып тұра қалды жап-жас Ноян...
Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Оқ тиіп жүргегінен құлап түсті
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.
Жын шуы басқандай боп естімеді
«Жан көке, аға!» – деген сөзді Баян.
Садағын сол секундте тартты тағы
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесіне
Тұсірді тағы ұшырып қызды Баян.

Екі жас аттарынан ұшып түсті,
Түскенде бірін-бірі құшып түсті.
Жүректен атып ыршып шықкан қанмен
Жалғыз-ақ «Ah!» десті де, «Жаным!» – десті.
Қомағай қара топырақ бұлкіл қағып,
Асығып екі жастың қанын ішті.
Құлдей қу, тұнжыраған тұндей болып,
Жия алмай, күр теңселіп, ақыл-есті,
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,
Атынан есі ауғандай құлап түсті...

Зарланып күңіренді батыр Баян,
Мезгілде күңгірт тартқан кешке таман:
«Кең ақыл, отты қайрат, сырттаным», – деп,
Ер едім еркелеткен алаш тамам.
Сындырдым азғана Уақ елім белін,
Елімнен кетіп елді қайдан табам?
Жейтүфын өз күшігін болдым бәрі,
Ісімді мынау ағат немен жабам?
Қара бет болдым алаш баласына,
Ер дер ме енді мені Абылай данам?!

Күй, жүрек! Көл бол, жасым! Өртен, ішім!
Алдында айнам жатыр бәбек пішін.
Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүргегін,
Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.
Сорлы ағаң атып жығып өз інісін,
Ііскейді енді зарлап аппақ төсін.
Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым!
Қайтейін, арымадың, арда күшім!
Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде... Әлтірдім бе,
Інімді алты алаштың намысы үшін?!

Арқамдай жер жүзінде жер бола ма?
Айбынды алашымдай ел бола ма?
Алашта ертеде өткен екі арыстан:
Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма?
Солардың нәсілінен Сары, Баян,

Барыстай ойын салған сар далада.
Інісі Ер Баянның: жасық Ноян
Атадан азып туған дер болар ма?
Құл болса бір қыз үшін балдырғаны
Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма!» –
Деп зарлап, күнірәнді жаралы ер,
Айырылған екі жаннан қаралы ер.
Зарланып көзінен қан тамшылатты,
Тұңғызық жанды жеген қап-қара шер...
Ер Баян көмді екеуін дөң басына,
Тұсірмей бір топырақ ортасына.
Ап шыққан қаруларын сүйеп-сүйеп,
Ноянның көмді бәрін өз қасына.
Отырды топыраққа ұзақ басын қойып,
Шомылыш қанды ыстық көз жасына.
Аздан соң мінді атына батыр Баян
Сиынып бір жаратқан Алласына.
Жолбарыс жортып кетті бетін тұзеп,
Шаңдатып, Абылайдың ордасына...

Екінші тарау

Басқаға мойын бұрып бір сөз қатпай,
Абылайға балпаң басып журді Баян.
Бәйтерек тұңғызыққа төнгеніндей.
Алдында қол қусырып тұрды Баян.
Тұрды да деді: «Алдияр, сөзім қысқа,
Екенім менің Баян алашқа аян.
Алдияр, ел ағасы, ханым дана,
Алашқа ауыр күнде болған пана,
Кешігіп, күнәлі боп, енді алдыңа
Келді ерің іші – жалын, жаны – жара.
Тұңғызық кез болды ғой кешуі жоқ,
Болмаса шыққанда «Аттан!» ер тұра ма?
Талқыға жан жарасын сала аямаймын,
Мәнімді мен айтпаймын, сен сұрама.
Тілегім – енді жауға аттаналық,
Қан көрсе, қас қыранда шер тұра ма?!

Абылай ерін құткен көп зарығып,
Қолынан Баян-айын алды тартып.
Алдына отырғызып, күміс кернеу
Керсеннен көлжалына берді сарқыт.
Берді де бүгіп басын ойға кетті,
Асқардай ой билеген мәңгі қалғып.
Аздан соң қөтеріліп жан-жағына
Қарады жер жиһанның бәрін тар ғып.
Қарады, қыран сөзі қысқа болды:
«Таң ата жүреміз!» – деп берді жарлық.

Ежелден Абылайда екі сөз жоқ,
Сөз шықты: «Болады!» – деп, тарады топ.
Топ тарап, ат-тұрманын даярлады.
Біраздап дамылдады ел, мезгіл түн боп.
Жібектей жұмсақ жылы жаздың түні
Бұлтымен құшақтады Көкшені көк.
Керілді ерке Көкше күміс Айға:
«Сәүлеңді, сәүлем, көбірек төкші-төк!» – деп.
Бетінде Бурабайдың ерке толқын
Бір тынбай, күліп жарды сүйді шөп-шөп.
Түн өтті. Жер шетінде алтын танды
Жорғалап, жұз бұралып, жел қарсы алды.
Сарғайып сары белден таң атқан соң,
Абылай қолға: «Аттан!» – деп хабар салды.
Бәрі де болат түяқ бедеу мініп,
Батырлар қатар түзеп келіп қалды.
Жөңкіліп күзді күнгі көшкен бұлттай,
Қап-қара, ортасы ой боп, қол қозғалды.
Асырып ертегіше айтқан жанға
Қара нар қайыспайтын жер шайқалды.
Жөңкіліп көшкен бұлттай барады қол,
Кейде қол түнерген тау қайғысы мол.
Кей кезде тентек толқын екпінімен
Шу қойып, шабуылдан алады қол.
Шаңы – бұлт, бұлты – шаңға айналған соң,
Атаған ерлер жолын деп: «Шандыжол»

Тартты қол. Қалды өрлер. Қалды белдер,
Бастаған Бұғыбай басшы қол көрмес шөл.
Бірнеше тәулік бойы тынбай тартып,
Қол енді жүрді бойлап бір айдын көл.
Балқаш қой – бұл айдыны, сылдыр қақсан,
Балқаштың бетін мәңгі меруерт жапқан...
«Қайда, – деп, – қазақ?» бұрын желіккен жау,
Көрген соң көп қазакты ойға батқан.
Қазақтың қалың колы ерлер кілең,
Батырды көп қалмақты ойға терең.
Қазақтан құлықпенен құтылмаққа
Кеңесті кос коңтайшы: Ұса, Серен.
Жіберді, кеңесті де, жеті қалмақ,
Сөздері: «Абылайдан бар да тілен!
Ағаттық бізде болды, кешсін Абылай,
Ақ отау, айдаған мал – бәрін берем,
Тағы да ер басына ару мен
Қара нар – айыбымыз, қалы кілем».

Аз қазақ көп қалмаққа салды тойды,
Көк аспан қара тұтін, шаңға тойды.
Алдаспан ажалменен бәсеке боп,
Қанішер, қайқы қара қанға тойды.
Жып-жылы адам қаны бұлқіл қағып,
Қуалап жылжи берді ойдан-ойды.
Көк көбе шүберектей шүрқ-шүрқ болып,
Жыртқызды ерлер дал-дұл тұла бойды.
Анадай дөң басында Ұса, Серен
Қуыршақ құдайына қасқа сойды...
Қалың қол ортасында батыр Баян
Баянның батырлығы алашқа аян.
Екі көз екі қызыл шоқ боп кеткен,
Аузынан көбік болып бұрқырап қан.
Оң-солға алдаспанды сілтегенде,
Бұлактай қалмақ қанын бұрқыратқан.
Жанында жалғыз жолдас – жас Жанатай
Қансырап зорға ғана кірпік қақсан.

Түзеліп отыруға халі қалмай,
Қисайып бара жатты құлап аттан.

Жолдас дер ердің ері-ақ қан майданда;
Жан беріп жолдасы үшін алдаспанға,
Еңкейіп сүйемек боп батыр Баян
Жолдасы Жанатайға айналғанда,
Бір қалмақ еңгезердей көк найзамен,—
Білмеген, сірә, қою қызыл қанға,—
Қапыда қайрап ердің сүбесіне
Бойлатып сұғып тұрып, бұлғағанда,
Ер Баян Жанатайды алдына алып:
«Қыларың, қатын қалмақ, тағы бар ма?»—
Деді де, суырып ап жау найзасын:
«Алаштың әруағы, — деп, — қайдасың?!»
Жыландаі жарқ еткізіп қалмақ алдаспанды,
Тұсірді топ еткізіп басын.
Бұлактай аспанға атып, қан шашыған
Жараға тығып тұрып бармақ басын,
Қасқайып қан майданда тұрып қалды
Кайран ер, қайсар Баян, жолбарысым?
Алайда уақыт өтті, құлап тұсті,
Құшақтап Жанатайдай жан жолдасын.

Көз алды енді мәңгі тұман болды,
Жабырлап, жан-жағына қалмақ толды.
Баянды балағаттап, ісіп-кеуіп,
Бір қалмақ қалды теуіп созған қолды.
Сылқ етіп, созылған қол жерге түсіп,
Жүзінің бірте-бірте нұры солды.
Баянның басын бірі кесіп алып,
Бұлғады найзаға іліп, онды-солды.
Қуанып қос қонтайшы – Ұса, Серен,
Алғысқа көмді елірген қалың қолды.

Көңілінен Ұса, Серен кеткен қауіп,
Қуанып, сырнай-керней, қылды сауық.
Алайда Абылайдан сескенген соң,

Жөнелді ертеңіне Қытайға ауып.
Алаштың ардагері батыр Баян
Бір қырда қала берді топырақ қауып.
Жаудан да мейірімді боп жылады жел,
Күніреніп, ер денесін құммен жауып.
Іленің толқындары әлі күнге
Айтады ерге жырау ауық-ауық...
Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас,
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. «Батыр Баян» поэмасын мәнерлеп және зейін қоя, түсініп оқып шығындар.
2. Поэманың поэтикалық қуатына, ақынның шеберлігі мен негізгі ой түйініне мән беріндер.
3. Шығарма тарихилығына назар аударындар, жонғарлардың XVIII ғасырда қазақ даласына жасаған шабуылдары, Абылай ханның, батыр Баянның тарихтағы рөлін нақты деректерге сүйене отырып айтындар.
4. Поэмаға сюжеттік-композициялық жоспар жасай отырып, оқиғаның байланысын, дамуын, шиеленісін түсіндіріндер.
5. Поэмаға сүйене отырып, Абылай ханға мінездеме беріндер.
6. Шығармадағы Баян мен Ноян бейнелері. Батыр Баянның бойындағы ашу мен ақыл, құштарлық пен ар алдындағы борыш сезімдер қактығысының поэмада қалай суреттелгеніне көніл аударындар.
7. Поэмада туған елге, туған жерге деген махабbat (қалмақ қызының да), азаматтық намыс (Ноян жоғалтып алған) мәселелері қалай көтерілген? Пікірталас ұйымдастырындар.
8. «Батыр Баян» фильмін көріп, оны поэмамен салыстырындар.



ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

(1894–1938)



Илияс Жансүгіров 1894 жылы бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында туған. Хат танитын, шағатай тілдеріндегі кітаптарды жинайтын, аныз ерте-гілерді, батырлық жырларды, тарихи оқиғаларды, әңгіме-шежірелерді жақсы білетін, көкірегі ояу, көзі қарақты, әр түрлі өнерді ұстаған әңгімеші, домбырашы, ұста Жансүгір атасынан ерте қалған Илиасты жетімсірептей, еркелетіп, жақсы үлгі көрсетіп, тәрбиелеп өсіреді.

Өз үйінде әкесінен хат таныған, одан соң молда алдын көрген Илияс біраз уақыт Қарағаш деген жердегі татар үлгісіндегі мектептен оқып, әр түрлі пәндерден сабак алады. Бұдан кейін тұрмыс жағдайы билеп шаруа құйттеп, тіршілік қарбаласына араласып кетеді. Өз бетімен тірнектеп жинаған білімнің аздығын, түртінектеп оқыған кітаптардың мардымсыздығын қатты сезе бастаған Илияс қайтсе де жүйелі түрде оқымақ болып 1920 жылы Алматыға келіп, үш айлық мұғалімдер курсын бітіреді. Артынан Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының жанындағы қысқа мерзімді курста бес-алты ай оқығаннан кейін денсаулығының нашарлауына байланысты ауылсына қайтады.

Дауылды жылдардың тартысты тіршілігі жас мұғалімді өз толқынына тартады. Оның қызыметтен өзге уақыты түгелдей кітап, газет-журнал оқуға, өз көкірегіндегі сырларды қағазға түсіруге жұмсаса да, 1927 жылы «Беташар» атты үгіт өлеңі, 1928 жылы «Сағанақ» деген тұнғыш кітабы шығады. 1927–1937 жылдар арасында поэзия, проза, драматургия, сын, аударма салаларында жиырмадан астам

кітап шығарып, артына аса бай әдеби мұра қалдырды. Оның лирикалық шығармалары – «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмалары, «Жолдастар» романы, «Кек», «Турксіб», «Исатай-Махамбет» пьесалары казақ әдебиетінің алтын қорына қосылған өлмес туындылар.

1934–1935 жылдарда Қазақстан көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімін басқарады.

Көзі тірісінде қазақ поэзиясының өрен жүйрігі, ақындықтың Құлагері атанған I. Жансүгіров кесепат-кесел репрессияға ұшырап, 1938 жылы қайтыс болады.

Негізінен, ақын өзі өмір сүрген дәуірдегі ел өмірінің шындығына сүйеніп жазған. Онда қазақ халқының отаршылдық кезінде көрген құғыншылықтары мен жаңа дәуірдегі өзгеріс суреттері жасалған. Ақын өнер-білімді насихаттайды. Осының бәрі тұған халқы мен ол жайлаған дала бейнесін кең танытуға құрылады. Ол үшін ақын қазақ даласын жанды бейнеге айналдырып, ондағы өзгерістерді кешегі, бүгінгі өмір суреттерін тенденстіре отыра ұмтылады. Осыдан барып ақын шығармашылығында оның туып-өскен даласы символды бейнеге айналады. Бұл саладағы Илияс ізденістері жеке өлеңдерден басталып, «Дала» поэмасына жалғасады. Поэмада өз дәуіріндегі дала шындығы, оның көркем суреті көз алдынан өтеді. Бұл такырыпты Илиястың тұған өлкенің табиғатын тамсана жырлаған лирикалық өлеңдері де толықтырады. Ақын жырлаған табиғат суреттері, бір жағынан, ақынның сыры мен сезімін танытуды қажет етсе, екінші жағынан, дүниенің, әлемнің құпиясын түсіндіре, көркемдігіне ой жіберуге баулиды. Жетісудың әсем табиғаты – алып өркеш таулары мен сарқырап аққан өзендері – Илияс бойына ақындық дарытқан талант сыйы екенін түсінесің. 1921 жылы жазған алғашқы өлеңдерінің бірі – «Ағынды менің, Ақсұым» атты өлеңінің өзінде ақырын аққан Ақсұдың «тас жаруы» ғана емес, оның сұына шомылған сұрша тал, тайпақ ай, шарбы бұлт, сүйіскең қайың мен оның сәулесі мөлдіреген итмұрын суреттері кен көріністі көз алдынан өткізеді. Бауырлаған ағынның, сумандаған сұының сылдыры, құрақтың суда судыраған саусағы, суға төнген шыбықтың дірілі мен

оған қоса шымшықтың шиқ-шиқ ете шырылдауы – бәрі де суретке айналады. Ол Абай негізін қалаған жыл мезгілдері туралы өз заманының шындығына сәйкес «Жазғытурым», «Жазғы шілде», «Күз», «Қыс» жана атты өлеңдерін жазды. Жетісу табиғатын жан-жақты суреттеп, екінші құт мекенін мадақтады («Жетісу суреттері»).

Көзі тірісінде, жалпы шығармашылық өсу жолында Илияс әдебиеттің барлық жанрына үлес қосып, артына өлмес, өшпес мұра қалдырып кетті.

ЖЕТИСУ СУРЕТТЕРІ

Жалпы сын

Жер таппан жерде жетер, Жетісуым,
Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым,
Асқардың аспан сүйген сілекейін
Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын.
Бөленген бұлтқа мәңгі меңіреу құз,
Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым,
Асқардан ақтарыла арқыраған,
Жөкенің кім аңсамас балдай суын,
Жетісу, кеуден – аскар, аяғың – көл,
Қоңың – құм, мықыныңда бар сексеуіл.
Тау жайлап, қоңыр қүзеп, құмды қыстап
Ол бір маң – мал өсірген өлкедегі ел
Көктемде құмнан әсем жер болсын ба
Жайқалып, жауқазыны, ран гүлдер,
Бойдағы бозбаладай асыр салса,
Қозысы құйрықтанып, дөңгеленер,
Шөгісken шоғыр асқар қатпарланып,
Қия мұз, мұсатыр мұз жақпарланып.
Емес пе көк ала бас ақ буралар,
Оралған шудалары мақпалданып.
Саятта аң аңдыған ол бір мерей,
Мылтық ап, бүркіт ұстап, қақпан салып.
Таудағы тас жаңғыртқан қойышы әндері,
Қайрылад еткенімен сақпан саңық.
Айқыра ала асқарлар жатыр шөгіп,

Жер жаншып, көктің көлбеп төсін еміп.
Ойнақы, құба, тарлан тағы аңдарын
Тәбеті тау-тасына қойған теліп
Құлпыртар құмда соққан қоңыр самал
Мәсімнің масатысын желі желліп
Қар кетіп, қара жері жасанғанда
Қонбасын қалай құсша елі келіп.
Ескінің ертегі айтсам ертесінен:
Жетісу қан малшынған белшесінен,
Алайда айналармын, айтам әлі,
Шыға алмай жүрмін әзір жер шетінен
Қалмақты, Қоңтәжіні Жөңкесінен,
Үркітіп Абылай мен Шоңай шауып,
Жөңкенің асырыпты желкесінен...

ЖЕТИСУДА СУ СУРЕТИ

Істықкөл – жер айнасы мөлтілдейді,
Балқашты қамыс қамап желкілдейді.
Аттанған алты өзені Жетісудың
Балқашқа бауырымдап, еңкілдейді.
Балқаштан өзенде өрлей жүзген балық
Тұмсығын тас қаққанша еркіндейді.
Бұлқынса анда-санда ала бура,
Жетісу желпең қағып, селкілдейді.
Шу әне, тауды тарпып, шыққан шулап
Ойнақтап, ырги, жосып таудан тулап.
Асқардың актарылған ағы емес пе,
Қарқ болған қырғыз-қазақ сұын сулап?
Шуылдап жүйткіп жатқан Шудың үні:
«Қолың бер, құт, береке» дейді «тумақ!»
Ертеден бірге теуіп өскен Шуда,
Ұлысы Ұлы жүздің – Үйсін – Дулат.
Шымырлап Іле қайнап құмды кезген,
Қас қақпан ұйық, дойыр, долы безген,
Алыстан арып көшкен керуендей
Тоңмойын, томсарулы тұңжыр көзбен,
Елге де, егінге де қарайлласпай,

Жылысып жылжып жатыр бір мінезбен...
Арқырап асау Шелек орыпты тас,
Бурадай бұлқынады көп ала бас.
Ол баста Күншығысқа шыға шауып,
Жалт беріп етекке еңсей сапты құлаш.
Айдынды айдағардай күміс көл бар.
Алысқан таумен, таспен алып болмас.
Қожыр тас қопарыла, құмға айналып,
Жарпымен көшіп жатыр бол жым-жылас.
Қысылып қыспақтағы қыл көпірден,
Албандар өтеді азар деп «ақ сарбас».
Көпірген Көксу көл бар – басы бастау,
Дегенге көшпелі әйнек сұы ұйқастау.
Тау жуып, тасты қуған содыр сұы,
Аңқылдайды арнасында меруерт астай.
Жалбасы, Шаған, Бұғы мұлгиді оған,
Шалдуар шалдай қалғып шала мастау.
Жар жарып, жерді жиған Көксу көл бар,
Бейне бір Жалайырға шабатын жау.
Арқырап айқай салған Көксу алып,
Жазыққа шыға келсе үркіп ағып,
Егінші, ылғи дикан Жалайырлар,
Үлесед үй басына тоған алып.
Сол елдің қыдырынды қыдыры сол;
Сар бала, қара қазан болып қарық,
Мөлтеңдеп мойнақты орай Қаратал да,
Көксуға құйылысад, жарды жарып.
Қосылып екі ерке су, екі сұлу,
Балқаштап қалың құмға кетед лағып.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Тұған өлкесінің өзен-көлдерін ақын «Жетісудағы су суреті» деген тарауда қалай суреттеген? Ақынның Іле, Шелек, Көксу, Қаратал өзендерін сипаттаған суреттеулеріне назар аударыңдар.
2. Өлеңнің тіл көркемдігіне мән беріп, ақын қолданған көріктеу құралдарын (тенеу, эпитет, метафора) тауып, әңгімелендер. Өз қалауларыңша өлеңнен бірер үзінді жаттап алындар.



МҰХТАР ӘУЕЗОВ

(1897–1961)

«Қазақстан үшін Әуезов екінші Абай».

Николай Погодин!

Салыстыру атаулының бірі сәтті бола бермейді. Десе де, Погодиннің метафорасында бірсыптыра шындық бар. Абай, Мұхтар Әуезов те – жомарт табиғаттың жарық дүниеге тым сараң сыйлайтын біртуарлары, халқымыздың парасат әлеміндегі ғасырлық ғажайыптар, сағ таза сұлу, айрықша оқшау құбылыстар. Айтты, айтпады, казак әдебиетінің XIX ғасырдағы асқар белі – Абай, XX ғасырдағы занғар биігі – Әуезов. Әдебиетте ең қатал сыншы, ең әділ төреші уақыт десек, сол уақыттың өзі осыны дәлелдеп отыр.



Мұхтар Омарханұлы Әуезов бұрынғы Семей облысының Абай ауданында (кезіндегі Шыңғыс болысы) 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Әкесі Омархан, атасы Әуез – екеуі де хат танитын сауатты, бала тәрбиесіне салғырт қарамайтын сарабдал, салиқалы адамдар. Оның үстіне Әуез де, Омархан да Абаймен көңілдес, ауылдары іргелес, сондықтан ақынның айналасымен аралас-құралас тіршілік кешіпті. Мұның өзі Мұхтардың қаламгерлік қызметінде, керек десеңіз, тіпті, бүкіл таланты мен талайында шешуші рөл атқарған.

1904 жылы дүниеден Абай кетіп, «Қазақ поэзиясының күні тұтылған тұста, жетіге жаңа толған жас Мұхтардың күллі ұлт мәдениетіне ұлы тұлға, алтын діңгек болар болашақ алып суреткер екенін, әлбетте, ешкім біле қойған жоқ-ты. Бұл ретте бала Мұхтардың алғашқы сауатын әдеттегі әліппемен емес, Әуез атасы ұсынған Мұрсейіт қолжазбасындағы Абай өлеңдері арқылы ашуы арнайы назар аудараптық нәрсе!..

Он бір жасында әкесі қайтыс болады да, Мұхтар ауылдан қалаға – немере ағасы Қасымбектің тәрбиесіне кетеді. Осыдан былай қарай оның оқу-білім жолындағы біршама ұзак (1908 – 1930) сапары басталады. Алдымен, Семейдегі орыс гимназиясында бес жыл, мұғалімдер даярлайтын семинарияда төрт жыл оқыды. Бұл Мұхтардың алаңсыз кітап соңына түскен – орыс әдебиетімен Батыс Европа классикасымен етene, кең және терең танысқан жылдары еді.

1922 жылы Ташкент мемлекеттік университетіне өз бетімен тындаушы болып тұседі де, бір жылдан соң Санкт-Петербург университетіне ауысып, оның филология факультетін 1928 жылы бітіреді. Ақыр аяғында Орта Азия мемлекеттік университетіндегі Шығыс факультетінің аспирантурасын оқып аяқтап шығады.

Тұңғыш жарық көрген тырнақалды туындысы «Адамдық негізі – әйел» (1917) деген көсемсөзінде автор әйел азаттығы туралы келелі мәселені кең қозғайды. 30 – 40 жылдарда жазылған әңгімелерінде, «Іздер» (1932), «Тілекке білек» (1933), «Қасеннің құбылыстары» (1933), «Үш күн» (1934), «Құл мен Асқар» (1935), «Шатқалан» (1935), «Бұркітші» (1937), «Асыл нәсілдер» (1947) ауыл тұрмысын суреттеуге арналған. Осыдан кейінгі ірі туындысы – «Абай жолы» романы. Ол екі кітаптан тұрады (дилогия). Бірінші кітабы 1952 жылы, екінші кітабы 1956 жылы басылып шықты.

Драматургия саласында да біршама пьесалары бар. «Еңлік-Кебек», «Қарақызы», «Айман-Шолпан», «Тұнгі сарын», «Абай», «Қарақыпшақ Қобыланды» т.б.

Қанша дегенмен, суреткер – өз заманының ұлы, өз замандастарының үні. Қай жанрда болмасын, Мұхтар Әуезовтің күрделі де іргелі туындылар негізінен тарихи тақырыпқа арнала тұрса да, ол тіпті түбінде өз дәуірінің шындығын жазуды мұрат тұтқан.

«Қараш-Қараш» оқиғасы да сол дауылды жылдардағы қазақ қоғамының шындығынан туған ескі ауылдағы әлеуметтік теңсіздік тәрізді өткір тартысқа құрылған. Мұнда да жиырмасыншы жылдардың әңгімелеріндегідей дала билеушілерінің заңсыз жуандығы байлардың кедейлер-

ге жасар өктемдігі, зорлығы, кедейлердің байлардан кірер қиянаты, қорлығы...

Бірақ шығарманың бас кейіпкері Бақтығұлдың ісі мен мінезі өзіне дейінгі өзі секілділерден өзгеше. Бұл – олар секілді өз тағдырының құлы емес, қожасы болуға ұмтылған адам. Өзі күрделі тип, бір өзінің басында бірнеше қайшылықтар, керегар қарама-қайшылықтар тоғысып жатыр. Бақтығұлдың мінезі осы шытырманнан шығар жол табу әрекетінде, қимыл үстінде қалыптасады.

Мұхтар Әуезов Ғылым академиясы мен Жазушылар одағында үлкен істерге үйіткі бола жүре өмірінің ақырына дейін Қазақ мемлекеттік университетіндегі алдымен әдебиет тарихынан одан кейін негізін өзі салған «Абайтану» курсынан дәріс оқыды. Дүние жүзіндегі атақты жоғары оку орындарының бірі – Мәскеу мемлекеттік университетіндегі де біршама уақыт кафедраны басқарып, дәріс берді. «Өскен өркен» романының алғашқы кітабын бітірді. Заңғар жазушы, драматург, ғұлама ғалым, кеменгер ұстаз 64 жасында 1961 жылы Мәскеуде операция үстінде қайтыс болды.

ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ

Хикаят (Іқшамдалып алынды)

– Қайран Тектім-ай!.. Алпамсадай арысым едің... Қаңбактай жеп-женіл бол қаусап қалғаның-ау! Қолыма салмағың білінсеші, – деп, ауру жігітті қолына көтерген ағасы енді төсекті жайғап салған әйелі Қатшаның қасына алып келді. Ауру жанды Қатша мен ағасы жертөсекке оң жақ қырынан жатқызыды.

Көтергенде қатты демігіп, өні қуарып, әлсіреп қалған ауру жігіт, ерні қыбырлап, аға мен женге оның жүзіне қатар үңілгенде: «Ер арыса – аруақ...» – деп, зорға ғана басын изегендей белгі етті.

– «...Ат арыса – тулақ», – деп, Қатша қайнысын ұққан жай білдіріп, бас изеді де, шерлене күрсініп алды.

Бірі ауру, бірі сау екі ерек – ағайынды Бақтығұл, Тектіғұл болғанда, Қатша – жаңа арман айтқан қара мұрт Бақтығұлдың әйелі.

Бақтығұл інісінің қасына жамбастай, жақындай отырып, өзінің ең алғаш жаңа ғана айтқан «арысым» деген жайында қадала ойланып, қатты қобалжып қалды. Мұның інісі Тектіғұл анығында бойы биік, кеудесі талыстай дейтін, қолсирағы ұзын да сом біткен атан жілік азамат еді. Бақтығұл өзі де кесек, балуан денелі, иықты, кеуделі келген де, інісі Тектіғұл бұдан бойға биік, бар сүйегі балғын болатын.

Ұзаққа созылған сары ауру бүтінгідей әбден мегдетіп келген шағында Тектіғұл төсек жақтырмай, жамбасы тесіліп қиналғаннан, аға-жеңесінен сол төсекті күн сайын бір қактырып, жұмсақтып салуға тілек ететін. Жаңа інісін екі қолына балаша құшақтап алып, төсек жөнделгенше көтеріп тұрған Бақтығұл науқасты бар салмағынан айрылған қаңбақтай сезінген.

Енді қасына жанаса отырғанда інісін тағы да бір көтерген басқаша дерптті шағы созыла түсіп есіне келді.

Ел ішіне келген сүзектен әке-шеше қатар төсек тартып жығылып, араларына екі-ақ күн салмай, өуелі – шеше, артынан әке өлді. Сонда он алты жасар Бақтығұл он жасар осы Тектіғұлды біресе қолынан жетектеп, біресе шаршағанда арқалап алып, әкесі айтқан нағашы деген ел болмысқа бірнеше күн итшілеп жаяу кезіп, зорға жетіп еді. Содан соңғы көтергені осы екен.

Тектіғұлдың да есіне күйік түскендей. «Кескен теректей құлатты ғой мені. Қу жоқшылық бір құлатты. Аяmas дұшпан соққы жазасы әпкетті міне – бар дәрменімді... Нем қалды?... Тектіғұл ініңің орнына кімің қалды сенің?» – деп, әлсіз жүзін Бақтығұлға зорға дегенде ғана бір, қара өзекті қақ жарғандай шынын айтты. Сыры да сол. Шерлі шыны: – «Кегім... кегім кетті!..» – деді де, екі танауы қусырылып, кемсөндеп тұншыға жылады. Қатты қинала жөтеліп, іргеге қарай құлай аунады.

Дерптті жастық нені айтып жатқанын Қатша бұлжытпай түсінген.

— Қуарғырлар, соққысы мен мазағына ұшыратып, дертең шалдықтырса да, керек десе қатпа лақ құрым қалжа да бермеді ғой!

Бақтығұл ішінде талай нәрсе тұрса да, тілге сараң бол:

— Қалжа неге берсін, оны берсе, — өзге одан зорғыға да борыштар болам деп жүрген жоқ па қаскөй дүшпаны, — деді. Үнсіз ғана тұнжырап, қалың мұрты енкейді де, сөзден тыйылды.

«Одан зорғыға» дегені түсінікті. Егер Тектіғұл осы дерттен қаза болса, қалжа берген айыпты кісі құнына да жығынды «құныкер» болар еді. Соны ойлаған дүшпан әсте қөнсін бе! «Ауру сенен, сениң соққынан болды», дегенге бас имес үшін, қалжаны да ауызға алдырмай койған.

Бақтығұлдың есінде сайрап тұрған нелер арманды күндер бар. Нагашы дегенді шідеп барып, бұлар жиен бол жетіскең жоқ-ты. Қозыбак аулы деген Бұрген болысындағы малды-басты жуан ауылға екі бірдей малай бол, өзі қой бақты; он жасар інісі қозыға салынды. Содан міне – тап былтырғы өткен күзге дейін табандатқан жиырма жыл бойында Бақтығұл да, Тектіғұл да Қозыбак ауылының кенжесі – Сәлмен дейтін сотқар байдың малай болды. Қойшыдан асқанда, қолы жеткені жылқышылық еді. Он жеті-он сегіз жыл бойында Бақтығұл Сәлменнің мынға тарта жылқысының сан жүзін тудырып-өсіріп, сан айғыр үйірін тыңнан салғызып, әлденеше кәрі бие, ат-айғырын қартайтып, қысы-жазы байдың жылқысының соңында болды...

Қысы-жазы ағайынды екі жігіттің еңбегі, ер қайраты кіргізетін кіріс айта қаларлық болса да, Сәлмен осы екі жігітті талай жылдар, өзге малайлары, тәріздендіріп, ақы бермей жұмсан жүрді. Бұлар көшпелі ел малайы алатын кесікті, дағдылы «пәлен қой, пәлен киімнен» есеп жасап, есесін алуды білген емес.

Еңбегін жегені бірсәрі. Енді, міне – өмірін, қыршын өмірін жегенді айтсаңшы! Бақтығұлдың көз алдынан былтырғы бір қарашаның дауылды қара суық тұні қалың әлек тұніндей аударылып тұсті.

Бұл өзі жылқының бір үйірін ауылға айдап келсе, ауыл шаң-шұң, айғай, Сәлменнің боқтыры басымдап түр екен. Біле келсе, боқтап жүргені – Тектіғұл. Оны сол дауылда ығып кеткен қойға жалаңаш-жалпы тез шықпадың деп, Сәлмен қатты сабапты. Тектіғұл «Азынап тұрған қара сұық дауыл мынау! Берген киімің жалғыз ескі шекпен болса, оның қолтығы, жоны жыртық. Жауын мен дауылға не кием? Тымғұрса бір өң киім бер!» деп сұрағанға жазықты болты.

Сәлмен ақырып: «Қой күзеті – сенікі, қойдың жарымы ығып кетсе, сен ақы-пұлынды тілеп әбігер саласың!» – дейді де, боқтықтың астына алады. Тек қана жылы киім сұраған жайын ұғындырып айтам деген Тектіғұлды сыйап боқтай береді. Тектіғұл соған ызаланып: «Он жылғы еңбегім бір жылы киімге татымаса, малыңың құлағын... Мені қырып ал, өлер жайым жоқ!» – дейді.

Соған долданған Сәлмен бай Тектіғұлды бес жігітке алып соққызып, өкпеге тепкілеп, бауыр-сыртын дүрелеп жазалайды. Қара тұнде, қаскөй дауылға лыпасыз саламын деп, далаға айдап жібереді.

Бақтығұл жылқыны иіріп келгенде, Қатшаның өліге дауыс айтқандай боп үн салып, қайнысы Тектіғұлға жаны ашып жылағанын естіген. Бақтығұл аттан түспестен, айналаны шарлап, шапқылап айғай салып, Тектіғұлды іздеген. Бірақ таң атқанша таппаған. Ауылда иіруде қалған жылқы дауылдан үркіп – ол босып, иен далаға шашырай жоғалғанды. Бақтығұлдың малды тастап, інісін іздегенін; тағы ұшып өлгелі жатқан жерінен тауып алып, артына міңгестіріп әкелгенін білген Сәлмен Бақтығұлды және де әке-бабадан боқтап, қамшының астына алған. Бақтығұл Сәлменнен тілін тартпай, Тектіғұлды ақтап: «Жанымнан садаға кетсін сенің арамнан жиған малың! Құлағын ұрайын. Мен де айтамын соны», – деген, тілін тартпаған-ды.

Ағайынды екі қолшыл қатал Сәлменнің дүре жазасына солайша бірдей ұшыраған. Осының арты Қозыбақ аулынан бұлардың ажырап көшүйіне әкеліп соққан-ды. Бүгін сол Тектіғұл мынадай боп сары ауру жеңген сорлы күйде жатыр. Арада алты айдай уақыт өтті. Әрі өкпеден өткен тепкі-

соққы жарасы бір ықсып, жалаңаш етке сары сұық – ол кадалып, сол түннен кейін Тектіғұл дерпті болды. Сәлменмен араздасқан Бақтығұл інісін лашығына алып, үш күн ішінде көшіп кетіп, көршілес Шалқар болысында осыдан жиырма жыл бұрын әкелері өлген соң тастап кеткен жаман қораға келіп паналаған-ды.

Қыс бойы ауырған Тектіғұл міне – бүгін кеуде жарған арманын айтты. «Қатын-балам, әке-шешем, аға-женгем» – демейді, «кегім» ғана дейді ыза кернеген шер кеуде, шерменде! Қысқы соғым кезінде Бақтығұл Сәлменнің соққысынан тәсек тартып дерпті болған інісін айтып, Сэтке шағып, Сәлменнен қалжа сұрап еді. Сэт бұның арты ұланғайыр құн сияқты пәлеге де соғып кететінін сол жерде-ақ қолма-қол есіне алған. Бақтығұлдың аузына бұл сөзді енді қайтып түсірмес үшін, сол сәтте арыла сөйлеген.

– Інің соққыдан өлер болса, осыдан үш ай бұрын соққы тиген күні өлер еді. Одан кейін жіңішкерген, сарғайған ауру болды дейсің. Ол аурумен кім ауырмайды? Құдайдың жаратқан дертіне Сәлмен жазықты ма? Сенің інің түгіл, тілесе Сәлмен мен ағасы мен – Сэт екеуімізді тапқан шешеміз, аузынан ақ майды ағызып отырып-ақ, сол жіңішкерген науқастан қаза болған. Арылғаным осы, айтпасымды айтқызып отырсың. Ендігәрі тағдырдың жасын Сәлменнен аламын деген дайыны жоқ сөзді ауызға алма, – деп, аяғына отырғызбай қайтарып жіберген.

Інісінің жаңағы «кегім» деген арылмас арманын түсінгенде Бақтығұл осындай тас қамаудың бар тынысты тарылтқан кесір кескіндерін еске алды. Бұл шақ көктем кезі еді. Арада тағы бір-екі жұма өтер-өтпесте Тектіғұлдың катал тағдыры маңдайына жазған қазасы жетті. Ол қайтыс болды. Артында: «Қанатым едің арыстандай арысым едің не жазығың бар еді? Сен не көрмедін? Мен тірі қалғанша, бірге неге өлмедім», – деп, өксіп-өксіп кеп жылап, Бақтығұл қалды. Көз жасы інісінің қырқына жеткенше тыйылмады. Міне, соның қырқын жыртық үйлі азғана жамағайын Сарыны жинап атқарды да, енді Бақтығұл жүрттан бөлек басқа бір сыңайға мінді.

II

Тау ішінің жаңбырлы қаранды тұні Бақтығұлдың көңілінде көптен шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде оп-онай жазып жібергендей болды.

—Күздің ұзак тұні мынау. Қазір алған малмен соқтырып кетсем, таң атқанша ұзап кетем. Осы жауын ізімді де шаяды. Түк алмай қайтпақпын ба? Қаңғырып жүріп, қадалған жерден нәр сызбай кеткенім бе? — деді...

Бақтығұл үйден шыққанға екі күн болғандықтан mestegі малта да таусыла бастаған. Сол екі күндей шайнама жемеудің үстіне, енді сусын да жоққа тән. Тау ішінің аш қасқырындай бұралып, Сарымсақтының қарағайында бір күн, бір тұн бекініп жатты: ел көзіне түспеймін деп еді, аш күйінде ұйқы да көрген жоқ. Басында үйден аттанғанда ойдағысы жалғыз Сәлмен жылқысы еді. «Ең болмаса Сәтті қолға берсе» — деп еді. Енді жол қыындығы құзгі тұн сұығы, аштықпен бұралу — бәрі жиналышп келіп, өзге Қозыбақтың жылқасына болса да тиісуге жетектеді.

Әлі ойға кетпеген жылқы бұл шақта далага көшкен елдің жайлауларында жататын. Дөң жайлауға қарай бұрылған соң-ақ, мұның көңілінен күдіктің бәрі біртіндеп арыла берді. Ендігі халі ауыр емес, жеңілдегендей. Артын көре жатыр. Құнықері Сәлменнің өзі болып, ағайыны ақталып құтыла ма! Ол — бір байлаулы. Бұның бәрі өз бетіне. Оның үстіне мынау жадау құзде анау арттағы үйдің жүдеулігі қандай! Телміріп қолына қарап отырған қарны аш қатын-баланың ортасына бір семіз тайды я бір ту биені апарып сойса! Үйінде жатқызбай, қара талқан, құр тарыға ырза қылдырмай, бозға міндіріп, тұнді жамылтып алышп шыққан айдаушының бірі сол ғой.

Дөң жайлаудың кер белеңін өрмелеп келе жатқанда, Бақтығұлдың бойына тың қайрат жиналды. Шаршаған, қажыған, тоңған денесі ширыға сілкініп алды...

Бойы сергіп алған соң, Бақтығұл ер үстінде көтеріліп, етегін жинап, түзеліңкіреп отырды. Тықырды білдірмеуді ойлайтын мезгіл болып қалған. Өйткені бағанадан алыстағы сарының естіген қалың жылқы осы алдындағы иекартпа бір

белдің ар жағында шетте жатыр. Сақ, сергек жылқышысы болса, шеттей шығып, тың тыңдап, жер шалуға барады. Сондайдың көзіне түспеу керек. Ендігі тықырды білдірмес үшін, атқа да тасты жерді басқызбайды. Көптен жалғыз келе жатқан ат қалың жылқының сарынын естіп не кісінеп, не пыскырып жібермесін деп, тізгінді тежеп, аңдып ұстап келеді. Басын да төмен салғызбай шаужайлай түседі.

Қой торыған бөрідей енді жұтынып, қомданып алған дөңгелек денесі анда-санда маңайды болжағанда, алды-арты, жан-жағына шапшаң бұрылады. Барлық қозғалысына ұршықтай үйірлген жіті сергекті пайда болған. Кішкене қысық қөздері жауынды тұнді тіліп өткендей. Тау ішіне шашыла қарағанда көрсетпесін көргендей. Енді жылқыға оқ бойындај жақындал келді.

Қалың жылқы жиі-жіе пыскырып, пырылдап, анда-санда тайқұлыны, үйірсек айғыры кісіней түсіп, сайдың шөбін бырт-бырт ұзіп, Бақтығұл жаққа қарай сырғып беттеп келе жатыр. Бұл ие қартпадан сәл уақыт баспалап тұрды. Сыртылдаған бір қалыпты ақ жауынның ішінде қалың жылқының тыныштықпен жайылған тынысы ғана сезіледі.

Бақтығұл қарауытқан қалың топ жылқының бар қарасын да көрді. Басынан бөркін алып, шошақ ердің қасына ілді. Бетінің қырын бұрып, құлағын жылқы жаққа төсеп, тың тыңдайды. Аңдығаны – жылқышы. Бірақ өзір оның белгісі білінбейді. Ұйқыда ма, болмаса бірденені сезе ме – белгісіз. Жылқының шашырамай тобымен жайылғанынан Бақтығұл сақтық ойлайды. Ендетіп жібермеген, топтаңқырап сырғытып, бір жайылысқа салғала түртіп келе жатқан ояу жылқышылар бар тәрізді.

Енді бір сәтте Бақтығұл баспағып тұрған тұмсықшаға шашыраған селдір топ қарайып шықты. Аттың басын төмен беріп, сәл тасалап, өзі үзенгіге аяғын тіреп тұрып, Бақтығұл иекартпадан қарады. Әлгі топ молайып, ендей бастады. Жайылып келе жатқан бос жылқы екен. Шетірек беттеп шыққан бір айғыр үйірі болу керек. Бақтығұлдың ендігі ісіне қаранғы түн, тынымсыз жаңбырдың себі тиетін болды. Жылқыны үркітпеске тырысып, ақырын ғана қозғала бас-

тады. Елеусізденіп, боздың жалына таман жабысып алып, жылқыға қарай жүрді.

Жылқы азғана үркіңкіреп, бергі шеті әрі қарай бұрылып жылжи бастады. Үйірдің орта шенінде жайылып келе жатқан қалың жалды баран айғыр жерден басын жұлып алып, елең етіп, құлағын Бақтығұл жаққа тіге қойып, оқыранып жіберді. Бақтығұл қоралы қойға шапқалы келе жатқан қасқырдың құйрығын қысып, басын төмен салып, елеусізденіп сөлпендей жүргені сияқты, жайғана қалғып келе жатқан жылқышының кейпін көрсетпек болды. Өте баяу ілбіп келіп, айғыр үйірінің ортасына кірді.

Әуелде көзіне көрінгеннің көбі ұсақ тай-байтал сияқтанды. Қаранғы түн дәл қасына анықтап жақындағанда келгенше жылқының арық-семізін де танытпайды. Енді шеттегі жылқылардан өтіп, ортаға таман жақындағанда дәл қасынан көлденең жылыстанқырап өтіп бара жатқан күзеулі үлкен семіз боз биені көрді. Осындаға нағыз ойға алатын төңкөрілген семіз ту биенің өзі.

Бақтығұл «іздейтінім осы» дегендей, көп ойланбастан, атына жабысқан бойында қаршыға тастайтын аңшыдай қисайыңқырап келіп, боз биенің мойнына қыл арқан бұғалықты тастап кеп жіберді.

Алажаздай мойнына құрық тиіп көрмеген, асаусып кеткен ту семіз бие ысқырып қалып, ытқып кетті. Боз ат, бұл қимылды құткендей-ақ, иесі тақым қақпастан, ілгері қарай тезғана жылжи түсті.

Бұл ат қашаған құфыш боз деп те мақталушы еді. Мына жерде иесіне сол өнерін анық көрсетті. Эйтпесе оқыста ытқып тартқан ірі асау Бақтығұлдан бұғалықты жұлып әкетуі қыын емес еді.

Бие көпке шейін тоқтамай, ырық бермей, бұғалық тартты. Бірақ есін жиып сақтанып, жінішке мойынға қыл шылбырды дәлдеп салып алған Бақтығұл енді босатпады. Көк бие өзге жылқыға қарай ығысып, сүйретпек болған сайын ұрының қолындағы қыл бұғалық мықтап қысып, буындыра берді. Ақыры, әл кетіп, тынысы тарылған жануар әмірлі қолға еріксіз бағынып, үріккен бойда құлағын тігіп, кекжиіп

тоқтап қалды. Бұл уақытта жақындағы жылқының кейбірі үріккендей кісінесіп, кейбірі наразылық көрсеткендегі ішін тартып ысқырып, Бақтығұл мен боз биеден ығысып оқшау кетісken. Оған Бақтығұл қараған жоқ. Әлі де үркіп, сіресіп тұрған биеге ақырын ғана лық-лықтап жанасыңқырап келіп ноқталап алды. Содан әрі қамшысының ұшымен биені сауыр жағынан сипай ұрып қалып, қатарға алып, бұрыла берді...

III

Бақтығұлдың аулы жаңағы аттанған тұста күндік жер. Таң ата Бақтығұлды үйкіи жеңді. Бірнеше күннен бері талған денесі аз тыныштықты тіледі. Бірақ орнықты нық ниетпен істелген іс мұрат қылған шегіне жеткенше тоқтағысы келмедин. Денениң әлсіздігін жеңіп бірқалыпты қатты жүрісті бәсептепей, таң аппак атқанша жүрді. Ендігі жеткен жерінде қыстаулар бар. Әркімнің көзіне түсіп қалуға болады. Сондықтан таудың бір қабат ішін алып, ылғи ғана қалың қарағайды күндыздан жүрген.

Сонымен арада бір-ақ жерде ғана демалып, келесі күн тұс ауа биік тау қойнында жасырына отырған жалғыз қорасына тақап келді. Мұның жалғыз үйлі кедей аулына сапырылысып келіп жатқан кісі жоқ болса да, бөгелмestен малмен келу ағат болар еді. Аулының желкесіндегі қыын тасқа боз биені төрт аяғын тас қылып бекітіп тастап, өзі үйіне келді.

Жыртық киімді, қүрен жүзді Қатша балаларына шай қайнатып отыр екен. Үй-іші әлі қора жанында тігілген жыртық қара киіз үйде. Тамға кірген жоқ-ты. Үш бала бар. Үлкені Сейіт – он жаста. Қалғанының үлкені – бес жасар Жұматай. Ең кішісі – екі жасар, емшектен әлі шықпаған қара қызы – Бәтимә. Бақтығұлдың келгені үрпіп жүдеп отырған кішкене кедей үйге жан кіргізгендегі болды. Ұзын бойлы, ашамайлау келген Қатша ерінің жүзіне жылы қарап қарсы алды.

Бақтығұл үндемей жай қозғалып, есік алдында жатқан шырпы отыннан аттап өтіп, төрге қарай шықты. Бірақ отырмaston, маздалап жатқан отқа қызығып:

– От қалай жақсы еді, тез беретін шайың бар ма, қатын? – деді.

Аз күйбендең, байына таман бой соза түсіп, Қатша:

– Жол болды ма? – деп күбір етті. Оған тура жауап берудің орнына, Бақтығұл:

– Бол, шайыңды болдыр, жұмыс бар! – деді.

Қатша үйіндегі барымен шайын берді. Жаздан іркіп жүрген жалғыз сиырдың майы бар-ды. Кебежені актарып, ескі қарыннан сонысын да алып салды. Анда-санда түрегеліп қозғалғанда, шай құйған шақта жұмсақтау жылы денесін Бақтығұлға сүйкей өтеді.

Балалар әкесі келіп, үй ішінің шырайы өзгергенге мәз. Шеше мен әкенің жақсы қабак, оң шырайларына бұлар да белгісіз себеппен жылышып, көңілдене бастады. Жұматай мен Бәтимә бірін-бірі түрткілеп, сықылықтап құлісе береді. Бақтығұл үш-төрт кесе шай ішіп, қайтадан киініп түрегелді. Үй ішіне әрдайым көп сөйлемей, сырт жаңалығын бір-ақ әкелетін тұйық міnezі бар-ды. Сол дағдысымен тек әйеліне ғана бір айналып:

– Аздан соң қабыңды алып кел, – деді де шығып кетті.

Жұматай ойнақыланып: біресе Сейіттің, бірде Бәтимәнің қолындағы ірімшік-құртын тартып алып, кейде алысып кезек жағаласып қалып, көбінше өзі де қутындал, Сейітті де күлдіріп, үйде ойнап қалысты.

Қатша балаларға: «Үйден шықпандар! Отты байқап отырындар, кісі келсе, «Апам тезек тере кетті, – дендер!» – деп жүріп кетті. Қора желкесіндегі бір жөке жақпардан асып түскенде, ар жағында үлкен қойтастың бауырында боз биені жардай қылышп жайратып тастаған ерін көрді. Үлкен ту биенің төрт борбайы көтерілген. Бақтығұл биені шапшаңдата сойып, терісін сыптырып тастаған екен. Бұл жартас тегі қора сияқты болып біткен. Айналасында кірер ауыз жоқ. Бұрын көл сияқты бірдеңенің орны болса керек. Келетін кісі сыртындағы бір-ақ жердегі ернеуден асып түседі. Айналасы тастан салған қабырғадай бітеу бір жасырын шашырап түскен үлкен-үлкен қойтас. Араларында белгі жоқ, быжырық шатқалаң. Сырт көзге де қалың бір бытқыл қызын жер боп жататын.

Қатша көк биені жұлқылап жатқан еріне көп сөз қатпай-ақ бірге сойыса бастады.

Биенің ішін жарған соң да Қатша мол етті мүшелеп бұзысуға қатты көмек етті. Қақпақ тастың түбіне кішкене сыздықтатып от тұтатты. Бақтығулдың бірнеше күн аш екенін еске алып, май тыққан көк бауырды, тағы бір-екі кесек майлышты де шоқтың арасына тастап жіберді.

Бақтығул тұтіннен біреу сезіктенер деп ойласа да, әйеліне «қой» деген жоқ. Аштық ақыл ойлатпады. Сонымен кеш батқанша биені шала-шарпы сойып болып, аз күнге керек болатын етті бұзып ыңғайлап, қол мен санды бұзусыз күйінде қора тастың ішіндегі үнгірге орап апарып тығып, аузын ұлken таспен мықтап бекітіп, әзірге бір қап етті ғана алып, екеуі ымырт жабылар шақта үйге келді.

Бақтығулдың көнілі талай күнгі қауіп, сақтық, тынышсыздықтан енді біраз жай тапқан. Қалың тік қара мұрттың астынан сәл сүйсінгендей жымияды да үндемейді. Қатша қапаш-құпаш қамданып, кішкене қара қазанды жанып тұрған құрғақ аршаның үстіне асып жіберді. Мөлшерден артық болғанына қарамастан, биенің телшесін, қолқа-жүрегін, бірталай басқа майлышты еттерін жалымен қосып салып тұрып, отты жиі қағыстырып, маздатып жаға бастады...

Қатша етті тез пісірмек боп, отты қатты жағып асығады. Ерінің шаршағаны асты тездетуді тілейді. Бірталай уақыт өткен соң, кішкене қазанның асы да қайнап, пісуге жақыннады. Қатша қол жуатын жылы суды шәугімге қуып, қалғып отырған қүйеуін оятып, кішкене шырағдан жасады. Қазан тұсіруге де қам қылды. Бақтығул бойын мең-зен қып ауыр салмақпен басқан ұйқыдан көзін зорға ашты. Екі көзі қып-қызыл бол қанталап, жақындағы қызыл жалынмен ірек салыстырғандай жалт-жұлт етті. Ұйқы уақытында іргеден сокқан күз суығынан жауырыны тоназып қалған екен. Құнысып, ырғалып жатасың бір-екі қозғағанда, бойы сәл сергіп қалды. Бас жағында жерде жатқан белдігінен өткір, ұзын қара пышақты суырып алып, сол қолының бармағымен сүйкеп жүзін көрді. Семіздің майында сынаптай жорғалағалы лыпты тұр. Сонда да етігінің қонышына бір-екі жанып жіберіп, от басында тұрған шәугімді еңкейтіп, сулап шайып алды.

Қатша қазанды түсіріп, табаққа ет салғала қозғала беріп еді. Дәл осы шақта қораның алдыңғы жағына қарап, жаман сұр қанышық пен екі қара ала күшік шәу етіп үріп коя берді. Қатша шошып қалып, ожай ұстаған қолын көтерген бойы айналып еріне қарады. Бақтыңғұл да мезгілсіз қадалып үрген ит даусынан сескеніп, кеудесін көтеріп, құлағын сыртқа қарай тіге қалды. Дұрсілдетіп жүріп келе жатқан көп аттың тұяғы мен сүйретіп келе жатқан сойылдың тастаққа соққан тықыры естілді. «Бәле болмаса игі еді, қазанның бетін жап!» – деп қалды.

Қатша сасқанда қақпақты таба алмай, астында жатқан ала қапты алып, қазанның бетін жаба салды да, бусанып тұрған ожауды жанындағы шелектегі суға батырып жіберді. Өзі құр жерге жалпылып отыра кетті. Шала жабылған қаптың шетінен қазанның ыстық буы шығып жатса да, оны байқай алмады.

Үй іші есін жиғанша аттылар жапырлап түсे-түсе қалып, алды үйге кіре бастады. Түстері сүйк. Енді анғарса, Қозыбак аулының жігіттері. Сырт ажар, сызданған жұздерінен өңшең нығыз, асқақ содыр топтай. Әлдекімге өздері тізесін батырып зорлық қылмаса, бұл өнірдің бірде-бір қазағы өз бетімен бұл топқа келіп соқтыға алмастай. Бір болыс бүрген ішінде анық семізсінген қарталы мықтылар. Алдыңғы кіргендер ішінде Сәлменнің тап өзі. Қасындағы Қозыбақтың өңшең содыр мырзалары. Кішкене үйдің ішіне алдыңғы келгендер толып болса да, арты таусылмай кіре берді. Соңғылардың арасында теке сары сақалды, бітік көзді, ұзын сары кісі тәйтік сөздер сөйлеп кірді. Жанындағыларды қағытып, итепе мұрнын тартып тыртып тыржитты да, қазанның қасынан әлі күнге кете алмай талтайып отырған Қатшаға сүйене, келіп жайғасты. Бұл үймен таныстыры бар. Қатшаның сасып отырған кескінін қу көзбен шолып қалып, арсыздау күлкімен жымып қысты.

Келген топтың басшысы – Сәлменнің күміс белдігі бар. Өзі қыылған қара мұртты, танауы ежірейген, үлкен қара көздері шанышла қарайтын, аласа бойлы қара жігіт көп іркілмей сөз бастады.

— Кеше тұнде біздің Дөң жайлауда жатқан жылқыға ұры кіріп, бір ту биені алып, жылқышы Жамантайдың басын жарып, соққыға жығып кетіпті... Из шалғанда сүйреткен сойылдың сорабы осы ылдига қарай кепті. Бір бозға мініп, бір бозды қосарға алып, бүгін таң сәріде осы желкедегі қарагайға келіп кірген жалғыз аттыны көрген бар. Кейін сенің қора тасынан жіңішкелеп шыққан тұтінді де көріпті сол айт羞. Көп сөзбен арбасатын дәнеңе жоқ, қысқасы, малды сенен көріп кеп отырмыз, жөнінді айт! – деп еді.

Бақтығұл бұл топқа өңшең Қозыбақтың өрен-жараны болғандықтан шетінен кекті, қанды мойын құныкерім де дүшпаным деп білетіндіктен, келістерінен де, мынау сызды салқын бетінен де сескенген жоқ. Ішінде «өзім акпын, сен карасың, саған не істесем де рауа»деген кияс кекесін, ызалы кек отыр. Жаңағы сөзге сәл үндемей, Сәлмен жүзіне қадала карап отырып: «Бақтығұл қашан ұры болып еді? Ендігі маған өтпек қиясың – ұры демексің бе?» – деді.

Сәлмен шапшаң сөйлеп, ызалана тұсті.

— Ұры демесем, ұрыдан құры да емессің!

Бақтығұл алғашқы бетінен қайтқан жоқ.

— Ендеше, тауып ал сол ұрынды да, құрынды да.

Бұдан әрі екеуі қырын отырысып, қатқыл-салқын үндермен, кияс түспен егесе қарасып, жылдам жауаптасып кетті.

— Мен тауып отырмын! Ол – сенсің.

— Кім айтты деп солай дейсің?

— Айт羞 бар деп солай деймін.

— Алып кел айтушынды, мойныма салсын?

— Атты алысқа айдамақсың ғой. Мені сорғалаған қан, сой-қақтаған із әкеліп отыр. Сен алдың малымды. Кешегі қолымда өскен Бақтығұл ең.

— Бәсе, қолында өссем, мынауын қай сүмдышың? Жалаң не?

— Сен маған қастық етіп отырсың. Мен не қылған адам едім саған?

Бақтығұл енді жалтармай шынға қарай ауысқысы келді:

— Не қылмап ең?

– Ненди алып ем сонда?

– Немді алмадың? Жанымды да алғансың! Жар деген жалғыз қанатым – Тектімді тепкіңмен өлтірмеп пе едін!

– А, солай де! Ендеше құныкерін екем ғой!

– Бәсе, құныкерім екенінді аузыңа қудай салып отырған шығар. Сенің соққыңа жығылып, сартөсек болып алты ай қыс жатқанда, жиырма жыл босағанда шіріген сол Тектіғұлға тымқұрса қатқан тоқты – қалжа бердің бе?

– Е... санай тұс ендеше, тағы бар болар менен алмағың? Тегі менің малымның қақ жартысы сенікі шығар. Қалжыраған қара мойын құл! Қалай-қалай тантисың? Жіңішкерген аурумен құдай алған інінді әкеткен ажал мен деп пе ең? Санашы тағы. Қандай алмағың бар екен Қозыбақтан, Сәлменнен әліде?

Бақтығұл қайнаған әділ ашу үстінде, не де болса барын айтып қалмақ ниетте болатын.

– Санаттың ба? Ендеше, он алты жасымнан отыз алты жасыма дейін, былтырғы күзге дейін жиырма жылдың қысында қар төсеніп, мұз жастанып, жаз жалғыз тұн тыным көрмей күзетінде, жылқыңың сонында өзім өттім. Қозың мен қойыңың сонында қораның шетінде тұндер бойы көз ілдірмей, жиырма жыл бойы інім–Тектіғұл өтті. Он екі жыл бойында мынау әйелім – Қатша шешеңнің – Қызыл бәйбішениң қолында сарала етек күң болып, отымен кіріп, күлімен шықты. Сол бәріміз кеше қасыңнаң кеткенде немен шықтық? Екі қолымызды мұрынымызға тығып шыққанымыз жоқ па?

Сәлмен шытынап, жарылардай сыздап отыр еді. Мынау сөздер бетке соққан қамшыдай шабақтады.

– Өзің, сөйтіп, айыпкер де, құныкер де мен болғандықтан тілінді осылай bezеп, қолыңды маған қарай осылай жұмсал отыр екенсің ғой. Сен не дедің осы? Маған дауынды айтып, өкімінді де айттың ғой. Тіліңмен сөгіп, қолыңмен қылып отырсың ғой қыласыңды! Енді оттағанды қысқарт, сал малымды кәзір орнына!

– Малыңды ертең көлденеңнің алдына барып айтысқанда аларсың!

– Уәмәй, адыра қал! Не қүшіне сенеді екен осы? Қаңғыған қу кедей!

– Мен қүшіме сенген кісі емеспін. Сен қүштісің. Бірақ мен төрешіден, көлдененен арамызда айырар әділет іздемек болдым.

– Аларсың сен, саяқ сандырак! Қозыбак аулынан есе қумақ сенің не теңің еді? Көлдененге бармақсың ғой. Барайық. Болсын солай! Бірақ қазір малымды шығарып бер. Бір бие емес, жұз биелік сөзің бар екен. Жеңіп ал да бәрін ал! Қазір биемді шығарып бер!

Бақтығұл бұл тұста жалтармасқа амалы болмады. Айла-кер жоқшы алдап түсіргелі отыры. Тығырыққа қамап тұр.

– Биен қазір қолымда жоқ.

– Ол қайда?

– Бір іліктесіме жетектетіп жібердім бүгін.

– Жаның шықсын, өтірік!

– Шыным сол! Бар жауабым да ол! – дегенде қатуланған Сәлмен қамшысын жұлып алды.

Сол кезде төмен отырған сары кісі басын көтеріңкіреп, дүңкілдеген келеңсіз жуан дауыспен:

– Эй, Бақтығұл, жөніңе көшсөңші! Атты алыска айдал қайтесің. Нақ осы мына қазандағы мұрынды жарып бара жатқан жас жылқының еті қайдан шықты? Осыны қалай танасың? Қане, енді ақтарып көрші! – деп кішкене қазанды Қатшаның алдынан көтеріп алыш, ортаға қойып, таңқалған жүрттың көзінше ала қапты жұлып алды.

Сары сақал мұнымен қоймай, Қатшага бұйрық етті.

– Табақты әкел! Өз малымыздың еті осы. Сен жегенде, біз жемей ме екеміз? Кел, қол жуындар! – деп бұйырғанда, барлық он шақты Қозыбак жігіттері мазақтай күле түсіп, қамданыса бастады.

Қатша ұяттан жерге кіргендей намыстанип қысылды да, табақты алыш берді. Сары сақал етті өзі түсірді. Енді барлық жоқшы оқырана күлісіп, бірін-бірі қылжақпен қафыта отырып, піскен еттің барлығын табаққа өз қолдарымен салды да, қоралай отырып, қол-қолға бір-бір түйірден үлесіп алыш, жақсы піскен жас етті күйсей бастады. Арапарына

Бақтығұлды шақырған да жоқ. Қатша ашумен көзі жайнап, тамсанып отырып қалды.

Бақтығұл бабын таппай, бір нәрсе демек болып еді. Мына жүргіт ендігі сөзін тыңдамастан, етті соға берді. Аяғында етті тып-типыл жеп алған соң, тасыр қара Сәлмен Бақтығұлға әмірлі дауыспен бұйрық етті.

– Тұр, қораның ішін көрсет! Тінтеміз. Саған осы биенің етінен бір жапырақ бұйыртсам, атым өшсін! Барлық етін қазір алып кетемін. Енді жаның барында алдыма тұс, бетінді тузе!

Үй іші тасыр Сәлменнің ашулы сөзінен сескенгендей жымдай қатты. Бақтығұлдың шаршаған, ашыққан бойы бұрын да ашумен қатты тыртысып, зорға шыдап отыр еді. Ендігі мінез мұны да жарып жібергендей болды. Жанындағы Сәлменге сұық жүзбен қайсарлана қарады. Қанталаған қызыл көзін бір қақпастан қадалта отырып, ашық, анық қып:

– Аспай сөйле, мырза! Корқытсан, дұрысыңмен қорқытасың. Шошаң қағып, бет алды тасырлағанына үрейім ұшпайды! – дей бергенде. Сәлмен оң қолында бұктеп ұстап отырған сары ала қамшымен Бақтығұлды бастан шапшаң тартып-тартып жіберіп, әкеден құлдилатып шұбыртып боқтай жөнелді. Дәл мұндай жаза Бақтығұлдың қатын-бала көзінде көрмесем дейтін ажалы еді. Бір жағынан Қатшаның:

– Уа, қуарған Қозыбақ, құдай төбеңнен ұрсын! – деген намыскер айғайын естіді.

Момын баласы Сейіт бақыра жылап жіберіп: «Шошқа!» деп айғайлап, төсектен секіре түсіп, Сәлменнің үстіне ұмтыла жығыла берді.

Мұның бәрі бір-ақ сәт ісі еді.

Бақтығұл не болса да, қарсыласып өлуді тіледі. Сейіттің жан ұшырып ара түсіү әке жанын өртеп жібергендей болды. Жан дәрмен қолына ұстап отырған қайың көсеуді жұлдып ала, Сәлменнің қамшысын сол қолымен жұлқа тартып, атып тұрып, көз жұмғандай шапшаңдықпен Сәлменді қақ бастан үш-төрт рет тарс-тұрс періп-періп жіберді. Бірақ Бақтығұлдың бар қайраты осы: ең соңғы қарсылық қимылы сол болды. Келесі секундте он шақты жау қолдар қамшымен,

жұдырықпен бұршақтай жауып жалғыз жігітті оттың басына шалқасынан алып соғып, керіп салды...

IV

Арада қанша мезгіл өткенін Бақтығұл білмейді. Ол есін жинағанда ең алдымен сезгені – шекесі шаншып, қатты ауырып жатыр екен. Таң атыпты. Тағы да сыйырлап жүдеу жауын жауып тұр. Үй іші отсыз, сұп-сұр суық. Ыңқылдан көзін ашқанда қасында бұкшип, екі көзін ыстық жаспен ісірген күде өзіне үңіле қарап отырған әйелін көрді. Түсі сұрланып, жүдей тұскен. Үн де жоқ.

Күйеуінің қанын шала-шарпы ғана жуыпты. Бақтығұлдың екі көзі ісіп кеткен. Бетінің әр-әр жері көгеріпті. Шекесі жарылған екен. Сол арасынан әлі де анда-санда шыпшып қан шығады. Үстіндегі тонына шашырап барып қатқан кара қан тамшылары әлі көрініп тұр. Сейіт жылап отыр. Қашаннан жылаулы? Үндемейді. Неге жылайтынын айтпайды. Тұндегілердің дыбысы өшкен: тегіс кетіпті. Қатша мәлім етті: Бақтығұлды жайланаң соң, мұны да үрсып-соғып, корқытып отырып, етті тыққан жерді сұрап алады. Шалашы тұтатып жарық етіп жүріп, қораның бар түкпірін тінтіпті.

Кеше кешке әкелген бір қап етті қой қораның төбесіне іліп қойысқан еді, оны да тауып алды; қора тасқа тыққан етті де түгел әкеткен. Таң атқанға шейін кетпей күзетіп жүріп, таңертең ондағы ет пен теріні түп-түгел суырып тауып алыпты. «Біздің көк бие» десіп, терісін таныпты. Содан соң жаңағы бір әуірде тұндегі сары сақал қасына екі жігіт ертіп келіп, Бақтығұлдың жайын көріпті. «Және біреуінді өлтірдік пе» деп ойлағаны шығар. Бірақ көп қарап отырып: «өлетін емес, демі бар» – десіп, үйден шығысыпты. Қайта-қайта ауыздарына алғаны: абақты-абақты. «Ағам Сәттің болыстығы рас болса, мөрін бастырып, осы келген он кісіні күе қып пүртәкөлдеп, Бақтығұлға абақты кескіземін, жер аударам, Итжеккенге жіберіп, сонда шірітем!» – десіпті...

Неліктен екені белгісіз, өмірде қауіп-қатердің, мысалы, ат үсті соғыстың қандайына кездессе де, құты қашып корқып көрмеген Бақтығұл абақтының аты екеш атын да

тыныш тыңдай алмайтын. Енді бүгінгі қысылған халінің үстінде сол жалмауыздай қатердің қара шойын есігі мұның қиялының алдында бейне қараңғы көрдей азынап, ашылып күтіп тұрған тәрізденді.

Осы жол қорықканда, Бақтығұл таудағы жайын аңының кей қатерден ерекше тағылық жайындықпен зыта қашқанындағы қалтырай қорықты. Қорғансыз басын тұндегі дүшпандар ең аяғы абақтыға шейін де аямай апаратының ойлағанда, Бақтығұл дүние-тірліктің барлығын талақ еткендей. Аунақшып келіп күрсініп: – Мұншалық қорлыққа жеткізді-ау! Жалғыз рет тұяқ серіпкен қарсылығым. Пана-сыздың көрері осындағы итшілік күн болмай, не болушы еді!.. Енді сүйенетін кісі таппай болмас. Қорған таппай, тірлік жоқ болды ғой. Барынды беріп, күл болсаң да, кешегі Сәлмен айтқан кеселден сақтап қалар біреудің қолтығына кірмеске лаж жоқ. Сондай жауыз жаумен ұстасар менде не дәрмен бар еді? Ойласам, бойымнан артық жұмыс екен! – деген.

Өмірі Қатшаға мұнша көп шешіліп сыр айта қоймаушы еді. Қатша «Байғұс өліп қала ма, бүйтіп көрген жоқ еді, қалай айтқаны?» – деп, ішінен күдіктеніп сескеніп отырды.

Бақтығұл жаңағы «Пана табамын» деген сөзді нық байлау сияқты айтты да, артынан сол жайды қайта қайырмай, үндемей жауып қойды.

Арада бір жұмадай уақыт өтті. Жарасынан жазылып, түрегелген Бақтығұл енді әл жиып, атқа мінетін болды.

Боз ат Қозыбақ аулына кете барса да, жақындағы жылқылы ауылдың біріне қосып қойған тағы бір аты барды. Малының бары да, ажарлысы да екі аты болатын. Одан басқасы екі-үш сиыр мен бесті-онды ешкі-лақ. Жүргуге жараган соң, Бақтығұл жирен жорға атын ұстап мініп алды. Мұның жорғасы бұл өнірде жоқ, орасан қатты болатын. Өзі жаздай құр, сұлу, биік, жазаң келген мінсіз жақсы ат. Көп ел сыртынан қызығатын. Бір болыс Шалқар Бақтығұлдан бұрын, жирен жорға атты білді десе де болғандай.

Боздан айрылып жаяу қалған соң, соны мінген Бақтығұл жалғыз оқты кәрі шиті мылтықты оқтап алып, сайды өрлең тауға шықты.

Күн ұлы сәске кезі. Тауды жұндес бөстектей орай басқан көкшіл қалың қарағай, жүргінші соның ішіне келіп кірді. Тоқтаған жоқ, өрлей берді. Бірталай жүрген соң, қарагайдан шықты. Ар жағы қалың-қалың заңғар биік, серейген тектүр қызыл тастар. Тылсым буғандай жым-жырт күйде мелшиіп катып тұр. Атты ақырындастып, қабырғалай басқызып отырып, бір үлкен құз, қыын қызыл тастың ығына жақындал келді. Бұл тұста аңнан басқа мал да, адам да болмайтын. Кезіксе, бірен-сарап аңшы ғана кездесуге болады. Шатқа жақындал келген соң, бір жақпар тастың түбіне жирип аттың аяғын бекітіп қалдырып қойып, өзі басындағы бөркін тастап, шитіні көлденең ұстап, еңкейіңкіреп ақырын баспалап отырып, шаттың ернеуіне қарай жүрді.

Алдында үлкен құздың арғы беті ғана көрінеді. Ілгерілеген сайын тас қорған шұңқырайып терендеп барады, ауданы да үлкейіп келеді. Қарсы бетте еш нәрсе көрінбейді.

Баудыр күңгірт күздің қазіргі күні кірлегендей болып салбырап, кіржиіп тұр. Сұр тонды, сұр түсті жүдеу мерген сұр тас пен түнерген аспанның түсіне боялып, қалың жым-жырттыққа қоса батқандай. Бұғады да ақырын ғана қыбырлайды. Дәл ернеуге жақындал келді. Бір тастың иығына жабыса бұғып, баспалап қарады. Бұрын талай замандар шығып, үйге талшық қылмақ болып көп іздегенде, ату жерге анықтап кез келе қоймайтын арқардың бүгін орайы келердей. Дәл тамағының астындағы бір жеке шоқша басында үш арқар секиіп тұр екен. Бұлар арғы беттен бірдемеден үркіп қашып келген тәрізді. Еліріп, көз-құлағын сол жаққа қарай қадап, қарауылдан тұр. Бірі құлжа, екеуі ешкі.

Бақтығұл көре бере: «Я сәт!» – деп, нысананы бетке ұстап көздей берді. Бірақ бойын түгел жаза алған жоқ. Шектен тыс сақтығы бар, қылп еткенді көретін қырағы арқар екі қаратпайтын мінезін істеп, аңшының басы қылп еткен жерден-ақ «пыс» деп жіберіп, биік тастан ойға қарай сатырлап секірген екен. Тек бір тар жерге үшеуі бірдей қарбаласып, қақтығып қалғандықтан, алдыңғы екі ешкі секіріп кеткенде, қос мүйізі шаңырақтай қартаң құлжа

енді секіргелі қамданған еді. Төселе қадалып келе жатқан қара шиті қарауылы құлжаның көк желкесіне іліне бере-ак, гүрс етті. Тастың басында көк түтін бұрқ етті де, ырғалып толқып қалып, серпіле берді. Сол кезде ақ тандақ қоңыр құлжаның қирадаң етіп, алдындағы тастан кеудесін асыра алмай, сүйретіле құлап түскені көрінді.

Басына Бақтығұл келгенде, шала-жансар жаны бар екен. Ұзын қара пышақты суыра сала, Бақтығұл тамақтан ыстық қанын шапшытып орып жіберді. Ақырғы рет ышқынып қор етті де, тағының жаны шықты.

Сол шақ тұс ауып бара жатқан мезгіл еді. Бақтығұл тезірек ақтармалап, арқардың ішек-қарнын алып тастанап, етін бұзбастан, белінен бір опырып терісіне орап, жирен атқа зорға дегенде көтеріп арта салып, екі жағын шылбырмен мықтап таңып алып, атты жаяу жетектеп, ойға қарай тартты.

Күн екінді кезі болғанда, манағы қарағайдан өтіп, үлкен таудың ішінде, өзеннің жағасында отырған бай ауыл қыстауының үстінен кеп шықты.

Бұл – Шалқардың болысы Жарасбайдың аулы. Бақтығұл таңертенген бері қарай ұн демей қамданғанда келмегі – осы ауыл. Арқарды да болыстың бәйбішесіне атып ала бармақты. Мұнда келуге бекінгені бүгін ғана емес, Қозыбақ аулы шауып кеткен тұннің ертеңіне-ақ еске алғаны Жарасбай болыс болатын.

Жарасбай құр ғана болыс емес. Болыстықпен ғана бедел, салмақ тапқан кісі емес. Әрі бай, ерте күннен ұлыққа беделді, саудасы да бар; «ер, мықты» деп көпке аты жайылған адам. Мұны айтса, қолынан жақсы-жаман бірдей келеді, келгенде де молынан келеді. Маңайдағы басқа болыс, қажы, бай, мырза дейтіндердің берінен де мұның атағы басымырақ.

Сүйенетін пана іздеп, үлкеннің ығын ойлаған шақта Бақтығұлдың үміт еткені осы Жарасбай болған. Барын берсе де соған беріп, құлданамын десе де айтқанына көніп, қайтсе де Жарасбайға жағынып көрмек.

Далада жалғыз жорытқан көк бөріше бар сырын өз ішінде түйіп, тығып келген тіршілік енді мұны талдырған: «Бағымды осы менде бір сынап көрейінші. Қозыбақ аулының атаған

абақтысынан құтқарса, осы құтқарап болар ма?» – деп, бір байлау жасаған.

Бай болыстың аулы көп малын тау мен ылдига, құмға бөліп-бөліп отарлап жіберіп, енді ауыл иесі құздің сұығынан қашып, қораға көшіп келіп, жарым-жартысы тамға кіріпті. Кеш тақаған соң, ауылдың басты еркектері тыста жүр. Арқар өңгерген Бақтығұл қораның алдына келіп сәлем бергенде, болыс арқарға көз салып, сәлемді жылы шыраймен алды. Ұзын бойлы, қызыл жұзді семіз болыс, басына сусар бөркін киіп, ақ елтірі ішікпен қыз-қыз қайнап, қызара бөртіп, ажарланып тұр екен.

Мұның жасы Бақтығұлмен шамалас: 35–37-лердің мөлшерінде. Қасында қошеметші екі ақсақал мен жеті жасар ұлken баласы, бірен-саран кедей-кепшік, малшы-көрші тұр.

Бақтығұл амандастып аттан түскенде, қыстаудың кісі жүретін есігінен қолына құмған алып шығып келе жатқан толық денелі, ақ-сұр жұзді бәйбіше көрінді. Жайлы тыныш өмір әлпештеген таза семіз күй байқалады.

Қанжығаға қызыл-жоса қан болып, төңкеріліп түскен шаңырақ мүйізді арқар бәйбішенің де бейілін тартты. Амандастып келіп, еркектермен бірге аттың о жақ, бұжығына шығып, ол да арқарды тамаша етті. Бақтығұл соны байқап:

– Бәйбіше, бүгін таңтертең осы ауылға келейін деп атқа мінсем де, аң еті таңсық шығар, әуелі бір тауға шығып, аң көздел көрейінші деп ем. Мына біреу кез болды, арнаған кісім өзің едің, кіргізіп ал, – деп байыпты сейледі.

Бәйбіше көзің сыйситынқырай күлінкіреп, «қайтеміз?» дегендей болысқа қарады. Жарасбай әйелінің бөгелгеніне құлді де:

– Кіргізіп ал, несі бар дейсің? Өз тасыңың аны екен, бермеймін десе де, алып қалатын жөнің бар емес пе? – деп сөзін қостаған жүрттың бәрімен бірге сыйылықтап күле берді...

Іімұрт жабыла бастағанда қонақтар қораға кіріп, үйге карай жүрді.

Болыс отыратын ұлken тамға шам жағылған. Іші жылы, жаразстықты жайлы екен. Есіктен төрге шейін жайылған

қызыл кілем. Төрде көрпе. Оң жақта үлкен сәнді, жалтыраған жұмсақ орыс төсегі. Соның тұсына тұтқан тұкті, сары ала кілем де үйдің ішін қуантып, жақсы ұядай түрлентіп тұр. Жыртық киіз үйде арқасынан сұық өтіп, бұрсендеп жүретін Бақтығұлға мынау үй, бір қонып кетер болса да үлкен сый сияқтанды.

Көңілі талай күнгі кірбенен жадырағандай. Өз тірлігінің жетімсіреткен жүдеу күйін шағып, бой жазып, бұрын-соңды бастан кешкенін айта бастады.

Жұрт оның әңгімесін енді көбінше ұн демей тыңдал отырып, кешкі шайды ұзақ ішті. Қозыбақ аулынан көргендерін Бақтығұл бастан-аяқ түп-түгел сөйлемді. Ең соңында бұған абақтыны да әзірлең кеткен ашу мен кіжінуді айтты.

Болыстан басқы үлкендер – бәйбішеге шейін сөзге арасын, Бақтығұлға істелген істі шектен асқан зорлық деп таныды. Бұл сөз тұсында Бақтығұл: – Жалғыз жүрген саяқ болған соң, әлі келген содырлар ойна келген қастығын істеп, түгінмен жалмап кетуге жиренетін емес, – деген...

Болыс бұған тіс жарып ішін ашып еш нәрсе демеді: онтеріс деген жок, тек Бақтығұлдың сөзін тоқтатқан да жок. Өз ішінен ол Бақтығұлды ер жігіт көретін. Бүгін сөз білетін, орнымен ұстаса, көп керекке жарайтын еті тірі, есті кедей екенін байқап отыр...

Тұн өтіп, таң атты. Ертеңінде күндеғі әдет бойынша болысты іздеген ел таңертеңгі шайды ішіп болмай-ақ бөлек-бөлек топ болып, болыс аулына келіп тұсіп жиналып жатыр. Бақтығұл шайдан соң жириен атты ерттеді де, болыстан бір жауап естіп кетпек боп, киініп алғып ұн демей отырып, үйдің бір оңаша болатын кезін күтті. Ақыры, болыс тыскә шыққан орайда артынан ілесе ере шығып, тұндеғі жайдан жауап күтті. «Бір лебіз естіп кетсем» деген етінішін білдірді.

Жарасбай әлі де саспай, қора сыртына ұн демей оңашарақ шықты да, бір тазарақ жерге отырып, қасына тақап келген Бақтығұлға қарады:

– Маған енді не қыл дейсің, тілегінді айтшы? – деді.

Бақтығұл бұл сөзге ішінен дәмелі болып сүйсіне берді.
– Мен не қыл дейін, Жәке? Тілегімді, ниетімді тұнде айтпа-

дым ба?.. Енді мені қолтығыңа ал да, Қозыбақтың пәлесінен күткәр. Содан соң керегіңе жарат. Тілеген адал жолыңа жұмса. Атарман-шабарманың боламын. Жанғазының ағасы, өзіңің не керегіңе болса да жарайтын, жолыңа басымды қиятын жолдасың боламын. Сертім осы демекпін, осыны өле-өлгенше ұстанып өтемін! – дегенде, Жараасбай бұған сәл жылы ұшырай түсті.

– Жарайды, сөз жетерлік болды. Бұл дегеніңің бәрін мен макұл көрдім. Қозыбақ аулы сенің ғана дүшпаның емес. Дегенің шын болса, дер кезінде сол Қозыбақтан кегінді алатын шақты атармын, айтармын. Сен болсаң, мына сөзімді сол сілтеген бетімде атқарарсың. Әзірге Қозыбакқа біткен өр бізге де біткен. Қорықпа, Қозыбақ алмайды, құдай алады жаныңды. Тек әуелгі сөзі басылғанша, аял ғыла тұрайық. Кейін түгелдей ығыма аламын. Айтам ғой, әзір Қозыбақ жұмысының арты басылсын. Сол сөз саябыrlағанша, біздің ауылдың оны-мұны шаруасына әрлі берлі жүретін жұмысына араласа тұр. Содан әрі аздан соң болыстық жұмысының бір жеріне өзім орнықтырып аламын, – деді...

Сонымен болыс аулынан тапқан олжасына ырза болған Бақтығұл аяндап үйіне қайтты...

V

Осы күннен байлай қарай Жараасбай болыс пен Бақтығұлдың арасында ұзақ шаққа созылған іліктестік басталды. Алғашқы күз бен қыста, жау жағының өсек-аяңы бола ма деп, болыс Бақтығұлды кенсе қызметіне алған жоқ. Бірақ үнемі аулында сақтады. Өз шаруасының неше алуан керегіне дамылсыз жүргізді. Еш бөтен жаққа мойын бұрғызбай, еңбеккер де іскер жігіт қылып алды...

Бақтығұл алғашқы қыс бойына тынным таппай, болыс аулының үлкен шаруасына араласты. Қай жұмыстың болса да орайын өзгеден артық біледі. Нелер қыын істің қисының оңай табады...

Костап шығатын жылқы, отарлап жайылатын қой, көктемде салынатын егін, күзгі орылатын пішен, анда-санды шығарылатын қалашы, қыс малды ірге аударып салатын шүйгін шөп, соны жер, жұт жалаңнан аман етер құйқалы

өнір – бәр-бәрін ерте бастан Бақтығұл біледі. Күні бұрын қамдап дайындастын, «әр ісін мезгілімен көңілдегідей орнына келтіретін Бақтығұл» атанды. Қай шаруаға қарай ауысса, сол жұмыстың дәл өзінің басында жүрген егінші, қалашы, жылқышы сияқты адамдардың бәрінен Бақтығұлдың есепшілігі сонағұрлым артық шығады.

Осындай істер соңында жүріп, кейде Бақтығұл өзін-өзі танымай қалғандай болады. Үздіксіз үрдіс жұмыс өзін қайта тудырып жібергендей. Оның бұл жүрістерінің көбі болыс аулының қара шаруасы болатын...:

Ақыры, бір жылдың ішінде болыстың үйі мен түзіне бірдей мығым, көмекші бол алды.

Ел сөзінің де беті мен жөнін, әр келенің арбасуы мен тартысуын тануға да жүйрік. Қанықты ат үсті жігіттердегі түсініп, болыс аулында болатын кей сөздерге араласып, кей-кейде ол ойдағысын да толық айтып қалатын күйге жетті. Сөйтіп тіршіліктің бір жағы осылай болып, жақсы тәрізденген көнілді көрініспен сырғып өтіп жатқанда, қатарда беймаза бір күй де түа жүрді.

Болыстың ішкі тыныштығын кетіріп, Бақтығұлға да білініп жүрген сол түйін қыстан бері пайда болып, о да өз бетімен өршіп, өсіп келе жатыр.

Ол – осы елдің болыстық партия тартысы. Биылғы жыл сайлау болмақ – Шалқар сайлауы. Осы кездे көрші болыс – Бұргенің де сайлауы болмақ. Соның жақындағанын ойлаған ел жуандары әр жерден қобалжып, алдын ала қам істей бастаған. Сайлау партиясының туы көтерілгеніне – міне бес ай болып қалды.

Жарасбай өз болысы ішінде оншалық күдікті емес. Бірақ оязға қарай сермен тартыста, дәл өз руы мол болмағандықтан, қалың рулы елдерден шыққан іргесі мол жуандар сүрінгіп кете ме деген күдіктен аман емес-ти.

Ояз тартысында алдынғы қатардағы тайталаста жүрген үштің бірі болып аталатын кісі – осы Жарасбай. Сол атақданқты арашалап сақтап қалу оңай мұрат емес. Бүгінгі тіршіліктің ең үлкен тілегі де, бар күшті сарп етер қысталанаң жері де осы болды.

Партия қыс ортасында – қаңтарда басталғаннан әлі күнге қызыу арта түспесе, кеміген жоқ, өршіп келеді. Ыстық күні қоздап жанған даланың өртіндей. Жайлауда қол бостиқта қымызға желігіп жүрген партия басы – бай-жуан ауылдар енді тыным таппайды. Қөшілік атқамінер серт үәдені дәл басып тұрмай, әрлі-берлі сырғаландап, есті шығарып, Жарасбайдай партия басының көңілдегі күдігін айықтырмай жүр.

Қыс бойы ұстасып жүрген атқамінерлер Жарасбайдың үстінен әлденеше арыз да беріп, бірнеше рет тергеуге іліндіріп, сүріндірмек болды. Тек ежелден қаланың ұлығына өзге болыстың бәрінен қадірі артық, қатты сыйлас Жарасбай бір сапарға бар жаладан дым жүктірмай аман шықты. Ал жаудың өзіне сілтеген қаруын бұл да қарсы жұмсаған уақытта, қалың руына сеніп, астамдық істеп, жуансып жүрген Бүргеннің болысын – сонау Сәтті – кеңсе алдында жеңіп те кетті. Жарасбайдың көрсетуі бойынша Сәт он бес күн кәтелөшкеге де жатып шықты. Ояз көлеміндегі қазақ болыстарының партиясы бұрынғыдан гөрі өрбі түсуге осы жұмыстың себебі де аз болған жоқ.

–Ат төбеліндей Жаныстан шығып, Жарасбай ұлыққа жақындығын қылып, пысықсып, еліміздің сағын сындырды. Кордалы жеріміз–Козыбақтан шыққан Сәт сияқты болысымызды тұтқын қылғызды, –деп Бүргеннің партия басылары қыс бойы Жарасбайға тісін басып, кіжініп келген. Олар көптігін айтып, ұрандасып, бірнеше болыс Албанды түгел қоздырып, Жарасбайдың соңына салмақ болған соң, бұл да өзіне серік дос іздеген...

Сонымен қытайғы бір ояз елді қақ жарған Сәт пен Жарасбайдың жаулығы өзге де себептерге қосылып ұлғайып келіп, енді үлкен келелі даудың, тартыстың бірі болды. Ояз келгенде Жарасбайдың тен түсері де, кем түсері де әзір белгісіз. Бірақ үш-төрт болыс бір рудан болғандықтан, солар жымы тұтастығына семіріп, Жарасбайды құрғана ұлыққа тығылған пысықсымақ көріп, сырттан кіжіне күбінде шек білмей барады.

– Жарасбайдың қызыуын оп-оңай басамыз.

—Оны қолмен үйретіп аламыз — деген сөздерді шығара бастады.

Әуелде осындай сөзбен лаулаған жуандар көктемнен бері ептеп іске де көше бастаған. Ел қыстаудан көшерде Жарасбай жылқысынан үш ту бие, бір құр атты ұры экетті. Жоғалғаннан бері сол малдан дерек болмайтын.

Тек кеше Бұргенге іздетіп жіберген жоқшылар қайтып келді. Жылқыны Сәттің бай-жуан інісі – Сәлмен алғызыпты. Бұны Жарасбайдың сол елдегі достары анықтап отыр. Көлденеңнің алдында жарыққа шығып айтпақшы болып, жүрек жардышын да алыпты. Ал жоқшылар осыны айтып Сәлменге барса, ол жауап бермей, боқтап ұрсып, айдалап салыпты. Жіберген жоқшылары қайтып осындай хабар әкелген соң, Жарасбай тұні бойы күйіп, қорланудан тыныштық ала алмады.

Таң атысымен ең әуелі мол арыз жазғызып, Сәрсен ақсақалды жоқшы қып қалаға, ұлыққа аттандырды. Содан кейін қолма-қол қазақ жөнінен қолмен істейтін істің шарасына ауысты. Соңғы жұмыстың тұсында Жаныстың бірталай кісісімен ақыл қосып, ендігі бір қымылға бекінген. Кейін тұс ауа қымызға қанып, желігіп шығар мөлшерде болыс Бақтығұлды өзінің сегіз қанат аппақ үйінің сыртындағы көгалға шақыртып алды. Қасында елдегі талас-тартыстар кезінде Жарасбайдың он қолы болып жүретін серігі – Қоқыш бар. Бақтығұл келген соң-ақ Жарасбай өз ниетін айтты.

Бір жылдан бері Бақтығұлды шын қыынға жұмсамай, қысталаның үстінде Бақтығұл ер қайратына табылатын адам деп сеніп келгенін сөйлемеді. Бақтығұл алда бір қыын кезең тұрғанын сезді де, Қоқыш пен Жарасбайға кезек қарап, өз басына арналған бір өкімді күткендей болды. Дағдысы бойынша алғашқы сезді үндемей тосты. Жарасбай жаңағының жалғасы етіп тағы бір тұспалдау нобай сөз айтты.

—Мынау елдің пәлесі тыйылар түрі жоқ. Тыныш отырып, макұл кісі болайық десек, малымыздан құрық, басымыздан сырық дегендей арылар емес. Ел істегенді біз де істейтін кезге келдік білем, Бақтығұл. Сен қасыңа он жігітті таңдалап ал да, бүгін кешке барымтаға аттанып барып, тапсаң – Сәлмен

мен Сәттің дәл өзінен, ұшыраса алмасаң – исі Қозыбақтың бірінен әйтеуір бір айғыр үйір жылқы айдал кел, – деді. Сөзінің аяғына келіп осылай түйді.

Бақтығұл әлі ұндеғен жоқ. Ойына бірталай нәрсе келді. «Пана таптым, адал жолда еңбекке салындым, соған себеп болды деп сенген кісім бұл еді. Бұл мені қайда, қалай жұмсап отыр?» деп, ұға алмай отыр еді.

Сол кезде бұжыр қара, күжірейген жуан мойын Қоқыш қыңыр сөзді қостай берді. Жарасбайдың айтқанын нық байлау етті.

– «Қол болмай, жол болмайды» деп, мал алууды Сәттің өзі бастаған екен. Бірақ оның ұрлық болса, сенікі – адал ма-лыңды қуған барымта. Қайда барса да, жауап бермеген соң істелген орай қимыл екенін орыс-казақ түгел ұғады, – деді де, күліңкіреп: – өзің немене, шар тартып шабандап қалғансың ба, батырдың мұндайда желпініп шығатыны қайда? – деді.

Бақтығұл күлгенді.

– Батыр – батыр-ау, бірақ, болыс, мені осы жолға жұмсамасаң қайтеді!? Осы кез ұры еместі ұры қып, құтыртып, талай саққа, ағаш атқа мінгізіп жатқан пәлелі кез ғой. Көргенім аз емес еді ғой. Сақтансам ба деп едім. Менің Сәт, Сәлменмен ұстасар шамам бар ма еді, – деп тартынып көріп еді.

Бірақ болыс бұған ырық берген жоқ.

– Ол не дегенің, Бақтығұл? Сәт ата жауың еді, бабыңа келтіріп қосқалы тұрғам жоқ па? Және түбінің жауабы сенде ме, менде емес пе еді? Сен іркілетін қисық жоқ. Саған келген пәле – менікі. Тегі бойыңды тартар жерден тарт. Ал мұндай кезегі кеп тұрған дер кезінде жасқансаң, ол – жасық болғаның. Өйткені шіркін тіршілік неге керек?! Болды енді, құдайдың берген абыройына сен де жүре бер! – деп,

Жарасбай орнынан тұра берді.

Енді Қоқыш Бақтығұлға жауап та айтқызбады. «Сөз бітті, болды. Бұдан әрі барудың керегі жоқ. Бақтығұл атанады» деп, бір-ақ байлады. Бақтығұл Жарасбайдың әлгі сөзінен соң бөгеліп қалған.

Сол күні кешке шейін Жарасбайдың қалың жылқысы мен Қоқыш, Сәрсен жылқыларының ішіндегі желді-аяқ

жүйрік ата айғырдың он шақтысын таңдал отырып ұстартты да, қасына өзі іріктең тоғыз жігітті алып, Бақтығұл ымырт жабыла атқа мінгелі жатты. Бұлар ұры емес, барымташы деп аталды. Осы себепті болыс мына жігіттердің өз аулынан аттануын жасырған жоқ. Ауылдың барша көрші-қолаңы, бастығы – Қоқыш, Қайранбай тәрізді тілеулеместер достар болып, кешке жігіттер атқа мінерде тамашаны көрмек боп тыска шығысты.

Көлденең ел бұлардың түсін көріп үрпимесін деп, Бақтығұл жүрістің мезгілін дәл осы ымыртқа байлаған. Өзге жолдастарының барлығы да Бақтығұл тәрізді ықшам, жалғыз шекпен ғана киген. Сырт ажарлары айбынды. Жігіттер тегіс мол денелі, ұзын бойлы. Омырау аңқылдан ашылған. Кейбіреулері қапсағай, сүйекті, сіңірлі. Тағы біреулері иір-иір тарамыс, шақпақ еттері қайыңың безіндегі мықты жігіттер. Бұлар желіге құлсіп, даурыға сөйлеп, бірін-бірі әзілмен қағытып, сенімді ажар байқатады, Барымташылар ат күйріғын тегіс түйіп тастапты. Ықшам ермен ерттелген, жалаңдал көлбен қаққан атақты құлан бедеулер немесе бойына сенгендей, басты анда-санда бір шұлғып тастап, құлшына жұтылып тұрған белгілі бәйгі аттар. Жаңағы жігіттер желігін бұлар аспандата көтеріп тұрғандай...

Әзірше жігіттердің көпшілігі сойыл-шоқпарларын қолтықтарына қысып, кейбірі ердің қасына көлденең салыпты. Ең айбынды, ең қызулы көрініс осы мүйнет болды да, тамашалаған ауылға соңғы көрініс те сол болды. Бақтығұл атқа мінісімен: «Әйде, тарт!» – деп тебініп жіберіп, қозғалып кетті. Көп сәйгүліктің аяғы сатыр-сатыр басып, шымды жерді дүңк-дүңк еткізіп, үстеріндегі ер-тұрман, қару-сайман бір-біріне шылдыр-шылдыр, тықыр-тықыр соқтығып, ымырт қараңғылығын қуалап, тартып берді...

Осы кеткен бетінде түні бойы ұйқысыз, тынымсыз жортқан сенімді қайсар топ таң атқанша ер істейтін әрекеттің бәрін де істеді. Бұлар соғысты да, қуғынды да, басқа тиғен сойыл, атылған мылтық оғын да көрді. Соның бәрінің соңында таң аппак атқан кезде болыс бүйріғын

ойдағыдай орынадады. Он байталы бар бір айғыр-үйір қысырақты алды...

Кімнің бағы, кімнің соры екені белгісіз, әйтеуір бәленің басы осы сапар болды. Сол барымтадан соң партия таласымен өшіккен жуан ауылдар аралары қым-қуат, шым-шуат болып кетті. Жағалай алыс-жұлыс. Тартыста бірінің ізін бірі қуғандай. Бүгінгінің ертең орайын, кезегін күтіп, одан арғы құні есесін іздең, өзі тағы соны істеп, елді бәлеге белшеден батыра бастады.

Жарасбайдан да талай барымта алынды. Жалғыз барымта емес, ұрланып алынған мал көп. Оның орайына талай-талай жерден Жарасбай, Қоқыш та әлденеше рет щұбыртып алып жатты. Бір жақтан, барымта молығып жүріп жатса, екіншіден, ұрлық та соны өкшелеп, жанасалап ұлғайып келе жатты.

Жарасбайдан бұл партия мал да, пұл да көп шығарды. Біреуді алдап, біреуді арбап, талай да талай жерге мал пұлы беріліп жатыр. Өзі-өз болғалы партия таласта болыстықтың дәл мұндай қымбатқа түскен, осындей пәле шатаққа белшесінен батырған кезі болған жоқ-ты. Шыққан шығын болса, оны қазір ел мойнына бөліп сала алмайды. Салуға, сайлау жақын болғандықтан, ұстараның жүзіндей аунап кете ме деп сескенеді.

Көктемде іштен тоқ санап, бәлендей малым бар деп ырзалықпен айтатын малдың бұл күнде үштен бірінен айрылып қалған сияқты. Оның үстіне күнде топыр, күнде жиын – үлкен кеңес, соның бәрі сонысымен де күртатын болды.

Партия бір жақты емес: бұл да жұт сияқты неше ағайынды, көп жақты боп араласты. Өзге шығынмен қатар, жақында сондайлық қосарлаған бір мол шығын тағы келді. Бұрген ішінде Сэтке қарсы шығып, Жарасбай жағын ұстап, партияның мықты бір тірегі болып отырған жуан ауыл – Досай аулы. Соңғы кезде сол ауылмен Жарасбайдың достығы ішек-қарын араласқандай жақындыққа жетті.

Тегінде Қозыбақ – Сэт жаулығы атты алысқа айдаған үлкен жаулық болған сайын, әрқашан оның қарсыына тең

түсерлік жуан тамырлы бір досты ұстап отыру Жарасбайға қатты керек. Сол себептің достық жақыншылықты күшейткені және бар. Бүгінгі майдан бірлігі сондай жандармен тымым жақындастырыды. Мұның бәрінің үстіне Досай аулының бүгінгі басы – Бәйтенде Қалыш дейтін бойжеткен сұлу қыз бар-ды.

Жарасбайға биылғы жыл қай жағынан болса да шарасынан шыққан жыл боп түр. Соның салдарынан ба, болмаса Қалышқа шынымен көнілі ауып қызықты ма, әйтеуір бір сұлу тоқалды болғысы келді. Солайша достық түбін сүйек айырсын деп, Досай аулына күйеу болып Қалышты айттырыды.

Досай аулы бұл жақындыққа барынша ырза болған. Партия шығыны Бәйтенді де, Жарасбай сияқты, белуардан борышқа, шығынға батырып бара жатқан. Ал оның өз басына қараған малы, Жарасбайдай емес, шағын. Соны ойлап: Қоқыш, Сәрсен, Жарасбай болып ақылдасып, Бәйтен аулына қарғыбау мен қалың малды бірге қосып, қарбытып бір-ақ беріп жіберген.

Сөйтіп, Бәйтенге жиыны елу жуан қара жөнелтілді. Осының бәрі жиналышп келген соң, мынадай адаспай кимыл етіп жатқан тартыс шағында, Жарасбай мен Бақтығұлды адастырып әкеткендей болды. Аз күн ішінде бұлар өздерінің кім болып бара жатқанын танымастай. Бұл құбылыстың басы Қозыбақтан барымта алушан басталды. Содан кейін ағылтегіл болып, тоқматай шығындал жатқан мал күйігі бар, егес бар; өштік-қастық қайрай түскен қиястық бар – бәрі топтанып келіп, Бақтығұл мен анау сегіз-тоғыз жігіттің аттанысын жиілете берді...

Осындаймен жүргенде сайлау да жетті. Жарасбай өз елінің ішінде болыстығына қайта ие болып қалды. Тек көп тартыс, көп қаржасумен, әсіресе мол шығынмен, әупіріммен орнында қалды...

Анық қара күз болып, ел қыстауға қонатын кезде партия қызуы амалсыздан саябырлай бастап еді. Жарасбай болса енді «өйт-бүйт» деп, онда-мында нұсқап аттандырып жіберетін өз мінез-әдетінен тыйылды да, аз уақыт

Бақтығұлды өз бетімен жібергендей болды. Бұл шақта тегі Бақтығұл болыс аулының жай шаруасынан қол үзіп, ат үсті адам боп кеткен. Енді өз аулында, өз үйінде көбірек күн откізетін болды...

VI

Соңғы кездегі жүрісі бұрынғыдай емес. Болыстан сәл шеткери бола бастаған соң, Бақтығұл бұл уақыттағы партия жайы қалай төңкеріліп, қалайша құбылып жатқанын білмеді. Өзімен-өзі болған жүрісі ел сөзіне бұрынғыдай алаңдатпады. Ел келесі жөнінде жаздан ұғынып алған бір ғана аңғары бар. Болыстың жауы – Қозыбақ аулы, Сэт болыс. Ал сол болыстың жауы – бұның да жауы.

Қозыбақ ішінде Сәлмен – өсіресе мұның қанды мойын құныкер жауы. Сол бір аңғарды білді де жүре берді. Бір күні тұс кезінде болыс аулының бір жігіті келіп: Жарасбай шақырып жатыр деді. Бақтығұл атына мініп келгенде, болыстікінде, әдеттегіше, Шалқар болыстының көп атқамінері жиын екен. Жарым жұрт тыста аттарын тұсап-тұсап отқа қоя беріп, әр жерде бөлек-бөлек топ болып, коралай-қоралай отырысқан. Шетірек отырған бір топтың ішінде Бүрген болысының дәл Қозыбақ қолтығындағы Ораз аулының кісілері отыр екен. Бұлар Жарасбайдың жаздай тісін басып жүрген араз аулы.

Бақтығұл тобы, Қозыбақ жылқысы қолға ілінбегенде, бұлардан да бір-екі рет алғаны бар. Шақырған жұмыс ненің жайы екенін білмесе де, Бақтығұл ішінен «солардың сөзі болар ма?» деп күдік қылды.

Ойлағандай, солай боп шықты. Бірақ бұрынғыдай емес, көп ортасында отырған болыстың тұсі Бақтығұлға сұықтау. Сырт қарап қалған тәрізді. Сәлемін зорға алды, амандықты дауыстап сұраған да жоқ. Ендігі сөзін бастар жерден қатар тастап, ұрыса келіп, аяғында айтқаны:

– Әй, Бақтығұл, сен шек білмей, асып кетіпсің. Жамандықты жақтамас деп сенген бойда мен жүрсем, сыртымнан мені былғап жүріпсің. Мен саған не қылған кісімін? – деп, көп алдында арыла сөйлеп, өз басын әдейі

осындаң доқ-айбатпен аршығалы отыр. Шу деген жерден Бақтығұлды тұқырытып, мойындана бастады.

Бақтығұл бұл күнге шейін Жарасбайдың осылай сөйлеген түрін көрген жоқ-ты. Таңырқап та, сасып та қалды. Сонымен бірге жаңағы айтып отырған жұмыстарға өзін сондайлық кінәлы екенмін деп білмейтін.

– Мен не қылыппын, болысеке? Неге таусыла сөйледіңіз? Кінәмді мойныма қойып өлтіріңіз. Әйтпесе біреудің нұсқаған жаласы шығар. Тексеріп, тергеп алышыз.

– Тергейтін түк те жоқ. Сен, сенен басқа кісі істеген жоқ. Бұрген ішінде анау Орал ауылынан бір сары, бір торы ат, екі ту бие алышың. Қазір соның орнын сал! – деп бұйырды.

Бақтығұл ұндемеді. Алғаны шын. Жалтарғысы да келмейді. Жарасбайдан жасырам дей ме? Болыстың өзі де бұл істі бек біледі. Өзінің емеуірінімен істелген қымыл болатын.

Бақтығұл әлі ұндемей, көбінше таңданумен отыр. «Болыс неге бүйтіп құбылады? Әлденені сылтау қылып, құйрығын сыртқа салғаны ма? Жоқ, жұртқа әдейі көз қып отыр ма? Әлде көзінше осылай деп, Бақтығұлға жаманатын аударып, мұны тентек қып қойып, өз басын жаманшылықтан ақтамақ бола ма? Олай болса, артынан Бақтығұлды өзі арашалап алмақ шығар. «Солай ету бар атқамінер – жуанның әдеті еді ғой. Ендеши, бетінен алмайын. Қарсы келмей, дегенине ұндемей ғана көнегін» деген байлауға келді.

– Алғаным рас еді. Малым да, жаным да сенікі, болыс. Сенен асып қайда барамын, кімді би қыламын? Ойыңызға сыйғанын істеп, Оразды ырзалаңыз. Басқа, бөтен айтарым жоқ! – деді.

Үйде отырған ақсақал-қарасақалдың көбі сүйсініп, қозғалысып қалды. Ара-тұра ырзалақпен құлгендері де болды. Қөпшілік болыстың салмағы мен айдынына, кіслігіне сүйсінген сияқтанады. Онан соң: «Сорлы ер кедей ғой, өліп кетсе де шынымен кетеді». «Болыстан кісі өлтірсе де жасырмайды – деп едік қой». «Алса – алдым дейді!» – дескен ұндер шықты.

Бақтығұл үлкен үйдегі қалың жұртты түгел шолып аңдыған жоқ еді. Енді айналып қарағанда, төрдегі Бәйтен

баласының тобын көрді. Бұлар Жарасбайдың қайны болғанда, соның ортасында Ораздың Бақтығұл білетін Сәлменге дос інісі – Асан да отыр екен. Жаздан бергі Бақтығұл білген мөлшерге қарағанда Бәйтен аулы ұстасқан Қозыбақтың серігі осы Ораз аулы болған.

Бәйтен баласымен басы қосылмайтын араздың өзі – Жарасбайдың да, Сәт тәрізді, қырына алған қысас аулы енді келіп, ондағы-мұндағы араздардың тізелері қосылып қатар отырып, шырайлары жарасып қапты. Бұны Бақтығұл мүлде ұға алмады. Енді Бақтығұл шынын айтса да, болыстың өні жылымай отыр... Аяғында болыс аз үнсіз томсарып отырды да, жаңағы катаң үнмен әмір етті:

– Қазір мына мал иесі аулына барады. Төрт жылқысына төрт жуан татымды төлеу бересің де, соған қосып: басына – қосақ, артына – тіркеу есебінде айыбына тағы бір ат, бір түйе тартасың, – деді. Жұрт және де жымдай болды.

Бақтығұлға кесік батып кетті. Мұның қолында қандай мал барын болыс жақсы біледі. Мынау кесігімен Бақтығұлдағы малдың жарымынан көбін сыптырып-сирып алғалы отыр. Алғанда және кеше өзі аттандырып, өзі жайғастырған мал үшін осылай етіп отыр.

Көңілді күпті қылар құдікті ойлар бар. Бірақ не де болса, етінен ет кесіп алса да, Бақтығұл түбіне сенді де, үндемей көне беруге бекінді. Болыстың айтқаны екі болмады. Бақтығұл мен Асанның қасына Сәрсен ақсақалды қосып беріп, болыс сол күні былтырдан бері ғана бітіп, Бақтығұл иемденіп жүрген азын-аулақ малдан алты бірдей жуан қараны Асанға шығарып берді.

Мал күйігі оңай емес. Көңілге медеу көріп жүрген малдың тен жартысынан артығы – алты бірдей қара шыққанда, орны үңірейіп қалғандай. Қатшаның да, Бақтығұлдың да іші қатты ашыды.

Болысқа да Бақтығұл көңілі біраз салқын тартып, мұздаңқырап қалды. Жаздай өзін жаулап жүрген дұшпаныңа сойып отырып мал әпергенімен қоймай, түсін де жылытқан жоқ. Оны қажет деп ойламаған да, сезбегенсіді. Әдейі осылай есептеспей отыр. Ішінде күдігі тыншытпаған Бақтығұл

осыдан кейін екі-үш күндей ауыл арасын қыдырып, әркімнен сөз тартты.

Ел ішінің тартысы не күймен келе жатқанын сұрастырып еді. Көрші екі-үш ауылды қыдырып аралағанда әңгіменің бәріне қанды. Соңғы кездегі оқиғалар Бақтығұлды адастырып, далаға қаңғытып жібергендей бәле бұлтаққа түсіпті. Қалың топырдан адасып шаң қуып, қара үзіп, қаңғып қалғандай сезінді. Ел бір бөлек, бұл бір бөлек. Баяғы жалғыз жортқан көк қасқырша өзімен-өзі ғана болып қалған құ жалғыздың күйін қайта көрді.

Бұл кездегі ел келесінде болып қалған шытырмандар сау кісіні жынды қылардай. Ең ағы, зәрлі кесірі – акты қара, қараны ақ етіпті. Кінәлі құтылып, кінәсіз тұтылатын шақ туыпты. Талай момынды аққұла шығынға, орынсыз жазақазаға ұшыратуға соқты. Бір Бақтығұл емес, жазғы алыс-жұлыс уағында елгезек болған, атқан оқ, шапқан қылыш атанған сан кедейді ұры да, қары да қылыпты. Өз басын аямай жуандардың сілтеуімен отқа түсіп шыққан нелер әлсіз жалғыз-жалғыз азаматтар енді міне: талай жерде, талай рет Бақтығұлша тұмсығынан шаншыла жығылып, қорлық-зорлықтан қансырап жатқаны білінді.

«Бір күн болмаса – бір күнде ісім түсе ме?» - деп, ауылға жалтаң көз болып жүретін кедей-кепшік, аз ата ендігі салмақты қыл мойынмен көтеріп жатыр. Кескілескен тайталаста, барымта-тартыста соғысқан – солар. Тақ жескен, бірін-бірі кем-кетік еткен, бас жарып, қан төгіскен – солар. Сөйтіп, пәле мен қаза қалың момын елдікі болып жатқан шақта, сары қымызды сіміріп, семіз сүрге, балпаң бағлан майына жалмауыз пышағы жорғалай түсіп, семіріп, мақтан, атақ алған Жарасбайдай, Сэт пен Сәрсен, Бәйтен, Ораз, Қозыбақтай жуан ауылдар болды.

Ел ішіндегі, ауыл арасындағы жай осы болса, облыстық қаланың ояз бен болыс кеңселеріне біреуді біреу қаралап көрсеткен арыздар айлар бойы тола берген-ді. Әсіресе ұрлық, барымта көбейіп барады...

Ақыры, бір күні жандаралдың әмірімен қала сілкінгендей болды да, партия жайлаған елдердің барлық болыстары

мен билері қалаға шақырылып, тергеуге түсті. Дағдылы әдетпен қоқанлоқы жасап қорқытып, жалындырып, арада парага қалтаны толтыра жүріп, болыс, ояз чиновниктері мен тілмаштары партия басшыларына: «тез бітім табындар» – деп әмір етті. Бұл «жандарал әмірі» – деп жеткізді...

Оядың тілмашы Жарасбайдың қаладағы жең үшінан жалғасатын нық сенімді тірегі Тоқпаев дейтін болатын. Сол Жарасбайды сыртынан қорғаштап жүретін, параларын арналған жеріне жеткізуі, соған орай өз жемін қысы-жазы мол алатын. Ал Жарасбай үшін өзі және келер-кетер жаманшылық-жақсылықты ұдайы білдіруші, Жарасбайға парамен сатылып келген тілеуlestік ішіндегі мархабат періштесіндей жаршының өзі болатын.

Жақында Жарасбайды онаша алып, өз пәтерінде қонақ қып отырып, Тоқпаев бірталай сыр айтып, ақыл берген. Сондағы үлкен сөзінің бірі – ояз кенсесіндегі Жарасбайдың үстінен жаз бойы түскен арыздың көбінде бұны «ұры ұстайды» депті. «Ұдайы кісі аттандырады. Талай мал алды. Қолында барымташы атышулы мықты жігіттері бар» депті.

Осы хабарды, сырды білдірумен катар, Тоқпаев Жарасбайға: «Тезінен бұл пәледен құтыл, арыл! Ол үшін бірнеше адамды «ұры» деп шығарып бер. Өз билерінің атынан абақты кесік кескіз. Сол кесік бойынша приговорды мықтап тұрып, осы қаланың абақтысына айыпкерлерді өз атшабарларың айдан кеп табыс етсін», – деген.

Бір бәленің үстіне тағы бірі жамылғандай, Бақтығұлды шығара қып, кінәлауға соңғы күндерде бір сылтау тағы шыққан. Қозыбақ аулы жақында бір топ мал жоғалтып, соны тағы келіп Бақтығұлдан көріп, қадала бастады. Бақтығұл бұл малдан аман болатын. Жарасбай жұмсаған шақта Қозыбақ ауылышынан барымтаны оның көп алғаны, өшіге түсіп, аямай алғаны рас болса да, өз бетімен қотыр тайын ұрлаған жоқ-ты. Алып келген малының бәрін де Жарасбай, Сәрсен, Қоқыш, Қайранбай – төртеуінің қолдарына өткізетін. Сөйтіп партия біткелі, барымтаны қойғалы тыныш қана жатқан Бақтығұлға Қозыбақ аулы ескі кек сылтаумен тағы кеп жабысты. «Соқыр көргенінен жазбас» – деп, артынан қалмай қойған.

Бұл жолы жоқ іздең келген кісі екеу еді. Бақтығұл ба-
рын айтып арылса да, мыналар тоқтамай шектен аса берген.
Екеудің пысығы сонада келіп, Сәлменмен бірге Бақтығұлды
сабап кететін теке сақал, бітік көз сары Әзберген еді. Сол
Бақтығұлға «былтырғы істеген істі тағы да сағынған екенсің»
деп, содыр жуандықтың жотасын көрсетті. Өзінің айыбы
жоқ және ескі кегі ұмытылмаған Бақтығұл мына сөзге шыда-
мады. Ашу қысып булыққаннан Әзбергенді боқтап жіберіп,
сапыдай ұзын қара пышағын суырып алған. «Жарып таста-
йын сен итаршы төбетті!» – деп, тап берген.

Әзберген қырсық мінезді, қыршаңқы тілді болғанмен,
қуыс кеуде қорқақтың бірі болатын. Бақтығұл сырын біліп,
дон-айбат жасап еді, сонысы ем болды. Екі жоқшыны
боқтап-боқтап, аулынан айдал салды. Болысқа жетіп жүрген
арыз-шағымның ішіне бұ да қосылған. Енді Жарасбайдың
өзі ғана емес, болыс аулы тегіс сыртқа теуіп, қырын қарап
қалыпты...

Осы сияқты әр жайдан әртүрлі шаң берген сұық қабак,
бөгде белгінің де Бақтығұл басына қарай үйіріліп-айналып
келе жатқан дауыл бұлтындаі бір жаманшылық салқыны
еді. Сонда бәр-бәрінің түп қазықтай жуан тамыры, арғы
себебі Жарасбай болыстың ішінде енді бүгіліп жатқан бір
ғана қатал қиянат, арам есепке саятын.

Осындай іште іркілген бітей жарамен кеше бір заманда
Бақтығұл сеніп келген Жарасбай жүрді. Өз қүйі не болары
белгісіз дүмбіlez дағдарысқа Бақтығұл түсті. Сонымен он
шакты құн өткенде шалқар болысының съезі де ашылып
қалды.

Бақтығұлға алғашқы құндерден бастап-ақ сұық хабарлар
жетіп жатты. Съезд басында болыстың өзі де бар дейді. Би-
лер кісісіне қарай өлгенше қатал. Кесік ұлken. Шалқардың
атқа мінген билері мен жуандары болып, болысты ортасына
ала отырып, ұрыны аяmasқа «аруақ-құдай» десіп анттасып-
ты. Кенесіп отырып, жиырма кісіні «ұры» деп қаттап алыпты
деген де сыйбыс бар. Олардың арасында кім бар, кім жоғын
бөгде жүрт білмейді. Бірақ осыларға түбінде абақты кесілер
деген дақпырт та естіледі...

...Съезд ашылғанға төртінші күн дегенде, тұс кезінде хабаршы келді де, Бақтығұлды «билер шақыртады» деп, ертіп әкетті.

Қызылды-жасылды қылып сәнмен жиылған жақсы үйлерде қалың көрпе, құс жастықтарға көмілген жуан билер, күндіз-түні семізді көртіп жеп, кекірігі азғанша майға бөгіп жатқан. Бұлар малына індет келген ауылдың иттері сияқты: жоны шығып, құйрығын сыртқа салып, көзі қызарып құтырғандай қанталаپ, қауып түсетін сияқты түр көрсетеді.

Тегіс семізben бітім жасаған, арыққа рақым да, бітім де, жоқ. Бақтығұл әлі құрығандай ақырын ғана сәлем берді де сүйретіле келіп, босаға жақтан орын алды. Жылы шыраймен қарайтын, аман-жаманды сұрайтын бір кісі жоқ. Көзімен билерді жағалап қарағанда, араларында отырған бұрынғы жақын таныс билерін көрді. Сәрсен қария отыр. Бұдан басқа жазды күнгі партия жігінің тұсында Жарасбай жақта болып, Бақтығұлға өз кісісі сияқтанып жүретін тағы бірнеше билер бар еken. Бәрі де керек десе сәлемін де алмайды. Көздеріне көзі түсіп амандасайын деп еді, шетінен мойындары сыртқа қарай бұрылды, аманын естімейді. Әдейі байқамаған кісі сияқтанады. Өзгеден бұрын Жарасбайға жақын жүретін, қай заманда болса соған тарап кіслер бұған әсіресе сыйданып, сұрлана қарап қапты.

Бақтығұл өз-өзіне: «Желдің арты қай жақтан еkenін білген шығарсың!» – деді. Бірақ осыны сезумен қатар, көңіліне де, бойына да бір ерекше жеңілдік бітіп кеткендей болды. Өзіне-өзі: «Неден болса да ақпын. Менде айып жоқ» дегендей неше күннен бергі түнеріп жүрген ішінде қазір масайрап ашылған бір жарықты тапқандай болды. «Қара болсам, өзге караласын. Нақ сендер қараласандар, көріп алармын, құдай ақ та! Мен не болсам, сен де солсың!» деп ішінен дауласып кеткендей болды. Ұзын мұрты тікірип, түгін сыртына теуіп алды. Осы халдің үстінде отырғанда тергеу басталды. Басынан-ақ іс Бақтығұлдың тілеген бетінен шықты. Сэт пен Ораздың кісісі еken. Билер үйінде «жақсылардың» тап ортасында отырған семіз сары кісі – Бақтығұлдан мал қуушы даугер болып шықты. Әңгіме – алғашқы барымтадан кейін бір

рет Бақтығұл аз кісімен барып алып қайтқан бес жылқының жайы екен.

Әуелі даугер сөйледі. Билер қырланып, қақырынып, түстерін сұтып алып, айыпкерді онды-солды қаға бастады. Бірақ бұлар қаншалық қоразданып, қанатын қомдал келгенмен, Бақтығұл сасқан жоқ-ты. Жалтарған да жоқ.

Екі-үш айналған соң, «Жасырмаймын: алдым!» – деді. Жұрт басында ұн демей қалды. Жарасбай жағының билері ұн демеген қалыпты томсарып отырысты. Сол кезде ертеде көп ақылмен, нұсқаумен дайындалған болу керек, карсы беттің аласа бойлы, тік мұрт қызыл би сөзді алыш: – «Неге алдың?» – деді.

Бақтығұл мұртының астынан жымиды да, нағыз пішінмен: «Партия болған соң алдым!» – деді.

Ымы-жымы бір билер тегіс ажырайып, тікип қалды да, кейбірі мыскылдап, кекетіп мырс етісті.

– Бұл сорлы партияның қолжаулық болмайтын жері болсайшы, сен екеш саған да келіп бір рет ат сауырын беруге жарады-ау! – деп қызыл би кекетіп жымиганда, өзгелері де соның бетін қостап, монтаны пішінмен жымың-жымың етті.

– Ораз бен Сэтте сенің қандайлық партия кегің бар еді? Әлде дуан тартысында Сэт екеуің бастарың бір жерге сыйыспай шығып па еді? – деп тағы кекетті.

– Өзім тартыспасам, елім, жақын көрген басшым тартысқан шығар. Егес қарасы болып, мен де біреудің сонына еріп сойылын соққан шығармын.

– Сонда сен нениң орайы деп Сэт пен Ораздың бес жылқысын алдың? Ел кеңесін, басшылар тартысын былай қой. Олардың сөзі бір бөлек. Олар өз жайларын жеке сөйлесіп, бітім табысып жатыр. Сен оларды бұл жерге қабаттама. Оны саған әдейі арылта айтамын. Сенің басшы қылдым деген кіслердің бұл бес жылқыдан бойын аршып, мына жоқшының көзін жеткізіп шығып отыр. Бес жылқыны сен өзің алдың да, өзің пайдаландың, соған не айтасың? – деді.

– Мен бірді алайын, онды, бесті алайын – бәріне де өз кегімді қуып алғаным жоқ, емеурінмен алдым. Алғызғанды

алыстан іздемеймін. Нақ міні – мына отырған Сәрсен мен Қоқыш-ақ бұл жазғы мен істеген істен бойын аршып кете алмайды! – деді.

Қоқыш бұл үйге жаңадан келіп отыр еді. Бақтығұл сөзіне карсы қамшымен қолына білеп салмақтап отырып, тесіреіе қарап:

– Партия жөнімен алынған барымта, тартыс – бір басқа, ол сөздің түйіні саған келген жоқ. Құр – бет алды өз пәленді жұқпайтын кісіге жұқтырамын деп шапшыма, білдің бе! Ұры сенсің, мен емеспін. Жеген сенсің, мен емеспін. Өлер болсаң, Сәрсен екеумізге қақтықпай өл. Билер! Бұл жұмыс барымтаға да, партияға да жанаспайды, басы ашық ұрлық. Бұл бізге ғана емес, Жарасбайға да жармасар. Болыс маған осы сөзді билерге айтып кел деп, әдейі жіберді. Міне – ұрың, әні – мойнына алып отырған ұрлығы! Ендігісін өздерің біле бер! – деді.

Бақтығұл күйіп кеткендей болды. Мал Жарасбай мен Сәрсеннің екеуі бөліп жеген мал еді. Айыпсыздың ызысы мен реніші кернеп кетті. Көріп отырған жәбір-жапасына, жалғыздығына өзіне-өзінің жаны ашығандай көзі жасаурап, тамағы кебірсіп, аузына сөз түспеді.

Билердің жүзі Кернеу тұрған қиянатты, әдейі арсыздыққа жеңгізіп, арамды ақтың үстіне не айламен болса да шығарамыз деп, жұмыла қарайып алған. Сөз біткен сияқты көрініп, мың батпан жауыздықты ұтсыз, арсыз қалың кеудемен өрге сүйреп жөнелді. Бақтығұлға кесік айтылуға жақындал қалды.

Бақтығұл жаңағы халінен бой жиып, оңала алған жоқ, Дауды қойды да ендігі соңғы айтқан сөзі:

– Егер осы Қоқыш сөзіндей Жарасбайдың айтқаны шын болса, арманым жоқ! Өртеп жіберіндер, бүйтіп итшілеп жүрген тіршіліктің бұдан былай маған бес тыынға да керегі жоқ. Жалғыз үй Сарымен ешкімнің де тобы көбеймес. Келдікетті бір жалғыз кедей. Не көрсем де сенгенімнен көрген шығармын! Бірақ қоймаларыңды көрдім. Керегі жоқ, жарайды... – деп көзіне жас алып, буынып кеткендей болып, сазарып түрегеліп жүріп кетті.

Үй іші аз үндемей отырып, артынан қайта сергіп, кесік әңгімесіне кірісті. Бақтығұл сыртқа шыққанда, жотасын сырт беріп үш-төрт жуанмен бірге көлденең өтіп бара жатқан болысты көрді. О да сәлемін алған жок. Мықты болыстың нағызы арсыз, жуан жонын көріп тұрып: Бақтығұл тістеніп ап: «Қап!» деп ернін шайнады. Жүргегіне у төгілгендей болды.

Бұл уақытта шабарман қайта шақырып, үйге кіргізді. Би-лер бес қараға бес жуан қара кесік айтты да, артынан үш жыл абақтыны бірге кесті.

VII

Арада екі жұмадай уақыт өтті. Бұл кезде Бақтығұл елден, жүрттан безіп шығып, тау ішінің жайын тағысы сияқтанып жүрген қашқын.

Болыстың съезінде сатымсақ билер істеген билік сол күні орнына келетін болып, артынан Бақтығұлды жібермей ұстап, тұтқын қылуға айналған.

Екі шабарман Бақтығұлды билер үйінен ертіп шығып, ұрыларды қамап жатқан үйлеріне қарай алып жүрген... Бірақ абақтыға салып, тұтқын қылып ұстau қырдың әдетінде жок жаза да, оны істеймін деген болыс, билер де көңілдегідей қылып орнына келтіре алмайтын. Ұрыны сенімсіз көріп, қашып кетеді деп, аяғына кісен салушы еді. Сол кісен шабарманның қолында жок болды. Және барлық тұстеріне, жөніне қарағанда екі жігіт Бақтығұлдың кісі ғұрлым қөрмейтін әлсіз жөндекілеу жігіттері еді. Өздерінде асынған кару да жок-ты. Алдында билік үстінде не дерді білмей, есінен жаңылған Бақтығұл тысқа шығып, енді мына жігіттер аяғына кісен саламыз деп қамданып жүргенде ғана өз жайының шынымен бұзылып, жат түрге ауысып бара жатқанын ұқты. Қазір сол жерде-ақ зорлыққа көнбей қашуды ниет қылды. Осы ниетті жана ойланып бекініп болған орайда шабармандар: «Осылай тұр!» деп, болысқа тігілген үйге таман кісен іздел жөнелісті.

Сол уақытта, Бақтығұл саспастан аяңдалап барып, билер үйінің жаңында тұрған атына мініп алды да, үй-үйдің тасасымен желіп жүріп кетті. Артынан бір шабарман шығып «аһу!»

деп жүртқа жар салып, «Қайда кетті, қайда кетті?» – деп бос қарбаласып жүгіріп жүрген кезде, Бақтығұл ауылдың жанындағы кезенді асып, жортып отырып жартасты өзекке түсіп, содан тас-тастың арасына батып, тауға кіріп, адастырып кетті. Осы сағаттан бастап Бақтығұл қашқын болды.

Бұрын ілініп көрмеген, көрмесем деп тілеген жаманатына еріксіз келіп басы сұғылды.

Қазірде аз күн өтсе де, Бақтығұл қашқындықтың сұрықсыз жаман, жат пішінін әбден көріп, басынан бірталайды кешіріп қалды.

Съезд басынан қашып шыққан соң, болыс сол күні тыным тапқызбай іздеткен екен. Кешке шейін маңайды араплатқанмен таба алмапты. Бұл уақытта Бақтығұл жолға бөгелмesten тұра тартып келіп: қатынына қыскаша жайды айтып, киім-кешегін алып, астындағы жиренді тастап, жүйрік құланды мініп, шиті мылтықты барлық оқ сайманымен мойнына асып алып, кешке шейін ел көзіне көрінбес үшін белгілі қора тасқа бекініп отырған. Мұнда, бір жағынан, қарауыл қарай отырып, екінші бітірген жұмысы: қатынына тары-талқан түйгізіп жатыр еді. Және өзі Қора тасқа бір тоқтысын алып келіп, соны сойып, жарты етін қатын-баласына тастап, жартысын өзіне азыққа арнап бұзып, тұздап қарынға салып еді.

Кешке ымырт жабыла қатыны талқанды алып келген соң, бұдан былай қанша уақытқа кететінін айтпастан «құдайға тапсырдым» деп қош айттысып, құла атқа қосып бір семіз күрең атты қосарына алып, тауға қарай тартып берген...

Болыс Бақтығұлды қырына алып жазаламаққа байлаған соң не де болса, оның елде еркіншілікте жүрмей, баразына тезінен бармағын тілеп еді. Сондықтан алғашқы күннен бастап, осы соңғы уақытқа шейін тыным таппай талай жерден талай тұрткі салып қуғызып келді. Қуғыншыға жердің жөнін білетін, тас-тасты көп арапаған аңшыны немесе ұрыны қосып беріп те жіберетін. Бір-екі кісі емес, бес-он кісі Бақтығұл қашаннан бері қарай үнемі ат үстінде болып, тыным алмай, тау-тасты сұзіп жүр. Бірақ бұл күнге шейін Бақтығұл қолдарына түспей келді...

Қазіргі Бақтығұлдың келе жатқан жері – Талғардың сайды құлдап, тар шатқа тығылып, тік еңісте сүйк дыбыспен құлап ауатын жері. Қазанда қатты қайнаған судай, өне бойымен түгел бұрқылдап, қайнап жатқан сияқты. Ұзақ бойы түгелімен бұрқ-сарқ етіп тасиды. Талас салып, жарысып екпіндей жөнелген жік-жік ағын бұйра толқындар жүз жыланның сумаш қағып жарысқанындей. Өрттен, құғыннан қашып, дүркіреп жосыған көп жайынның жөнкілуіндей. Шаттың аяғы тік біткен мұрыншақ тас. Шың тастың ішінде, биік құздың арасында иіріліп аққан су бір мүйістен екіншіге қарай шыққанда, тау қойнынан шыққан құсықтай ақтарыла жөнеліп, екінші мұрыншақтан бұрылғанда жер тесігіне сіңіп құйылып жатқандай болады. Қалың биік, алып жартас бір ұртына бір өзендей сіміріп жұтып, жер астына әкетіп жатқандай. Мұрыншақтан аса беріп асай су жоғалып жатыр.

Бақтығұл Талғарды қысып тулатқан шаттан озып, жоғары жайдақ жерге таман шықты. Бірақ мұнда да тентек су өткел беретін түрді көрсетпейді. Ішіндегі қазандай-қазандай кесек тастарға екпіндеп кеп соғып, ытқып аққан толқынды ағын әлі де басты айналдырады.

Талғардан көпірсіз жерден ешкім өтпейтін болса да, Бақтығұлға тегінде арғы бетке тығылтаяңдау уақытта өтіп жүретін бір онайлау жерді біліп қою керек. Өзендей сонымен жағалап көріп еді. Бірақ жақында ондай жер кездесетін сияқты емес.

Осымен алданып өзенге ғана көз салып келе жатқанда, құла ат алдыңғы жаққа қарап елең ете түсті. Бақтығұл жалт қараса: жарты шақырымдай жердегі бір мұрыншаққа бір-екі атты шығып қалған екен. Жай кісі емес: қолдарында ағашы бар, аттары жарau. Жолда тоғай мен тастақ төбелер бар еді, Бақтығұл тез ғана бұғып төменірек түсті. Сол кезде арт жағында төмендегі бір мұрыншақтан қарауылдан тұрған 4–5 кісіні тағы көрді. Олар мұны көре сала айғайлап жіберіп, шауып келе жатты. Алды-артын қамап алған сияқты. Болар жері осы деп мөлшерлегендей, алдынан тосқауыл қойып, артынан құғын жасамақ екен.

Өзен мұндай жерде, қауіпті тор сияқты, үлкен кесел шығаратын болды. Тығырыққа қамалып, қаша алмай қалатын болды. Жалғыз жалтаратын беті өзеннен бүйіріек жаққа қашу болар еді. Бірақ оны құғыншы қазір келіп кесіп алатын.

Жаулық пен қатер құшағына қасырмалап қысып келе жатқандай көрінді. Көп ойлану уақыт қалған жоқ, жалғыз үміті: не Талғар өткел беріп құтқарады, не өзі жұтып құтқарады – әйтеуір дұшпанға жоқ. Осындаи не өлу, не құтылу сияқты бір-ақ қана түйіннің ұстіне келді де, құла атты қамшылап-қамшылап жіберіп, Талғардың тасқынына қойып кетті.

Өзеннің ар жағына аман өтсе, қауіптен құтылады. Өйткені ол жағада жау жоқ. Онда ел де жоқ, иесіз болатын. Қаншалық көзі қызығып өшіккенмен, құғыншы Талғардан өтемін деп өктемейді: Тіпті өтпек болса да, бір бет ашық – Бақтығұл қашып құтылады.

Өзен сұы Бақтығұл түсे қалған жерден құла аттың жалпақ тізесінен келді. Ішінен «я құдай, я аруақ!» деп не де болса жылдам бастырайын деп Бақтығұл құла атты тебініп берді. Азырақ жүріп барғанда толқын қолтыққа келді. Дүние шыр көбелек айналғандай, біресе құлдырап жүгіріп аласұрып ашыққандай шапшып, секіріп, дыбысымен жер жарып, басты қаңғыртқандай қатты тасқын құла атты қолтыққа ілінген соң-ақ бетінен жалтарып, төмен қарай қағып әкетіп бара жатты. Сонда да иесінің қысылғанын сезгендей барын салып, қарманып келе жатқан жануар көлденеңдеп, ілгері қарай ұмтылып келеді. Кейде омырауға соғып жіберген толқын құлатуға айналып еңсеріп кетсе де, көзі шатынап, екі құлағын қайшыландырып, оттай ыстық кайрат жиып, жан айласын істеуден жаңылмайды. Су үзенгіліктен асты. Толқын ұсті-ұстіне соғады. Ат малтуға салды. Енді қатты ағын шапшаң ағыза жөнелді.

Бақтығұл құла ат ағып жөнелген соң-ақ, өмірден үмітін үзді. Әлдекімге «қош!» деді. Көзінен бір тамшы ыстық жаста ыршып кетті. Жалғыз жалынды арман сияқтанып: «эттен, жалған-ай!» деген бір ғана аңыз қүйік тілі шықты. Сол кез-

де құла атты мендетіп билеп алған қатты толқын екпінмен алып келіп, жолдағы үлкен тасқа соғып жіберді, жақында ажал тосқауылындей болып су астында күмпийп жатқан қазан қара тасты көргенде, Бақтығұл енді «біттім» деп еді.

Бірақ соғып қалғанда, құла ат жығылып аунап түскен жоқ. Аяғын қайта басты. Тасқа кептеліп тұрып қалды. Сол уақытта жағаға екі-үш адымдай жер қалған еken, құла ат тәлтіректеп есінен айрылып жығылуға айналған уақытта Бақтығұл «а, құдай!» деп айқайлап жіберіп, аттың жалынан басып секіріп кетті. Сонда да су белден келеді еken. Дөңгелетіп айналдыра жөнелді. Ағызып әкетті. Аяғы анда-санда бір жерге тиеді.

«Енді кеттім-ау» деп қолын алды-артына қарманып қалбақтап келе жатқанда, қасында серен-серен етіп аударылып түсіп, келмеске кетіп бара жатқан атын көрді. Ол қалың ағынның ортасында Бақтығұлдан екі-үш адымдай ғана жерде қанды судың құткармайтын шеңгеліне ілініп, жұтылып бара жатты. Сол секунтде өзі де ағып, енді құтылу жоқ шығар деп келе жатқанда, он жақ бүйірі келіп бір үлкен тасқа тіреле түсті.

Бақтығұл сол тасқа жабысып құшақтай алды. Сонда ғана алдына көзі түсіп еді, ағын соңғы бір қағып жібергенінде жағаға әкеліп тастаған еken. Белуарынан су болып, сүйретіле судан шығып, артына карады.

Бағана жабыла шапқан жау мұны судан өтер деген ойды ойламаса керек. Кезеңге шығып алып, Бақтығұл тұрған сайлы жоғарып өрлей шауыпты. Қазірде бір шақырымдай жерде тас-тасқа серейіп шығысып, әр жақтан қарап жүр еken. Құла ат кете барды. Бақтығұл серік атын құрбан ғылып, жанын амандал, бұл жолғы жаудан құтылып кетті. Ат кеткенмен, қойнындағы алтыатар, мойнындағы мылтық керек десе су да болмастан аман қалыпты. Бірденкесін ұстап отырып, белгілі жауын есіне алып: «Бәлем, осыныңды ұмытпа!» дегендей, Бақтығұлдың өні құп-қу болып, көзіне қан толып кетті.

VIII

Арада біраз дәурен өтті. Бақтығұл бұл уақытта Талғар басынан кетіп, Шегетіден Бүрген, Талғарға қарай тау ішімен қатынасатын жолдың орта шенінде – елсізде жүр.

Бұл араға келгеніне үш-төрт күн болды. Түнде қарағайдың ығына паналайды. Сонда тірі жанның барлығынан жасырынып жүріп, ыстық істеп ішкен болады. Күн шығысымен Қараш-Қараштың шаттарында, қара жолдың айналасында қарауылда отырады. Әлденендей мақсатқа арнап, жол бойында қолайлыш жерлер қарастырады.

Екі-үш күннен бері ана жерге бір отырып, мына жерге бір жатып, байқап-байқап келді де, аяғында бүгін таңертеңнен бері орта Қараштың шатынан шықпайтын болып бекінді.

Бүгінгі істемек істің ниеті Бақтығұлдың бұрыннан ойланған нәрсесі емес-ті. Жуандардың істеген арамдығы, корлық-зорлығы шектен асты. Ауыр тиді. Пәлеге, жаманшылыққа өздері сұңгітіп жіберіп, аяғында сол жолда мұны құрбан қылып, өздері жақсы атты, таза кісі болып калды. Ол бола берсін. Талай Бақтығұл сияқты жалғызжарым кедей-кешіктің көріп жүрген корлығы...

Қатубайды екі-үш күндей атқа мінгізіп, ойға жіберіп, болыс аулынан бірнеше хабарлар алды да, аяғында осы жерге келіп жолтосқыш болып бекініп қалды.

Қараш-Қараш айналадағы тасты тақыр биіктер, қарағайлыш жүндес жоталар, шошак төбелермен үш салаға бөлінеді: Бас Қараш, Орта Қараш, Аяқ Қараш. Осы үш сала мен маңайындағы биіктері, адырлары мен барлық өнірді «Қараш-Қараш» деп атайдын. Жаз айындағы көп елдің көші асатын үлкен қыын асуудың бірі осы. Өзінде ала жаздай отырып жайлайтын ел де көп.

Бүрген, Шалқар болыстарының бірталай ауылдары осында болатын. Қазір де қоңыр күз мезгілі болғандықтан, елдің бәрі серпіліп ойға кеткен. Енді анда-санда жондағы Шегетіден ылдига, қалаға қарай төте жол қуалап қатынасқан бірен-салт атты жүргінші болмаса, көп ағылған ел жоқ.

Өзінің ойлаған ниетіне Бақтығұл орта Қарашты сайлаған соң, соның иір-иір тұмсықтарын, қыын қаптал жолдарын, жа-

сыратын ұры қойын, жалтарыс шаттарын, тоғайларын кезіп аралап байқаған.

Құздың астында тоғай бар. Соны аралап Қараштың сұы ағады. Сол жерге бір дараға атты бекітіп тастап, сары ағашта жаяу тығылып жатуға болады.

Осы араны әбден таңдап, нық бекініп алды да, Бақтығұл Асы жаққа тағы да қарауылдан көз жіберіп алмақ болып, жаңағы көп жүргінші жүретін төменгі жолды тастап, төргі тауға таман жүрді.

Жоғарылап, көтеріліп барды да, ең басқы қаптал жолға түсіп, Орта Қараштың басын кесіп, Асы жақтағы шеткі биіктің иығына келіп шықты.

Бақтығұл маңайға біраз ойланып қарап тұрған соң, тұс ауа бергенде Асы жақтан, ең шеткі кезеңнен аяңдап асып келе жатқан қалың шоғырды көрді. Топ алыстан көрінді. Қазірде құр ғана ұлken қарасы байқалады. Бірақ тым жақын болмаса да, Бақтығұл келе жатқандардың – мал айдағандар емес, көп аттылар екенін байқады. Сол арада бөгелмestен қайта бұрылып, атын шапшандата басқызып, таудан түсе бастады. Беттегені бағанағы қызыл тақыр жотаның түбіндегі терең шат.

Аздан соң атын жолмен келе жатқан жүргінші көрместей, бір қиын дарага әкеліп бекітіп тастап, өзі киімді жеңілдеп киіп, терлей-тепши ернеу жолдың жанындағы сары ағашқа келіп жетті...

Орта Қараштың Асы жақтағы кезеңінен асып келе жатқан 10–15 атты көрінді. Көбінің мінгені – жорға, баран мен қылаң. Жүрістері – сол жорғаның ортақ жүрісі. Кісілерінің ішінде, бірен-саран болмаса, толық-жуандары жоқ. Көпшілігі жіңішкелеу келген жас сияқты. Арапарында жақсы киінген әйелдері бар. Ақ күміс ер тоқымдар жарқ-жұрқ етеді.

Қызыл-жасыл салылар, ак көйлектердің етектері желбірейді. Анық төрт-бесеуі әйел.

Аттылар Орта Қараштың төменгі жолымен қапталдап оралып келеді. Даурығып сөйлеген сөздері, күлкілери естіледі. Қызықты, көнілді, көрікті топ. Жүргіншілер кейде екіден, үштен қатарласады да, кейде жол тарылған уақытта

жалғыз жалғыз шұбап кетеді. Үлкен топтың қалың ортасында ақжал шабдарға мінген толық денелі біреу келеді.

Жүргіншілер жақындал қалды. Жолмен бірге оралып келіп, Бақтығұл жатқан ернеу жолға таман алдыңғылары өрлеп көтерілуге айналды.

Осылай бұрылатын жерде сайда қарақаттың бөлек-бөлек ұсақ түбірлері бар еді. Соған келгенде кісілердің түсі анықтанылмады.

Тығызып жатқан сары ағаштың жапырақтары да көзге қаға беріс болып бөгет қылады.

Тек жүргіншілер қарақаттан бері қарай жоғарылап, кішкене көгалды бетте шашырап шыққан он шақты түп қарағайдың қатарына келгенде, Бақтығұл керек кісісін әбден көріп, белгілеп алды.

Енді азғантай ғана уақыт қалды. Әлденеден денесі тоқазып, демі дірілдеп, қабағын түйіп түксіп, Ожардың басына қарады. Суық тұсті мұзды биік ақ бұлттай сәлдесін жазып, құлаш сілтеп нұсқағандай болды. Мұз тау мұның ішіне мұздай қайрат кіргізді. Асыққан қол дайындал ұстап отырған қаруды сыйымдап қысып қойды. Күздің салқын күнінде тоқазып, көк темір суық күйге тіл қосқандай болды.

Аттардың алды сары ағашқа қатарласып тақыр жер, тастақ бетті тасыр-тасыр, тақыр-тақыр басып өтіп бара жатты. Бақтығұл демін ішіне қарай сіміре тартып, бар қайратты кеудеге жиып алды. Сол секунтта тастай түйілген қабақты бір жазбастан, қалың қара мұртты, шоқша сақалды иегін бердеңкенің құндағына әкеліп жатқызды. Көк жөтелдей тиетін сенімді берденке бұл уақытта құлағы қайрылып, нысанаға құрылып қалып еді. Осы шақта көз алдынан бір боз жорға аяғы тайпалып, жыбыр-жыбыр басып өтті де, соның артынан басын шұлғып тастап талтақтап аяңдал келе жатқан бәйгі шабдар көрінді. Үстіндегі Қалыңтай жас тоқалын ұзатып алып келе жатқан белгілі зор, жуан денелі болыстың қызылкурең жүзінде бақытының шегіне жеткен ырзалақ жұбаныш сәулесі бар сияқты... Алдынан тоса жіберсе, артындағы қабаттала кетеді. Бақтығұл аз бөгелді. Шабдар қатарға келіп, енді ырғалып қыис өте берді.

Сол уақытта асығып тұрған саусақ жіңішке сүйк темірді нығыздан қысып қалғанда, қарғыс оғы күрс етті. Бақтығұл басын жұлып көтеріп алды. Көк шүғамен тысталған тұлкі ішіктің жонында, теңгедей жерде, селдір көк тұтін үйіліп бықсып қалды. Шабдар мылтық даусынан үркіп атып кеткенде, денелі болыс шіреніп барып шалқасынан құлап тұсті.

Аттылар шошынып, улап-шулап үйіліп қалды. Жалғыз Бақтығұл болыстың құлағанын көріп қалып, енді шапшаш тәмен түсे бергенде, артта келе жатқан әйелдің:

— Ойбай! Бақтығұл!.. — деп саңқ етіп қалған даусын естіді...

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Хикаяттан қандай әсер алдындар? Оқиғасы қызықтырыды ма?
2. Шығарманың басталуына назар аударындар. Қандай көніл күй, қандай психологиялық күйзелістен басталды? Шығарманы мазмұнына сай интонациямен сабакта тағы бір оқып көріндер.
3. Інісі Тектіғұл өліміне не себепші болды? Ол Бақтығұлға қалай әсер етті?
4. Осыдан кейін Бақтығұл іс-әрекетінде, ой-қиялышында қандай өзгерістер болды?
5. Хикаятағы оқиғалар жігін тап та, әрбір оқиға, эпизодтың шығармадағы орнын, рөлін анықта.
6. Жазушының кейіпкер психологиясын, характерін ашуда оқиғаны табиғат құбылыстарымен сабактастыруының мәнісі не? Мәтіннен тауып оқындар, ойларынды ортаға салындар. Жазушының тіліне, сөз оралымдарына көніл аударындар.
7. Шығарманың композициялық құрылымына жоспар жасап, мәтіннен мысал келтіріндер.
8. Өмірдегі шындық пен көркемдік шындықтың ара катысын шығарма мазмұнына қарай отырып түсіндіріндер.



СӘБИТ МҰҚАНОВ

(1900–1973)

Сәбит Мұқанов 1900 жылы 26 сәуірде бұрынғы Ақмола облысы, Ақмола губерниясы, Қызылжар уезіне қарасты Таузар болысъының екінші ауылында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы) туған. Жеті жасында әкесі, сегіз жасында шешесі қайтыс болған Сәбит Мұстафа деген ағасының қолында қалады да, жоқшылық көріп өседі. Ауыл байларына жалданып жұмыс істейді. Өз тала-бымен ұмтылып, ауыл молдасынан хат таниды. Өлең-жырға әуес талапты жас сол кезде қазақ дала-сына көп тараған қисса-дастандарды оқып, жаттайды. Өзі де өлең шығарады. Ауыл ішінде «өлеңші бала» атанады. Тоқай, Абай шығармаларын оқығаннан кейін Сәбит ақын болуды армандаиды. Ол үшін оқуға талаптанады.



Осы кезде Қазақстанда орнаған Кеңес өкіметінің жетім-жесірлерге, өмірден қағажу көргендерге қорғаушы болуы жетім Сәбитке де әсер етіп, ол өкімет қамқорлығымен қоғамдық істерге араласа бастайды. 1918–1919 жылдары Омбы қаласында мұғалімдер курсында оқиды. Оның ақындыққа ұмтылуы осы кезден басталады. «Көнілім», «Зарығы», «Жоқшылыққа» сияқты алғашқы өлеңдерін Сәбит осы жылдары жазған.

Қазақстанда төңкеріс женістерін орнықтыру жылда-рында Сәбит саяси-қоғамдық жұмыстар атқарады. Сөйтіп журіп білімін толықтырады. 1922–1926 жылдары Орынбор жұмысшы факультетінде оқиды. Одан кейін «Енбекші қазақ» газеті редакциясында, «Қазақ мемлекеттік баспасында» жа-уапты қызметтер істейді. Сәбиттің өмірі Қазақстан Жазу-

шылар Одағымен тікелей байланысты. Ол ұзақ жылдар одақ баскармасының төрағасы болып қызмет істейді.

Осындай саяси-қоғамдық қызметтерге араласа, білімін жетілдіре жүріп, Сәбит шығармашылық қызметпен үзбей шұғылданған жазушы. 20–30 жылдардың ішінде ол «Батырак», «Сұлушаш», «Ақ аю» сияқты поэмалар мен «Адасқандар», «Теміртас», «Жұмбак жалау» (кейін «Ботагөз» боп өзгертілген) атты романдар, көптеген өлеңдер, сынзерттеу еңбектер жазады. Одан кейінгі дәүірде «Сырдария», «Өмір мектебі», «Балуан Шолақ», «Аққан жұлдызы» романдары мен «Шоқан Уәлиханов», «Сәкен Сейфуллин» атты пьесалары жарық көреді. Осылардың арқасында Сәбит оқырман халқының зор ілтиратына бөлекен даңқты жазушыға айналады.

Шығармашылық өмірін ақындықтан бастаған Сәбит 20–30-жылдары қазақ жалшы-батырағының құлдықтан босанып, қатарға қосылуын, қоғам мен адам өміріндегі өзгерістерді көркем бейнелеуге ұмтылған бірсыппыра лирикалық өлеңдер жазды. Оның Шоқыт туралы топтама өлеңдері, Бейімбеттің Мырқымбайы сияқты қазақ жалшысының өткен жолын суреттеуде едәуір маңызды. «Майға сәлем», «Гүл бағындай Отаным» сияқты жырларында ақын Отан мен халық деген ұғымдардың бірлігін, жеке адамның азаматтық есеюін, оның қоғаммен үндестігін биік пафоспен бейнелейді. Жеке адам сезімін жалпы халықтың көңіл күйімен ұштастыру арқылы заман рухымен астасып, картиналық суреттер жасайды.

Мың сәлем саған,
Мәңгі жолдас, Майым!
Сен жылда жас жігіт боп келген сайын,
Жер жібек барқыт киіп, жасыл желек
Бұркенеді үйенкі, терек, қайың.

Көктемді жігіт бейнесінде алып, табиғаттың жаңару шағын сонымен байланыстырыған осы өлеңде («Майға сәлем») лирикалық кейіпкердің ішкі сезімі Отансүйгіштік сезімге ұласып, тұтас қөрінеді. Ол елі, заманы туралы толғанады.

Өлең өрнегінде оқырманмен тікелей тілдесу, ауызша сөйлеу тіліне жақын синтаксистік инверсияны қолдану,

сөз мағынасын кеңейтіп, 11 буынды өлең тармағын бөлшектеу – Сәбиттің заман талабына ыңғайлас қазақ өлеңіне жасаған өзгерісі. Ол өлең тармақтарын сатылад, ой қазығын дауыс ырғағына лайықтап, пікірді философиялық түрғыдан түюге негіздейді. Көркем сөз мағынасын көтере жырлаған ақын оны Отан қорғар айбынды қаруға айналдырады. Поэмалар бомба тасымалдаушы көліктің, проза – ауыр зенбіректің, очерктер барлау қызметін атқарады.

Ұранға дауысын қосып осы кезде,
Ең алдағы қатарда тұсіп көзге.
Майданға аттанбакшы ақындардың
Жүргегін жарып шыққан жалын сөз де,—

деген жолдарда әдебиеттің қоғамға, Отанға қызмет етуі сөз болады.

Сәбит поэмалары қазақтың эпикалық поэзиясының қаз тұруынан қалыптасуына дейінгі жолдағы елеулі ізденісті танытады. Ол сюжетті поэмада қазақтың қарапайым адамын жаңа кейіпкер дәрежесіне көтерді. Қазақ ауылдының батырағы («Батырақ»), қазақ жұмысшысы, қазак әйелі («Балбөп») ескі тіршіліктің шырмауынан босанып, қоғамдық іске араласып, он-солын тани бастайды. Ақынның алғашқы ізденістерінде тәжірибесіздіктің салқыны байқалғанмен, бұл шығармалар заман тенденциясын түсінуде зор қадам болды. Осы жолмен ол «Сұлушаш» поэмасына келді.

Сәбит – қазақ әдебиетінде роман жанрын бастаушы және оны жетілдірген жазушылардың бірі. Ол өз романдарында қазақ қоғамының даму жолы, ондағы негізгі бетбұрыс кезеңдерді үлкен шыншылдықпен суреттеді. Бірде дәуірдің тарихи оқиғаларына, бірде өмірде болған адамдардың деректі өмірі шындығына сүйеніп, жазушы қазақ халқы өмірінің ұзақ жолын шығармаларына арқау етті. «Адасқандар» болған оқиғаның ізімен, бейmezgіl заманда адасқан ғашықтардың трагедиясына құрылса, «Теміртас» қазақ ауылдының кеңестік жолға тұсу кезінің шындығын бейнеледі. «Ботагөз» – халықтың азаттығы суреттерінің шежіресі. «Балуан Шолақ» пен «Аққан жұлдыз» – қазақтың ардагер ұлдары Балуан Шолақ пен Шоқан Уәлиханов өміріне арналған тарихи ро-

мандар. «Өмір мектебінде» жазушы мемуарлық үлгіде өзі күе болған тарихи дамудың шынайы суретін жасайды. «Сырдария» – қазақтардың табиғатты игеру жолында еңбектегі қажырлы күресін бейнелейді. Әрқайсысы әр дәуірдің шындығын суреттеуге арналса да, осылардың бәрі жазушы шығармашылығында XIX ғасырдың орта тұсынан XX ғасырдың ортасына дейінгі қазақ халқы өмірінің шежіресін құрайды.

Сәбит әдебиет туралы ғылымға, әдеби сынға да батыл араласып, көп еңбек қалдырыды. Ол «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбектер жазды. Абай мен Шоқан өмірі туралы зерттеулері «Жарқын жұлдыздар» деген атпен басылды. Сын мақалалар, мектепке арналған оқулықтар жазуға қатысты. Ұлттық Ғылым академиясының академигі болып сайланды.

Жазушы шығармалары көптеген шетел тілдеріне аударылды. Оның мұрасы 16 том шығармалар жинағы күйінде (1972–1980) жарық көрді.

Сәбит 1973 жылы қайтыс болды.

БАЛУАН ШОЛАҚ

(Романинан үзінді)

АЛЫП – АНАДАН ТУАДЫ

Ол ауылдың қыстауы Қайрақты көлінің жағасында, қалың орманның арасында еді.

Қабағына қайғының бұлты оралып, кеудесін кернеген шерді құркіреген күндей үнілеумен женілдеткісі кеп, көз жасы бұлақтап саулаған ауылды еліктегендей я қайғысына ортақтасқандай сол күні күздің қара сұрғылт бұлты нөсерлей жауды, жел ышқына соқты.

– Болындар! Жөнендер, тез! Жоғалындар! – деп ат үстінен айданардай ыскырған полицейский урядниктің сілтеген қамшысы бұлттан жарқыраған найзағайдай ирелендең, талайдың арқасын тіліп тұсті. Қасқыр талаған қойдай қызыл

жон болған ауыл адамдары басқа паналар жер жоқтай, полицейский сабап айдап шыққан қораларына ығысып қайтакайта тығыла берді.

— Өрт! – деді урядник ауылды қоныстан күшп шығара алмаған соң. Лезде ауылдың әр жерінен қою қара тұтінге бөлениген қара күрең жалын жарқ етті. Өрт еріксіз айдап шыққан ауылдың аузындағы жалыннан да ыстық жалғыз сөз:

— Қайран қоныс, қош бол!

Бұл бейғам отырған ауыл еді. Откен жазда болған болыс сайлауында сол ауылдың біреуі болыстыққа таласқан Токсанбайдың Сыздығы деген байға қарсы шыққан. Бірақ Сыздық выборнайларды¹ ақшамен сатып алғып, сайлаушыға да пара беріп, болыстыққа сайланған. Қолына мөр тиіп, әкімшілік тізгінің ұстағаннан кейін ол өзіне қарсы ауылдардың берекесін кетіруді ең бірінші міндеттім деп санаған. Сол жылы переселен управлениеисі ішкі Ресейдің қалаларынан көшірілетін переселендерге жер сұрағанда, Сыздық болыс кектенген ауылдарының ішіне қосып осы ауылдың да жерін ұсынған. Кешікпей землемер кеп жерді өлшеген. Бірақ, ауылдың адамдары ол өлшеудің не өлшеу екенін түсінбей, қыстың жабдығын қамдап, бұрынғыша отыра берген.

Күз, ауыл шапқан шөбін қорасына үйіп, қар ұшқындал, қысқы үйіне кеп қонғанда, ызғарлы хабар кенеттен сап ете түсті:

— Көшесіндер!

— Неге? – деп сұрады ауыл.

— Үш-төрт жұз үй крестьяндар көшіп келеді, алды келіп те қалды. Бұл жерде енді солар тұрады.

— Біз қайтеміз?

— Онда біздің жұмыс жоқ. Қайда барсаң – онда бар.

«Қой, олай болмас» деп ауыл бейқам отырғанда, арбалы, жаяуы аралас шұбырған крестьяндар кеп қалды. Сол күні урядник те келді, ауылды өртеп көшірді. Міне, бар оқиға осы!...

Күз көшке әзірленбеген ауыл урядниктің жыландағы ысылдаған ызғары мен мылқау өрттің лебіне шыдамай, қонысынан

¹ Выборнайлар – дауыс берушілер.

қозғалғанмен, тез жиналып кете алмады, бес-алты шақырымғана жерге, жылжып, бас-аяғы жиналып ақылдасты.

– Ал, қайда барамыз?

– Қайдан білейік, қайда баарымызды!

– Патшаға дейін іздену керек, – деді біреуі.

– Мынаның былшылдап жоқты айтқаны несі? – деді екінші біреуі ашуланып, – пәлен мың шақырым Кетрампорға барып патшаға арыз берем деп жургенде, мына еңкейген кәрі мен еңбектеген жас қырылып қалмай ма? Әүелі осыларға баспа на табайық та. Қайда арыз беруді содан кейін ойланармыз.

– Ол дұрыс, – деді біреулер, – бірақ бос тұрған қоныс ешқайда жоқ. Жиырма шақты үйміз, қайда сиямыз?

– Маңай ел ғой. Жұбымызды жазбаймыз деуге болмас, атқа мініп ауылдарды аралап, биыл қысша баспана іздел бытырап орналасайық.

– Осыдан басқа амал жоқ.

Қатын-қалаш, бала-шаға қалың қарағайдың арасына тіккен құркелерде қалды да, еркек атаулы атқа мініп, маңайдағы ауылдарды аралап кетті. Еркек кіндіктен ауылда қалған жалғыз Баймырза.

– Е, сен неге жүрмейсін? – деген сөзге оның берген жауабы:

– Балам жоқ, соны іздеймін.

– Қай балан?

– Нұрмағамбет.

– Е, ол қайда еді?

– Тай үйретем деп таңтертең кетіп еді, содан тайы да, өзі де жоқ. Астындағы асай тай бір жерде өлтіріп кетпесе не қылсын!

– Ертерек неге айтпадың, ел боп іздесетін?

– Оған урядник болды ма! Есті жаңа жинап отырған жоқпызы ба?

Баймырзада жалғыз тайдан басқа жылқы болмайтын еді. Одан басқа көлігі – жалғыз қоңыр шолақ өгіз.

– Қатын, – деді ол әйелі Қалампырға жұрт кеткен соң, – әлгі қайда екен, мініп баланы байқайын? Тай жығып өлтіріп кетті ме, әлде?... Аман болса жаарап еді!...

— Күні бойы мінген өгіз әлгінде ағытқаннан кейін отқа кетіп еді, ұзаса керек, маңайда көзге шалынбайды.

Баймырза өгізді тауып әкелді.

— Суарған жоқ па ең, бар болғыр! – деді Қалампыр өгізді көріп, – бүйірі кіріп кетіпті ғой. Бар, суар!

— Жаңбырда өгіз су іздей ме?

— Со да сөз бе? Бар, суарып кел!

Ауылдың көлік ағытқан жері өткен жыл мекенін пересленге өлшеп, үйлерін көктемде көшірген ауылдың жұрты еді. Сол жұрттағы қалың бұйра талдың арасында құдық барын Баймырза біледі.

Тал арасындағы құдықтың жиегі опырылған, айналасы дөңес сары балшық екен. Баймырза шелекке таққан жібін колынан сусыта бергенде, терендегі сасықтау сары судың иісін сезіп, шөлдеген өгіз де мұрнын шүйіріп, төмен еңкейді. Су толған шелекті Баймырза жоғары қөтеріп еді, иығына біреу қаққан сияқтанды. Қараса, саз балшықтан сырғанап өгізі құдыққа құлап барады...

Сасып қалған Баймырза шелектің жібін табанымен баса қойып, өгізді мүйізінен ұстай алды. Сырғанаған өгізді ол кайдан тоқтата алсын. Өгіз күп беріп құдыққа түсті де кетті: өгіздің екпіні Баймырзаның өзін де алып кете жаздады. Сонда да тірі жан, өгізі құдыққа құлай бергенде ол жанталасты. Құдық белуардан шүпілдеген су. Басы төмен түскен өгіз табан аузында тұншығады. Жалғыз өгіз! Ол өлсе, қайтпек? Жан дәрмен Баймырза өгіздің мүйізінен кендір жілтен мықшия тартып, тұмсығымен құлаған судан жоғары шығарды. Дес бергенде, жуан кара тал құдықтың жарына төне біткен екен. Өгіздің әрі суланып, әрі сазданып сусыған мүйіз жібін Баймырза жанталасып жүріп талға іліктірді де, сірестіріп байлады, өгіздің басы судан шығып тұрды.

Одан жоғары тартуға күші жоқ. Айла-амалы құрыған Баймырза «Қа-лам-пыр!.. Қалам-пыр!..» деп бақыра берді.

Бұл дауыс құлағына шалынған Қалампырдың жүргегі дірілдей қалды. «Нұржаным жамандыққа ұшыраған болар ма?» деп сескенді ол. Осы ой тұла бойын түршіктірген

Қалампир дауысқа жүгірді. Оған ере ауылдан бірнеше әйелдер, балалар жүгірді.

Қалампирдың Баймырзага ең қатты айтатын сөзі: «бар болғыр!» еді.

– Бар бол, сен, бар болғыр! – деді ол айқайдың мәнісін есітіп, – Зәремді алдың ғой! Былай тұр!

«Былай тұрдың!» мәнісіне түсінбей, шоқша сақалын шошайтып, кішірек көзін сығырайтып Баймырза Қалампирға қараған кезде, Қалампирдың қолы өгіздің мүйіз жібіне тиді. Құдыққа еңкейінкіреп, жіпті қолын соза ұстаған Қалампир «хәүп!» деп денесін жаза тартты. Сол кезде өгіздің мүйізі ілігер жерге кеп қалды.

– Ора жіптің ұшын аяғыма! – деді Қалампир Баймырзага.

– Неге?

– Нең бар, «неге» деп. Ора, деймін тез!

Түсінбеген Баймырза шұбалған жіптің артығын Қалампирдың жіліншігіне орағанда, сусымасын дегендей ұшын Қалампир табанына басты. Содан кейін жіптен қолын босатты да, тағы еңкейе түсіп өгіздің екі мүйізінен ұстап, құдықтан сурып алды...

КЕКТІ БАЛА

Жаздай бір байға ағаш үй қиған Баймырза жұмысын бітіріп, еңбегіне тай алып, аулына өртенер алдында ғана келген еді.

Көпейлеу туған жирен қасқа тайдың денесі кішірек болғанымен, екі құлағы тас төбесіне найзадай шаншылған, құйрық-жалы үкінін ұлпа қанатындай желпілдеген, үрген қуықтай бұлтиған семіз, төрт аяғы қаққан қазық сияқты тіптік, сұлу тай екен.

Тайды көргенде Нұрмамбеттің қуанғаны сондай кішкене денесін кең дүниеге сыйғыза алмады, біресе екі санын шапалақтап, аспанға қарғыды, біресе жата қап, жерге домалағы. Оның бұлай қуануына бас себеп мынау еді:

Откен жазда, осы маңайдағы ауылдар балаларын сұндетке отырғызыды. Ондай балаға әкесі арнаулы ат я тай атауға

тиісті. Сұндеттер алдында балалар атаған аттарына, тайла-рына мініп, ауылдарды аралап жарысуға тиісті.

Балалар осы дағдымен аттарына, тайларына мініп шықты, аты, тайы жоқ балалардың ішінде Нұрмамбет қалды. Өзге жаяу қалған балалар атты, тайлы балалардың жарысканын қызық көріп соңдарынан шуласып жүгіргенде, Нұрмамбет жыртық кигіз үйіне кірді де, жер бауырлап жатып алды. Босағада үршық іірген Қалампир баласының неге жата қалған себебін сезді де, балаға білдірмей көзіне іркілген жасты теріс қарап жаулығымен сұртті.

Сырттан Баймырза келді. Ол еркегімсіп Қалампирға ұрысты:

– Неге жылайсың жамандық шақырып? Пайғамбардың сұндеті емес пе бұл? Тек құдай тағала қожаның қолын жеңіл қылсын деп тілесейші!

Атсыз баланы сұндетке отырғызу – балаға «өмірінде ат-сыз өт» дегенмен бірдей. Осы оймен ішке қайғысы сыймай жарылғалы отырған Қалампир Баймырзаға шап ете түсті:

– Әне, көр баланды! – деді ол жасқа булыға сөйлеп, – Тоқсанбайдың сарайын қиғанда, тонып өлетіндей тон алдың. «Алдағы жазда Нұржан сұндетке отырады, тон алма, тай ал» деп ем, тындармадың. Баланың тілеуін кескендей болдың, бар болғыр!..

Жасқа булыққан Қалампир ар жағын айта алмады. Оның Баймырзаға арнаған ызалы сөздері көзінен жас боп төгілді.

Баймырза Нұрмамбетті зорлықпен сұндетке отыртты. Бірақ, ол өзіне ішінен ант етті: «калдағы жаз қолым қырқылып калмаса, қосымша берсем де ақыма бір тай алармын!»

Ол осы сертіне жетіп, еңбегінің үстіне байға ақысына қосымша балтасын беріп, жоғарыда аталған жирен қасқа тайды алғып келді.

– Міне сұндет атың, қалқам! – деді ол алдынан шыққан баласының бетінен сүйіп, – былтыр жоқ болса, биыл бар, тек аллатагала өмірінді ұзақ қып, игілігіңе мінгізсін!..

Жирен қасқа тай босағасына кеп байланған соң, қуанышы қойнына сыймаған Нұрмамбет іліулі ерді үйден алып шықты. Баймырза:

– Қоя тұрсайшы, қалқам! Тай ешқайды кетпес, қолқасы аман болса, бойы өсіңкіресін! – деп еді, Қалампыр Баймырзаға зекіп тастады:

– Тиыш отыр, мыңқылдамай! Ол тай жоқта өліп пе ек? Бала аман болсын! Міне бер, қалқам! Өуелі үлкенірек баланың біреуіне мінгізіп бастықтырып ал, өзің мінем деп құлап қап жүрмө!

Сыртта ұлымы-кішілі біраз бала тайды қоршап тұр екен, Ересектеу екі балаға құлағынан тұқырта бастырып қойып, тайға ерді Нұрмағамбеттің өзі салды.

– Әу, әкемнің аруағы, қолдай гөр! Қалқамның жасын ұзак қыла гөр, жасаған! – деп Қалампыр босағадан қарап жылап тұрды.

Баймырза да ішінен сол тілеуді тілегенімен, сыртқа дыбыс шығармай, тайды балаларға ерттетті.

– Кәне, біреуің мініп, бастықтырып беріңдерші! – деді ол. Ерттеулі тайды құлағынан ұстап Баймырза балаларға айнала қарағанда, Нұрмағамбет қарғып мініп кеп алды.

– Қалқам, құларсың, тұс? – деді Қалампыр тысқа шығып.

– Өзің не айтып тұрсын, апа! – деді бала кейіп. – Тілеулі тайымды біреуге мінгізетін мен жынды ма? Жібер, әке!

Нұрмағамбет тебініп қалғанда, тай атып кеп кетті. Баймырза тайдың құлағынан айрылып қалды.

Құлағы қолдан босаған тай аспанға қарғығанда:

– Ал, ұшты бала! Жасаған-ай, сақтай гөр! – деді Қалампыр үрейленіп.

Қарғыған тай секіріп жерге түсті, бала құламады, тайдың тізгінін қысқарап бауырынан тартып-тартып қалды. Қамшыдан ышқынды ма, я баланы жыға алмайтынын білді ме, енді аспанға секірмей, тура шаба жөнелді. Шапқан тай лезде қалың орманды айналып, көзден ғайып болды. «Құлап қалар, не бірдемеге соқтығар» деп қорыққан Баймырзаға көрші біреу ат беріп, тай кеткен жөнге шықса, бала ашық далада шоқытып жүр екен. Тай манағыдай емес, бастығып қапты.

– Кешікпей қайт, балам, көп шапсан, тайдың ақсап қалар, – деп Баймырза үйіне жөнелді. Ол ауылға келсе, уряд-

ник көшірмек боп жатыр екен. Әлекке кездескен Баймырза «байтал түгіл, бас қайғы» дегендей баланы іздеу түгіл, басымен қайғы боп кетті...

Әкесі «қайт» дегенмен, Нұрмамбет үйіне тез қайта қоймады. Тайды ол біраздан кейін билеп алды. Әкесінің «тайың ақсамасын» деген сөзін есіне тұтқан ол тай еркіне көнген соң шабуды доғарып, тайын кейде аяңдатты, кейде желді...

Күн кешкіре болдырып терлеген тайын аяңдатып ауылға келе жатқанда оған өзі дүниедегі ең бақытты адам сияқты көрініп кетті. Оның жеті-сегіз жасынан бергі ермегі – тұрымтай мен қыргиды баулып, бөдене мен торғай алдыру еді. Бұл кәсіппен шүғылданып жаяу жүргенде «әттең, бір тай-ай?» деп арман ететін еді ол. Сол тай, міне, енді астында!..

Жақын ауылдағы бір бай күз қойын қырықканда, Нұрмамбет бірнеше күн жәрдемдесіп, ақысына қасқыр алатын көкшолақ тазының бауырын көтерген қүшігін алған еді. Күшікті үйіне жаяу көтеріп әкеле жатып «бұл аман болса, бес айда қоянға қосуға жарайды, келесі жылы үйінен шығады, содан соң қасқырға да қосылады, сонда жаяу қалай қосам?» – деп өкінетін еді ол, міне, енді сол тай астында!..

– «Ат бар, құс бар, ит бар, менен бақытты кім бар?» деп қорытты ойын Нұрмамбет.

Жел оның алдынан еді. Мұрнына өрт иісі келген ол, қалың қарағайдың арасынан жоғары қарап еді, қою қара тұтін аспанға будақтала көтеріліп, бұлтқа ұштасып тұр екен. Өрт шығады деген күдігі жоқ ол «кулін сабынға алуға жаққан алабота болар» деп ойлады ішінен. Сол кезде жел қатайып, алдынан жаңбыр келе жатқанын көрген бала, ауылға тез жетейін деп тебінді. Шаршаған тай жортып кете коймай, тақымында бұлтындей берді. Жаңбыр да жетті, жылдам жүрмеуіне ренжігенмен, әлі қылауы түспеген, қызығы басылмаған тайды ол сабамады...

Ортengен ауылды көргенде баланың зәресі ұшып кетті. Теп-тегіс жанып жатқан ауыл!.. Бірақ, жан да мал да жоқ!.. Ауыл тып-типыл!.. Күйген қоралардың, үйлердің

қабырғалары, төбелері опырыла құлап жатыр! Әлгіде қатты қүйған жаңбыр, қазір бәсендөу, бірақ, өрт сөнер емес, қайта май қүйғандай өршелене береді.

– Бұл не?

Корқудан ба, қою қара тұтіннен бе, баланың тынысы тарылып, өкпесі алқымына тығылды. Алқынған ол тайы өрттен үрке берген соң, от бармайды-ау деген бір ағашқа байлады да өзі жаяу жүгіріп үйіне барды. Онда да адам жоқ! Ол әкесі мен шешесін шақырып айқай салды – ешкім дыбыс бермейді!.. Бұлар қайда?

Тілдері жалақтаған жалынға қарап Нұрмағамбет аңырып тұрғанда, шошаланың күйіп жатқан төбесі жалп етіп ішіне құлады. Баланың есіне көк күшік пен көк тұрымтай тұсті. Күшігі мен тұрымтайна жаны ашыған оның түсе қалғысы келді. Ұмтыла тұсті де, тоқтай қалды. Ондағы ойы «ауыл да, үй де өрттен қашқан шығар. Апам мен әкем күшік пен тұрымтайды неғып тастап кетті екен? Қой, тастамас».

Осы оймен тез аулын табуға тайына қарай жүгіріп келе жатыр еді, алдынан шоқытып салт адам шыға келді де, бұны көріп, тоқтай қалды – қазақ тілін білең таныс орыс фельдшері – «Бәске».

Бала еңіреп қоя берді. Фельдшер баланы уата алмады.

– Эй, залым патша-ай! Иттің ғана баласы-да, халықты осылай зарлатып қойған! – деді фельдшер баланы құшақтап тұрып.

– Кім дедің, ағатай, күйдірген? – деп сұрады бала жылап.

– Патша!

– Қайдағы патша?

– Барлық елді билейтін патша.

– Е, біз оның несін алдық күйдіретін?

– Ер жетіп, есінді білгенде айтармын оны, балам! Әзір жассың ғой, нені ұғасың. Аулың да, үйің де «Қайыңшоқта» түнеп жатыр. Тез бар. Үйің жоқ жоқтап отырған. Жүр, тайыңа мінгізіп жіберейін!

Буынын әрең басқан баланы фельдшер қолтықтап әкеп тайына мінгізіп, тайын жетектеп жолға салып, өзі жөніне кетті.

«Күшігім мен тұрымтайымды сұрамаған екем Бәскеден» деп өкінді бала.

Күшік пен тұрымтайдан кейін баланың басын әурелеген ой – патша. Патшаға ауылдың не жазығы барын ол ойлап-ойлап таба алмады...

Ол «патша» деген сөзді естітін еді де, бірак, елді билейді деген жалпы лақап болмаса, оның қайда тұратынын, не істейтіні білмейтін еді. Міне, енді сол патшаны, әлгі фельдшер «өрт салушы» деп кетті. «Соған қарағанда, – деп ойлады бала, – патша осы маңайда болуы керек қой. Егер, – деп кіжінді бала, – күйдіруі рас болса, күшігім мен тұрымтайым күйсе, сол патшаны күшік пен тұрымтайдай үйітпесем, жер үстінде топырақ басып жүрмейін. Нұрмағамбет атым құрысын!..»

БАЛУАН ШОЛАҚ

Босанған Нұрмағамбет¹, екі себеппен Қайрақтыға оралмай аулына қайтты, бір себебі – қапымды тауып өлтірмей қоймайды деп Пропадко тұқымынан қорқу, екіншісі – жазықсыз жаза тартып үй-орманымен құрып кеткен Кургановтардың, «Пропадколар бұзып әкетіпті» деген жүртyn көргісі келмеу.

Осы себептермен жайлауда отырған еліне қайтқан ол, салысы суға кеткен адамдай, салбыранқы қабақпен үйінде тұрып жатты. «Алда не істеу керек?» дегенді, ол алғашқы күндері ойлағанда жоқ, ойлауға шамасы келген де жоқ. Оның басын билеген жалғыз ой – Пропадко сияқты күштілердің, Кургановтар сияқты әлсіздерге көрсететін қорлығы.

Ол сондай ауыр жүрген күндердің біреуінде, оның көзі де, жайлаудағы жүрттың көзі де бір атты мініп, бір атты жетектеп, ауыл-ауылдың арасында шоқыта шапқан біреуге түсे кетті.

– Е, қайда барасың? – деген сұрауға:

– Тоқсанбай байға ас² берілетін еді, соған сауын айтып жүрмін, – деп жауап берді ол.

¹ Өлген адамды еске түсіріп, елді жинап ас беріп, сауық жасау.

² Барлық елге қымызын жинатып асқа әкелдіру.

- Қашан болады, ол ас?
- Енді бір айдан кейін.
- Қанша елді шақырды?
- Қекшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы, Кереку, Қызылжар, Омбы – осы жеті ояздың елін түгел шақырды.
- Ойпымай, оған не деген ас шақ келеді?!
- Тоқсанбайдың өз малынан мың қой, жұз ту бие, ілікшатыс, құдандастынан жұз елу те бие, мың жарым қой, барлығы – екі мың жарым қой мен екі жұз елу жылқы сойылады, солардың еті жетпей ме? Қымызын жиналған жұрт өзі әкеледі.

Бір ай асқа әзірленген жұрт сабаларын екі доңғалақты қазақ арбаға артып, біреу салт, біреу арқа жегіп... дегендей, Тоқсанбай аулына, жан-жақтан ағыла бастады. Ормансыз жазық кең дала, құмырсқаның илеуіндей қыбырлаған адамнан көрінбей кетті.

Бұл топтың ішінде Нұрмағамбет те жүрді. Ойы жүдеген шақта бойы да жүдеген оған, асқа аттанарда шешесі ұрысты. Нұрмағамбеттің еркіне салса, бұл асқа бармас та еді. Өзге жұрт жиналышп жатқанда үйінде бейғам отырған оған:

- Сен неге отырсың? – деді Қалампыр.
- Жәй...
- Асқа бармаушы ма ең?
- Не алам, содан?
- Жоқ, барасың! – деді шеше бұйырған дауыспен, – немене, жүнжіп кеткенің? Осындаі жігіт бола ма екен. басына түскен бір іске мұқап қалған?.. Қорсетпе, ол қылығынды көзіме! Бар, асқа!.. Және бұл жүдеген түріңмен емес, жақсы киініп, ер тоқымынды жақсылап бар!..

Бұйрығына көндірген шешесі, «ауылға келгенде киесің» деп даярлатып, сандығына салып қойған қазақы жақсы киімдерін, «Нұржан ғана мінеді» деп, өзгеге ұстаптай, кереге басына іліп қоятын жақсы ер тоқымын берді де, биыл бесті шыққан жақсы атын мінгізіп, баласын ауылдан көріктендіріп жөнелтті.

Ондай ас пен тойда елдің аузындағы сөз – балуан жігіт пенен жүйрік ат!

«Бәлен балуан кепті, түген балуан кепті!» – деген күнкілдердің ішінде ауызға ерекше тұскені «Қарақыпшақ Қобыланды батырдың ұрпағы-мыс» деген «Түйе балуан» атанған біреу. Көріп қайтқандар ол туралы шошына сөйлемді:

– Білектері адамның санындағы, саусақтары білектей, саны қеудедей, қеудесі киіз үйдей, құлағы тебінгідей, басы қазандай, аузы жарты қарыс, екі ерні – екі кесек ет, тұксиген қабағына біткен қалың желкілдеп кішкене көзін жауып тұр, тұла бойы тұксиген жұн, қылдары жылқының ту құйрығынан қатты, бойының тұрқы – нар түйедей, екі кісі мінгендей, сөйлеген сөзі – арыстанның күрілдегені сияқты. Мойны бұрылмайды, – қараған жаққа бар денесімен қозғалады, бір жегенде бір қойдың етін түк көрмейді, бір сүйретпе¹ қымызды сусыны әрең қанады!..

– Онымен кім күресер екен? – деседі жұрт.

– Эй, ешкім күреспес, өлгісі келген біреу болмаса!..

– Қап! – дейді біреулер өкініп, – бас балуанның бәйгесі түйе мен ат бастаған, құндыз бер жібек шапан қосқан жұз ірі қара деп еді, сол бәйгені енді күрессіз алады-ау, сабаз!..

– Қой, – деді біреулер, – түйе балуанды туғызған ел сол сияқты бір ұлды тағы да туғызбады деймісің. Ел ғой, біреу табылар.

– Эй, кім білсін!..

Асқа төрт рудан жиналған еді: Арғын, Қыпشاқ, Керей, Уақ.

Әдетте «Арғын аға баласың» деп, аста, тойда бас балуан шығаруды ел Арғынға ұсынатын. Бірақ бұл жолы Арғынға жол тимеді. Себебі: ас беріп отырған Тоқсанбай, Арғынның «Атығай» дейтін бұтағынан, ас берген елге бас балуанның жолы келмейді.

Ендігі күресетін Қыпشاқ пен Керей, Керей мен Уақ ағайындаст. Тойда, аста олар бірге отырады.

Асқа жиналған жұрт етін жеп, қымызын ішкеннен кейін біреу құрықтың басына екі кез қызыл матаны байлап, «ат

¹ Істаган теріден тіккен ұлкен торсық, шамасы он шелектей қымызды мияды.

шабар! ат шабар!» лап, Көксенгірдің Көктөбесінің биігіне шаба жөнелді. Көп кешікпей, құмырсқадай құжынаған жүрт, үлкен қара жолды ортаға ала, екі жарылып отырды. Жолдың бір жақ бетінде – Қыпшақ, екінші жақ бетінде – Керей мен Уақ, Арғын асқа жиналған жүртқа қызмет етті.

– Кем болса жиырма мың халық бар шығар, – десті көпшілікті қөзімен шолғандар.

Әдетте, күрестен бұрын бәйгінің аты кетеді.

Аттар жөнелгеннен кейін бас балуан шығару жолы ти-
ген Қыпшақ «Түйе балуанын» шешіндірді. Түйе балу-
ан күресерде қойдың жұнінен жуан ғып тоқыған, балағы
тізесінен жоғары шалбар киіп, ышқырына қайыс белбеу
өткізіп, белін тас қып буады екен ден, үстіне басқа киім
ілмей, тырдай жалаңаш шешінеді екен. Күрескен балуанмен
бел ұстасқанша ғана иығына түйе жұн шекпенін жамылып
отырып, күресерде оны сыпырып тастайды екен.

Сол әдетін істеп, түйе балуан қара жолдың жиегіне
кеп отырады. Оған Керей, Уақтың қозі түсіп еді – «Түйе
балуанға» еріп келген адамдар бүркіт қасындағы торғай
сияқтанды.

– Кәне, қайсың шығасың! – деп Керей, Уақ дәмелі балуан-
дарының бәріне айтып еді, біреуі де шыққысы келмеді.
Керейдің ішінде сегіз оязға аға-сұлтан болған Сағынайдың
«Пан» атанған Нұрмамбеті отыр.

Түйе балуанмен күресер адам Керейден шықпағанына
Нұрмамбет ызаланып:

– Баяғыдан бері Керей, Уақ қатын алған жоқ па ең? Сенен
ұл туған жоқ па еді? Ер тумай, жер туып па еді?

«Елімін» деп неге айтатын ең, өзінді? – деп ақырды.

Осы кезде ұзынша бойлы, жауырынды, бірақ белі тал-
дырмаш, үлкендеу бота көзі ойнақшыған, жоғарғы ерні жана
ғана түбіттене бастаған атжакты, сарысұр әдемі жас жігіт,
ор қояндаі ойнақтаған жеңіл қимылмен, ептеп басып кеп,
оң тізесін бүгіп Нұрмамбетке сәлем беріп, қолын ұсынды.
Нұрмамбет «Бұл кім» дегендей жас жігітті қөзімен шо-
лып еді: ақ ботаның түбітінен тоқыған, қарала батсайымен
өңірін әдіптең, жағасына төрт елідей күндыз ұстаған қынама

бел камзолы бар жасыл жібекпен тыстаған, оң жақ құлағын жымқыра киген ақ бұйра, жекей тымағы бар, аяғында кебісін күміс шегемен әлеміштеп, желкесін көк сауырлатқан, өкшесі биік «Қосай-қолашы»¹ бар.

Нұрмағамбет «Паңмен» үйде де, түзде де өзі рұқсат етпей ешкім амандаспайтын еді. Мына жігіттің екпіндеп кеп қол беруі оған ұнамады.

– Кімнің баласысың? – деді, ол семіз бетін тыржита қарап.

– Әкемнің аты Баймырза, – деді жігіт екілене сөйлеп, – өз атым сіздің атыңыз сияқты – Нұрмағамбет.

– «Жаман иттің атын Бөрібасар қояды» деген сөз бар еді, – деді Нұрмағамбет, жігіттің аты өзімен аттас болғанын ұнатпай, – атың жақсы еken. Қай елсің?

– Іргелі ел емеспін. Аз атаның баласымын. Арғы тегім Үйсін. Абылай ханның заманында атам батырлықпен еріп кеп, Керейден қатын алып тұрып қалған еken. Содан тараған төрт-бес үй бармыз. Керейдің бір аулында отырған кірмеміз. Ал, Паң ата! – деді Нұрмағамбет сөйлегісі келген Паң Нұрмағамбетті кимелеп, – рұқсат етіңіз, Керейдің аруағын шақырып, Қыпшақ балуанымен құресейін деп едім. «Ер жігіттің үш жұрты бар, біреуі – өз жұрты, біреуі – қайын жұрты, біреуі – нағашысы» – деп еді. Затым Үйсін болғанмен, Керейдің қызынан туған мен де Керейдің бір баласымын.

Паң Нұрмағамбет, жігітке жауап берудің орнына айнала қарап еді, қоршап отырған ақсақалдар «жіберіңіз» деп етінді.

– Бар, – деді Паң.

Жігіт қуанып жүгіре жөнеліп, қоршаған көптің арасында шешініп жатқанда:

– Есер неме емес пе? – деді Паң, – ұятқа қалдырмай ма?

Әлдекім оған Нұрмағамбеттің серілікте көнілі бар жігіт екенін және Қайрақтыда басынан кешкен халын қысқаша баянdap берді.

– Бәсе, айттым ғой, есер деп. Есер болмаса, өзі кедейдің баласы дейсіндер, әлгіндей онды киім кие ме? Енді

¹ Кебісі де, етігі де өкшелі қазақша етік.

жалшылыққа тұрғысы келмей жүрген біреу ғой. Жасы нешеде еken, өзінің?

– Биыл жиырмаға шығатын болар.

Паң ойланып қалды. – «Ә, – деп ойлады ол ішінен, – жасына қарағанда денесі сойқан еken. Мынау тегін болмас!».

Кешікпей көптің көзі ақ балтыры ашық күнге күмістей жалтырап, аяғын ойнақтаған құлышындай жылдам басқан сидам жігітке түсті. Жігіттің үстінде: қой жұн шекпен, женін тұрген.

Түie балуан да түрегелді. Дағдылы көзге ортадан жоғарырақ көрінетін Нұрмамбет бойының биіктігі, Түie балуанға қатарласқанда байқалды, – өзге адам кеудесінен келмейтін Түie балуанның бұл иығынан келеді еken.

– Ә, сенбісің, Керейдің балуаны? – деді ол күріл-деп, – атың кім?

– Кейін сұрарсың, әуелі күресейік.

– Жарайды, оқасы жоқ! – деді ол Нұрмамбетті менсін-бегендей, қымсынбай, – ендеши, қалаған жерінен ұста, бала!

Нұрмамбеттің шолақ қолы Түie балуанның беліне буынған қайыска шап ете түсті. Белбеуді ол, қолына қapsыра біr орап алды. Өзгемен күрескенде Нұрмамбет құшақтап көтеретін еді, мынау оған болар емес беліне адамның құшағы жетпейтін атан түйедей бірдеме!..

Жасым жігіттің жұдырығының тегеурінділігіне қарап «күші бар еken» деп ойлады. Түie балуан, сонда да аса хаяїп қылмай, шекпеннің екі өнірін кеуде тұсынан қapsыра ұстады да, біr қолын бос жіберіп:

– Ал қимылда, бала! – деді.

Сол кезде Нұрмамбет Түie балуанның сол жақ бүйірінен де ұстап, он жамбасқа ала сілтеп кеп қалып еді, Түie балуанның он тізесі бүгіліп барып, әрен дегенде түрегелді.

– Жықты! Жықты!.. десті Керей жағы жүгіріп. Әдетте тізесін бүксе балуанның жығылғаны.

Екі жақтан да жігіттер жүгірісіп жанжалдасып жатыр еді:

– Тоқтандар! – деді Нұрмамбет айқайлап, – жоқтағандарың менің намысым болса, кейін қайт, Керейдің баласы!

Тізесін бүгіп бәйгі алмай-ақ қояйын. Бағымнан көрем, қайта күресем.

Екі жағы балуандарды жіберіп, кейін шегінді.

Бұрын мұндай күшке кездеспеген Түйе балуанның ашудан бетіне түгі шықты. Нұрмағамбетті езіп тастауды ойлаған ол, денесінің әр түсінан ұстап еді – темірге тигендей батпады, бұлтындарап ойнаған бұлшық еттері уысын кейін серпіп жіберді. Денесін қапсыра көтеруге келтірмейтінін көрген соң, Түйе балуан белінен омырмак боп, құшағын айқастырып алып, олай да, бұлай да бұрады, кейде ұршақтай үйіріп алып та кетті, бірақ, қалай сілтесе де тік түсетін бір тамаша!

Ізалаңған Түйе балуанның самайынан тері, аузынан көбігі ағып, енді жағадан ап үйірге ойлаған кезде, Нұрмағамбет оның ішіне кіріп кетіп, түйедей денесін иыққа сап арқалай жөнелді. Сол қалыппен бұлқынған балуанды босатпай, арқалап жүріп, үйіріп-үйіріп, сылқ еткізіп шалқасынан тастап кеп жіберді. Құлаған балуанның екпінінен жер солқылдағандай болды. Нұрмағамбет ор қояндай ойнақтап, Керейге қарап жайнаңдай жөнелді. Түйе балуан жығылған орнынан тұра алмай қалды.

– Қа-быр-ғам! – деді ол ышқынып, басын көтерейін дегендерге, – сын-ды бе-лім...

Нұрмағамбетті Керей жағы төбелеріне көтеріп әкетті. «Сені тапқан анаңнан айналайын... Күшінен айналайын... Көп жаса!»... деген дауыстар даланы басына көтерді.

Бір уақытта Пан Нұрмағамбет төңірегіне қараса, аз ғана ақсақалдан басқа жан жок. Жұрттың қоршағаны балуан Нұрмағамбет.

– Отырысың, түге шуламай! – деп Пан ақырды, – не бар, даурығатын? Қанғырған жалғыз ауыл Үйсінді сонша ардақтап, сонша қошеметтейтін, Керейдің ол бел баласы ма еді?

Панға кім үндей алсын... Жұрттың даусы бәсенdedі. Осы кезде: үстіне тамаша кілем жапқан, кере құлаш кәмшат құндыз бен ала жібек шапанды өркешіне ілген түйеге бастатып, күміс тұрманмен ерттеген сұлу жирен атқа бастатып,

бас балуанның бәйгісі – жұз ірі малды Арғын Паңың алдына әкеп тосты. Бір тоғыз мал қосып түйе мен атты Паңың өзі алды да, өзгесін ақсақалдарға үлестірді.

– Балуанның өзіне де ырым беріндер. Кедей кісінің баласы, еңбегі, – деген әркімдерге Паңнан бұрын жауапты Нұрмағамбеттің өзі берді.

– Мен дүние жиғалы жұрген жігіт емеспін, – деді ол, – күшім мен халқым сен аман болсаң, одан артық маған не керек?.. Бәйгіден бір сабак та жіп алмаймын, ол көвшілік-сенің сыбағаң!..

Етігін басқан Нұрмағамбетке жұрт алғысты жаудырып қоршап тұрған кезде басына ақ жібек шәліні желбейгі салған, құлағында сырғасы бар, көйлек пен бешпенті татаршалау, орта бойлы, бетінде аздап қорасан дағы бар, ойнақшыған қара көзді, кішірек қыр мұрынды, жиырмалар шамасындағы қараторы әдемі келіншек көвшілікті кимелеп келді де, Нұрмағамбеттің иығына қызыл ала батсайы шапан жауып, қалтасынан мол, ақ жібек орамал алып, қолына ұстартты.

– «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды» деген, – деді ол сыпайы, сызылған сәнді үнмен, – ерлігінізге тартқан сыйым, көпке балап алыңыз!..

Келіншектің қарақаттай мөлдір, күлімдеген көзі Нұрмағамбетке құн сәулесінен өткір қадалып, оның өмірде жаннан жасқанбаған көзін тайдырып жіберді. Сол өткір қарастан оның бойы отқа тиген қорғасындаі еріп кеткен сияқтанды, аузына сөз түспей, жаутандап қарай берді.

Сыйына лайық жауабы тез беріле қоймаған соң, келіншек тағы бірдеме дегелі оңтайланып келе жатыр еді:

– Балуан, сені Паң шақырады, тез жұр! – деді бір жігіт.
– Біз бір жолаушы ек, – деді келіншек, – мекеніміз – Қараөткел. Жүріп бара жатыр ек, хош болыңыз!.. Келіншектің ұсынған қолының жіңішке ұзын саусақтары да, Нұрмағамбетке оттай ыстық көрінді.

– Хош! – деген сөзге ғана келді оның тілі. Келіншек Нұрмағамбетке қара көзінен нұр төге, төңкере бір қарады да, демін кеудесін кере алып, аяғын баяу басып жүріп кетті.

– Атын білесіндер ме, әлгі келіншектің? – деп сұрады Нұрмұғамбет, Паңға келе жатып қасындағылардан.

– Білмейміз.

– Қап, сұрамағанымызды қарашы, – деді Нұрмұғамбет өкінгендей, – әне, аттанып та кетті.

Паң Нұрмұғамбет балуан Нұрмұғамбетті қарсы алдына шақырып алды да:

– Жай қолыңды! – деді.

Нұрмұғамбет екі қолын көтеріп, алаканын жайды.

– Жігітім, жарайсың. Күшіңе сүйсіндім, – деді Паң. – Не бата тілейсің?

– Тілеп бата ала ма, Паң ата?

– Екеуміз аттас екенбіз, – деді Паң, – сен Нұрмұғамбетті қойып «Балуан» деген атқа ие болсаң қайтеді? Оны азсынсан қасына «Шолақ» деген сөзді қосайын!..

– Паң, берер батаң «Балуан» деген атақ болса, мынау көп ол батаны мана айтқан!

– Я, рас... айтқанбыз... «сүйгенін шұнағым» дейді... Халықтан сүйген атын ол алған... Оның аты «Балуан Шолақ!» – деген дауыс ду ете түсті.

Көптің құлағында бірнеше күнге шейін осы бір үн ызындағандай болды да түрді.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ауыл адамдары неліктен ата қонысынан көшуге мәжбур болды? Оған себепші жағдайлар шығармада қалай бей-неленген?
2. Қалампыр құдыққа құлаған өгізді қалай құтқарды?
3. Бала Нұрмұғамбет ата-анасына неге ренжіді?
4. Нұрмұғамбеттің бақыты немесе ол сұндет тайын қалай үйретті?
5. Нұрмұғамбеттің серті.
6. Романды толық оқып шығып, балуан, әнші, композитор, күрескер азамат Балуан Шолақтың (Нұрмұғамбет) өнегелі өмірінің қыын да қызықты белестеріне ерекше көңіл бөліндер.



ҒАБИТ МҰСІРЕПОВ

(1902–1985)



Ана тілдің тұнып тұрған бейнелеу, бедерлеу, суреттеу, зерлеу күдіретін, пластикалық икемді қасиетін кеңінен танытқан, зеріне – зер, зердесіне – зейін қосқан, туған халқының асқақ рухын әспеттеген Ғабит Махмұтұлы Мұсіревов – ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы ұлken тұлға. Оның әйгілі әңгіме, пьеса, романдары ел өмірінің ең бір елеулі кезеңдері мен кейіпкер легінің қылышы-қылышы тағдыры талайын

айрықша талант күшімен әсерлі суреттеген туындылар болды. Саңлақ суреткердің кейінгі ұрпаққа қалдырыған бай мәдени мұрасы туған әдебиетімізді әлемдік деңгейге көтерді.

Ел тағдыры шешілдер ірі оқиғаларға араласқан азамат-жазушы қызын заман, қылышы кезеңде де халқының жоғын жоқтап, сөзін сөйлемді, өз басына түскен қауіп-қатерден де қаймыққан кезі жоқ.

Ғабит Мұсіревов ел тарихына қоғам кайраткері ретінде де өшпестей із қалдырды.

Ол Жамбыл ауданы (Солтүстік Қазақстан облысы) «Жаңа жол» ауылында орта дәүлетті отбасында дүниеге келген, болашақ қаламгер алғашында ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Ол кездегі ауыл ақсақалдарының бір әдемі әдеті – кешке жақын дөң басына, көкорай шалғын көк майса ұстіне киізді жайғызып тастап, неше түрлі қисса, жырды қызыға, құныға тыңдайтын. «Әдебиетпен алғаш жақын танысым осы еді», – дейтін жазушы балалық шағын есіне түсіре отырып. Зерек бала «Қызы Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Ләйлі-Мәжнұн», «Қөроғлы», «Салсал», «Зарқұм», «Шәкір-Шәкірәт», сықылды ерлік пен

елдікке, пәктік пен сұлулыққа толы інжу-маржан жырды сүйсіне оқып, талай бетін жаттап та алады.

Рабит 1917 жылы Қостанай уезінің Обаган болысындағы екі сыныпты орыс мектебіне оқуға түседі. Оның ұстазы – қазақтың белгілі ақыны Бекет Өтетілеуов шәкіртіне жылы шырай білдіріп, әдебиетті сүйіп өсуге ықпалын тигізеді, өлең, жыр жаттатады. Мектепті бітірісімен, болашақ жазушы Пресногорьковтегі жоғары бастауыш училищеге түсіп, жеті жылдық мектеп көлемінде білім алады.

Аумалы-төкпелі ауыр уақыттың өзінде жас бала білім бұлағынан сусындауды армандайды, ертеңгі күнін ойлады. Сөйтіп, 1923 жылы Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне оқуға түседі, орыс және әлем әдебиетінің саңлақтарын, ұлттық сөз өнерінің үлгісін құмартса оқиды. «Мен, – дейді жазушы «Автобиографиялық әңгімесінде», – он тоғызыншы ғасырдағы орыс классиктерін сол рабфакта ұғынып шыққандаймын. Әсіресе Гоголь, Чехов, Горький бағыты ойыма қона қалушы еді. Оқуды бітірген кезде жазу талабы менде де ояна бастады».

Жұмысшы факультетінен кейін (1926) Мұсірепов бір жыл Омбы қаласындағы ауыл шаруашылығы академиясында оқиды. Сонда жүріп «Тулаған толқында» атты хикаятын жаза бастайды. 1928–1938 жылдары баспасөзде, әр түрлі орындарда жауапты қызметтер атқарады. Ізденіс пен қиналысқа толы 1938–1955 жылдар арасында бірынғай әдебиетпен айналысады. 1956–1966 жылдары «Ара – «Шмелъ» атты сатиравық журналдың бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы қызметтерін атқарып, 1966 жылдан кейін қайтадан бірынғай жазушылық өнерімен шүғылданады.

Ол Жапония, Мысыр, Алжир, Италия сияқты көптеген елдерді аралап, туған жерінің сөз өнерін насихаттауда мол еңбек сінірді. Ел құрметіне бөленген әйгілі академик-жазушы, көрнекті қоғам қайраткері Ғабенің төңірегіне тигізген ізгі әсері, жақсылығы аз емес еді.

Қаламгер ондаған мақала мен очерк, әңгіме мен новелла, ұлттық драматургияның алтын қорына қосылған «Қызы Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты»,

«Амангелді» пьесалары мен «Қазақ солдаты», екі томдық «Оянған өлке», «Ұлпан» романы және «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасын жазды.

Бір дәуірдің талай сыры шертіліп, талай рухани адамдық ізденіс-өзгерісі ақтарылған айтулы туындыларда азынаған замана лебі айқын сезіледі. Бұл туындылардан жазушының арман-тілегі, өрісі мен өресі, қинала кешкен ойы мен қыры, көтерілген шыны да «мен мұндалап» түр. Халкымыздың басынан өткен тағдыр-талайы, өмір-ғұмыры тым ауыр, аласапыранды болыпты, қүйзелуі көбірек, құніренуі молырак, қуанышы азырақ жолайрықта ұзак тұрып қалыппыз. Ғабен тартыс-күреске, арпалыс-айқасқа (әсіресе тап пен топ арасындағы) көбірек көңіл беліпті – бұл да қаһарлы заманның жан қалтыратқан сзынан еді.

F.Мұсірепов ер басына күн туып, етігімен су кешіп – елінің жартысын жайратып салған 1932 жылдың құлы кезеңінде бес азаматтың атынан қылышынан қан тамған жоғары орынға жаңын шүберекке түйіп жүріп ашық хат жазған азамат болатын. Қаламdas аға-досы – Биагана (Бейімбет Майлинге) жала жабылғанда, тағы да басын қатерге тігіп, айғайлап ара түскен: «Биагаң халық жауы болса, мен де жаумын!» – деп, адам таңғаларлық қайсарлық көрсеткен. Солақай сыншылар «Абай жолына» көк сұнгі сілтеп, ұлы Мұханың басына әңгіртаяқ ойнатқанда да ара түсіп, адап, байыпты, мәнді мақала жазып, ашық сайысқа шыққан да – F. Мұсірепов!

Ғабит Махмұтұлының асыл мұрасы, жүрегін жарайп шыққан жан сөзі – бәріміздің рухани азығымыз, мақтанышымыз, қымбатымыз. Айтулы жазушының адамдық қасиеті, азаматтық тұлғасы – бәрімізге үлгі, өнеге.

ШҰҒЫЛА

Әңгіме

Біз Қостанайдан шыққалы он төрт күн. Жоқ он төрт күн, он төрт түн. Өйткені біз түнде де жүріп келеміз. Жүрмесек, аттар да тоңады, өзіміз де тоңамыз.

Батпақты ауданының жеріне кіргелі жеті күн. Жеріне кірдік, елі қайда екенін біле алмай келеміз. Әлі бір адам кездескен жоқ.

Қостанайдан кашава шанаға жегілген пар атпен шыққанбыз. Аттар арықтады, жол екі күннен кейін жоғалды. Қөшпелі күртікті есепке алмағанда табандап бекіп қалған кардың өзі аттың тізесінен келеді. Атшымыз аттарды жетекеп отырады да, өлкे мен облыстың екі уәкілі шананың артынан жаяу келеміз. Үстімізде етегі сүйретіліп қарсызып отыратын қара тон, аяғымызда қара пима, әйтеуір жылжып келеміз.

Күн күлақтанып тұрған, сұық. Сібірдің атақты сұығы бетімізден сүйсініп сүйгені сонша, үшеуміз де қара кожалақпыз. Атшының төменгі ерні торғай шұқып кеткендей қып-қызыл жара, арақпен емдең келеді...

Батпақтының күні қаңғырған қайыршыдай әлдеқайдан алыстан көрінеді де, ақшаңқан аязға оранып алады. Бізді жылды туғіл, өзі тоңып жүргендей бүкшендең, белуардан жоғары көтеріле алмай, буалдыр аязға тез батып кетеді. Нан қойнымызда, колбаса қойнымызда, арақ қойнымызда. Сұықтан қатып қалған азығымызды осылай жылдытып жеп күн көріп келеміз.

Батпақтының айы мұндай арсыз болар ма! Шығырық атып аспанға шығып алады да, ыржаңдайды да тұрады. Күннің өзі көтеріле алмаған биікке шығып алғанына мастанып жүргендей.

– Жолсыз қалың қарда темір табанды кашавамен шыққандарың қандай ақылдылық болған! – деп бізді мазақтайтын сияқты.

Тастап кеткен қыстаулар кездеседі. Ондай иесіз қалған мекенге не қонып, не түстеніп паналамай өте алмаймыз. Қөнді қыстауларға қалың шыққан бидайық неше жылдан бері шабылмай қала берген екен! Аттарды ағытсақ болды – тұра қалып қар тебеді. Өзекті-ойпатты жерлердің шабылмай қалған шөбі одан да қалың. Аттарымыз осылай күн көріп келеді.

Ел жиі отыратын жер еді. Батпақты мен Торғай даласында мал басы миллиондар саналатын еді ғой! – дейді жолдасым Есқожа. – Қазір қаншасы қалғанын кім білсін...

– Әне бір шұғыла көрінеді! – деді алда келе жатқан атшымыз. Шұғыла!...

– Шұғыланың бізге не керегі бар? Тезектің түтіні көрінеді десен қандай қуанар едік...

– Әйтеуір адам жасаған бірдеменің көрінгені жақсы ғой! – Атшы бізді қатты ұялтып тасталды. Асыға аяндал, шұғылаға қарай тез жүріп кеттік.

Жазық даланың ойпаттау бір жерінде кесек қардан қаланған «аққала» көтеріле берген қунгे шағылысып шұғыладай жарқырап көрінеді. «Аққаланың» қасында осы араға келіп қайтқан шананың ізі бар, ішінде бір сиыр дірдектеп жатыр. Әуелі оны қара ала сиыр ма деп қалып едік, қара ала емес, мойны мен қыр арқасының жүні түсіп-ақ құйқаланып қалған қара сиыр болып шықты. Безгегі ұстағандай қалшылдан тоңып жатыр. Қаншардай қатқан арық. Дәл жаялғында «Алып» деген күйдіріп басқан таңбасы бар. Бір мүйізі сынық. Астына жаялыштай ғана қара-құрым киіз төсепті де иесі тастан кетіпті. Тоңып-қалшылдан жатқан бейшара сиыр тұра салып жүгіріп кететіндей ілгерілі-кейінді сырғып қояды. Бұл, әрине, шегіне жете жіңішкеген тіршілік. Сиыр байғұс соның өзін де қия алмай шолақ құйрығын қысып алышты.

– Бір кезде «Алып» колхозының болған ғой! – деді Есқожа.

– Бір кезде дегенің немене?

– «Алып» құрылған жылы-ақ құлап қалған.

Шанамызда келе жатқан «сақтық қорынан» сиырдың алдына шөп тастан едік, жей бастады. Іңшылдан қойып, жалмап жеп жатыр.

– Өлмей бақ, ақ құйқа! – дедік те жүріп кеттік.

Сиырын тастан, шанасын сүйреп кейін қайтқан адамның ізіне әлі қылау тұрмалты. Сайрап жатыр. Сол ізге түсіп екі сағаттай жүрген соң қар басып қалған ауылға кездестік. Бір ит үріп шыққан жоқ. Ойнап жүрген бала да кездеспеді. Үй-үйдің арасында адам іздері де жоқ.

Аяғында жалпақ табан шолақ шаңғы, иығында бір-екі коян, бір-екі қақпаны бар шал ауылға оралып келеді екен. Біз оған қол бұлғап едік, бала бізді алыстан орап өте беріп:

— Бастықтың үйі анау... төтеншеміз де сол... анау! — деп ұзай берді. — Анау!...

Бастықтың үйіне кірдік. Ауыз үйде семіз торы ат. Бізді көріп оқыранып қалды. «Шөп әкелдіндер ме?» дегені болар. Төр үйден әйел даусы шықты:

— Қайдағы қазақ, қайдан канғыра береді екен осы!... — деді.

Жас әйел бейне жағын пешке қапсыра тірей жатыр екен. Саусақтарында істікке шанышқандай алтынды-күмісті сақина мұнша көп болар ма! Шашы дудырап кеткен, ұйпа-тұйпа... Өзі де ұйпа-тұйпа. Бізге наразылық білдіруге қалай ерінбегеніне таң қалғандайсың. Семіруге, ұйықтауға әдейі арналып жаралған адамдай екен. Ұйықтап тұрып тамақ жейтін болар, тойып алып қайта ұйықтайтын болар деген ой келеді. Мына денеге көп ұйқы, көп тамақ сияқты.

Үй иесі-бастық – төрде мамық төсектің үстінде, кеңсірік дейтін кең алқаптан соққан ызғырық сияқты үн беріп ұйықтап жатыр. Бас жағында беті жабулы ағаш табақта қазының қабырғасы көрінеді.

— Бұл жолдас жай жатыр ма?

— Жай...

— Оятуға болмас па екен?

Жас әйел ордандалап барып бүйірден тұрткілеп еді, бастық оянбады.

— Қойсайшы, әй... болды ғой... — деді де, теріс айналып жатты.

Енді оның үні сыйызғы үніндей сыңсып шыға бастады.

— Оятыңыз? — деді Есқожа барынша қатқыл үнмен. — Тұрсын!

Әйелі қайта оята бастады. Бастық шоқпардай жұдырығымен уқалап көзін әрең ашты. Бізге сын көзімен қарап, қалай сөйлесуді ойланып қалғандай мелшиип әлі жатыр. Біздің олпы-соллы тондарымыз, қырынбаған қара кожалақ бет-аузымыз оған беделсіз көрінетін сияқты.

Есқожа сыртқы тонын сыпрып тастап еді, беліндегі бельгия браунингі көрінді. Сары ұлтаннан жасалған қабы қалтқысыз әсер етті білем, бастық басын көтерді.

– Е, мырза, бұл не, тал түске дейін жатқаныңыз?

– Мырза деп қайсың менің қойымды бағып едіңдер? – Бастық ықтамай сөйлесуге бел байлаған сияқты.

– Мырза болмасақ, қай кедейдің түске дейін жатқанын көріп едің? – Есқожа да дауысын көтере бастады...

...Есқожа жібіген жоқ.

– Сен өзің қанша уақыт болды деп ойлайсың? – деді.

– Тоғыз! – деді бастық, қабырға сағатына қарап.

Қабырға сағатының ұзын тілі тоғызды, қысқа тілі он екіні басып тұр екен.

– Тоғыз емес, он екі! – деді Есқожа.

– Тоғыз! – деді бастық. – Біз де сағат көрмей жүрген адам бола бермеспіз...

Аяқтап келгенде ашылған сыр – сағаттың екі тілі қай цифрдің үстін бірге басып тұрса, бастық үшін сол сағат болатыны анықталды.

Бастық еріксіз ықтай келе бізге жол болсын айтты. Қайдан келгенімізді білген соң оқыс әбігерленіп кетті.

– Шай қой, ет ас! – деді әйеліне. Иығы тарыла бастаған, жеңі қысқара бастаған ши барқыт қамзолын қапыл-құпыл киіне сала жаңа ғана өзі жамылып жатқан батсайы көрпені төрдің алдына төсей бастады.

– Төрлетіңіздер!

Сасқалақтай жүріп дамбалының балағымен қазының қабырғасын іле кетіп, аударып тастағанын білген жоқ. Бір тұтам қазысын сүйрей келіп, майы сорғалаған қабырға батсайы көрпенің үстіне аунап тұсті.

Шай мен ет – біздің он төрт күн, он төрт түн көрмеген тاماғымыз. Шешініп төрге шыға бастадық. Ұзамай атшымыз да келді.

– Аттарға шөп болар ма екен? Өзім карастырып көріп едім, таба алмадым, – деді.

– Болады, болады. Қазір әкеледі, – деді үй иесі. – Шайға кел!

Әуелі өзімізге рай бере қоймаған үй енді атшымызға да қошемет көресете бастады.

– Аттарынды қораға кіргіздің бе? Шананды да қораға кіргіз. Қаңғымалар көп...

– Әуелі аттарымыз бірдеме шайнап тұрса деп едім... – Атшымыз дүмді жерден келгенін анғартып үй иесіне безере карап тұр.

– Шайнайды, шайнайды. Шөп қазір келеді, – деді үй иесі.

– Өзім ауданда екі күн айналып қалып тұнде келіп едім. Шөп таусылып қалған еken. Кісі жібердім, қазір әкеледі.

Бастық біздің атшымызға толық есеп бере жауап қайырды. Атшы да оның ығысқан түрін танып, кердең басып келіп шайға отырды.

Үй иесімен шай үстінде таныстық. Бұл алдыңғы жыл құлаған «Алып» колхозының бастығы еken. Колхозы бұдан екі жыл бұрын құласа да, өзі кеше ғана құлапты. Оның үстінен үш жылдан бері осы ауданнан жіберілген төтенше уәкіл еken. Ол қызметінен әзір түспеген адамша сөйлейді.

– Жә, бұл кезде төтеншешің кәсібі не? – деп сұрадық.

– Әуелі жұрттың сал бөкселігіне жол бермей колхозға тарту еді. Одан соң елді бытыратып алмау сарпылтаңына кездестік...

– Қазір колхоздарың бар ма? Нешеу?

– О, қайдан болсын... бәрі де құлап қалды. Үшеу еді.

– Енді елің не кәсіп істеп отыр?

– Тарап кетті...

Сақал-мұртына мұз қатқан еңгезердей бір адам әлгінде ғана біз көрген аңшыны үйге сүйрей кірді. Қакпандары мен кояндары аңшының мойнында әлі жүр...

– Мұның не, әй, сірі-тақым? Шөп ұрлап жатыр ма еken? – деді үй иесі.

– Бұл менің ақтый! – деді еңгезер. – Ақтый! Айтсын өзіңнің көз алдында. Айтсын!...

Содан соң аңшыны тағы бір ілгері итеріп қойып:

– Сен менің күн шықпай кара сиырымды жегіп алып шөпке кетіп бара жатқанымды көрдің ғой? – деді.

– Көрдім.

– Өзім шанаға мінбей сирымды жетелеп бара жатпадым ба?

– Иә, жетелеп бара жаттың.

– Жаңа ғана шанамды жаяу сүйреп қайтып келе жатқанымды тағы көрдің ғой?

– Көрдім.

– Сонда менің сирым қайда?

– Е, мен қайдан білейін.

– Жоқ, сен менің ақтымсың! Тұрасын айт! Айтасың!

– Далада қалған шығар...

– Міне, міне, далада қалды! Сойып жегенім жоқ. Қардан аққала жасадым да, соның ішіне тастап кеттім. Енді сен кете бер!

Еңгезер аңшыны есікке карай итеріп жіберді де, үй иесіне қарады.

– Өзің естідің ғой, төтенше бастық жолдас. Сирым далада қалды. Торы ат аш болмайды. Бір атты жаяу болсам да асырап шығам. Ана арам қатқыр сиырды енді менен сұрамайтын болшы, әке-құлдық!..

Еңгезер көзі алақ-жұлак еткен қорқақ адам тәрізді. Бастық «естідім» дегенше есінен танып қала жаздал тұр.

Есқожа шыдай алмады.

– Аққалаңды біз де көрдік. Сирың тірі. Алдына шөп салып, бір уыс тары төгіп кеттік. Жеп жатыр. Алып келіп жылы қораға қойсан, мал болып кетеді,—деді.

– Жарайды... бірдеме қылармыз. Бара бер, – деді үй иесі. Еңгезер шығып кетті. Біраз үнсіз қалдық. Шай сұзынып, дәмі кете бастады.

Тұлкі малақайлы, қызыл бет, семізше жігіт үйге жүгіре кірді. Арт жағында бейберекет шуласқан әйелдер даусы ере келе жатыр.

– Ойбай, бастық жолдас, төтенше бір шара қолданбасаң, мына қатындар мені жеп қоятын! – деді тұлкі малақай. Қара көленкелеу жер үйде бізді енді ғана абылап, тоқтап қалды.

– Қоя тұр, коя тұр! – деді үй иесі.

Топырлап әйелдер де үйге кірді.

– Өлтірмесендер... біржола құртайын демесендер... – десіп келеді. Бәрі де азған-тозған, арығы жеткен, ашынған әйелдер.

Малақайлы жігіт кете алмады. Төтенше бастық үндей алмай қипақтай берді. Әйелдермен біз сөйлесе бастадық.

– Қане, женгейлер, келген жұмыстарыңызды жайлап айта бастаңыздаршы, – дедік.

– Жұмыстарыңызды деп мазақ қыласындар ма? Бізге қандай жұмыс беріп қойып едіңдер! – деп бір әйел шап ете түсті.

– Жайлап деулерін қарашы!.. Жайлап отыратын қандай жайымыз қалды біздің? Жай сендерден басқа кімде қалды! – деп екінші әйел де шаптыға косарланып еді, содан кейін бәрі қосыла шуласып кетті. Бір сәтке сөз ұшығын ұстай алмай қалдық. Әйтеуір наразылық, әйтеуір ашынғандық, әйтеуір аянбай салғыласуға келгендік анғарылады.

– Әй, шағаладай шуламай қоя тұрындаршы! – деп бір мосқал әйел ілгері жылжып берірек келіп отырды.

– Жайлап дедіңдер ғой, өздерің де жайлап тыңдаңдаршы! – деді бізге. – Бір шана астықты мына тұлкі малақай піркәншік өз үйіне жөнелтті ме? Жөнелтті! Жөнелткен жоқ деңдерші, қане! Ол бізге деп берілген қазынаның астығы емес пе? Тағы бір шанасын мына жарылайын деп отырған қатынның үйіне жібердіңдер ме? Жіберген жоқпыз деңдерші, қане!

Әйелдердің бәрінің сұқ саусақтары төтеншешің өз әйелін нұсқап қалды: – Мына қатынның!

– Неге үндемейсіңдер?

Төтенше мен піркәншікте үн жоқ. Піркәншік төтеншеге ығыса қарайды, төтенше бізге ығыса қарайды. Әйелдердің айыптауына мойындасып отыр. Ешкім үндей алмаған соң әйелдер енді біздің шанамызға тиісті.

– Жана ғана осы үйге пар атпен келген қайсыңың жақындарың? Тағы бір шана астықты тұнге қарай әкелетін шығар?

Шай тамақтан өтпей қалды. Арам ас жеп отырғандаймыз. Ұрының үйінде отырғандаймыз.

Бізді осындағы қыындыққа ұшыраған аудандарға жәрдем беруге жіберер алдында өлкенің үлкен басшысы едәуір сөз сөйлеген:

— В Казахстане ни карипов, ни касиров, ни джесиров нет!¹ — деген.

Ауыл адамдарына партия бағыты дегеннің бет алышын аңғарту үшін мына екі жігіттің қырын сындыру керек сияқты.

— Сен, бастық, атынды жегіп қазір әлгі адамның сиырын әкеліп бер! — дедік үй иесіне. Ол тез жөнеліп кетті. Піркәншік деген тұлкі малақайға: — Сен бізге магазиніңді көрсетші, — деп орнымыздан тұрдық. Әйелдер бізге ере жүрді.

— Ләпке дегеніміз осы, — деді тұлкі малақай талдан тоқылған сарайдың есігін ашып жатып.

Екі терезесіне ішінен де, сыртынан да әр түрлі темірден айқыш-ұйқыш тор ұсталыпты. Сарайдың сырты сыланбаған еді. Ішкі жағы сыланған екен. Жер еденде ауыр жүк өлшейтін кір жатыр. Бір бөшкө қара май, бір-екі қамыт, он шақты сыранбаған доға, бір қап тұз бар...

— Сен, әй, сұрқия-сұрдың сұмырай байы, мына кісілерге өтірік ләкпеніңді көрсетпей, шын ләкпеніңді көрсет! — деді әлгі мосқалдау әйел. Біздің қайдан келгенімізді андал қалған екен, енді қатты кетуге бет алғандай тепсініп тұр. — Бұл ләпкең қадыра қалсын!..

Әйелін сұрқия-сұр, өзін сұмырай дегенге піркәншік шамдана алмады. Бейпіл ауыз әйелдің сөзін елемейтін, кең мінезді кешірімді кісім болып күлімсіреді де:

— Қайдағы ләкпені айтады?! — дей салды.

— Шошалаңа жапсыра салған ләкпеніңді айтамын. Жүр, мына кісілерге соныңды көрсет! — деді әйел.

— Склатты айтамысың? Склатты ләкпе деп тұр!..

Қора жақтан ашына шыққан әйел даусы келді:

— Ойбай, Дәuletбек, талап жатыр, талап!..

Бәріміз де далаға шықтық. Кең ауладан баршылық белгілері танылады. Жер қарада үйіп алған орташалау мая шөп. Төбесі жартылай жабылған лапаста қомы алынбаған атан түие тоқмейіл күйсеп жатыр. Жабуланған семіз торы

¹ Қазақстанда ешқандай да қарып-қасерлер, жесірлер, жок.

ала ат, он шақты қой-ешкі шөпте тұр. Біздің аттар да сол шөпке келіп қадалып қалыпты. Аулада шуылдасқан көп әйел шұбырып жүр.

Сұрғылт тұсті бойшаң әйел қолында темір айыр, шошала жаққа жанды жақындағанпай қорғап тұр.

– Жақындағаныңды түйреп тастаймын! – деп айбат көрсетеді. – Өңкей өлімтік! – деп қорлап та қояды.

Азған-тозған, ашынған әйелдер де біз жақындаған соң арқаланып кетті. Олар да айыр ұстаған әйелді көп ауыздан жабыла сыбап кетті. Әйелдердің алма-кезек салғыласқандарынан едәуір нәрсені аңғарып қалуға болатын еді. Жалмауыз саудагердің қызы... жалмауыз сұмырайдың жалмауыз қатыны! Сенің атың Ұрқия еді, сұрқия-сұр деп жай атанған жоқсың, сен салдақы...

Ұрқия деген әйел бір мінезіне қарай сұрқия-сұр атанип кетсе, оның аржағында «салдақы» деген бір кең шиыр тағы жатқанға ұқсайды.

Әйелдердің үшеуін ғана ертіп шошалаға кірдік. Азықтүлік исі аңқып тұр.

– Жасырын есігінді аш – деді мосқал әйел. Дәuletбек үйілген тері-терсекпен жасырып қойған есікті ашты – складқа кірдік.

Бұл жылдарда қар басып қалған азғана ауылдарда мұндаидар көп астық болар деп ойлау қыын еді. Ауыл аш. Мынау складта қазына қабымен жатқан бидай, тары, ұн, шай-қант үйіліп жатыр.

– Складында қанша астық бар? – деп сұрадық.

– Елу қап шамасы болар, – деді Дәuletбек.

– Ой, қаптың астында қалғыр, сұмырай! Кем болса жүз елу! – деді мосқал әйел. Елу мен жүз елудің арасында үш есе айырма барлығына Дәuletбек әзір қысылмай тұр.

Әйелдер қаптарды қолдарымен түрте жүріп, – мынасы – тары, мынасы – ұн, мынасы – қант! – десіп қалады.

– Мына қаптардың астында қамбасы тағы бар! Оны да аштырып көріңдер! – деді әйелдер.

– Бұл қайдан келген, қашаннан бері жатқан қаптар?

– Қазынаның беріп жатқан жәрдемі ғой...

– Таратып бермеген бе едің?

– Келгендері алды, келмегендері алған жоқ.

Ауыл сыры эйелдерден жасырына алмайды. Үлкен қалаларда да, алақандай ауылдарда да солай. Біздің қасымыздағы эйелдер енді тіпті елкінде кетті.

– Сен өзің қанша үйге, қанша адамға деп жәрдем әкелесің? – деп сұрады мосқал әйел.

– Қанша адам болса, сонша сұраймын да! – деді Дәuletбек. – Артық беріп жатқан кім бар деп тұрсың!..

– Жоқ, антүрган, өтірік айтасың! Сен үш жұз үйге деп жәрдем астығын аласың. Саған қарайтын үй саны жүзге толмайды. Өзгесі әлдеқашан тарап кеткен. Мына қаптар – сол жоқтардың несібесі.

– Ауылнай қанша үй бар десе, мен соған жәрдем әкелемін. Мениң жазығым не? – деді Дәuletбек.

Жергілікті қызметкерлер өлке басшыларының жоқты бар дегізіп отырған ыңғайына көндігіп алыпты. Өлістірісі белгісіз, әйтеуір аудан көлемінде жоқ адамдарды бар деп жәрдем алады. «Өлі жандардың» несібесі өлік тонауышылардың несібесі болып жатыр. Тірі жандар қоса тоналып жатыр.

* * *

Біз қара сиырдың иесі Сатығұлдың үйінде отырмыз. Манағы өжеттеу жеңгей Сатығұлдың әйелі Уәзипа жікжапар болып шақырып әкелді.

– Төтеншешенің қою шайын шала-пұла іштіндер... Піркәншіктің үйіне де кірген жоқсындар. Осы ауылдан құр ауыз кетесіндер ме!.. Тым болмаса біздің үйдің ақ-су шайынан ауыз тиіндер, – деді.

Он төрт күн, он төрт түн жүріп келген біздің де бір ыстық шай ішетін уақытымыз болған екен. Бас тарта алмадық. Қара сиырды әкелген екен. Әкі дір қалтырап сұық үйде жатыр. Әйтеуір алдында шөп бар. Сатығұл қара сиырдың жырын бастағалы жарты сағаттай болды.

– Мұндай мініске берік мал көрген емеспін! – деп бастап еді. – қызығы енді келе жатыр! – деп шайды бір-екі ұрттап алды.

– Қызығы енді келе жатыр... бұл өзі менің сиырым болатын. Сауырына «Алып» деген таңба басылған соң колхоздың ортағы болды. Сол кездегі төтенше уәкіліміз мені ауданға жүмсады:

– Мынау «найзағай-телеграм» деген нәрсе! – деді маған. – Рапорт! Райком-Ыбырайдың өз қолына тапсыр!

«Алыптың» малы сол күні таңбаланып жатыр еді – сиырыңа таңба бастырып ал да, мін де жөнел! – деді. – Таң атқанша қайтып кел!

Сол кезде «райком» өзіне райком, төтеншеге түк қыла алмайды!» деген закон шығып, төтеншеге қарсы бір ауыз сөз айта алмайтын болғамыз. Мен де жүре бердім. Төтеншениң бір жұмысына жарап кеткеніме ренжіген де жоқпын. Кім біледі, сөйте-сөйте белсенді қылышпап алар ой да жоқ емес...

– Сені ме!? – деп, осы арада Үәзипа жеңгей бір сөз қыстырып қалды.

– Қызығы енді келе жатыр... Райкомға ертеңіне таң ата жеттім. Біресе сиырымды жетелеп алыш жүгіріп отыра-мын. Біресе сиырыма мініп алыш аяғымды суытып аламын. Ауданға дейін қырық шақырым жер. Сиырды жетелеп алыш жүгіріп-жүгіріп алмасам, таң атқанша қайдан оралышпап келе алам? Ылғи жүгіріп отыруға өзім қайдан шыдайын! Эйтеуір таң ата жеттім-а... Ауданға да жеттім, жапалақтап қар да жауышпап кетті. Найзағай-телеграмды райкомға тапсырдым да, кейін қайттым.

Қар әлі жауышпап тұр... Ауданнан он шақырым шықтым ба, шықпадым ба, үш салт атты кез болды. Сиырды жетелеп алыш, қабырғаласа жүгіріп келе жатқанмын.

– Тоқта! – деп ақырып қалды біреуі. Тұра қалдым. Қош бол, қара сиыр, дедім ішімнен. Қош бол, Сатығұл! – дедім.

– Қайда қашып бара жатқан қазақсың?

– Райкомға найзағай әкеліп қайтып барам.

– Райкомнан алған қағазыңды көрсет!

– Қағаз берген жоқ...

– Сиырды қайдан ұрлап әкеле жатырсың?

– Өзіміздің «Алыптың» сиыры. Кеше ғана басқан таңбасы бар, міне!

- Сиырыңың қағазын көрсет!
- Базарға апарғанда болмаса қазақтың сиырында қағаз бола ма, қағазы жоқ, – дедім.
- Бас жібін бері әкел! – Бір белсенді сиырымды жетелей жөнелді, екінші белсенді дәл таңба басқан сауырдан камшымен осып жіберді. Қара сиыр мықшиып қала жаздады.
- Өзімді де бір тартып қалды демейтін бе едің? – деді Уәзипа женгей.
- Өзімді қойшы, тәнрі... Менің арқам не көрмеген арқа! Қара сиырға жаным ашып кетті. Қолымда туып, қолымда өскен дөнежін сиырым ғой. Сиырды белсенділер әкетіп барады.

– Тым болмаса сиырымды алғандарыңа өздерің қағаз беріңдерші, – деп мен жүгіріп зарлап келем.

Сиырымда тартып алған, кейін білдім, осы Егізек төтенше екен. Мана өздерің келіп бірінші түскен үйдің иесі, осы күнге дейін төтенше бастығымыз болып отырған жігіт. Қасындағы екеудің бірі – жаңағы піркәншік. Оны да кейін білдім, аты Дәулетбек екен.

Егізек төтенше атының басын тартып азырақ бөгелді де:

– Аулыңа сәлем айт: мен Егізек төтеншемін! – деді. – Сиырың «Терісаққанның» малына қосылады. Қағазды сонда келіп аласың!

Сиырым желе-жортып ұзай берді, мен қала бардым...

«Терісаққан» киіз үйден жасалған қала екен. Бұрын бөлек-бөлек отыратын ауылдарды бір жерге жинап қондырыпты да, «қала» деп атапты. Кәдуілгідей көшелері бар: Калашокін көшесі, Елтай көшесі, Құрамыс көшесі... Үйлердің маңдайшасында қағазға жазып жапсырып қойған нөмірлері де бар. Ең шеткі үйдің қасында ат ерттең жатқан бір жігітке кездесіп «Терісаққанның» бастығы қайда тұратынын сұрадым.

– Калашокін алпыс, Елтай жиырма жеті! – Одан әрі сұрауға бата алмай жүре бердім.

Қаланың орта кезінде әрлі-берлі қанғып жүрдім де бала арқалап келе жатқан бір қатыннан «Калашокін алпыс» қайда болады деп сұрадым.

—Адыра қалғыр, Калашокін алпыс деп сәнденбей-ақ, бастықтың кансарапы қайсы деп сұрамайсың ба? Әне, анау үй... түндігінен түтін будақтап жатқан.

Түтін будақтап жатқан үйден керісіп-кергілескен ерек даяуыстары да будақтап шығады. Кіруге бата алмай, сол үйдің айналасынан ұзай да алмай, күн батқанша жүрдім де койдым.

Бұл үйде аудан көлеміндегі барлық төтеншелердің съезі болып жатыр екен. Сол съезге арыз айтамыз деп келген мен сияқты көлденең күйіп кеткендер де жиырма шақты адам болды. Біріміз арқамызды киіз үйге сүйеп жүрелеп отырып съезге құлақ салдық. Киіз үйде сыр жасырына ма, үйдің ішінде не болып жатқанын түгел естіп отырмыз.

—Ібырай жолдас, сен қатенді мойныңа ал! – дейді бір өктем даяус. – Ал арқандар оты жоқ, бұзау ішер суы жоқ жерге киіз үйден қала салдыра ма екен? Қыс мынау болса келіп қалған. Барлық малды иіріп бағып, айдал барып суарып отырысындар, тал түсте қырып алмайсындар ма?

Ібырай райком да бас сауғалап жатыр:

—Күзден қалмай жүз процент колхоздастып болсын деген бұйрық берген өздерініз емес пе? – деп. – Ол бұйрықты алғанымызға екі-ақ жеті болды. Міне, орындаңық! ТОЗ күрмандар, ірі болсын дедіндер, орындаңық. Колхоздарымыздың алып емесі бар ма? Біз өз бетімізben ешнәрсе істеген жоқпыш! – деп бар күнені өлкеге аудара сөйлеп отыр.

Бұл керіс ұзаққа созылып барып, пышак кескендей тоқтады. Ібырай райком болмай қалды. Үйден салбырап шықты да, атына мініп алып жалғыз кетті...

Оның артынан біздің Дарабай төтенше үйден шықты. Оның да босап шыққанын сезіп, мен қасына да бармадым. Одан кейін де екі-үш төтенше салбырап шығып жалғыз-жалғыз кетіп жатыр. Енді бір-екі жігіт, колхоз бастықтары болуы керек, осы бәледен құтылғанымыз жақсы болды деп кетіп барады.

Өлкеден келген адамның Егізекке жан тарта сөйлегені естіледі:

– Егізек, сен «Алып» колхозына бар... Төтенше болып қала бер, төтенше бастық бол! – дейді. Егізек оған алғыс айтып, қасында Дәuletбек, үйден жайрандап шықты. Атып тұрып сәлем бердім.

– Өй, сен манағы қара сиырдың иесімісің? Мен «Алыпқа» бастық болдым. Сиырыңды тауып алмай қайтпа! – деді. Қуанып кеттім.

Сол түні «Терісаққан» қаласы құлап та болды-ау деймін. Орталықтағы малдарынан қолік алыш, әр ауыл өз мекеніне көшті де кетті. Колхоз бастығы Есентай аулына көшіп кетіпті.

Қызығы енді келе жатыр... Мен Есентай аулына келейін. «Терісаққанның» бастығы бір кеудемсоқ жігіт болыш шықсын. Мен одан сиырымды сұрайын, ол маған өзің осы колхозға кіресің десін!

– Неге? – деймін фой.

– «Алыптың» жаңа бастығы Егізекпен келістім. Интернационал колхоз жасайтын болдық: «Алыптан» отыз үй біздің колхозға көшеді, бізден отыз үй «Алыпқа» көшеді. Сен өзің «Алыптың» бас білетін белсендісі қорінесің. Осы жұмыстың басына қоямын. Сиырды кайтесің, астыңа ат берем, үйінді де, сол отыз үйді де көшіріп әкелетін бол, белсенді қоям!

«Белсенді қоям» дегенге ішім бұрылып та тұр, қорқып та тұр. Бірақ бастық маған сөз беретін тұрі жоқ. Қасыма бір жігіт қосып берді де:

– Колхоздың жылқысынан қалаған атын ұстап бер! Айда! – деді.

Қалаған атын ұстап берсе, оның ар жағында қазақтың арманы бола ма, жігітке еріп жүре бердім. Бір торы бесті ат, пай-пай-ой, құлағы шекесінде, әлдекімнің бір қызға балаған аты болды ма екен, ойқастап көзіме түсे берді.

– Осыны ұста! – дедім, ұстады, міндім де жүре бердім.

Аяғын шекіп басады. Шабыс қандай, көзіңнен жасынды ағызады. Желіс қандай, жел қайық па дерсің. Егізектің ауыз үйінде тұрған торы атты қөрдіндер фой. Сол ат. Қазір жетісі толып, сегізге шықты. Бір он шақырым аттың қызығымен келе жаттым да қара сиырым есіме түсіп кетті. Қой, мұндай

ат менің маңдайыма сыя бермес. Түптердің түбінде әрі атсыз, әрі сиырсыз қалсақ, мына қатын менің басымды үйтіп жер дедім де, «Терісаққанның» сиыр малдарын аралап жүріп сиырымды тауып алды. Соным дұрыс болған екен... Торы атты көрген жерден-ақ Егізек тартып алды. Сиырым әлі өз колымда... Одан бері не көрмедік!.. Жаз бойы мен өзім Егізектің анда бар, мында барында жүремін. Қыс бойы торы аттың шөбін тасымын... сүйн әкелем,.. соны күтем...

— Енді ол бейнеттен құтыларсың. Егізек орнынан алыныпты, — дедік Сатығұлға. — Енді оның орнына бір дені дұрыс адам келетін болар.

Сатығұл біздің сөзімізге әуелі сене алмады, одан кейін корқа бастады:

— Ай, шырақтарым-ай, осы сөзді басқа бір үйде айтсандар екен... Біздің ауданда жақсы адамдарды оңай құлата салып, қолынан түк келмейтін құр қыл-ауыз, қызыл өңештерді қорғаштай беру әдет болып кетті. Эй, Егізек төтенше құлай қоймас... Екінші, біздің ауданда орнынан құлаған адамнан гөрі соның орнына қойылған адам жөндеу болып шығады. Бұл да әдетке айналып кетті. Эй, Егізек құламас! — деді.

Біз әңгімен отырғанда піркәншік Дәuletбек Сатығұлдың үйіне бір шана шөп әкеліп беріп кетті. Сатығұлдың сенімі енді ғана тұрақтанғандай болып: — Қа-тын! — деді әйеліне...

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Шанадағы жолаушылар кімдер? Олар алыс ауданға қандай мақсатпен келе жатыр?
2. Әңгімede қандай кезеңнің шындығы суреттелген? Қалай суреттелген? Ой-пікірлерінді әңгімede суреттелген оқиғаларға, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне негіздей отырып айтып беріңдер.
3. «Алып» колхозының бүрынғы бастығы Егізек, піркәншік Дәuletбек қандай жандар? Олардың жағымсыз болмысын автор қалай ашып көрсеткен? Екеуіне қыскаша мінездеме беріңдер.
4. Жалпы халқымыздың тарихында басынан кешкен колхоздастыру, колективтесдіру науқаны, асыра сілтеуішліктер жайлы не білесіндер? Басқа да бұл тақырыпта оқыған шығармаларың, көрген кинофильмдерің бар ма?



ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

(1911–1955)



Қасым Рахымжанұлы Аманжолов 1911 жылдың қазан айында Қазіргі Қарғанды облысының Қарқаралы ауданында Қызыл деген жерде туған. Жастай жетім қалған ол ең алғаш жиырмасыншы жылдардың бас кезінде ауылда ашылған мектепте сауатын ашып, кейін Семей интернатында (1924–1926) тәрбиеленеді. 1927–1930 жылдар ішінде сондағы мал дәрігерлік техникумында оқыды. 1930 жылы Қасым Алматыға келіп, біраз уақыт газетте қызмет істейді де, 1931 жылы орман шаруашылығы институтына түседі. Бірак денсаулығына байланысты институтта бірер жыл ғана оқыған Қасым Орал қаласына келіп, «Екпінді құрылыш» газетіне қызметке орналасады. Кейін (1935–1936) Орал театрында істейді.

Жасынан өлең-жырға үйір Қасым Семейде жүрген кезде шәкірттік өлеңдер жазған. Ал оның шын ақындық жолына түсүі – Оралда қызмет істеген жылдар. 1938 жылы ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы «Өмір сыры» деген атпен басылады.

Қасымның алғашқы өлеңдері отызыншы жылдардағы ел өмірінің өзекті мәселелеріне үн қосу түрінде жазылған. Сөз өнері үлгісінде ақынның әлі де үйрену, іздену үстінде екені байқалады. Ауыз әдебиетіндегі толғау, шешендік үлгілері мол ұшырасады. Өмір суреттеріне келгенде, ақын көргендерін тізбелеу, оны сырттай қызықтау, таңдануға көбірек беріледі.

Соған қарамастан, Қасым – ғажайып тез өскен ақын. Өзінің ақындық құшті таланттың ол дүниежүзілік поэзияның озық үлгілерінен үйрену үстінде шындалап, жетілдірді. Оты-

зыншы жылдардан бастап ақын Байроннан, Пушкиннен, Лермонтовтан, Шевченкодан, Маяковскийден тамаша-тамаша аудармалар жасады. Осының нәтижесінде Қасым ақындығы тез кемелденді. Бұған сол кездің өзінде жазылған «Жамбыл тойында» (1938), «Құпия қызы» (1939), «Бурабай толқындары» (1939), «Көкшетау» (1939) тәрізді өлең-поэмалары күә. «Жамбыл тойында» Қасым дүние жүзінің ұлы ақындарын киялмен Жамбыл тойына жинап, сол арқылы біздің заманымыздығы сөз өнерінің құрметке бөлениүін бейнелесе, «Құпия қызы» Қытай жеріндегі қазақ қызы Ләззаттың ел билеушілердің озбырылғына шыдамай қашып өтуін суреттейді. Ақын дүние жүзіндегі езілгендер мен қорлық көргендердің біздің елден пана іздеуін шабыттана жырлап, мактан етеді. Көкшетау туралы жырларында табиғаттың әдемі жасалған жанды суреттері мол....

ТУҒАН ЖЕР

Шықшы тауға, қараши кең далаға,
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсөн,
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?

Уа, дариға, алтын бесік тұған жер,
Қадірінді келсем білмей кеше ғөр.
Жата алмас ем топырағында тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,
Нендей күйге жүрегімді бөледің,
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,
«Арманым жоқ бұл дүниеде» дер едім.

Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім,
Қызығынды көріп еркін келемін.
Сен де аямай бердің маған барыңды,
Мен де аямай барым саған беремін.

Болдым ғашық, туған дала, мен саған,
Алыс жұрсем, арманым – сен аңсаған.
Жақын жұрсем, мен төрінде рахаттың,
Өз Отаным – өзім туған босағам.

Сұраптар мен тапсырмалар



1. Өлеңді оқып, оқулықтағы өлеңдердің тақырыбы мен мазмұны жағынан байланысын байқаңдар.
2. Бұл өлеңде ақын жастарды туған жерді сүюге тәрбиелей отырып, туған жер үшін аянбай еңбек етуге үндейтінін аңғарыңдар.
3. Мәтінде қайталанып келген сөздерге назар аударыңдар. Олардың басты ойды ашуға қаншалық әсері бар деп ойлайсыңдар.
4. Өлең шумағын, ұйқасын, буын санын ажыратыңдар.
5. Өлеңді жаттап алыңдар да әнімен орындандар.
6. Туған жер тақырыбына сурет салыңдар.
7. Туған жер туралы мақал-мәтелдерді атандар.

ДОМБЫРА

Бірінші өлең

Домбыра, мұнша шешен болдың неге,
Күй толған көкірегің шежіре ме?
Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің,
Саусағым тиіп кетсе ішегіңе.
Аққудың әуеніндей үнің бар-ау,
Сарыарқа самалындаі ескен баяу.
Бөбектей бесігінде маужыраған,
Тыңдаймын мен отырып ұйқылы-ояу.

Екінші өлең

Салқын кеш ашып тастап терезені,
Қолға алсаң қоңыр сазды домбыраны,
Қарындаі қалықтатып қиял сені,
Асқар ой шыңына бір қондырады.

Жарқ етіп ашылады жұмбақ жаһан,
Әлемі ақындар мен күйшілердің,
Үн-тұнсіз отырасың болып аң-таң,
Құпия сырын андал көк пен жердің.
Қоныр саз домбырадан ескен баяу,
Тербетіп, көтереді сені ақырын,
Оянып, көкірегіне келед таяу,
Белгісіз әлдеқайда жатқан жырың.
Сол мезет жайып тастап жаныңды алға,
Келер жыл жолын тосып отыра қал,
Тізіліп көз алдында жыр туғанда.
Құлшынып тағы қайта домбыраны ал.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ақын домбыраның маңызын өлеңде қалай берे білген?
2. Домбыра, қазактың күйлері, ол туралы аңыздар сендерге ұнай ма? Қандай күйшілерді, олардың, қандай күйлерін білесіңдер? Домбыраның шанағы туралы аңызды улкендерден сұрандар.
3. Музыканы тыңдап үйреніңдер. Онда халқыңың тарихы, табиғаты, қуанышы мен мұны бар. Ақын ағаларын Жұмекен Нәжіменовтің «Күй» кітабын оқындар.
4. Қ. Мырзалиевтің «Домбыра» атты өлеңін қосымша оқып алындар.



ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ (1920–1989)



Жұбан Молдағалиев 1920 жылы Батыс Қазақстан облысының Тайпақ ауданында, Жыланды деген жерде туған. Әкесі жастай қайтыс болған ол ана тәрбиесінде өсіп, өз ауылында орталau білім алады. Кейін Оралдың ауыл шаруашылығы техникумында оқиды. Болашақ ақынның әдебиетке әуестенуі мен өлең жазуға ұмтылған алғашқы талабы да Оралда басталды. Ол әдебиеттің майдағаннан күнге күнге белсенді қатысады. 1939 жылы облыстық жастар газетінде тұңғыш өлең жарық көреді.

1940 жылы Жұбан міндettі әскери қызметке шақырылады да, сонда жүріп Отан соғысын қарсы алады. Оның жас қаламы жауға қарсы ұрыстың ауыртпалық сезімін бастан кеше отырып, қаз тұра бастайды. Ақын «Отан үшін», «Майдан үшін», «Майдан ақиқаты», «Женіс туы» атты майдан газеттерінде қызмет істеп, өлеңдерін жариялады.

Армия қатарынан қайтқаннан кейін Жұбан «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналының редакциясында, Қазақстан Жазушылар одағында басшы қызметтер атқарды. 1949 жылы «Женіс жырлары» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді. Одан бергі кезеңдерде ақын «Нұрлы жол» (1951), «Жыр туралы жыр» (1957), «Заман танысы» (1960), «Жесір тағдыры» (1962), «Гашық көзбен» (1964), «Мен – қазақпын» (1965), «Қыран дала» (1970), «Байқоңыр баспалдақтары» (1979) атты т.б. жыр жинақтарын ұсынды.

Жұбанның алғашқы жырлары соғыс жағдайында жазылғандықтан, негізінен, ерлікті, Отан суюшілікті, жеңіске де-

ген сенімді жырлауға құрылады. Бірақ жас ақын жалаң ұраншылдыққа, науқаншылдыққа бой алдырмай, жауынгер солдаттың көңіл күйінің шынайы сезімін суреттеуге, шындықты сурет арқылы тануға ұмтылыс жасады. «Батыр туралы баллада», «Әлия», «Ер қабірі» сияқты балаң жырларының өзінде де ерлік пен сезімді қоршаған органың шындығымен астастыра суреттеу талабы байқалады.

Жұбанның лирикалық жырлары адам сезімінің әр жағдайдағы көрінісін бейнелеуге құрылады. Ол адамды сүю, жар сүю, ана сүю, Отан сүю сезімдерін тоғыстыра, үлкен бір идеяға айналдырады. «Аққу», «Аққу аспанда емес, жер бетінде», «Көзімде қалды суретің» сияқты өлеңдері бұған айғақ. Осы сүюлердің ар жағында өмірге құштарлық, өмірді сүйе білу жатады. «Махаббат ерлігі» атты өлеңде бірін-бірі сүйеп, демеп жүрген екі мүгедек музыканнтардың өмірінен өмірдің өлмес қүшін таниды. «Мен қазақ әйеліне қайран қалам» атты өлеңде тарихтың тәлкегіне көне жүріп, Аналық бейнесін сақтаған әйелді дүниенің бар салмағын көтеретін қара жермен ғана теңестіреді. Жұбанның лирикалық таланты «Ғашық көзбен», «Айттым сәлем» сияқты жинақтарында ерекше шарықтап өсті. «Ғашық көзбен» кітабы үшін оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Жұбанның ақындық даңқын көтеріп, оның есімін әлемге мойындардан шығармасы – «Мен қазақпын» поэмасы. Бұл туындысында ол лирикалық-публицистикалық стильде қазақ халқының өткен өмірі, тағдыры жайлы үлкен толғаныс жасады. Ол қазақтың ұлттық характеристірінің калыптасу жолы – оның ерлік дәстүрі, рухының жоғарылығы, елі мен жері, байлығы, адамдары жайлы бейнелі, пафосты жыр төкті.

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім – күн тұтылып,
Куанғанда күлкімнен тұн түрілген.

Поэма осылай басталады да, осы шумақ қазақ халқының өміріне қатысты тараулардың барлығында қайталанып отырады. Бұл – сол тараулардың бәріне ортақ идеялық түйін.

Әр тараудың мазмұны осы ойдан өрбиді. Мұнда «мың өліп, мың тірілген» халықтың өлмес тарихы, жөргегінен мұңмен танысқан азапты жолы, жыласа «күн тұтылғандай, күлсө түн түрілгендей» шын сезімі көркем бейнеленеді. Поэма қаһарманы – қазақты осылай кейіптеу халық тарихының түрлі кезеңдерінде оның тұтас табиғатын таныту үшін әдей қолданылады.

МЕН – ҚАЗАҚПЫН

(Поэмадан үзінді)

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Куанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен – қазақпын, ажалсыз анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам даланы мен.
Пәк сәбімін бесікте уілдеген,
Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен.

Мен – жігітпін, айқасқа, сынға асықпын,
Жүрегі бар кеудемде шын ғашықтың.
Жанартаудай жойқынмын жұлқынғанда,
Шарықтасам, қыран бол шынға шықтым.

Мен – қара қыз сұлумын, сайтан қызыбын,
Сайрай қалсам, тілімнен бал тамыздым.
Сүйер болсам, өмірдей өле сүйдім,
Қас батырмен қайрасам балтам жүзін.

Қаза тапқан солдаттай ізгі өлімнен,
Қалалар да өтіпті тұз белінен!
Қаңқалары табылып жатыр қазір
Соғыстар мен жорықтың іздерінен.

О, замандас, соларға бір қараңыз,
Әр кірпіші, әр тасы бір қора аңыз.
Өлгендерді тірілтіп өмірлі етіп,
Өшкендерді табатын бір ғана біз.

Мен – қазақын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Сарыарқада сарнады Асан Қайғы,
Домбырадан бақсыдай бас алмады.
«О, карт баба, еңсенді көтер! – дедім, –
Көп күрсінсең, көніл де қасандайды.

Жерімізде жау қолы жосығанда,
Тура айтуға тірі тіл шошығанда,
Жалғыз дауыс – домбыра емес пе еді
Қарсы барған қаныпезер Жошы ханға?

Ұлы аманат етейік еркіндікті,
Ел құлдықты білмесін, жер күндікті.
Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең
«Қазақ болу – зор бақыт» дер күн тіпті...

Жайып салдым сырымды дос алдына,
От басында, өрісте, қос алдында.
– Жан-жүрегі көзінен көрінетін
Қазақ, – дедім, – отырған осы алдында.

Аққу, бұлбұл әнімен сылаң қақтым,
Сұлулыққа, өнерге сұғанақпын.
Сауысқан қарғадан жиіркенем,
Бірі сұйқылт, біреуі сырғанақ тым.

Қызық көрем жәндікте құмырсқаны,
Тырмысқаны тынымсыз тұрмысқа әлі.
Белі үзілген бейнеткор қайтер еді
Бітсе менің күшімнің бір мыскалы!?

Қолдан түспей ақ таяқ, шалғы орағым,
Қалт-құлт етіп тәрнектеп мал құрадым.
Жұлдызбен тең мен қазған құдық саны,
Сүйем судың мөлдірін, бал бұлағын.

Сүйем гүлдің қызылын, қызғалдағын,
Қызыл алтын секілді ол қызғанда күн.
Ііскең тұрып соны мен, бақ аңсаймын,
Болса өзгеде, жоқ және қызғанбағым.

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Куанғанда күлкімнен түн түрілген.

Қашан қазақ атандым мен азандап? –
Әлі күнге білмейсің, ей, адамзат.
Есіміме береді бала жасын
Құлпытасты шұқыған кей азамат.

Абылайды, Жәңгірді, хан Кенені
Қазақ өзі қашаннан аң демеді?!

Кылыштары еріксіз түссе еске,
Қан татыған аузынан дәм келеді...

Өшпейтұғын от ізден құр сандалған
Прометей мен болдым құрсауланған.
Жарқылдадым Исатай, найзасы боп,
Махамбет боп тілінен жыр саулаған.

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Куанғанда күлкімнен түн түрілген.

Көл-көсір ән, кең жазық көсілген ән,
Керуенін заманның көшірген ән,
Қозы менен Баянның сырындей ән,
Күйзелткен ән, көңілді өсірген ән...

Шыға берді, дауды шақтай әлі...
Жаңа жыр боп ақынға бақ таянды...

«Сұлу Баян – деді ол – Татьяна,
Татьяна – қазақтың ақ Баяны».

Мен – бұл кезде Шоқанмын, Абайлармын,
Оң-солымды туды енді абайлар күн.
Оятқандай даламды дауыстары
«Кім жазықты?» дегенде талайлардың...

Мен – қазақпын, қаныммен, сүйегіммен,
Сән-салтанат, салтымды сүйемін мен.
Бақ орнатам басыңа моланың да,
Мұрагермін оған да, иемін мен...

Мен – қазақпын, жан Отан, бел балаңмын.
Махаббаты сенікі жер – даламның.
Ана сүйсе бір жүрек, менше сүйсін,
Кешір мені, аса айтсам – мен де адаммын...

Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім, мәңгі өлмеске –
Айта бергім келеді, айта бергім!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Лирикалық кейіпкер кімнің атынан сөйлеп тұр?
2. Ұзіндіден қазақ халқының мінез-құлқы, тілек-арманы қалай көрінген?
3. Поэманды (ұзіндіні) мәнерлеп оқып, өздеріне ұнаған шумактарын жаттап алындар.



ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ

(1918–1987)



Тәкен Әлімқұлов 1918 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созак ауданы Баба ата аулында туған. Алғашқы шығармалары 1945 жылдан жариялана бастады. Оның «Жазғы жаңбыр», «Боз жорға», «Қаратай өрнектері», «Сейтек сарыны», «Тұған ауылда», «Күрең өзен», «Кер толғау», «Шежірелі сахара», «Көкек айы» әңгімелері мен повестері бар.

Жазушы шығармаларының негізгі тақырыбы: ауыл тіршілігі, адам тағдыры, өнер қайраткерлерінің өмірі, ер қанаты – аттың сипаты. Абай Құнанбаев туралы «Жұмбақ жан» зерттеу еңбегін жазды. Соң М.Ю. Лермонтовтың «Иzmани бей» поэмасын, П. Павленконың «Бақыт», Г. Николаеваның «Орақ үстінде» романдарын, Э.Сент-Экзюпердің «Кішкентай шаһзада» ертегісін, сондай-ақ, А.С. Пушкиннің, В.В. Маяковскийдің, Низамидің өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Тәкен Әлімқұлов «Халықтар достығы» орденімен мара-патталған.

ҚАРАОЙ

Ақыраптың¹ ұзақ түнінде Махамбеттің ұйқысы шала болды. Әлденеден көнілі алғаржақтанып, жүрегі өрекпіп, дөңбекшіп шықты. Құлқын сәріде төсектен тұрып, тыска шығып еді. Үйінің жанында біраз тұрып қалды.

Таң көктемнің таңындағы толықсып атты. Күз таңының мұншалық сұлулығын бұрын көрген емес-ті. Күн де

¹ Ақырап – қазан айы.

көктемнің күніндей айдарланып, сансыз алтын найзасын шашағымен шашырата шықты. Қазіргі сэтте шашақты найзадан айрылған күн күйеудің жыртысқа түскен сал орамалындай пәршектенген кіреуке бұлттардың арасынан сығалап қарайды. Асқа тіккен алтын жамбыға да ұқсап кетеді...

Сауыры жалпиған шексіз даланың ішке бүккен бүйрекіндей дөнгеленген Қараойда Махамбеттің жалғыз үй отырғанына үш айдың жүзі. Үстінен құс ұшпайтын шөл ойпаң көлденен қөзден таса. Дұrbі де тарта алмайды. Бағы заманда Батыйдың жер қайыстырған қалың қолы жұртты түгел тонағанда, осы Қараойдағы ауылдарды көрмей өтіп кетіпті-міс. Одан беріде Қараойға Ер Тарғын ат шалдырыпты-мыс. Махамбеттің бала кезінде бұл жер – бір тайпа елдің күздік жайлауы еді. Бұл күнде бұлақ бастаулары тартылған жайлау – жатырқау түз. Бала ойнайтын баяғы үңгірлер борсықтың ініне, ешкі жайылатын беткейлер қарақұйрықтың өрісіне айналған. Баяғы ала құйрық ақ құйындар шала құйрық сары жел боп еседі.

Қарашаға қарай тері сүйреткендей боп қалатын Қараойдың қойнауы – бұл күнде, ақыраптың орта шенінде, шүйгінді де қүйқалы. Екі түйе, бір бота мен жалғыз жылқыға қараша үйдің арқан байларлық айналасы ғана сыр берген. Одан арғы жағы – тіс жармас томырық қабақтай жабырқау. Барған сайын коюланып, толқынды теңізге де ұқсап кетеді. Сирек біткен биік қызыл изендердің басы аралға ұқсаса, ақ селеулердің үкісі желбіреген желкенді еске түсіреді. Махамбет басқа ғаламнан келгендей, Қараойды жаңа көргендей сезінеді. Баяғы балдай балалық, сағынышты шақ қалған ойпаң көзіне оттай ыстық та, жаудай жат та. Інтыға есейген, торыға тоқыраған, дерттен қайта ашынған ақын Қараойды бірде қайта құттайған құтқа баласа, бірде елі ауып кеткен сары жұрттың төрінде төңкеріліп жатқан қара шаңыраққа ұқсатады. Көзі көміліп қалған бұлақ, бастаулар тілі байланған шежіредей ыммен сыр шертсе, сансыз жылдың дауылына, жауынына шыдаған тамырлы өсімдіктер көзі тірі қуәдай сыйбырлайды. Алғашқысы – «Мың бір тұнді» жатқа білетін қарияны еске түсірсе, соңғысы – тұлымы қырқылған тұл сұлудың қайта шыққан шашын елестетеді. Екеуі де мәңгілікпен сырласқан,

ұғысқан, баян табысқан жардай, басы жұмыр пендені бірде аяп, бірде табалап, бәдіктей айналдырады. Әуеде ұшқан қызғыш: «екеуміздің тағдырымыз бір» дегендей, қанатымен бәйек болады.

– Байғұс-ау, саған не болған? Шайың және де сұып қалдығой, – деді Әуес.

Махамбет үй жанында ұзатар қыздай ұзак тұрып қалғанын енді байқады. «Ау, шынында да маған не көрінді?!» – дейді дегбірсізденіп. Көргеніне қызығады, көргенінен шошиды. Денесінде қызу бар ма, қалай? Елірмесі бар баладай боп тұр. Миының түкпірі шыңылдан, құлағы жартастай жаңғырығы ма, немене? «Қой, үйге кірейін», – дейді Махамбет. Шәркез сиқыр елестерден құтылғанша асығады.

Істық, қою шай Махамбетті ширатты. Қара торы дидарына болмашы қызғылтым шырай теуіп, басының сақинасы жазылды. Махамбет баласына:

– Нұрсұлтан, атқа мініп қыранға шығып келші. Іқылас неғып кешікті? – деді.

Нұрсұлтан тасырлата жөнелді.

Махамбет Іқыластың кешіккенінен қобалжулы екенін енді-енді анық сезіне бастағандай. Кейінгі келгенінде: «Мақа, сізді қалың ел қорғаштауда. Келер жолы сенімді кісілерді ерте келмекпін» – деген. Бұған иланған Махамбет жалғыз жолаушының артынан сүйсіне қарап тұрғанда, оның күдірейген жауырынынан күдік алып қалып еді. «Мына сұнғыла мырс-мырс құліп бара жатқан жоқ па?» – деп сазарған. Енді ойласа, содан бері көңілінен көмексілік арылмаған екен.

Осы жасқа шейін Махамбеттің сенген адамы көп те, сенімін ақтағаны аз. Әсіреле, Махамбеттің басына Баймағамбет сұлтаның мың сом тіккені туралы құбыжық лақап таралғалы бері өзгерімпаздықты ойлауға жүрексінеді. Қолеңкесінен қорыққан қоянға ұқсағысы және келмейді. Тәуекелдің жел қайығын кімнің сындырары мәлімсіз. Истайы келмеске кеткесін-ақ тағдыры ауытқуға ұшырағанын Махамбет пайымдайды.

Хан-сұлтанның қарулы әскеріне қарсы соғыста Исадай оққа ұшып, Махамбеттің жалғыздық зар шеккеніне – сегіз жыл да үш ай. Ұзак уақыттың ішінде жасаған сансыз жорығы, шабуылы, қырғыны ойына оралды. Қапы қалған, қапия кеткен жері көп екен. Қарулы қолға төтеп бере алмау – шарасыздық болса, хан баласынан ұқсатып кек ала білмеу – өкініш. Өзек өртейтін, бармақ шайнататын өкініш. О баста Исадай батырдың сенгіштігінен Жәңгір ханға он күн мәulet беріп, сазға бір отырса, бертінде ауыл ағасы, ру басылардың солқылдақтығынан Баймағамбет сұлтанның басын шаба алмай қайтуы қияметтік қапиялық. Қара шұбар жыланның құйрығын басып, басын жаншымай кеткені енді өзі мың мәнетке тіктіріп отыр.

Исадайсыз бастаған ереуілі, көтеріліс жеңіліс тауып сергелденге түскелі бері Махамбеттің бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Енді ойласа үркердей бір шоқ жолдаспен Хиуаға аууы құр далбаса екен. Хан атаулының көздейтіні – өзінің тағын сақтау. Тағына қатер төнбейінше батыл қимылға бармақ емес. Қалтаңдан тіллә, халқынан зекет дәмететін Хиуа ханынан да, соған панағаған қазақтың бұлан құйрық бай-батшаларынан да Махамбеттің түңіліп қайтуында тіл жеткісіз тұңғиық сыр жатыр.

Махамбет о баста Жәңгірдің сарайына қызмет қылғанда, хан атаулының кім екенін білмеген-ді. Бертінірек, Орынборда оқыған ханзаданың күтүшісіне айналғанда, өзі де орысша сауаттанып, арғы-бергіден хабардарлық дәрежеге көтерілуі – күндердің күнінде осындаі халге түсірмек екен. Жәңгір Кіші жүзді билеп төстегенін місе тұтпаса, Махамбет найзагер Кіші жұз арқылы қарға тамырлы қазақты бұғаудан босатуды аңсағанын жалқылық сәтінде жақсы түсінеді. Белінен шойрылып, құла дүзде жалғыз күніренген Ер Тарғын, қазақты іргелі ел етудің қамымен Ресейге арқа сүйеген Әбілқайыр, Абылайлар еске түседі. Олар түгіл орыс әскерінде ерлік көрсеткен қазақтарға да өзінің еліктегенін енді пайымдауда. Хиуаның шекарасында Егор Ковалевский бастаған орыстың азғана әскеріне еріп кеткенде, Махамбеттің ойында Жанжігіт ұлы, Байбатыр ұлы сынды ерлер болған.

«Наполеонды қуысып, Париж шаһарына садақ кезене кірген. Сена өзенінен ат суарған қазақ батырларынан менің нем кем?!» дегені әлі есінде. Сол сапарында бораннан адасып қалмай Ресей өтіп кеткенінде тағдыр соқпағы қайда алғып барап еді. Махамбеттің бір «әттеген-айы» осы. Ақ патшаның өзімен тілдескенде, Баймағамбеттер пысып кетер ме еді, кім білсін?

Махамбет бала жігіт шағында Жәңгір ханға ілесіп Петерборға барып, патша сарайында болғанда, айтарын айта алмай, қызықтықтың құлы боп қайтқанын қейін аңғарғандай. Ресей секілді тегеуірінді мемлекеттің не екенін де қейін білгендей. Исадай оққа ұшқаннан бері де, Хорунжий Шустиковтың әскерін Көтібар ұлдарының тұтқынынан құтқарып, дардан арашалағанда істің түбін ойлайтын кәмелетке жеткен екен. Қейін Орынбордың сотында сол Шустиковтың айғақтығы Махамбеттің өзін дардан құтқаруында піскен парасаттың сыбагасы жатыр.

Соттан қейін ел ішінде екі-үш жыл бейбіт күн кешкенде, Махамбеттің түбіне ауылдың ұсақ әкімдері жетті. Қайда жүрсе ізін аңдыған тыңшылығымен, қардай боратқан қара шағымымен жетті. Махамбетті сұлтанның ордасынан шақырғанда Баймағамбеттің ойы сағы сынған, тауы шағылған ақынды сарайға бұлбұлша сайратып қоймақ-ты. Бірақ Махамбеттің: «Ежелгі дұшпан ел болмас» деп салуы – ат құйрығын кесісумен тең болғанын, ақын не көрседе тілінен көретінін кейінірек ұғынды.

Өткен күндер елесінің осы арасына келгенде, Махамбет қайта ширықты. Жалғыз өзі бүтін әлемді жасқантардай атқаңбаққа асықты. Қекірегін долы күш кернеп бара жатты.

- Нұрсұлтан кешікті-ay! – деді Махамбет.
- Жалғыз өзін неге жібердің? – деді Әуес.
- Екеумізден туған бала болса, колға түсे қоймас, – деді Махамбет.
- Тұнде түсімнен шошыдым, – деді Әуес.
- Тұс – тұлқінің боғы, – деді Махамбет.

Әуес: «Балаңның артынан барсайшы» дей жаздал, іркіліп қалды.

Махамбет басынан сары сергелден қара құғында Әуес оған зайдың құйыптық бейілімен ғана медеу. Найза ұстаған қызды, сырдың сүйреткен қатынды ол көрген. Бірақ оның өзі – барда қүйеуінің бабын тауып, жоқта балаларын жетімсірепеуден асқан емес. Тіпті Махамбеттің шарасы таусылып, құты қашқан осы бұғыңқы құндердің өзінде оған кеңес қосқан кезі сирек. Жұбайы әлде бірдененің жайын ақылдасса, Әуес: «Қайдан білейін. Өзің қабырғанмен кеңессейші», – деп өзін қайрап қояды. Махамбеттің: «Мен алмас қылыш едім, тасқа салдың – кетілдім, қайрасаң – тағы жетілдім» деген елге таранды сөзін Әуес өзінше ұғады. Қүйеуінің ұлықтығын жүрттың аңызы арқылы ұққалы бері құғын-сүргіннен көз ашып көрген емес. Әуестің өз басы үшін Махамбет қобіне мінезімен ыстық. Сузыннан қыл шықса, қатынын сабайтын батырдай емес, Махамбет от басында өте жайлышты. Ашуын тырнадан алмайды. Қайта, осы Караойдың жапалы қойнауында болымсыз құйбенге қүйінген зайдына сабыр тілеп, жылаған жас баланы жұбатысады. Өзінің іші пысканда оқтауды домбырағып, жас баланы мадақтауды желеулен, жырлап жіберетін шағы да бар.

Қүйеуінің бүгінгі қобалжуын, бүгінгі түрпетін Әуес ұнатып отырған жоқ. Ұлы сәскеге дейін шайға келмей үй сыртында құбірлеуі де, баласын барлауға жұмсауы да, құдіктен күпті болуы да – Әуес үшін жат қылық. Әуес шұғыл өзгеріске қүйеуіне немен алданыш боларын білмей кипақтап, қасынан әрі-бері өтті.

Махамбеттің есіне Әуестің баяғы кезі түсті. Талшыбықтай солқылдаған аққұба қызы осы. Қалындық ойнауға мас болған балаң жігіт Махамбет. Сыр алып, сыр түйіскен ыстық құндер лаулап өтіп кетіпти. Ағайын-аймақтың өсекаяңы, құдіктің көніл қажауы, қызғаныштың қүйдіруі, кірбендей, қырғи қабақтың түп-түгел ұмыт болыпты. Бұл күнде байын айналышқтаған баянды бәйбішеде басқа қызық, бөтен ермек қалмағандай. Махамбет ішінен «Өмір шіркін қалайша тез өтіп кеткен!» – деп бір қойды.

От басының игілінде, ошақ бұтының қызығында Махамбеттің Әуеске өкпесі жоқ, тағдырға өкпесі бар.

Сақалы шығып жат болған тұңғыш ұлы Жәңгір ханмен соғыста оққа ұшты. Ортаншы ұлы Баймағамбет сұлтанмен шайқаста жарадар боп өлді. Иіс алмасы Нұрсұлтан. Түйе бағудан аса алмай жүрген ұланы. Өуестің отыз жеті жасында тапқан баласының кім болары әзір белгісіз. Махамбет бестегі бөбекінің етпептеп ұйықтайтынынан ғана дәметеді. Жалғыздықта өскен сәбидің мінезін өзге балалармен салыстырлық заман Махамбеттің басында жоқ.

Махамбет ауыр күрсінді. Арыстан ұлдарын жоқтап, ішінен жыламсырады. Жүрегі елжіреп, көкірегі сары сағынышқа толды. Балаларының Өтемістен туған ондай түгел атқа қонып жасақты қолға айнала алмағаны – орны толмас өкініштей мазалады.

Әуес күйеуінің қара торы дидары мұнға толып, таусылып отырғанын анық-ақ анғарды. Өзі де күрсініп еді, көзінің жасы бірге шықты. Жаулығының ұшымен сүртіп жатып:

– Қарактарым бір аунап түсті-ау! – деді.

Махамбеттің де көзіне жасы тығылып қалды. Өзін де, жұбайын да аяп, сыртқа шығуға ыңғайланғанда, Әуес сыры қашқан зеренмен сусын ұсынды.

Сапырылған шұбаттың исі аңқиды.

– Тәбетім тартпайды. Өзің іш, – деді Махамбет.

Әуес ернін шолп еткізіп, ырымын ғана жасады.

Махамбеттің есіне Баянның шешесі түсті. Өз көзімен көрмеген Аяқөздің құмы елестеп өтті. Қарабайдың жалғыз үйі елестеді. Зарықкан жандар елестеді. Екі үйдің соқпағы ұқсас та, жазмыши, бөлек, меҳнаты ұқсас та, мұрады басқаша.

Баяғы замандағы Қарабайдың үйі мен осы замандағы өз үйінің халі Махамбетті тың бір ойға бастады. Малын қызғанып жапанға қашқан Қарабайдың қара шаңырағын жалпақ жүртпен жалғастыруши Жантық болса, халқын қызғанып Қараойға бекінген Махамбеттің қара шаңырағын бейілдес елмен астарластыруши – Ықылас. Екеуінің тәтті ұрттылығы егіз туғызып, сезімнің секемін күшейтті. Енді Ықылас кешіккен сайын сыйайлас аңшыдай сүйіндірмей, сауықшыл жардай күдік туғыза бастады.

Іқылас ертеден Махамбеттің көнілін жығып көрген пенде емес. Бірақ, бұның бір өзі баяндыштықта айғақ бола алмайтында. Ер мен ердің арасы шекісте бекімет, өкпе-қалдықтың өмір жасынан байқалмақ. Кімнің тарысы піссе, соның тауығы болатындар Махамбетке қияметтік дос бола алмақ емес. Іқыластың дастарқандық қомағайлығы енді кобалжу туғызғандай.

Іқылас жоғалған бір жұманың ішінде Махамбеттің, үркіп, орнын сипалатып кетуіне болатын еді. Бірақ оған бармады. Бұғатын жердің өзі де қалмағандай. Сонау Нарынның жықпылының Баймағамбет сұлтанның жансыздары түлкідей тіміскілеріне құмән жоқ. Анау елсіз тауды паналауға жабдық қат. Шалғайлар Шалқарға қарай ауса, қарап жүре алмайтын қазақтың бірі ана жылғы өзін ұстаратын Мұртазагали Өзбекғали ұлына ұқсап: «Тақсыр, құдікті біреуді тексерсеңіз еken!» – деп ұлықтарға шаппасына кім кепіл? Үдере көшіп, түрікпен асса, өмір-бақи арылмайтын Адайдың барымта-қарымтасының бодауына түсіп кетері күмәнсіз.

Қайда барса қорқыттың көріне ұшыраған Махамбет «әйтеуір біреуге сену керек қой!» деп те ойлады. Іқылас адал боп шықса, ертең оның бетіне қалай қарамақ. «Қатындар қашты!» деген кара қаңқудан немен құтылмақ.

Шәлкем-шалыс ойдан, белгісіз өкініштің утынан Махамбеттің басы қайтадан мең-зен бола бастады. Түкті қабағын қарс жауып, отырып қалды.

Нұрсұлтан шаңқай түсте оралды. Кешіккен себебін өзі түсіндіріп өтті.

– Бозадырдан жылқы кісінегендей боп еді. Барсам, жымжылас. Бірақ, жас тезектен секем алып, белгілі саяндарды сүзіп шықтым.

«Балам да бірдене біледі еken ғой!» – деді Махамбет.

– Ізің бағдарласаң етті.

– Тастанақтан ажыратса алмадым.

Махамбет әр түрлі болжau жасады. Дөңгер асатын жолаушы сүйт журмейді, – уақыт әлі ерте. Баймағамбеттің тыңшылары болса, жалғыз аттыдан қашпайды. Қайта,

«қанды басың бері тарт!» деп бекініс құрады. «Шамасы, зыта жөнелген жаман ұры шығар», – деп түйді.

Дегенмен, Махамбеттің көңіліне алаңдық ұлады. Үйде байыз таппай, атына мінді. Неге екенін білмейді, Қараойды айналып шықпақ болды. Ат үстінде талай ой кешті. Сонау қарандарды жайланаған қалың ел сүмбіледе осы Қараойға құлап, айланғандағы қоныс табетін шақ еске түсті, жаз сонының желігі, күз басының қамы той-думанымен, қарекет-қарбаласымен көз алдынан шұбырып өтіп жатты.

Осы шақта Махамбеттің үстінен көңқарға қарқылдады. Ертеде шаруалар қыстауға қарай ойысада «көңқарғасы түскір кеп қапты ғой» десуші еді. Дәүлеті тапшы Өтеміс ел көшкенде өспірімін атының сауырына салып, майталмандарға ілесе алмай лоқылдатқанда, қаршадай Махамбеттің сыр бермейтін шағы әр түрлі ғазабымен осы шаққа ұласқанын енді жарастырғандай. Ашамайлы тайға мінген бай баласының көбінің кейін құйымшағы өскендей көтерілісте атқа қонбауын енді бағалағандай. Баяғы жарлы әкенің артында жарбиған өспірімге: «Қош бол, Қараой!» дегізетін мезгілдің жұмбағын енді өзінше шешкендей. Есейген Махамбетке Қараой: «Ей, бейбак, сенің өмірін өткінші, мың күн жанған шырағың бір күн сөнеді», – деп тұрғандай. Үрейі, қуанышы аралас лебізімен арбағандай. Көзі көмілген бұлақтың тілі байланса, беті жыбырлаған қалың шүйгін: «Мәжгүннің керегі жоқ, қалың елің қайда?» деп табалағандай.

Махамбеттің ойына ен даға ел қондырмақ болған астам-шыл да інкәр кездері оралады. Алты малта ас болып, еңку-еңку жер шалған күндер мен тұндер көз алдына елестеді. Қырдан ойға ойысқан, ойдан қырға өрлеген сол сарбазда-ры «Мака-ау, қайда жүрсің?» дегендей болды. Махамбет кенет: «Мен мұндармын!» деді. Тұла бойы шымырлап, көзі тұманданды. Енді бастаушыдай емес, барлаушыдай атой сала бастады. Астындағы бәйге күрең шырқ айналып алдыңғы екі аяғымен аспанға шапшыды. Сол сол-ақ екен, Истатай шейіт болатын қырғын соғыс көз алдында тұра қалды. Зенбіректі, мылтықты қалың жаумен аянбай атысқан, шабысқан теңсіз

қолдың жойқын ерлігі еске түсті. Белесі береген, сайы ұры Бозадырда шашырай қашып, бүйірден дүрліге қайта тиісken сары садакты сарбаздары, қара мылтықты мергендері, қылышты қылилары, сойылды сотқарлары бірде аяныш, бірде сүйініш тудырып, Махамбеттің қанын қыздырды. Махамбет ауру баладай елермелей бастады. Бәйге Ақтабаны оққа ұшқандағы дулығалы Исатайдың мылтығының аузы үңірейген аттылы жауларға беріспей, жаяу наизаласқан көзсіз ерлігі берді. Қақпанға түскен қөкжалдай көзіне қан толған Исатай сол күйінде көрініс берді. Махамбеттің көлденең тартқан атынан бас тартып, жау ішінде жорта жаяу қалып тұр. Ұзенгі жолдас ақынын табалап: «Сенің қайратың тілде. Менсіз сайра, менсіз зарла!» деп тұр. «Мен екі өле алман!» деп қасқайып тұр.

Елестің осы арасына келгенде Махамбеттің құлағына оқыс дауыс шалынды.

– Байғұс-ай, атой салып, саған не көрінді? – дейді Әуес. Махамбет ұшықталған баладай сауыға бастады. Қараойдың қойнауында атой салғанда, артынан келері қатыны ғана екенін енді білгендей.

– Үйге қайт, – деді Әуес.

– Ат таң асырғым кеп тұр, – дейді Махамбет.

Әуес тағы шошиды.

– Шаңқай түсте ат таң асыра ма екен?

Махамбет бүркіттей түйіліп, аспанға қарайды. Кіреуке бұлт қоюлана түскен. Бағанағы алтын жамбы, жездей ғана жылтырайды.

Қараойды айнала қоныр көленкे қонып, тұнжыраған мұнды әдіптеп тұр.

Ауру ақын сауықты. Денесінің қызуы тарқап, көзінің домбығы басылайын деді.

Махамбет қыранға өрлеген екі түйені ылдилатты. Үй маңындағы ботаға көз таставады. Өзі үйіне жақындағанда, атын түсап, отқа қойды. Қара мауыт, ақ селеуді шала бастаған жалғыз жылқыға:

«Жануарым, ішіңе шыр байлай бер. Ертеңің қалай болары мәлімсіз!» – деді.

Үйіне келгесін екі құс жастықты шынтақтап қисайды. Дағдыдан тыс ерте тұрған ол көзінің шырымын алмақ еді. Бірақ мұзғи алмады. Ақырында екі жамбасына кезек аунап, тұндегідей дөңбекшуді шығарды.

Дөңбекшіген ақынның көңіліне тыңнан мұнды өлең оралып, тұла бойы қорғасындаі балқып бара жатты. Тал түстен тұтылған күндей қаралы, қараңғыда аққан жұлдыздай азалы, көкейден кетпес бейнелер елестеп, екпінді үйқасымын таба бастады. Енді біршама уақыт өткенде:

– Көке, қыраттан бес-алты кісі құлады, – деді баласы.
– Қарулы кісілер ме?
– Қарусыз.
– Е, онда Ықыластар шығар. Дегенмен, атты жылдам әкеле ғой.

Нұрсұлтан жүгіре жөнелді.

Махамбет қанжарын байлап, тысқа шықты. Боз шекпенін желегей жамылған. Денесінде болмашы діріл барын байқады.

Аты түскір недәуір ұзап кеткен еken. Екі өкпесін қолына ала жүгірген Нұрсұлтан екі мэрте тыныс алғанда, әкесінің жаны ашып тұрды.

Нұрсұлтан жеткенде, қыраңнан құлағандар да жакындаған. Біреуі қол бұлғап шақырды. Шамалы уақыттан кейін бәрі шұқырасып та қалады. Жұмбақ жолаушылар аттарын шідерлеп отқа қоя бергенде, «Е, тәйір, бауырларым еken ғой!» – деді Махамбет.

Сол сол-ақ еken, өзінен-өзі ұялыс тауып, жерге кіріп кете жаздады. «Е, бүйтіп көрген енесін ұрайын!» деді.

Екі ортада шыбын өледі демекші, Махамбет әйеліне сұстана қарап:

– Немене, бала құшақтап, қалшия қалғаның. Көрпе тесе! – деді.

Өуес сыртқа шыққанда:

– Бесінде моладан қайтқан сүйекшідей мимышт жүрістерін ұнатпай тұрмын, – деді баласын қайта құшақтап.

Махамбетті қайтадан ашу-ыза баурады. Басына қаны теуіп, құлағы шулап кетті. Ашы ызындар сапырылысып: «Келе жатқандар – досың, жоқ, досың емес – жауың!» десті.

—Дос болса, құба-құп. Жау болса, саған серт! — деп қара қанжарын жамбасқа қысып қойды.

Іқыластар екен. Жамырай сәлемдесті. Іқыластың өзі Әуестің құшағындағы баласын иіскеді. «Шірін, бауырлық-ай!» деді Махамбет.

Қонақтар үйге кіргенде Әуес құшағынан босаған баласына ұрсып жатты.

—Үй айналма. Жаман болады.

Бұл ырымнан Махамбет қайта құдіктенді. «Іқылас ит бүгін неғып бауырмал бола қалды?» — деді.

Алғашқы «камандық-есендіктен» кейін қонақтар жартымды сөз таппай, тымсырайысып қалды. «Ертіп келуші не айтасың?» дегендей Махамбет Іқыластың бетіне қарады.

Іқыластың шегір көзі – тұман. Баяғыда біреудің қатыны толғақтан өлерде осы шегір көз шошытып, іш тастатқан деседі. Махамбет тұманды көздің түбіне жете алмады.

Төрде отырған Жаңаберген болса, бастан байсалды. Ішіне кіріп-шығу онай емес. О баста көтеріліске араласып, кейін айламен аман қалған бидің бірі. Махамбет оның күйіші інісі Төлепбергенмен көп тұздас-дәмдес болса, бұның өзімен ертеден-ақ алыстан сыйласқан. Боздақтың екі баласын екі айрық көріп, шен қуушысынан өнер қуушысын жақын тартқан. Оның неғып келмегені құдік туғызып отыр. Махамбеттің ішкі алалығын өзінше сезініп, өзінше түйсінген Іқылас:

—Берісі бүкіл Беріш дуалы аузына қаратын биекеңнің өзін қолқаладым, — деп әңгіме шерте бастады. Бірақ әдеттен тыс босаға жақта отырған Махамбет шешіле қоймады.

Әңгіменің тамызығы маздамағасын, Жаңаберген тоқ етеріне көшуді лайық көрді.

— Махамбет, сырттап жүріп сен түк білмейсің. Сен үшін біз не көрмедік. Енді ақыл қосысуға келсек, аузынды бұртитасың.

Шымшыған сөз Махамбетті ашындыра алмады. Әлі де сазарып отыр. Әуес самауырдың төнірегіндегі күйбенмен жүр. Нұрсұлтан әкесіне қарама-қарсы бір тізерлеп отыр.

Әлден уақытта Жаңаберген торыққан дауысқа ауысып:

– Сөйлескің келмесе, кетейік. Жапанда жалғыз үй отырып, қалың ағайынды менсінбейтін шығарсың, – деді.

– Төлепберген неге келмеді? – деп сұрады Махамбет.

– Биге сенбей, қаңғыбас домбырашыға сенсен, күні ертең жалғыз өзін жіберейін. Он екі ата Байұлының тағдырын екеуің шеш! – деді Жаңаберген ұзын бурыл сақалын тарамдап.

Махамбет жіпсіді.

– Қатар ескен ит қой. Сағынып едім.

Сөздің шынайылығына, биязы үннің жұғымдылығына Жаңабергеннің көнілі босады. Орамалымен көзін сұртіп, қамыға сөйлемеп кетті.

Ол елу жылда ел жаңарып, жұз жылда қазан болатынын айтты. Заманың тарылып, уақыттың қуарғанында ескінің көзінің жоқтығын мұндалап бір өтті. «Біздің қатарымыз – қарашаның ағашындей селдір» деді. «Исатай сабаздың орнын басам деген кісіміз жынды сауықшыны іздейді» деді. «Сенің қатен – ауыл ағаларын, ру басыларын менсінбеу» деді. «Жасы ұлғайған адамның елшіл боларынан бейхабарсың» деді. Арасына жарасымды, жарасымсыз мақал-мәтел қосып, айтылмыш ойын тұздықтап отырды.

Махамбет иланғандай. Баласына бірдене деп күнк ете қалды. Нұрсұлтан шешесіне қолқабыс тигізе бастады.

Жаңаберген сөз қысырағын құғыштай келіп, ақырында жаяулағандай болды. Шындыққа да енді жақындағандай.

– Махамбет қарағым. Төрімнен көрім жуық қалғанда, сенің сүйегіңе түскелі келгем жоқ. Бәтуа байласуға келдім, – деді.

– Нендей бәтуа?

Жаңаберген сабырлы қалпын бұзбады.

– Ел ағалары ұшып-қонбай, жата-жастана кеңесер болар. Шекпеніңді сыпыр, белдігінді шеш. Қанжарыңмен үрейімізді алма.

– Жақа, жанға сенгізбей қойған заман шұнақ қой. Менің бар жазығым – осы отырған қаракөздерді ел қылмақта еді. Өлі де менің жүргегім қаракөздер үшін сындаиды, – деп Махамбет орнынан қарғып тұрды. Шекпенің сыпырып тастап,

сары-жолақ қынды қара қанжарын қызыл керегенің басына ілді.

Қонактар түгел жадырасып, «бәрекелдеге!» басысты. Шай үстінде сөзге ол-пұл талшық болды. Ықылас ендігі паналар жерді мензесе, Жаңаберген «қысы ырзық менің мойнымда» дегенді емеуіріндейді.

Әуес пен Нұрсұлтан екі жақтан ас қамын тездетіскен екен. Көп ұзамай ет те келіп қалды. Мол тағамның үстінде қазақтың сөзге сараңдығы белгілі. Ет жегіш ауыздар өз қызығымен болып жатты. Етке мелдектеген қонақтың ішіндегі ең нашары:

— Қайран Мақамның қара шаңырағы-ай! Құт қой, құт қой, — деп еді.

Жаңаберген шамданды. «Қашқын күйіндегісі осы. Ертең қалың Байұлының ішіне кірсе, жұрт бұны пір тұтады ғой!» деп отыр.

Мана жалғыз інісі Төлепбергеннің татулығынан көнілі босағанда, Жаңаберген ішіне сақтап келген сұмдық райдан қайтпаққа ниеттеніп еді. «Жылу жинасақ та, таразының бір басын алтынға толтырып, екінші басына Махамбетті салармыз!» – деп бір қалған. Енді нашар серігінің қолпашынан кейін қитығып қалды. «Әулекі неме Төлепбергенжанның домбырасына қызығады ғой. Ертең ел билеп кетсе, інімнің өзін құл қылары хақ. Қой қанішер Ықыластың қолын қақпайын. Қөресісін ағайынынан көрсін!» – деді.

Қол шаяр алдында Жаңаберген Исадайға бағыштап құран оқыды. «Күнту-тұрабадан» аса бергенде сүрініп еді. Махамбет қақырынып қалды. Махамбеттің бұл қылышы да бидің шымбайына батты. «Мұсылманша, орысшаға судай кәпір ғой, бұл!» деп отыр.

Жаңаберген Махамбеттің кім екенін біледі. Хан, сұлтандарды менсінбеген батыр, қазаққа сөз бермеген қаратіл дәурендесе, биге дүре соқтырады ғой.

Жаңабергеннің қызыл құрең жүзі шамалы қуқыл тартты. Тісін аршамен шұқып жатып:

— Махамбет қарағым, сонымен не іstemek ләзім? – деді.

Махамбет кәрі жыны қозып, санқылдады.

– Дұғадан, батадан Баймағамбет сұлтанның аузы-басы қисаймайды. Тасаттық азаттық әкелмейді. Қару жиу керек. Ереккінде кіндікті атқа қондыру керек. Сіз-ақ бастаңыз. Мен – қоштайын.

Жаңаберген Ықыластың бетіне қарады. Ықылас саусағын сыртылдатып:

– Ереккінде кіндікті Жайықтан өткізе алсақ... – дей бергенде Махамбет қайта саңқылдады.

– Серкесі болсан, өтеді. Ал, егер сасық текедей бақылдаң көткеншектесең, құрдымға кім түседі?

Ықыластың бітеу жарасы жарылар тұс осы екен. Көз ілесспес қимылмен:

– Е, анаңды... – деп Махамбеттің үстіне қона түсті.

Малдас құрып отырған Махамбет жығылмады. Бір тізелеп түрегеле беріп, басымен Ықыласты бұқаша сүзіп жіберді. Ықылас «ah!» деп аузын басып қалды. Осы уақытта Махамбетке төрт адам жабылып үлгірген. Екеудің екі қолын қайыра бастады. Махамбет құрыққа ілінген құландай:

– Бала-шағадан аулақ! – деп жан ұшыра бүлқынып, төрт адамды сүйрете-мүйрете тысқа шыға бергенде, табалдырыққа сүрініп етпетінен құлады.

Қаншама жанның аяғы аттағаны мәлімсіз көне табалдырықтың алдында жаңа опыр-топыр басталды. Махамбет жауған жұдырықты елемей, бар күшін жиып, етпеттей күжірейіп, жендеттерді сауырдан тебе берді. Олар қайта жармасып, шықшыттап, батырдың тынысын тарылтуға құш салды. Махамбеттің тенденсіз үлкен жүрегі тынымсыз дүрсіл қағумен болды. Жаралы арыстанның ыңыранғанындей, тұншыққан домалақ дүрсілден Ықыластың үрейі ұшты. Ол қазықтың қасында жатқан тоқпақпен Махамбеттің басына ұрды. Махамбет ақтық рет «Әуес!» деп сылқ түсіп, сұлап қалды.

Жендеттің бірі Махамбеттің қатын-баласын сыртқа шығармай, кара қанжармен жасап түрған. Әкесінің ақтық арызын естігенде Нұрсұлтан оқжыландаған атылып, жаралаңып қалды.

Махамбеттің іші ұлардай шулап жатты.

Махамбет тілге келмей кетті. Бірақ талайға шейін жүргегі дұрсілдеп, миы шыңылдалап, бүкіл өмірін көз алдынан өткізіп жатты. Ақырғы үні «Әуес!» болса, ақырғы ойы «Қайран халқым!» деген екі сөзге сайды. Жан тәсілім қыларда қанталаған қой көзін кең ашты. Жарық дүниемен қоштасып, Қараоймен арыздасты. Ұзақ жолдың түйіні қысқа екенін бірінші рет біліп бара жатты.

Жаңабергендер шідерлі аттарына келе жатты. Түстері өрт сөндіргендегі әлем-тапырық. Тісі опырылып қалған Ықылас маңқадай мыңқылдалап:

— Жақа, боталы түйені сіз жетектеніз! — деп еді.

Не істегенін енді сезінгендегі, тұлданып, түнеріп келе жатқан би шұбар тарландай тулады.

— Бұлінгеннен бұлдіргі алман! Менің ісім бітті!..

Махамбеттің атын Ықылас мінгендегі Жаңаберген және ашу шақырды.

— Е, немене, қолыңдағы бастың бодауы аздық қыла ма? Жетімектеріне қалдырсаң нетті.

Ықылас тоқ етерінен бір-ақ қайырды.

— Сұлтанның әмірі осылай, биеке!

Жаңаберген жым болды...

Махамбеттің жүйрік күрені қара беттің астында ойнақшып шыға келді.

Бағана күйеудей жаяулап келгендер астан желіккен жиендей еркінсіп, білген базыналығын жасап, тасырлата жөнелді.

Қараойдың койнауында қаралы үй – жапа-жалғыз қала берді.

Әуес күйеуін құшақтап, қыздай сыңсыды. Нұрсұлтан ет-петтеп еңіреді. Жас бала шырылдалап, үй айнала берді.

Үй маңынан бота боздады. Өрістен енесі анырады. Түйе кызыл изенді қыдыра шалуын доғарды.

Қараойдың үстінде көңқара мен қызғыш ұшып жүрді.

Күн батар шақ еді. Қараой қаралы қызыққа толып, дөңгеленіп бара жатты.

Сол күні ай тұтылған...

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Әңгімені оқиғаның баяндалу ретіне қарай бірнеше бөлімдерге бөліп, оларға ат қойындар.
2. Махамбеттің Қараойда жалғыз үй отыру себебі неде? Ақын, батыр Махамбет жөнінде не білесіндер?
3. Махамбетті мазалаған қандай ойлар? Ол Ікіластың келуін неліктен асыра күтті? Мәтінге сүйене отырып, түсіндіріңдер.
4. Ікілас және оның қасындағы адамдар Махамбеттің үйіне қандай мақсатпен келді? Ікіласқа мінездеме беріңдер.
5. Қонақтар мен Махамбеттің арасындағы келіспеушілік қалай шиеленісті? Оған не себепші болды?
6. Махамбет жауларының қолынан қалай мерт болды?
7. Әңгімеде Махамбеттің ел қамын ойлаған азаматтығы, батырлығы, кайсарлығы қалай суреттелген?
8. Махамбеттің ерлік пен қындыққа толы өмірі жайлы жазылған қандай көркем шығармаларды білесіндер, олардың қайсысын оқыдындар? Батыр атаның бір-екі өлеңін жаттап алындар.
9. Әңгіме бойынша «Елім деп өткен ер» деген тақырыпта шығарма жазуға даярланындар.



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

(1931–1976)

ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан ақының атын Мұқағали Мақатаев Алматы облысы, Райымбек ауданына қарасты Қарасаз ауылында 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келген. Балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына тұстас келді. Алғашқы өлеңдері аудандық газетте жарық көрген. Ол мектепте әдебиет пәнінен сабак берген. Сонымен қоса аудандық газетте қызметкер болып істейді. Ақын Алматы шет тілдері институтының неміс тілдері ҚазМҰУ-дің филология факультетінде, Мәскеуде Максим Горький атындағы Әдебиет институтында білім алады. Көзі тірісінде ақынның 8 кітабы жарыққа шықты. Ол аударма жанрымен де айналысқан. Дантенің «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» атты бөлімін, Шекспирдің «сонеттерін» ана тіліне аударған. Ақынның бізге жеткен «Жан азасы», «Райымбек, Райымбек», «Ару-ана» сынды поэмалары жетіп келген. Ақын 1976 жылы қайтыс болған.

Мұқағали – жыр еліне ауыз әдебиетінің мөлдірінен сусындалап, ұлы Абайдың тереңіне бойлап, өзіне дейінгі ақындарды пір тұтып, орыс пен европа, шығыс әдебиеттерінен тәлім алып келген ақын.

Оқырман ақынның кез келген өлеңін бейтарап, салқын оқи алмайды. М. Мақатаев өзінің естелігінде былай деп жазыпты: «Егер бір кездерде менің өмірім, шығармашылығым әлдекімнің көнілін аударса, оларға былай дер едім:

—Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек



болсандар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. Естерінізде болсын, менің өлеңім жеке түрғанда түк те емес. Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы және аяғы бар. Ол кейде құлімдеген, кейде туңғалған жаңымның құдды дауысындай... Жаңымның мұны мен қуанышы, бәрі сонда. Солар басқа жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс деп ойлаймын. 14 ақпан, 1976 ж.».

Сөз жоқ, Мұқағали шығармалары оқушысының жүргегіне сәуле түсіреді. Себебі ақын туған жерін, туған халқын, ана тілін жаңындай сүйді. Оның кез келген шығармаларынан жердің, елдің биік рухы сезіледі. Өздеріңе талдауға ұсынылып отырған «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын тебіренбей оқу мүмкін емес.

Ендеше іске сәт! Поэманы оқындар...

АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА

I

Озен де жоқ сыймаған арнасына,
Жылға да жоқ даламен жалғасуға.
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,
Қалай біткен мына көл тау басына?!

Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға,
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә?
Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман?
Қанша ұрпақ кетті екен, қаншама адам?

Қанша шырша өсті екен, құлады екен,
«Жетім көлге» қараудан шаршамаған?
«Жетім көлден» су ішкен қанша марал,
Қанша киік қалды екен сай-салада?

Қанатынан үзіліп ән-самалы,
Қаншама аққу кетті екен – аңсаған ән?
Ортаймаған «Жетім көл» толмаған да,
Болған өмір ұқсайды болмағанға.
Сызат та жоқ бетінде, сзыңқ та жоқ,
Айдынына аққуы қонбаған ба?!

Қызыштары қиқулап, қорғағанда,
Сорлағанға ұқсайды, сорлағанға,
Шүрегейлер айдынын қорлағанда,
Көкқұтандар қанатын қомдағанда...
Бей, дүние-ай, аққулар оралғанда,
Айдын көлдің иесі жол алғанда,
Жетісіп бір «Жетім көл» қалушы еді-ау,
Тынушы еді-ау теңселген қара орман да.
Таянғанда акқулар қонар манға,
Басушы еді-ау, байызын бар арман да!
Қанатынан аққудың балапандап,
Ән ұшатын сымпылдап таң атарда.
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
Сыбырлайтын «Жетім көл» Алатауға.
Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға.
Таң мен күннің арасы таянғанда,
Таудың басы алаумен боялғанда,
Тірілетін таудағы бар тіршілік
Қанатынан аққудың оянған ба?
Көмейінде тәтті үні былай қалып,
Жаға-талда жас бұлбұл тұр ойланып.
Жетті аққулар
Түгендеп «Жетім көлін»,
Жағалауда ұшып жүр шыр айналып,
(Бірден көлге қонбайды құлай барып).
Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Асығыстық оларда болмайтұғын.
Қомағай көкқұтандар секілденіп,
Жалп беріп, жағаға кеп қонбайтұғын.
Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Ақ мұсін айдынға кеп орнайтұғын.

Әлдилеп ақ төсіне, бермей тыным,
Ақ айдын ақ мұсінін тербейтұғын.
Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,
Тірі жан аяқ басып келмейтұғын.

Ақкулар аман-есен қайтқанша,
Суына «Жетім көлдің» шөлдейтүғын.
(Суымен сырқаттарын емдейтүғын.)
Үрпақтан ұрпақ алып жалықпастан,
Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.
Заманнан заман өткен, жаңарған жүрт,
Ақкуын айдын көлдің налытпастан,
Дәстүрін аттамаған, анық басқан.
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан.
Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан.
Кайсыбір қиын-қыстау ай, күндерде,
Шойрылтып, түссе-дағы қайғым белге,
Алаңсыз аққуымды атпасын деп,
Жатқа да дастарқанды жайдым төрге
Ақкулар ұйықтағанда айдын көлде...
Оралмады аққулар осы маңға,
Жылдар өтті, байғұстар шошыған ба?
«Жетім көл» жетімсіреп қала берді,
Арман-ай, аққуимен қосылар ма?!

II

Бала жатыр төсекте, албыраған,
Әке жатыр еденде, қалжыраған.
Тұн күзетіп ана отыр, қос жанары
Шарасыздан шаршаған, жаудыраған.
Тұні мынау – тамыздың маужыраған,
Тауың анау – шымылдық салбыраған.
Биік барып жаралаған жер бетінен,
Сол байырғы «Жетім көл» келбетімен.
Айдында аққулар ұйықтап жатыр.
Сайдан соққан самалмен тербетілген.
Жер бетінде тыныштық, көл бетінде,
Қауышыпты қара орман, көл де, тұн де.
Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,
Баласының ана отыр күйін бағып.
Қайдағы бір қатыгез, сұрқай ойлар
Миын қарып барады, миын қарып.

Сарқытындаі өлімнің қалған қарға,
Екеу болса, дүние-ай, арман бар ма!..
Аракідік назарын аударады,
Төрт бүктеліп еденде қалған жарға.
Қауіптеніп тұндерге, тандарға да,
Үн шығармай іш құса, зарлауда ана.
– Мана, күндіз, тәуіп шал не деп кетті!?
Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті...
«Аққуменен баланы аластандар», –
Деді-дағы жәйімен жөнеп кетті...
– Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,
Неткен жансың санасыз жаратылған!?
Манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі,
Ұмытылып кетті ме санатынан?
... Айналайын ақкудыш қанатынан,
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.

«Жетім көлге» барып қайт таң жамылып,
Таң атқанша қалай да тауға ілік.
Біреулердің көзіне түсіп қалып,
Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік!
Кім білсін, мүмкін, бәрі жалған үміт...
– Апыр-ай, қалай барам, қалай барам?
Атармын аққу құсты қалай ғана?!
Айдынның аққулары ұйықтағанда,
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,
Барлығы қасиетке қалай ғана?..
Бармаймын, бара алмаймын, қалай барам?!

Адуынды жан екен алған жары:
– Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі!
Балам өлсе, бақыттың керегі не?!

Топан су басып кетсін қалғандарын.
Перзент сұрап, несіне армандадың!?

Құрысын онсыз сенің жанған бағың!
Мылтықты әкел!
Атты ертте!

Жалған бәрі! –
...Оятып дүниені дел-сал қылып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып,
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,
Таудағы тіршілікке ән салдырып,
Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,
Бұлбұлға, дүниеге жар салдырып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

Қасқа таң.
Бұлбұл үні.
Көл бетінде
Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.
Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
Таңданып тәкаппар құс келбетіне.
Тығып ап тұмсықтарын мамығына,
Айдын – төсек, аспанды жамылуда.
Арша, шырша, жартастар жағадағы
Сұғынып, бәрі көлге табынуда.
Аласұрып, қан ойнап тамырында,
Ана-жүрек тыптырып, қабынуда,
Не қыларын біле алмай, жабығуда.

...Ал, аққулар,
Аққулар тарануда,
Сусып түсіп, су моншақ арқасынан.
Қарайды ана шыршаның қалқасынан.
«Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,
Құлнымынның қасынан неге кеткем?!
Ошақ қасы, от басы, көрмеппін ғой,
Дүние-ау, сен осындей керемет пе ең?!»
Ана отыр,
Озбыр ойлар қамалауда,
Қамалауда, әлдекім табалауда.
...Аққулар ақ айдынды қалдырыды да,
Тартты кеп ана отырған жағалауға.
Шошымай шолжаң өскен батырларың,

Ана отырган шыршаға жақындасты.
Көзі тұнған бейбағың, топ аққуға,
Білмей қалды мылтықтың атылғанын.
Көздің алды көк түтін, ақыл жарым
Білмей отыр жаңағы тыныштықтың
Сүт ұйыған тегешін сапырғанын...
Ию-қиу көл маңы, астан-кестен,
Жер айналып, тау құлап, аспан көшкен.
Жаңғырығып, жар салып, жартастар тұр,
«Жетім көлдің» қайғысын бастан кешкен,
Көріп-біліп, таныпты тастар да естен.

Алып аспан астына сия алмай бір,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.
Мөлдіреген «Жетім көл» көкке қарап,
Мөлтілдеген көз жасын тия алмай тұр,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.
Сан айналып, сұңқылдан ұшты-дағы,
Сапар жолға мезгілсіз түсті-дағы,
Бетін түзеп, батысқа бағыт алып,
Қарғыс атқан мекененен күсті бәрі.
Тау жаңғыртып, тамаша құстың әні
Қош айтысып көлменен, ұшты бәрі.
Көл бетінде көлбендей жаралы аққу,
Ұша алмайды, ұшпақ бол күш қылады...

III

«Жетім көлдің» басында жылқы жатқан,
Дөңге шығып, қарт тұрған жылқы баққан:
«...Апыр-ай, бұл кім болды, таң сәріде,
Көргенсіз, көл басында мылтық атқан?!
Құстардың зәре-құтын шырқыратқан,
Неғылған қаніпезер құлқы қатқан?!
Мылтықты атарлықтай көлге келіп,
Апыр-ай, жоқ еді ғой елде желік...»
Мылтық даусы, құстардың шулағаны –
Шыдамын алды қарттың, бермеді ерік.

«Бұл маңның адамы емес, сірә-дағы,
Білейін, табайын да бір амалын.
Қаруы бар кәззапқа құрықпенен
Ұмтылса, қалай қайрат қыла аламын!?
Жөн болар алыс тұрып сұрағаным...»
...Ақку үркіп, батысқа бет түзеген,
Қамшы басты атына шыдамады.
Алыс тұрып ақырды қыр басынан
«Берекесін бұл жердің кім қашырған?..»
Өңім бе, түсім бе деп таңданады,
Көз алмай орамалды ұрғашыдан,
Көз алмай сүле-сопа тұлғасынан:
— Ей!
Кімсің?
Тірісің бе?
Жаның бар ма?
Аккуды неге атасың, арың бар ма?!
Тастағын қаруынды, келгін бері,
Келгін бері, кеуденде жаның барда!
...Байғұс әйел үн-тұнсіз жылап тұрды.
Қарттың үні мең-зең ғып құлаққа ұрды.
Қолындағы мылтығын құлаштап кеп,
Бөгелмей, «Жетім көлге» лақтырды.
Қартқа қарай ақырын аяңдады,
Қарусызға карт келді, аянбады.
Көзінен жас, көнілінен зар төгіліп,
Болған жайтты келіні баяндады.
— Эй, балам!..
Болмады ғой, болмады ғой...
Қасиет кетті көлден, сорлады ғой.
Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,
Атқа мін, ауылға қайт, олжаны қой!..

Мін атқа, қайт ауылға, тағат қыл да,
...Білмеймін, сор аттың ба, бақ аттың ба?!
Ақкуға кезенерде, ырым жасап,
Тым құрса, саусағынды қанаттың ба?

– Элек боп, арпалысып сор-қайғымен,
Жоқ, ата, жасамадым ондайды мен...
Жасымнан естігенім бар-тын еді,
Әйтеүір аққу атқан оңбайды деп...
– Солай-солай...

Аманат бір құдайға...
Қай-қайдағы түседі құрғыр ойға... –
...Ат басын шұғыл бұрып, тайып тұрды,
Қарт тастап нелер сұмдық сырды бойға.
Бәрі ұмыт: бақытың да, байлығың да,
Күлкі шаттық, күйзелткен қайғы, мұн да.
«Жетім көл» жетімсіреп қалып қойды,
Бір өлі, бір тірі аққу айдында...
Бар өмірден көңілі шайлышуда,
Байғұс ана еркінен айырылуда.

Әлденеден сүм жүрек сескенеді,
Аракідік әлдене ес береді.
Табиғаттың, таудың да, аққудың да
Байғұсқа болмай қалды еш керегі,
Келеді ана, сезбейді ештеңені.
Бай ұмыт, әлсіз жатқан бала да ұмыт,
Қайтқан құстай алыстап барады ұміт.
Көңілімен қоштасқан аққу үні,
Құлағына келеді аракідік –

Өмір емес – өмірі, қораштанған,
Байғұс ана тірліктен қалас қалған.
Келеді ана, қарабет қарақшыдай,
Ел мен жерден біржола аласталған.
Әппақ нұрды көре алмай ақ аспаннан,
Тұн-тұнекте бейне бір адасқан жан.
...Абыр-сабыр, үй маңы дүрбелен-ді,
Алғаш ана абыржып, білмеген-ді.
Ат үстінен түсе алмай қатып қалды,
Мелшиіп, білмей тіл мен үн дегенді,

Білмейді, қайда келді, кімге келді.
Өң бе, түс пе, әйтеуір таласуда,
Өлі менен тірінің арасында.
Отырғандай «Жетім көл» жағасында,
Аққу жатыр көзінің шарасында.
Аунап түсіп атынан, үйіне енді,
Есіне алып ерін де, баласын да.
Өліп жатқан ұлына қарасын да,
Қалсын ана «Жетім көл» жағасында,
Өлі менен тірінің арасында.
...Әппақ нұрмен шомылтып айналаны,
Ақ сәулемен айдынның ойнағаны
Көз алдында...
Құлақтан кетер емес,
Таңда бұлбұл тамылжып сайрағаны,
Көз алдында – аққудың жайрағаны.
Сыңар қанат, сынық құс – жаралы аққу
Өлі аққудан кете алмай айналады.

Ақ төсек – әппақ айдын, аққу – бала,
Жаралы аққу секілді жаттың ба, ана?..
«Мына жатқан «Жетім көл», мына аққуды,
Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа...
Жоқ!
Мен емес... Мен атпадым...
Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!»
Әазиз ана, ербендең екі қолы,
Жиылған жұртқа қарап алақтады.
Құледі, бірде жылап, зарланады,
Көкке қарап, бекерге қарманады
Бірде үнсіз, мелшиіп тың тыңдайды,
Құлағында аққудың арман-әні.
Алдымен жұрт үн-түнсіз таңданады,
Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады...
Бірде ана көкке жайып алақанын:
«Қазір, ботам...

Мінеки, таң атады...
Қазір ботам, аққумен ұшықтаймын...
Жазыласың құлныым... балапаным!
Қасиет!
О, қасиет!
Осында ма ең?!

Сорымның қалыңдығы шашымдай ма ең!...
Қасиет!..
Қасиеттер ұшып кетті,
Қасірет!..
Қасымдағы досымдай ма ең!...
Қасиет... Қасірет...
Қасірет... қасиет...»

ЭПИЛОГ

...Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым,
Жерді аңсаймын...
Жалғыз-ақ сол – арманым.
Қыын екен, қимасың екі бірдей
Көз алдыңда ғайып боп жоғалғаны...
Көрдің бе бір-біріне дәп келуін,
Бір қырсық бір қырсықпен шектелуін?
Балам-ай, мынау өмір-дарияның
Білмейсің қайда екенін өткелінің.
Аққулар...
Аңыз көп қой олар жайлы,
Көзінмен көргеніңдей бола алмайды...
Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар,
Шошыса, екінші рет оралмайды.

* * *

Орнында екен «Жетім көл» жоғалмапты,
Ортаймапты немесе тола алмапты.
Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,
Қасиетті аққулар оралмапты.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Поэмалың I бөлімінен қандай әсер алдыңдар?
Түған жер, «Жетім көлдің» сұлулығы, аккудың үні, қасиеті, айнала қоршаған ортамен үндестігі, ақынның сезімі өлеңде қалай берілген? Әрбір сөздің орынды қолданылғанына, алып тастауга болмайтынына көңіл аударыңдар.
2. Поэмалың II бөлімінде оқиға мен интонацияның өзгергенін байқандар. Ананы қасиетті аққуға оқ атуға итермелеген не?
3. Н. Тілендиевтің «Аққу» күйін күйтабақтан тыңдаңдар.
4. Поэмалың III бөліміндегі жылқышы мен ананың диалогін екі оқушы кезектесіп оқыңдар.
5. Поэмалың әр бөліміне ат қойыңдар. Өздеріңнің елестетулерің бойынша «Ақын және аққу», «Жетім көлдің аққулары», «Ана – мерген», «Бала – аққу – ана», т.б. тақырыптарға еркін шығарма жазыңдар.
6. Халқымыз аққудан басқа тағы қандай аң, құстарды қасиетті деп есептейді?



ШЕРХАН МҰРТАЗА

(1932 – 2018)

Шерхан Мұртаза 1932 жылы Жамбыл облысының, Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ аталатын ауылда дүниеге келген. Талапты жас онжылдықты бітірген соң, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі. 1955 жылы сол кездегі ең тандаулы, беделді оқу орындарының биік талаптары мен қатал сындарынан мұдірмей етіп, ұстаздарының озық дәстүрі ұлағатты дәрістерін, зиялғы тағылымдарын өз бойына мейлінше мол сіңіріп, талантты маман болып, елге оралады.



Драматург, жазушы, журналист, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза қай салада еңбек етсе де, халықтың сөзін айтып, жоғын жоқтайды. Оның мінезіндегі турашылдығы, еңбеккорлығы өзі жасаған кейіпкерлер бойынан табылып жатады. Драматургтың «Бесеудің хаты», «Жетім бұрыш» т.б. пьесалары республикалық, облыстық театр сахналарында қойылған. «Бұлтсыз күнгі наизағай», «Мылтықсыз майдан», «41-жылғы келіншек», «Интернат наны» т.б. хикаялтар мен әңгімелер жинағы, көп томды «Қызыл жебе» романы жарық көрді.

Жазушы, драматург Ш. Мұртаза өз шығармаларына тарихи оқиғаны өзек етіп алады. Тарихи шындықты көркем шығарма етіп беру оңай емес, себебі ол шындықты көркем сөздің куатымен қайта жаңғырту, оқырманның жүргегінен өткізу нағыз талантты жазушының ғана қолынан келеді.

Ш. Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты драмасына арқау болған – ел басына түскен азапты қундер, қолдан жасалған аштықтан қырылған екі миллион халықтың тағдыры. Драматург сол кездегі өкімет басшыларымен, оның қасындағы жандайшаптардың бейнесіне жан бере суреттейді. Әр кейіпкер өзінің сөзі арқылы танылып жатады.

Ш. Мұртазаның драматург ретіндегі шеберлігінің өзі сонда, ол кейіпкерінің мінез-құлқын ғана ашып қоймайды, оның жан дүниесін көрсетеді, окушы кейіпкердің даусын естиді.

ИНТЕРНАТ НАНЫ

Әлтай нанға тоймаушы еді. Басы дәу, үртек шаш, мойны қылдырықтай, шүнірек көз, томпақ ауыз қара бала болатын. Болбырақ, оқуға олак, есіл-дерті ауқатқа ауып кеткен сияқты еді. Сабактан қала береді. Ебі келсе, асханаға кезекші болуға тырысады. Кезекшінің міндеті – екі шелекпен өзеннен еңірете су тасиды. Жұз баланы асырайтын тай қазан толғанша тасиды. Одан ыдыс-аяқ, жууға қосымша тағы тасиды. Кезекшіліктің ең ауыры – осы. Интернаттың іргесін жалап ағатын өзеннен асханаға құбыр тартуға ол кезде шама келмедин ме, әлде құнт болмады ма, біз қайдан білейік, ауыр-ауыр екі шелек буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жеткіншектердің, екі иінінен зілдей басып, онсыз да тапал бойды төмен тартар еді.

Кезекші су мәселесін шешкен соң, картоп аршуға кіріседі. Одан кейін ұзыннан-ұзак созылған үстелге екі қатар қалайы тәрелкелерді, қисық-қыңыр қалайы қасықтарды қойып шығады. Содан соң, барып әрбір тәрелкенің, тұсына тілдей-тілдей кесілген қара нан қояды. Бұл кезде Әлтайдың, қасына тәрбиеші немесе аспаздың өзі ілесіп жүреді. Соның, өзінде де Әлтай олардың қырағы көзін ала беріп, бірер кесегін томпақ ауызға бұралақтап ұрып жібереді. Тәрбиеші оның, аузына құдіктене қарап еді. Бірақ, Әлтай сыр бермейтін. Сірә, нанды шайнамай жұтып жіберетін шығар.

Тұс кезінде мектептен балалар апыр-топыр жарыса олады. Кітаптарын бөлмеге қояр-қоймас асханаға қарай ынтылар. Сонда Әлтай оларға кәдімгідей одыраңдал:

– Өй, өңшең жалмауыз, топырламай бір-бірлеп кіріндер, – деп есіктің аузында тұрады.

Кезекшілік күні өткен сон, Әлтайдың, көңілі той тарқағандай құлазып қалады. Интернаттың, әшмұшкедей нормалы нанын місе тұтпай, қонқылдан, сабақ біткенше әрең шыдайды. Кейде соңғы сабақтан қашып кетеді. Жолжөнекей драма театрға соғып, қандай спектакль жүретінін, қандай контрамарка болатынын біліп алады. Интернатка келе сала ас үйден бір түйір картоп сұрап алыш, оны ойып, мөр жасайды. Кітаптың қатырма мұқабасын кесіп-кесіп, картопқа сия жағып, мөрді картонға мұқият басады. Сөйтіп, әрбір контрамарканы нанға айырбастайды. Театрға барушы талапкерлер табылады. Аш қалуға бейіл¹, бірақ «Қобыландыны», «Қыз Жібекті» көруге құштарлар, құдайға шүкір, бар. Театрдың қызметкерлері ойын сонында контрамарканың соншалықты көбейіп кеткеніне таңғалысады.

Нанды қиып, театрға барғандар спектакльден қайтып келгенде қарындары ашады.

– Ұйықтаған соң, қарынның ашқаны білінбейді, – дейді, әр нәрседен хабары бар қарашай Хасболат.

– Онда шуылдамай тезірек жатайық, – дейді балалар. Балалар үйқыға кетеді. Бір бөлмеде он адам жатады. Бәрі де әскер балалары. Бәрі де ауылдан келген. Облыс орталығында соғыстан соң жаңадан ашылған интернат-пансионда жатып оқиды. Майданнан әкесі қайтпағандар, соғыстан ағасы келмегендер аш қарын үйқыда түстерінде ауылдың нарт қызыл таба нанын көріп, тамсанып жатады.

Осы кезде Әлтай басын көрпемен жауып алыш, нан жейді. Біреу естіп қоймасын деп, дымын шығармауға тырысады.

¹ Бейіл – бұл жерде аш қалуға бар деген ұғымды береді.

Контрамаркаға айырбастап алған нанды тауысқанша ұйқы жоқ.

Бір күні Әлтай әшкереленіп қалды. Сәттіғұл дейтін бала оның түнде нан жеп жатқанын біліп қойыпты.

– Палундра! – деп Сәттіғұл айқай салсын. Балалардың бәрі үй өртеніп бара жатқандай орындарынан сасқалақтап атып-атып тұрсын.

– Не боп қалды?

– Әлтай нан жеп жатыр!

– Нан?!

«Нан» деген сөзді естігенде, ұйқы шайдай ашылады. Жеті күн ішінде таң, атып, күн шығып, он жетімнің тар бөлмесіне нұр шашырағандай болады. «Нан» деген сөз – алыстағы ауылдан апаң келіп тұр дегенмен бірдей. Айында-жылында ауылдан апаң бір келгенде кіші қалта талқан, бірер таба нан әкелер еді. Іні-қарындастыңың аузынан жырып әкеп тұрғаны есіңе түскенде, талқан тамағынан өтпейді-ау.

Сәттіғұл барып Әлтайдың үстінен көрпені жұлып алады. Әлтай қақпанға түскен қасқырдай ақсиып айбат шегеді.

Бер бізге де – дейді Сәттіғұл. Басқалар бұл кезде Сәттіғұлды үнсіз қуаттап, анталап тұрады.

– Неге берем, өзімдікі – деп, шаңқ етеді Әлтай.

– Жоқ, біздікі! – дейді Сәттіғұл.

Контрамарканы қайтар, сонда берем, – дейді Әлтай, енді қайтер екенсің дегендей.

– Контрамаркаң жалған. Сені ол үшін сottaу керек. Жалған құжат жасағаны үшін сottату керек. Жалған құжат жасағаны үшін сottайтын заң бар екенін білмейсің бе? – дейді Сәттіғұл.

– Онда сол контрамаркамен ұдайы неге өзің театрға кіріп жүрсің. Сені де сottaу керек, – өлсем, жастығымды ала кетермін, – деп, Әлтай қасарысады. Бірақ, өзінің кінәсі басым екенін сезіп, жаси бастайды.

– Нан қалған жоқ, әйтпесе не көрініпті беремін ғой, «Өле жегенше, бөле же» деген ғой.

–Өй, сен мақалдамай шығар бері, қалған жоқ, деуін қарашы. Балалар шамаданын ашындар! – деп бүйірады Сәттіғұл.

Әлтайдың пәнер тақтайдан шағын чемоданы бар, аузында жұдырықтай құлып тұрады. Әлтай өз меншігін қорғамақ бол, кереуектің астына ұмтылады. Бірақ, енгезердей Сәттіғұл оны төсектің үстіне атып ұрып, тырп еткізбей қол-аяғын басып жатады.

– Атаңа нәлет, Қодар! – дейді Әлтай ышқынып, – босат былай!

Балалар театрдан қайтқан сайын ондағы ойынды өздері қайталап, біреу Төлеген, біреу Бекежан болып шыға келетін. Сәттіғұл Қодар рөлін ойнаушы еді. Содан да Қодар аталып кеткен.

–Дымынды шығармай жат, паразит Қарабай, – деп масаттанады Сәттіғұл, Әлтайдың дүние қоңыздығын бетіне басып.

Құлыптың кілті табылмайды. Оған балалар онша өкіне де коймайды. Епті біреуі шегемен-ақ аша салады. Перғауынның¹, мың жылдық алтын табыты кенеттен табылғандай-ақ балалар аң-таң болып, ауыздарын ашып, аңырып біраз тұрып қалады. Чемодан ашылғанда, ішінде тілім-тілім нан, бір қалта бидай талқан, бір қалта құырған жүгері, бір қалта құрт жайнап жатады. Балалар енді есін жиып, мол тағамға қол сала бергенде, Сәттіғұл айқай салады:

– Тәртіп сақта! Біз мародер² емеспіз, саналы азаматтармыз. Бәрін заңды түрде жасауымыз керек. Біз феодализмнің кәрі кақбасы Карабайдың малын кәмпескелейміз. Бәріміз теңдей бөліп аламыз, – деп, талақты бөліске сала бергенде... есік сарт ашылып, табалдырықта алпамсадай алып адам ишіна шинелін желбегей жамылып, міз бақпай тұрып калады. Қалың қастары бірігіп кеткен. Көзі оқтаулы мылтықтай. Тұла бойы қаһарлы.

– Бұл не шу? – деп, ақырады әлден соң. – Неге ұйықтамайсындар.

¹ Перғауын – «әулие», «пайғамбар» деген мағынада.

² Мародер – бұл жерде «тонаушы» деген мағынада.

Әлтай арыз айта алмас. Өйткені өз кінәсі ашылып қалады. Басқаларда да үн жоқ. Өйткені біреудің чемоданын тонауға болмайды. Интернат менгерушісі қос қолын галифе шалбардың, қалтасынан шығармай, «қазыналы» қара чемоданға шалқақтай қарап қалады. Қалың қара қасын бір жоғары, бір төмен ойнақтатады.

Әлден соң:

– Тақ-тақ... Бәрің, далаға шық! – деп бұйырады.

Аулаға шыққан соң, асхананың алдына балаларды қатарға тұрғызады.

– Смирно! – деп бұйырады. Сөйтеді де, асықпастан шалқақтай басып, өз үйіне қарай беттейді...

Кетіп қала алмайсың. Тұн ортасында тікеннен тік тұрған да оңай емес. Балалар күнкілдеп, Сәттіғұлдың кінәлай бастайды.

– Сен болмағанда тып-тыныш ұйықтап жататын едік.

Мен сендерге жақсылық жасамақ болсам, қарай гөр бұларды. Мен емес, анау Карабай кінәлі, – деп Сәттіғұл жабайы қодастың назарын Әлтайға бұрып салады. Әлтай енді бір табын сиырдың ортасына түскен қасқырдай болады. Оның бақытна қарай интернattың бастығы қақырынып-жөткірініп үйінен шығады. Балалар қыбыр етпей, «смирно» тұрып қалған. Ай сәулесіне қасқа басы шағылысып, дәу ағай асықпай бір-бір басып таяп келіп:

– Қарындарың ашты ма? – дейді.

Дәл қазір «жаурадыңдар ма?» деген сұрақ орынды сияқты. Бірақ интернат менгерушісі: «Қарындарың ашты ма?» деп сұрайды.

«Қарным ашты десем, әлдене деп жүреді» – деп, ешкім үн қатпайды.

– Айтпайсыңдар ғой, ә! Онда тұра тұрыңдар тағы да, – деп, дәу ағай қайтадан өз үйіне асықпай аяңдай бастайды.

– Ағай! Ағай! Тоқтаңыз, – дейді шыдай алмаған Хасболат күркіреуік даусымен. Онан соң жолдастарына қарап:

– Неге үндемейміз? Айтпаймыз ба, тұра бергенше?! Қарнымыз ашты, ағай, – дейді.

- Ашты.
- Ашты,— деп әр жерден бір дауыс дірілдеп шығады.
Сонда дәу аған:
 - Ашынған қарын тойынар. Барыңдар, ұйықтандар! – деп бұйырады.

Жақсы сөз – жарым ырыс, балалар жәбір-жаманшылықтың бәрін ұмытып, жылы көрпелердің астына қойып-қойып кетеді. Сол көніл тоқтықпен рақаттанып үйқыға кірісе бергенде, әрбір төсектің басына Әлтай келіп, балаларды басынан тұрткілейді.

– Мә, – дейді аң-таң болған жолдасына Әлтай бір тілім нан ұсынып. Нан жетпегендеге бір уыс талқан немесе бір түйір құрт тиеді. Бөлме іші мейірімге толғандай. Сол сезімнін, әлдилеуімен он бала тәтті үйқыға кетеді. Түстерінде бір қанар нан арқалап, балаларға үлестіріп жүрген дәу ағайды көреді.

Жаңа жыл екен дейді. Интернат асханасының қақ ортасында үлкен шырша орнатылған екен. Шыршаның әрбір бұтағынан қызыл күрен, бөлке-бөлке нан салбырап түр екен. Дәу ағай Аяз-Ата болған екен. Жаңа жылда кәмпіт орнына бір-бір бөлке нан сыйласп жүр екен. Сол бөлкелердің қак, ортасына Әлтайды салбыратып іліп қойған екен...

Қыстың қысқа күні асханадағы тілдей қара наннан басталады. Ештеңе өзгермеген. Әлтай бүгін кезекші емес, содан да қабағы салынқы. Кезекші болмаған күні мектепке баар жолдағы нан дүкенін қалайда бір сүзіп өтер. Дүкенші сары әйел ұдайы ашулы болады. Әлтайдың карточкасы жоқ екенін біледі де:

– Бар, айда! – деп, қуып жіберетін.

Бүгін де мектептен қайтқанда, шыдамай, кабактың¹ тұсына тоқғамай өтпейтін маскүнем құсан, Әлтай нан дүкенине қалай кіріп кеткенін өзі де білмей қалған. Кіруін кірсе де, сатушы қатын ұрсар ма екен деп қипақтаған. Бірақ сары әйелдің, жүзі жарқын, қабағы жазылған. Сақ-сақ құледі. Құледі де, пештен жаңа шыққан жып-жылы нанды күндеңгідей тілдей

¹ Кабак – бұл жерде арақ сататын дүкен ұғымында.

етіп тілмей, бөлке-бөлкесімен беріп жатыр. Карточкаға емес, ақшаға беріп жатыр. Дүкеннің іші нанға тіреліп тұр. Жарықтықтың иісі жүпардан жұз есе артық.

Әлтай интернатқа алып-ұшып жетіп, асханаға кірсе, күндең тілдеп тіліктердің орнына жарты бөлкеге жақын дәм қойылған екен.

— Ал, қарындарың тояды екен! Карточка жүйесі жоғылды, нан молайды. Сендерді нан күнімен құттықтаймын — деді интернат менгерушісі. Бұл — 1947 жылдың 16 ақпаны еді.

Әлтай сонда әлгі нанды жеп тауыса алсаши! Әшейінде бұралақтап ауызға бір-ақ асайтын асты тауыса алмай, тойды да қалды.

* * *

Мен бұл кезде қызметке баратын жолда астанадағы ең үлкен нан дүкені бар. Ешкандай жұмысым жоқ, тамағым тоқ болса да әлгі дүкенге анда-санда бір кіріп шығамын. Нанның сондағы тұр-тұрі-ай! Қазақтың, таба наны дейсің, бе, Украинаның қара наны дейсің, бе, қалалық ақ бөлкелер дейсің бе, кірпіш нан, дөңгелек нан... Дүкеннің, іші жыпжылы. Нан иісі ана сүтінің іісіндей. Осы дүкеннің тұсынан өткен сайын интернат есіме түседі. Әлтай қазір аудандық оқу бөлімінің бастығы, ғылым кандидаты. Сәттіғұл ірі совхоздың директоры. Мен болсам...

Жиі-жі ойға қалам: іргесін боз өзен жалап жататын интернат болмағанда біз осы дәрежеге жетер ме едік? Кім біледі...

Нұр жаусын саған, интернаттың наны!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Әңгімеде интернэттың жағдайы, әсіресе кезекші балалардың енбегін жазушы қалай көрсеткен, қай кездегі жағдайды суреттеген?
2. Әлтай әрекетін сендер қалай бағалайсыңдар, ол неліктен солай істеп жүр? Жазушының Әлтайға көзқарасы қандай?

3. Әлтай құпиясын ашқан Сәттіғұл әрекеті дұрыс па? Сендер оған қалай қарайсындар? Қалай болғаны дұрыс?
4. Интернат менгерушісі балаларға неліктен ұрыспады? Онда не сыр бар?
5. Нан бағасы, интернат әсері жөнінде жазушы қорытындысы қалай, сендердің пікірлерің қалай?
6. «Басты байлық – нан» деген тақырыпта шығарма жазындар.
7. «Нан дастарқанға қалай келеді?» тақырыбында сынып болып монтажды тәрбие сағатын ұйымдастырып көріндер.



ҚАДЫР МЫРЗАӘЛІ

(1935–2010)



Қадыр Мырзалиев 1935 жылы Батыс Қазақстан облысы Жымпіты ауданында дүниеге келген. Ол Қазақстанның халық жазушысы. Тәуелсіз Тарланы сыйлығының иегері, қазақ әдебиетінің майталманы. 1958 жыл ҚазМҰ-дың филология факультетіне оқуға кіреді. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырганнан» бастаған. 1968–1973 жылдар аралығында «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің менгерушісі болып істеді. Оның тұнғыш туындысы 1954 жылы «Пионер» журналында жарияланды. 40-тан астам жыр-жинақтарымен әдебиесін, ән-өлеңдері, прозалық кітаптары, балаларға арналған кітаптары шықты. Атап айттар болсақ, ақын қаламынан туған «Күміс қоңырау», «Ақ отау», «Бұлбұл бағы», «Көш», «Домбыра», «Жерұйық» атты жинақтары ақын шабытының шырқау биікке көтерілген шыңы деуге болады. Сондай-ақ Қадырдың бір томдық драмалық «Сақал саудасы», «Жаралы жолбарыс», «Әмір Темір» атты шығармалары да бар.

Қадыр – сыршыл ақын. Бірақ оның сырлы жеке бастың гөйгөйі емес. Сезімі ұшқыр, ойы терең, әлеуметтік мұддесі биік, интеллектуалдық қарымы кең кемел азаматтың көңіліндегі күдік пен кекірегіндегі уайым ешқашан бір басының ауқымымен шектелмекші емес. Қадыр да солай.

НұР

Шалғайын шалқар малшыған
Бұлт келді,
Көктен кір кетті.
Топырлаң ұрған тамшыдан
Топырақ иісі бұрқ етті.
Шілде мен тамыз нышаны
Шаң ғана болса,
Қалдырма.
Терезелер де құшағын
Түгелдей ашты жаңбырға.

Бақтың да шөлі қанады,
Бақшаның дәмін жеп көрдім.
Жұздері жайнап қалады
Жауыннан кейін шөптердің.

Кебуге кейін дап-дайын
Кіреді-ай жаны тастың да.
Арудай болар ақ қайың
Ақ жаңбыр – душтың астында.
Көңілдің ұзақ мұң басқан
Құлпырар сәтте гүлдері.
Мереке жерде
Аспанның
Мейірі жауған күндері!

Сұрақтар ман тапсырмалар



1. Өленді мәнерлеп оқындар.
2. Ақын табиғат сұлұлығын жырлауда қандай көркемдегіш сөздерді қолданғанын байқандар?
3. Ақынның табиғатпен үндестігі туралы не айттар едіндер?
4. «Нұр» сөзі кездесетін макал-мәтел, афоризмдерді жазып келіндер.
5. Қадыр ақынның қандай өлендерін жатқа білесіндер?

ТҮН КІРПІГІН ІЛМЕДІ

Түн кірпігін ілмеді,
Тамаша таң ұзарып.
Қызғалдактай гүлдедім,
Қырмызы бет қызырып.
От боп тиген сезімге
Өнер деген бар қайғым.
Өлең піскен кезінде
Сахарадай сарғайдым.

Жылдардан соң жыл аунап,
Жеткенде елу жасыма,
Күміс қардай қылаулап
Қырау тұрды басыма.

Күнге тартқан баланың
Нұр көресің көзінен...
Ал мен болсам,
Даламның
Аумайды екем өзінен!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. «Қадыр – сыршыл ақын» деген Әбіш Кекілбаевтің сөзіне дәлел болатын өлеңді түсініп, мән беріп оқындар.
2. Ақын мен өлең туралы айтындар.
3. Лирикалық кейіпкер, яғни ақын неге ұқсайды?
Шығармашылықпен жауап беріп көріндер.



ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ

(1936 жылы туған)

Қабдеш Жұмаділов Шыңжан өлкесінің Тарбағатай аймағы, Малдыбай ауылында дүниеге келген ақын, Қазақстан халық жазушысы. Ауылда бастауыш білім алғып, кейін Шәуешек гимназиясын бітіреді. 1956 жылы ҚазМҰУ-дің филология факультетіне оқуға түседі. Алайда 2 курстан кейін саяси жағдайларға байланысты оқуды тастайды. Оны 1965 жылы бітіріп шығады. 1965–67 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет етеді. Одан кейін «Жазушы» баспасында, мемлекеттік баспалар комитетінде қызмет етеді де, 1981 жылдан бастап бірынғай шығармашылықпен айналысады. Алғашқы өлеңдер жинағы «Шыңжан» газетінде жарық көреді. «Жамал» атты тұнғыш прозалық шығармасы «Шұғыла» журналында басылады.



Жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады», «Сарыжайлау», «Шарайна», «Сәйгүліктер» тәрізді әңгіме, хикаят жинақтары, «Көкейкесті», «Бақыт жолында», «Атамекен», «Соңғы көш» романдары жарық көрді. Жазушы «Тағдыр» романы үшін мемлекеттік сыйлыққа ие болған.

Халықтың дүние танымын терең бейнелейтін, өмірлік тартыс сырын дөп басып, дәл суреттейтін дарынды жазушы – тарихи шығармалардың да шебері.

Сендерге ұсынылып отырған «Қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі қарттың бала кезде табанынан топырағының ыстығы өтіп, қасиеті сіңген туған жерін жат елде жүріп бір сәт те ұмыта алмауы шынайылығымен жаныңды толқытады. Оның туған жерге деген ұлы сағынышы, елге жету жолындағы

қым-қуыт қыншылықтарға төзе білуі ешкімді де бейтарап қалдырмайды.

«...Алпысынышы жылдардың орта шенінде жұртшылық назарын бірден елең еткізген – «Қаздар қайтып барады» әңгімесі еді. Осы әңгімегі тау асып, тас басып, көп қыншылықпен шекарарадан өтіп келіп, өзінің атамекеніне жетіп жығылған Байтас шалдың тағдырына ой жібере отырып, Қабдештің айтар сыры мұнымен бітпейтінін, әдебиетімізге бір үлкен суреткердің өз тақырыбымен келе жатқанын шамалағанбыз. Көп ұзамай бұл болжам расқа шықты. Айналасы он шақты жылдың ішінде «Сонғы көш» дилогиясы мен «Тағдыр» романы дүниеге келді.

Қабдеш – тілге аса бай және әр сөздің сиқырлы бояуын жан-тәнімен нәзік сезінетін жазушы».

Әкім Тарази

ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ (Ілқашамдалып алынды)

Тау іші. Иен жайлау. Ұшқан құс, жүгірген аңнан өзге тіршілік белгісі білінбейді. Жаз жәрмеңкесі тарқап, таулы өлкеге қоңыр күз қонақтаған. Аспан да, жер де сұп-сұрғылт. Жапырақтар сарғайып, өсімдік атаулы күзгі ызырық желге елбендей бас ұрып, тәубеге келген сопыдай күбірлейді. Тек қия жартастарды жарып шыққан қайсар қарағайларғана өнін бермей, тәқаппар басын тік ұстап, көкке шаншыла қарап тұр. Сай-саладан құлай ағып жатқан көк қасқа бұлақтар жаздағыдай шу салып, асып-таспай, салқын сабырмен жуасып қана сырғиды.

Малшы ауылдар бұл өнірден әлдеқашан арылып, етекке түсіп кеткен. Тегіс-тепсең жерлерде, бұлақ бойларында жараның орнында болып киіз үйлердің көшкен жұрттары көрінеді...

Жаздың шіліңгір ыстығында басынан бұлт кетпейтін Етікші шының бұл күнде бозғылт мұнарға оранған. Бұл – Тарбағатай сілемдерінің бір-бірімен ұштаса келіп, құрт көтерілген тұсы. Нардың жалғыз өркешіндегі болып көзге алыстан шалынады.

Арғы бетке өтетін жолаушы қын да болса, көбінше осы шыңың қалдырып асатын. Өйткені өркеш-өркеш тауларға, терен құздар мен тентек өзендерге соқпай өтетін ең төте жол осы. Биік жалдың басында жыртқыш андар да аз жүреді. Етікшінің жотасына шықсан, таудың күнгейі мен теріскей табаныңың астында жатады.

Жолға шыққанына төртінші күн дегенде ұзын бойлы, қапсағай қара шал осы Етікші асуының бір орқаш бийгіне көтерілді. Бар салмағын таяғына салып, тізесі дірілдеп зорға жылжып келеді. Кеудесі сырылдап, өкпесі аузына тығылып, әлсін-әлі тоқтап, дем алады. Бірақ алдында көлденең сұлап жатып алған қырсық асудың төбесіне бір шықсам-ау деген арман қолтығынан демегендей өрге қарай өшіге, өршелене кайта ұмтылады.

Күн тас төбеге көтеріліп, ес кетіп, жан шыққанда, асуудың ұшар басына да жетті-ау. Қыр жалдың үстіне шыға келгенде гүйлдеп соққан қара боран жолаушыны ұшырып әкете жаздағы. Таяғына сүйеніп, төрт тағандап әзер қалды. Күні бойы жеткізбей, діңкесін құртқан шыңға ерегісті ме, болмаса «мұндай биікке үнемі көтеріле бермеспін» деді ме, әйтеуір, осы арада біраз аялдағысы келді. Аппақ шоқша сақалы желге желпілдеп, сыйырайған кәрі көзімен айналаны шолып, карт жалдың басында бірталай тұрып қалды...

Бір тәуірі ендігі беталысы ыратомен, еңіс екен. Үлдиға қарай құлдырап, тез төмендеді. Көк жалап, жылтырланып, алған сірі шоқайы киіздей ұйысып жатып қалған бетегеден тайғанап, тоқтамаған соң, жан дәрмен отыра қап құйрығымен сырғанады.

Жалаңаш жотадан көп төмен түсіп, қалың жынысты қойнауға жеткенде, жел басылып, күн жылынайын деді. Титығы құрып, әбден қалжыраған қарттың бұдан әрі жүргуге әлі келмей, тәлтіректеп барды да, шоқ қайыңың түбіне қисая кетті. Арқасындағы қоржынын басына жастап, бір сәт сұлқ жатты. «Әйтеуір, қын асудан өттім ғой, – деді талмаусырап жатып, – жолдың көбі кетіп, азы қалды. Құдай енді екі құндік ғұмыр берсе, көздеген жеріме де жетіп жығылармын».

Бір заматта басын көтерді. Күн төбеден ауып барады екен. Жаңағыдай емес, сергіп, тыңайып қалыпты. Тек тілі аузына сыймай, шөл әкетіп барады. Әлдене есіне тұскендей жалма-жан қоржынға қол созды. Қоржынның бір басынан кішкентай қатқан торсықты алды, шайқап көріп еді, бірдеме шылдырағандай болды.

Құйып алды шыққан айраны бұдан екі күн бұрын таусылған. Сонан бері таңдайын жібетіп, талшық қып келе жатқаны – бір уыс малта. Қалтасында жүрген бес-алты құртты торсықтың ішіне салып, үстіне кеше су құйып алғанды. Онысы да бітуге айналыпты. Қоржынның екінші басынан саптыаяғын алды, торсықты төңкеріп еді, кішкентайғана ақ малта құйылды. Шал оны бір-ақ сіміріп алды. Маңдайынан тер бұрқ ете тұсті. Көзі шырадай жанып, біраз әл жинағандай болды...

Көңілі жайланаңып, алдағы жолдың жоспарын жасады.

«Шекараға дейін енді не бәрі қозы көш жер қалды, – деді ол қарсы алдында жатқан аласа адырларға көз жіберіп. – Көз барда мына Құргейтастан өтіп, сызықтың бойына жақындал алаіын. Сонан соң құдай бұйырса, бүгін, сәрсенбінің сәтіне қараңғы түсе арғы бетке өте шығармын».

Бұл ойды ол тақ бір көрші ауылға қыдырып бара жатқандай жеп-жеңіл ойлап өтті. Бәрі де занды, осылай болуға тиісті тәрізді. Қарт кесімі айнитын емес. Иә, шынында да, ойланып – толғанып жататын не бар? Бұл сапарға ол бақандай қырық жыл бойы дайындалмады ма? Мұның өзі – дөңбекшіп өткізген талай ұйқысыз тұндердің, сана-мен сарғайып, сарқыла толғанған бүкіл өмірінің айнымас қорытындысы емес пе? Көп жыл бойы қозданып, іштей тұтанып келген өрттің алаулап жанған шағы, жанар таудың лақ етіп бір атылғаны. Қарт сезімі бұрауы жеткен домбырадай тырылдаپ, шертіп тұр. Қол тигізсөн болды, үзіледі.

Ол орнынан тұрып, тағы да ілгері жылжыды. Денесі сүйегандікі ме, өне бойы ағаштай сіресіп қалыпты. Сегіз көзі, жұлын тұтасы, қара саны қозғалтпай, қан қақсан ауырып кетті. Екі табаны удай ашып, жер бастырмай тұр. Тұла бойы зіл батпан боп, қылжиып жата

кетуді ғана тілегендей. Ұйқы да қысып барады. Қарттың соңғы тәуліктерде ұйқысы шала болатын. Аңғал-саңғал, үңірейген иен таудың арасында әлденеге елегізіп ұйықтай алмаған. Көзі ілініп бара жатып әлсін-әлі шошып ояна берген. Ол көбінше артымнан қуғыншы келеді деп емес, ұйықтап жатқан жерімде жыртқыш аңдардың бірі бассала ма деп қауіптенді.

Оның бұл сақтығы тегін емес-ті. Кешегі тұні мұлде ауыр айқаспен өтті. Тұс кезінде бұған бір көкжал қасқыр кезігіп, соңынан қалмай қойды. Біресе алдына, біресе артына шығып торуылдады да жүрді. Қарт бірнеше рет таяғын сермеп, айқайлап тап-тап беріп көріп еді, онысынан көкжал сескене қоймады, турадан-тура шабуыл жасауға бата алмай, анысын аңдып, қапыда бассалар сәтті күтіп жүрген сыңайы бар.

«Бұл сұмырай менің тұнде жатар жерімді аңдып келеді-ау, – деді қарт тағы да, – көзім ілінсе-ақ жарып тастайды. Сондықтан айдалаға қона кетпей, бір мықты бекініс тауып, сонда тунегенім жөн шығар... Апыр-ай, – деді қарт бармағын шайнап, – осындайда мылтығым болар ма еді. Мылтығым барда менен құншілік жерден қашатын еді-ау, бұл иттер! Құр қол жүргенімді сезіп, басынуын қарашы».

Құн батып, қас қарайып барады. Сай-сала үңірейіп, жұтып қоятында төніп тұр. Артына қарап еді, көкжал тіпті жақындаған қалған екен. Қарт сасқалақтап, манадан мөлшерлеп келе жатқан оң жағындағы жалама тасқа қарай өрмеледі. Үстіңгі жағы асқақтап біткен құз жартас. Өрмелеп барып, соның бір қуысына паналады. Өзі шыққан жалғыз өзектен басқа аяқ басар жер жоқ. Енді сол бір ғана өзекті аңдып отырса болғаны.

Шал маңайда жатқан бірнеше үлкен тасты қасына әкеп алды. Соңан соң «келсөң кел» дегендег тәуекелмен тас түйіліп, қас дүшпанын күтті де отырды.

Карсыдағы шоқпар тастың үстіне келіп, көкжал да шөкесінен жатып алды. Ымырт қараңғылығында өзіне таяқ тастам жерде қып-қызыл боп жанып тұрган екі ноқатты шал анық көрді.

Осы бетінде қанша отырғаны белгісіз, бір заматта қалғып кетті. Үш күндік сұыт жүріс оны әбден қалжыратқан-ды. Әйтеуір, бір кезде дәл аяқ жағынан шыққан тысырдан шошып оянды. Жалма-жан көзін ашып алып тәменге қарап еді, жаңағы екі от едәуір жақындағап қапты. Әккі көкжал дыбысын білдірмей, жербауырлап жылжып келе жатыр екен. Ол жан дәрмен орнынан атып түрді да, қасында жатқан келідей тасты тәмен қарай домалатып жіберді. Сол-ақ екен, «қаңқ» еткен бір дыбыс шықты да салдыр-гүлдір домалаған таспен бірге құзға құлдырап жоқ болды.

Қарт қуаныштан жылап жіберді. «Я, Жасаған, – деп тіледі ол көктегі айға қалтыраған қолын жайып тұрып, – маған енді үш күндік ғұмырынды қия гөр! Онан арғысын сұрамаймын да... Арғанатының анғарына жеткесін, аманат жанынды ала бер!».

«Мүмкін, Құдай сол тілегімді қабыл көрген болар, – деп ойлады ол бүгін жолда келе жатып, – өйткені бұл – менің ақырғы тілегім ғой».

Міне, ол қазір де тұла бойының қан қақсан ауырғанына қарамастан, ілгері аяңдал келеді. Біраз жүргесін, денесі қайта қызып, сырқырап ауырғаны басылайын деді. Биік кеткен көне бір жолдың тағанымен сайға қарай түсіп келеді. Енді аз жүрсө, алдында үлкен өзен бар. Өкіріп-бақырып Тентек-Халдай ағып жатыр. Сол өзеннен өтіп, Қүргейтастың ту сыртына шықса болғаны, айтулы кезең иек астында тиіп тұр.

Өзенге түсе берістегі алаңқайды демалып отырып, ол анадай жерде жатқан адамның қу басын көрді. Жүрегі дір етіп тіксініп калды. «Я, Құдай, егер бар болатын болсан, сүйегімді жат өлкеде қалдырма, ең соңғы тілегім ғой, маған енді екі-ақ күндік ғұмыр бер!» деп жалбарынды тағы да...

Күн бата қарт өзеннің бойына тұсті. Қatalап, тілі аузына сыймай келіп еді, саптыаяғымен су іліп алып, сіміре жүттү. Торсығын да толтырып алды. Соңан соң аяғындағы шоқайын шешіп, балағын тізесіне дейін түрді де, кешіп өтпек болды.

Өзен ағысы қатты екен. Әлде тау басына жаңбыр жауды ма, түсі бұзылып, тастан тасқа соғып, жыртқыш андай өкіріп, долдана ағып жатыр. Өзеннің ортасына келгенде,

қарт тәлтіректеп сенделіп кетті. Тізесі бүгіліп жығылуға айналды. «Өлген жерім осы болар» деп зәресі қалмады. Жан ұшырып, қолындағы киім-кешегі мен қоржының арғы жағаға лақтырып жіберді де, үлкен қой тастың бірін құшақтай алды.

«Құдай бұл жолы да көмектесті, – деді өзеннен өтіп алғасын. – Бұл, сірә, менің жолымдағы ең соңғы қатер болар».

Күн батып кетті. Таулы өлкеде күн, әсілі, ерте батады. Тек Етікші шыңының ұшар басында ғана соңғы шапақ бөріктей болып иліп тұр. Сай-салада қоленке қоюланып, тағы бір тынышсыз түн қанатын жайып келе жатты...

Ол тағы біраз жүріп барып, қалың ұшқат пен мойыл өскен қойнауға жетті де, осы арада әбден ымырт үйіріліп, қараңғы түскенше жата тұруды ұйғарды. Қоржының басына жастап, үй орнындай ұшқаттың түбіне қисая кетті. «Ойпырым-ау, шынымен-ақ жақын қалды, ә? – деді ол өзінің осыншалық жер түбіне қалай жеткеніне қайран боп. – Жол жүрсөң ғана қысқарады. Тек амал қанша, бұл сапарға әлдеқашан шығу керек еді-ау».

Өзінің бұл сапарға жалғыз шыққанын ойлағанда, жігері құм болып, ет жүргегі езіліп кетті. Тағдыр бұл жолы да оның алдын кес-кестеп, аяқтан шалды. «Қапыда қалдым ғой... Қайтейін, қайтейін, – деп күбірлей берді. – Төлеутайымды қалай ғана сақтай алмадым екен? Неге ертерек қамданбадым? Әрттен қалған қу томардай сорайып жалғыз қалған түрім мынау. Мен өлсем, Тұяқбайдан тұқым жоқ. Орны өшеді. Шіркін, жалған-ай, дәл қазір қасымда томпаңдап Төлеутайым еріп келе жатса, арманым болмас еді-ау. Қайран құлышын, сенен қалай ғана тірі айрылдым екен? Мен сорлыны жер соқтырып кеттің-ау, сен, мұлде... Tipi болсам, туған жерді бір көрсетем деуші едім. Ол күнге құдай жеткізбеді ғой. Қайтейін!...»

Төлеутай деп отырғаны – қарттың жалғыз немересі. Осыдан он шақты жыл бұрын мұқым елді жайлаған қалың сүзекте ұлы мен қызы, кемпірі мен келіні қабатынан қайтыс болғанда, қу бұтаққа ілінген жалғыз жапырақтай осы Төлеутайы қалып еді қасында. Мұны осынау жарық дүниемен

жалғастырып тұрған жалғыз дәнекер де сол немересі болатын. Жасқа жетпей жетім қалған сәбиді қолынан түсірмей, жалаңаш қойнына салып жүріп баққанды. Қарттың бағына қарай түлкінің күшігінде сүйкімді боп өсіп еді өзі де.

Бұл жаққа келгелі қарттың кәсібі аңшылық болатын. Көнелуе берденке мылтығы бар-ды. Мынау Тарбағатайдың күнгей жағын ол аттылы-жаяу талай рет шарлаған. Қанжығасы майланып, табысы тәуір болған жылдары өзінен асып, көрші жарлы-жақыбайларға да қайырымы тиіп жүрді. Үнемі болмаса да ауылдастарының тырнағын жібітіп, сорпа-судан кенде қылмаған.

Кейін немересімен екеуі қалған кезінде де аңшылықтан қол үзген жок. Рас, соңғы жылдары жасы ұлғайып, қайғы қажытты ма, мылтық ұстағанда қолы сәл калтырап, көзі жасаурайтынды шығарды. Сілтегені тие бермей, мұлт кететін де боп жүрді. Бірақ, Төлеутайын тарықтырған емес. Тұз несібесі – тәнірден. Ертемен мылтық асынып кетеді де, кешке жақын талшық етер бірдене алып қайтады. Сөйтіп, ол қоғам өмірінен, саясаттан тыскары, табиғат аясында оқшау өмір сүріп жатты. Тұзге шықса қара мылтығын, үйге келсе қара домбырасы мен немересін ермек етті.

Төлеутайы жетіге толып, мектепке барғаны бұл үшін үлкен мереке болып еді. Екі арқардың етін қазанға бірақ салып, маңайын шақырып той жасады. Иленген тау ешкісінің терісінен немересіне әп-әдемі сөмкө жасап берді. Қашан үйреніскеңше, мектепке өзі ертіп апарып жүрді.

Немересінің тілі қандай қызық. Зерек, әр нәрсені білуге құмар-ды. Қарттың есіне мына бір оқиға түсті. Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі қарасуға үйрек атуға ертіп барған. Қектемгі құс келетін уақыт. Сол мандағы шұқанақ көлдер мен Қарасуда шүрегей үйректер жыртылып айрылады. Шал бара сала екі үйрек атып алды. Бір заматта қанаттары сартылдап су жағасына жіпке тізген моншактай бір топ қаз келіп қонды. Жол бастаушы көсемі қамшы салып бәрінің алдында жүр.

– Ата, мына қазды атайықшы, – деді Төлеутай қуанып. – Атшы, анау алдында жүрген үлкенін.

– Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, – деді қарт басын шайқап. – Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.

– Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда? – деді Төлеутай таңыркап.

– Туған жеріне кетіп барады...

– Туған жері қайда?

– Алыста, сонау таудың ар жағында, – деп қарт қазір өзі жатқан асуды нұсқап еді сонда.

Бала «түсіндім, онда атуға болмайды екен» дегендей, өзіне жараспайтын бір естиярлықпен ойланып қалған.

Ақылы көп, зерек еді-ау, айналайын.

Әлгі қаздар бой жазып, суға қанып алды да, кешікпей аспанға көтерілді. Айналып ұшып айрылды. Соңғы бірнеше жыл ұдайымен бұл өлкені жыландай жайланаған ашаршылық бұлардың қара ашығына ене алмай-ақ келіп еді. Маңайдағы ел аштықтан ісініп, көнек ауруына шалдығып, жаппай кирап жатқанда, бұлардың өзегі тала қоймаған. Қарт көрі сүйегін сүйретіп аң, құс атып әкеліп, аузымен жем тасыған қарлығаштай немересін сақтап қалуға бар жанын салған. Көлденең кеселге килікпесе, Төлеутайын апattan аман алып та қалатын еді. Бірақ, амал қанша, құдай оған жеткізбеді ғой.

Бір күні атып алған қояны мен кекілігін арқалап үйіне келгені сол еді, мұны екі сақшы тосып отыр екен. Ай шайға қаратпай шалдың қол-аяғын байлады да, арбаға отырғызып, қалаға алып кетті. Мектепке кеткен немересіне де мойын бұрғызған жоқ. Тергеусіз, сұраусыз апарып түрмеге қамап тастады.

Бір айдай жауапсыз жатып қалды. Өзіне қандай айып тағылғанын да білмеді. Тек тергеуге әкелгенде ғана ұқты мән-жайды.

Бұған екі түрлі қылмыс таңылған көрінеді. Біріншісі – «Аң аулағанды сылтау қылып, үнемі тау арасында жүреді екенсін. Бірнеше рет шекара бойына да жақын барып қайтыпсың. Сондағы мақсат не?» Екіншісі – «Сенде тыгуулы жатқан мылтық бар. Соны өкіметке тапсыруың керек».

Қандауырдай қадалған осы екі сұраққа жауап таба алмай қарт түрмеде бір жыл жатты. Тек қыс өтіп, келесі көктемде ғана мұны қапастан босатты. Мылтығын тартып алып, аң аулауға тыйым салды да, бақылау астында ауыр жұмыс істеуге жіберді.

Алдында қандай қасірет дайын тұрғанын бұл ауылға келгенде бір-ақ білді. Өткен қыста да сүйек жұт болып, малдан тігерге тұяқ қалмаған. Адам шығыны да аз емес. Тірілердің қатары селдіреп жотадағы зираттың қарасы молая түсіпті. Қарт сол зираттың шет жағындағы кішкентай жас топырақты құшақтап бір тәулік ессіз жатты. Өзі жоқта жалғыз жұбанышы – Төлеутай аштыққа төзбей қыршынынан қызылыпты.

Жасы жетпіске келгенше қайраты қайтпаған қарт сол күннен бастап күрт төмендеп кетті. Сақал-шашы бурыл ғана еді. Бір айдың ішінде аппақ болып тегіс ағарды. Ешкіммен сөйлеспей, мылқау кісіше жүрді де қойды. Қолқа-жүргегін біреу суырып әкетіп, құр қаңқасы ғана қалған сияқты. Мына жарық дүниенің бұл үшін пәлендей қызығы, мән-мағынасы қалмаған еді...

Осындай үмітсіз шакта қалың мұнар арасынан бір жарық сәуле жылтылдаپ, бір өшіп, бір жанып, мұны өзіне шақырғандай болып еді. Қалтасындағы соңғы жармағын қартаға салған құмаршыдай шал ендігі қалған аз өмірін бір игілікті іске жұмсауға бел байлады. Ол – қырық жыл бойы көкірек түпкірінде жатқан осынау сапар болатын.

* * *

Тұн ортасы жақындал, ай батып кеткен кезде қарт орнынан тұрды. Шекпенің етегін түріп, белін шарт буып алды. Соңан соң қоржынды иыққа салды да, адымдал басып алға жүріп кетті. Мөлшерлі жерге шақырымдай қалғанда, тың тындал, біраз бұғып отырды. Ешқандай дыбыс байқалмайды. Тек таяу жерде көкек пе, тау құдірет пе, бір құс анда-санда үн салып қояды. Дәл аяғының астынан тарақ құйрық сары тышқан жүгіріп өтті.

Тұн түнегін жамылып, шал тағы да ілгері жылжыды. Қалың бүрген мен итмұрын аралас өскен өзекшени өрлеп

жарты сағаттай жүргенде, қарсы алдынан жалаңаш қоңыр бел көрінді.

«Әлгі мықтының өзіне жақындаым білем» деді жүрегі аузына тығылып. Атасының аруағына сыйынып бірдеме деп күбірледі. Сонан соң сәл еңкейіңкіреп алды да, аяғының ұшымен жүгіре жөнелді.

Кезеңге шыға келгенде, өкпе тұсында тұрған ала бағанды анық көрді ол. Дәл сзызық үстіне келдім-ау деген кездे өз еркінен тыс бір минуттай тұрып қалды. Бейне жалғыз қылдың үстінде тұрғандай көзі қарауытып, құлағы шыңылдан кетті... Жан-дәрмен есін жинап алып, сайға қарай бүкендей жөнелді.

Сызықтан өте салысымен, бүкенде жүгіріп отырып, екі-үш шақырымдай ұзап кетті. Тобылғылы құр сайға жеткенде «үй» деп демін бір-ақ алды. Тұла бойын тер басып кеткен екен, дереу омырауын ағытып, терістіктен аңқылдай соққан самалға тосты. Әлдекімге мұнын шаққандай еңкілдеп жылап, жіберді.

«Айналайын, туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау» деп тұншыға күбірлейді. Қалтыраған қолымен көңірсіген дымқыл топырақтың бір уысын алып, бетіне басады, танауына апарып қайта-қайта иіскей береді...

Ентігін басып, тынығып алған соң тағы да ілгері жылжыды. Темірқазықты бетке алғып сүйт жүріп келеді. Қанша жүргені белгісіз, әйтеуір бірнеше қырқаны асып тұсті. Жер бедері бірте-бірте жылы ұшырап, таныс мекендер көзіне оттай басылды. Қарсы алдынан жанға жайлы алтын қүрек самал жел есіп қоя берді. Бұл көптен сезінбеген жұпардай жағымды бір иіс келіп танауын жарып жібергендей болды.

Етекке таман жақындаپ, Сарышоқының мойнағына шыға келгенде, табанының астында жапырлап жанған отты көрді. Өкпе тұсынан жылқы кісінеді. «Жеттім-ау ақыры, – деді ол көкірегі қарс айрылып, – мынау дәу де болса «Көкөзек» колхозының орталығы болар. Шамдары тұнде де сөнбейді екен-ау бұлардың... Жұлдыздай самсап түр».

Шығыс жақ құланиектеніп, таң атуға айналды. Қарт тұла бойының қан қақсан ауырғанына қарамай, тістеніп, бар

қайратын жинап, тағы да алға жылжыды. Сарышоқының түбіндегі Айнабұлаққа қарай бет түзеді. Дәл осы арада оның атамекен-қыстауы бар. Сонда барып демін бірақ алуға бекіді.

Таң аппақ болып атты. Неткен сұлу, неткен ғажап таң еді бұл? Сүт теңіздей ақ сәүле тау басында бір сәт толқып тұрды да, лықсып төгіліп кетті. Торғын шымылдықтай таңғы мұнар лезде айығып, айнала ап-айқын көрінді. Қарттың көз шарасына көкжиекпен астасқан шетсіз-шексіз кең дала еркін сыйып тұрды.

Анау көлбеп жатқан – қос Арғанаты. Мынау – Көкшілік, Нұра. Сол жағында кемер белбеудей созылып Қабырға өзені ағып жатыр. Қарт қатар жарысқан қос өзенге қарап тұрып: «Қабырға – Базарым, қалың ел – Назарым», – деп күбірледі. Көкірегін қарс айыра терең дем алды.

Жалғыз аяқ жол арқандай шұбатылып келіп Айнабұлаққа құлады. Етекке түсіп, жарқыраған тас бастауды көргенде қарттың жүрегі сыздал қоя берді. Қырық жыл бойы күндіз ойынан, түнде түсінен шықпайтын Айнабұлақ қой бұл. Анау төбедегі құлаған зираттың ішінде мұның ата-анасының сүйегі жатыр. Шыр етіп жерге түскенде арқасы осы топыраққа ти-ген. Кіндік каны осында тамған. Осы арада жалаң аяқ шаң бұрқыратып шапқылаған. Тұңғыш рет тайға мінген. Ат жаратып, көкпар тартқан. Құрбы қыз-келіншектермен ақ сүйек ойнап, талай таңды үйқысыз аттырған. Осының бәрі оның санаасынан жарқ-жүрк етіп өте шықты.

Осынау өлкеге келіп тұрғаным шын ба, өтірік пе де-гендей айналасына тағы бір рет көз жіберді де, бастаудың басына келді. Коржының жерге қойып, қайың безінен ша-уып жасаған саптыаяғымен толтырып іліп алды да, тістен өте шығатын тастай сұық суды демалмастан бір-ақ сімірді. Шіркін, бұл Айнабұлақтың сүйендай дүниеде су бар ма екен? Таңдайыңа уыз татыған бір тұщы дәм келгендей болады.

«Алдымен зират жаққа барып, аруақтарға құран ба-ғыштайын» деген ой келді қартқа. Аяғын әрең басып, төбенің басына қарай аяңдады. Бірақ ескі қыстаудың тұсына келгенде, дымы құрып, әрі қарай жүруге хәлі келмеді. Екі аяғы өзіне бойұсынбай, әлсін-әлі бүгіле берді. «Аятты осы

арадан-ақ бағыштайын» деп жол ортаға отыра кетті де, өзі білетін қысқа бір сүрені үш қайырып оқыды. Осы зиратта жатқан бүкіл үрімбұтқақ, зәузаттарын тегіс атап, солардың рухына бағыштап бетін сипады. Сонан кейін таяғына сүйеніп орнынан тұрды да, сүйретіле басып ескі қыстауға кірді. Үйлердің құлаған орны ғана тұр. Шөп басып, жермен-жексен болған. Ол бала кезінде өзі жататын бөлменің орнын көніл көзімен әрең ізден тапты.

Карт шекпенін асықпай шешіп, бір бұрышқа қойды. Соңан соң көйлегінің түймесін ағытып, жалаңаш етіне асып қойған бойтұмарын алды. Барқыттан тігілген кәдімгі үш бұрыш тұмар. Карт тұмарды ерніне жақындастып тәуе етті. Сонан кейін қалтасынан бәкісін алып, тұмарды сөкті де, төңкеріп сілікті. Тұмардың ішінен термен байланып қалған бір уыс қыыршық топырақ түсті жерге. Бұл – осыдан қырық жыл бұрын жат өлкеге аттанарда туған жерден түйіп алған топырақ еді.

Карт ойына алған жұмысын түгел орындалып тынды да, шекпенінің үстіне «үһ» деп жантая кетті. Бүкіл тұла бойының талып шаршағаны соншалық, ештеңені ойлауға да зауқы соқпады. Қыбыр етерге хәлі жоқ. Неше күннен бері оққа сүйенген андай ет қызыуымен түкті де байқамап еді. Әлдекалай бір сиқырлы күш қолтығынан демеп, құстай ұшырып отырған. Ал, енді көздеген жеріне жетіп, арқасы кеніген соң, сүйектері сырқырап қоя берді. Бейне бұрауы таусылған ойыншықтай буын-буыны босап, өне бойы салдырап бос қалды. Жаны мен тәні қалаған бір ғана тілек бар. Ол – жату, демалу...

Карт шошына басын көтеріп алды. Басында өзінің қайда жатқанын білмей аңырып қалды да, біраздан соң есін жинады. Таңғы салқында денесі ызғар тартып, тоңазып қалыпты. Әйтсе де, бойының сергіп, женілденгенін сезінді. «О туған жер. О, қасиетті ата мекен. Торқадай топырағынды қия гөр адасқан ұлына... Ел шетіне бір жеткізсөң, екі дүниеде арманым жоқ деген сертім бар еді. О, алла, аманат жанынды, бүгін алсаң да разымын», – деді тәңірге жалбарынып.

Күн арқан бойы көтерілген. Сонау шырқау биікте, ақ шарбы бұлттардың арасында, аспанды құңгір-құңгір үнге толтырып, түйелі көштей тізбектелген тырналар қайтып барады...

Дәл осы кезде тайыншадай овчарканы алдарына салып, екі шекарашы Айнабұлаққа қарай түсіп келе жатты. Ішіл ит шынжырын жұлқа ентелеп, ескі қыстауға қарай тартады.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Қарт қайда сапар шегіп келеді? Арман-тілегі не оның? Ол неліктен «бұл – менің ақырғы тілегім фой» дейді?
2. Қарт жолда қандай қыыншылықтарды басынан өткізеді? Оның мінезінен қандай ерекшеліктерді байқадындар?
3. Туған жер топырағын аттаған сәттегі қарттың сезім күйін, атамекенге деген сағынышын, қуанышын автор қалай суреттеген? Авторлық суреттеу – баяндау мен қарттың толғаныстарына көніл аударындар? Оларды мысал келтіре отырып, жауап беруге даярланындар.
4. Осы әңгімеге тақырыптас туған жер, оған деген перзенттік сүйіспеншілік пен сағыныш жайында басқа қандай шығармаларды (өлеңдер, пьеса т.б.) оқыдындар, кинофильмдер көрдіндер? Қысқаша әңгімелеп беріндер.
5. Әңгіменің «Қаздар қайтып барады» деп аталу себебін қалай ұғасындар? Мұның мәнісін түсіндіріп, сол арқылы шығарманың тақырыбы мен идеясын айқындандар.



ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ

(1936 жылы туған)

Олжас Сүлейменов 1936 жылы 18 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. 1959 жылы ҚазМҰУ-дің геология факультетін бітіреді. Одан кейін Мәскеуде Максим Горький атындағы өдебиет институтында оқиды. Бертін келе «Казахстанская правда» газетінде, Қазақ фильм киностудиясында, Қазақстан Жазушылар одағында әр түрлі қызметтер атқарады. Ол туындыларын орыс тілінде жазады. 1961 жылы өлеңдері мен поэмаларының алғашқы жинағы «Арғымақ» жарыққа шықты.



Қазақстан Республикасының халық жазушысы Олжас Сүлейменовтің «Арғымақтар», «Нұрлы тұндер», «Мешін жылы», «Қыш кітап», «Талма түсте тағы да бір қайталап», «Әр күн – арайлы таң», «Жалынның шалкуы», «Асқардан асу», «Таңдамалы» т.б. өлеңдері мен поэмалар жинақтары «АЗИЯ» атты ғылыми-зерттеу еңбегі жарық көрді. Ақынның әдеби сценарийі бойынша «Бабалар жері», «Көгілдір маршрут», «Қыс – қысылшан мезгіл», «Мұхтар Әуезов туралы сөз» т.б. кинофильмдер түсірілді.

Олжас Сүлейменов «Семей – Невада» халықаралық қозғалысының жетекшісі ретінде ұлы ақын Абай туған жерде орналасқан атом полигонын жабуға үлкен үлес қости.

Олжас Сүлейменовтің «Қыш кітап» атты поэмасы туралы әйгілі жазушы Мұхтар Мағаун былай деген екен:

«Қыш кітап – Отанға сүйіспеншілік, туған халыққа адалдық, азаматтық борыш туралы шығарма ...Поэмада көне

скиф (сақ) дәүірінің шынайы көріністері бар. Ең бастысы – көне заман рухы, көне адамдар мінезі нақты бедерленген. Бірақ автор әйтеуір ескі тарихты қолпарты мақсатында емес, ежелгі скиф (сақ) тайпалары тарихының кейінгі түркі, одан соңғы қазақ тарихымен жалғастығына бейіл беруде қосалқы жүк атқарады. Ең бастысы – ақын өткен күннің сауалын бүгінгі күн талабымен ұндастірген. Бұл – бүгінгі заман перзенті Олжастың көне дәуірге қатысты кез келген туындысына тән сипат».

Өздеріңнің оқулықтарыңа енген «Арғымак», «Қызы қуу», атты өлеңдерін оқығанда ақын өлеңдеріндегі ұлттық мінездің асқақтығына тәнті боласындар.

АРҒЫМАК

Дала қандай!
Даладағы ат қандай!
Нөсер шөпке белшесінен батқандай.
Құйғытсам бір,
Дала,
Қала
Болады-ау
Көз алдымда аунап бара жатқандай.

От тигендей
Асаяу қанға,
Етіне,
Арғымағым,
Шығып желдің өтіне,
Шабуылдал,
Құрыш-болат тұяқпен
Пергілеші
Жалтақ жолдың бетіне!

ҚЫЗ ҚҮУ

Ей, ер жігіт, ер жігіт,
Ей, өр жігіт, өр жігіт!
Атыңа ерік бер, жігіт,
Қуып жетіп көр, жігіт!
Тұрып алмай именіп,
Қуып жет те,
Сүй мені!
Даланың жел, ит-құсы
Шулап қалсын,
Жұйткіші,
Әттеген-ай!
Әттеген!
Мәстек пе еді ат деген!?
Көндім-ау бұл азапқа,
Көндім-ау бұл мазаққа.
Мұндай мазақ-азаптан
Жеңіл шығар тозақ та!
Нағыз кәусар жігітті,
Нағыз қайсар жігітті,
Нағыз бұлбұл жігітті,
Нағыз дүлдүл жігітті
Тұлпар емес –
Боз өкпе
Қор ғып қойды-ау есекке!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өлеңді оқып, өз пікірлерінді білдіріндер. Сөзben сурет салуға болатынын аңғарындар.
2. Арғымактың шабысын суреттегендеге қандай теңеулер үн-дестігі таңдаң алынған.
3. О. Сүлейменов өлеңдерінде халықтың салт-дәстүрі, ұлттық мінез, таным-түсінік қалай өрнек табатынын әңгімелендер.
4. Өлеңнің пафосын аңғарып, сол пафосқа сай мәнерлеп оқындар және жаттап алындар.
5. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойынына жататынын естерінде түсіріндер. Әңгімелеп айтындар.



ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ

(1937–1967)



Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақ елінің «Қоңырат» деген жерінде дүниеге келген. 1959 жылы Ташкенттің Низами атындағы педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітіріп, туған ауылында мұғалімдік қызмет атқарады.

Т. Айбергенов балауса жырларын жас кезінде-ақ жаза бастайды. Ол бірінші рет «Жас дәурен» атты жинақта бір топ өлеңдерімен көрінеді. Өмірінің соңғы жылды Қазақстан Жазушылар одағының әдебиетті насыхаттау бюросында ұйымдастыруыш қызметін атқарады. Бірнеше кітаптары шығады. Атап айтқанда: «Арман сапары», «Өмірге саяхат», «Мен саған ғашық едім», «Аманат».

Аз ғана ғұмырында халқына шынайы поэзияның шырынан дәм татқызып, терен ой мен мөлдір сезімдерді тек өзіне ғана тән табиғи даралықпен шебер бейнелеген дарынды суреткер.

Ақын Мұқағали Мақатаев «Төлегенге» деген өлеңінде:

Тұнғыш көрдім өлгенін шын ақынның,
Кызырып батты ертеңгі шығатын күн.
Торғай – өлең шырылдан бара жатты
Аузында ажал дейтін сұрапылдың, –

деп жырлапты. «Шын ақынның» өлеңдерін өз беттерінше іздеп, тауып оқитындарына сенеміз.

AHA

Арманыңды ақтармын ба жүрегімде тербесем,
Айға сіңлі, қарындассың қасиетті Жерге сен.

Мен өзінді теңдесі жоқ құдірет деп түсінem,
Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен.
Сұлу әлем, әлем сулу сен жаратқан адаммен,
Көк жолының қарсылығын қағып тастап барам мен.
Сендік қуат болар, бәлкім, басын иді көк маған.
Әр кез сенен туғанымды есіме алсам, тоқтаман.
Ал ұмытсам, ұмыт болып қаларымды білемін,
Ұмыт қалмау үшін мениң шарқ ұрады жүргегім.
Шат жүріп-ақ қас қаққанша боламын мен шерменде,
Жетім емес кей ананың жетімдігін көргенде,
Көз алдында жас дөңгелеп булығам да ызадан,
Маған тіпті сөз келмейтін ұяттардан қызарам.
Бұл дүниеге онсыз-дағы кеткен жоқ па көп есен,
О, аналар, кей пасықты жаратасың неге сен!
Тасбауырлар дүниеге келсін де, тез кетсін де,
Әлде өзгелер ондайлардан жиіркенсін дейсің бе?
Қай қеудені жылдытады лапылдаған отпенен,
Өз қеудесін жылдытуға құдіреті жетпеген.
Анаң саған керек болса, балаға да сен керек,
Кезекпенен ауысатын ғұмыр ғой бұл дөңгелек.
Ана керек! О, адамдар, ана керек адамға,
Анасыздар – аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.
Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы,
Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы.

АРУАНА – БАУЫР ДҮНИЕ

Аруана жаудың қолына түссе, ботасын шайнап өлтіріп,
Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп.
Жеріне тартып отырады еken, моншақтап жасы боздаумен,
Омырауын шерге толтырып.
Апталай-айлап таңдайын мейлі тасбауыр шөлдер құрғатсын.
Қазығын таптай тоқтамайды еken, мәңгілік тіпті күн батсын.
Туган жер төсін аңсаумен өткен аруана – бауыр дүние,
Сен маған осынау ақ жүргегіңмен қымбатсың.
Бірақ мен оны жыр қылып қалай жаза алам,
Жетер ме адам сөзі оған:
Әмірде ұзақ жасауың үшін болғаныменен қайғың қас,

Тұған жер, сен деп қайғыра алмасам тағдыр да мені бай
қылмас.

О бастан саған ынтызар тұған аруана текстес үл ем мен,
Қазығын таптай қайырылмас.

Әрқашан аңсап оралам саған, тартпасын мені қай тарап,
Көгілдір көлге алқынып ұшқан аққудың даусын қайталап.
Оны да кешір, ойда жоқ сәтте жанардан ыстық жас болып,
Мөлт ете қалсам балапанымды шайқап ап...

Мен сенің бүгін қойныңа жеттім сабылып ұшып, тұған жер,
Сарғайып ұшып, жүректі тоқсан паршалап.

Қайғырған жоқпын баратқан қалып малға да, тіпті басқа да,
Гүл шығады ғой тасқа да.

Тауға да керек астана,
Тасқа да керек астана.

Басқаға сенен айта алман,

Әнім бұл менің басқа сөздермен сан рет салып қайтарған.
Сәнім бұл менің жамылып шығар жаңғырған басқа тойларға,
Жүрісім менің басқа жорғамен шайқалған.

Кеудемде жүрген, зердемде жүрген ынтызар ықылас от өріп,
Сен мұны менен бетер ұқ:

Тұқпірімдегі дір ете қалғыш осынау құйттай жүрекпен
Келем мен бүгін қасиетті байтақ Қазақстанды көтеріп!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өлеңді мәнерлең, түсініп оқындар.
2. Ақынның анаға деген махаббаты өз сезімдерінмен үндесе ме?
3. Өлеңнен Анаға деген өз сезімдерінді өлеңмен және қара сөзбен суреттеп жазындар, салыстырындар.
4. «Ана керек, о, адамдар, ана керек адамға», «Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен» деген өлең жолдағынан қандай ой түйесіндер?
5. Өлеңнің құрылышына, ой екпініне мән беріндер.
7. «Аруана – бауыр дүние», «Көгілдір көлге алқынып ұшқан аққу» деген тіркестер тұған жер тақырыбын қалай ашып тұр?
8. Өздерің оқыған Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесіндегі ботасы өлген аруананың оқиғасын естеріне түсіріп көріндер. Салыстырып оқындар.



МҰХТАР ШАХАНОВ

(1942 жылы туған)

Мұхтар Шаханов 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы, Қасқасу ауылында туған. Алғашқы өлеңді «Сырдария» 1959 жылы жарияланған. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Бақыт» 1966 жылы жарық көрді. Кейін махаббат, достық тақырыбындағы, адамгершілік абзал қасиеттерді жырлаған «Балладалар», «Ай туып келеді», «Қырандар төбеге қонбайды», «Ғашықтық», «Махаббатты қорғау», «Ғасырлардағы безбендеу» атты өлеңдер, балладалар мен поэмалар жинақтары жарық көрген. Сондай-ақ шынайы достық, адап махаббат, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді дәріптейтін «Танакөз», Сырдария туралы көне азыздың желісіне құрылған «Сейхундария», жастық шакты жырлайтын «Күретамырды іздеу», көне дәуір мен бүгінгі өмір адамдарын шендестіре суреттеп, философиялық ой түйетін «Сенім патшалығы», махаббат тарих типтерінен тұратын «Махаббатты қорғау», халық қамы үшін құрескен патриот ақын Махамбет өміріне арналған «Нарынқұм трагедиясы», көне қала – Отырар тағдырын суреттейтін «Женілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» атты поэмалары жұртшылықтың сүйіп оқытын шығармасына айналды.

Мұхтар Шаханов – жалынды ақын, драматург, сазгер әрі ірі қоғам қайраткері.



АРМАН

Ерте, ерте, ертеде,
Отырада
Біздің інкәр өлкеде
Иық бұрмай тек білімнен басқаға
Қатар өсті екі бірдей жас бала.
Қатар жүріп сан өнерге машиқты
Бірге оқыды,
Бірге ойнады асықты.
Екеуіне назар бұрды ел ерек,
Өйткені олар дарынды еді керемет.
«Таңдайымыз өрісті оймен татымақ», –
Деп қуана езу тартты атырап.
Ал дарындар медресені тауысты
Он екіге жасы ілікпей жатып-ақ.
Сыбағасын тағдыр дара бөлгендей,
Өсе берді төске шауып, төрге өрлей.
Екеуіне қараған жұрт сүйсінді,
Отырадың болашағын көргендей.
Отырада жаны жайқын дария,
Ойы безбен бар еді бір қария.
Сол қария бір күні екі шәкіртті
Құрметпенен өз үйіне шақыртты:
– Балақайлар, балапандар, көк өрім,
Сендерге бір сауал қойсам деп едім,
Туған жан деп өнерімен, өртімен,
Екеуінді сөз етіп жүр ел түгел.
Мен де танып білсем деп ем,
Кімсіндер?
Қандай арман жетегінде жүрсіндер?
Қандай бағыт ұстайсындар түбінде,
Сонша неге құштарсындар білімге?
Қане, Дойыл, сен айтшы?
Дойыл айтты: – Жалғыз арман бар менде
Шектесетін құлықпенен де, ар мен де.
Жалын шашса өнерімнің өрнегі

Сонау Иемен, Мысыр, Бағдат елдері
Түгел танып жыр ететін таңдана
Саудагер боп шықсам деймін, жан баба.
Тірлігімде жабырқамай жасымай,
Ата жолын қусам деймін осылай.
Бой шалдырмай бос мақтан мен өсекке
Өмірімді құрсам деймін есепке.
Ұтыласың, жебемесе желекті ой,
Бұл өнердің табиғаты керек қой.
Қаншама елмен сауда-саттық жасауға
Соншама елдің тілін білу керек қой.
Табу үшін жұрт таппаған айланы,
Көру үшін жұрт көрмеген пайданы,
Шығу үшін жұрт шықпаған белеске,
Жұрттан асқан білім керек емес пе?
Тілін тапсаң кім созбайды қол ұшын,
Өнер қажет, білім қажет сол үшін.
Қарт күрсінді: – Ұлым, желік қуыпсың!
Неге мұнша желтоқсандай сұықсың!
Бағымызға туған дарын болар деп
Қуанып ем,

Сорымызға туыпсың.
Сор боларсың, одан не мән табарсың,
Арманыңды, бәлкім, қайта қаарсың?
Бірақ Дойыл тұрып алды паңдана:
– Арманымды өзгерте алман, жан баба
– Ал, сен қалай бағыттадың нұрыңды?
Жасырмай айт,
Жасқанбай айт сырыңды –
деп қария Дойылмен бір отырған
Ұян шәкірт жас Әбуғе бұрылды.
Әбу айтты: – Менде де бар бір арман,
Маздал жанып, қол бұлғайтын шынардан.
Ұлы баба, бірақ менің арманым
Парыз бенен махаббаттан құралған.
Шамын жақсам ғылым менен өнердің,

Елімді зор мерекеге бөлермін.
Бұл сапарым азапты да шығар-ау,
Не де болса пешенемнен көрермін.
Мейлі мәңгі жарымайын киімге,
Мейлі түйір нан қалмасын үйімде,
Мейлі ұлының еңбек етіп арымен
Жұргендігін ұғынбасын қалың ел.
Қарлы боран қыран жолын бөгер ме?!

Өнеріммен тасып толам кемерге.
Мен өзіме риза емеспін, елімнің
Мақтанышы бола алмасам егерде,
Қарт жымиды: – Бәрекелде, жаз жайран!
Көл болмаса тояттайды қаз қайдан!

Біреуіңнің арманыңдан шошып ем,
Бірің, міне, еттің лездे мәз-мейрам.
Бірің үшін құрсінумен өтермін,
Бірің үшін сүйсінумен өтермін.
Сөйте-сөйте менде өмірден кетермін.

Беттеріңнен жарылқасын, тәңірім,
Ал, жарайды, батам осы, барындар,
Отырада туған ұлы дарындар!
Әжуасын әжіміне жасырып,
Жылдар ақты,

Жылдар ақты асығып,
Жалын еді-ау арманы айқын, ер көніл,
Екі досты екі арнаға бөлді өмір.
Дойыл солай өзгертпеді шешімін,
Дәulet оған жылдам ашты есігін.
Өнері асқан саудагердің көп өтпей
Бағдат, Мысыр түгел білді есімін.
«Есепсіздің несібесі озар ма?»

Әйелін де баулыды ол со заңға
Конаққа арнап асылатын етті де
Өзі салып беріп журді қазанға.
Тек байлыққа деген жүрттандарандақ
Жіберді оның бар өнерін қараң ғып.
Міне осылай жазық дарын, жас тұлға

Ұшырады әбілетті тозғынға.
Саудагерді өзге түгіл,
Өзінің
Ұрпақтары кетті ұмытып аз жылда.
Ал Әбу ше?
Кеңге жайды ол қанатын,
Әбуіміз – әрі ғалым, әрі ақын.
Әбуіміз – біздің ұлы бабамыз
Әбу-Насыр әл-Фараби болатын.
Мәңгі лаулаپ жану үшін ғаламда
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,
Үлкен болып қалу үшін ғаламда,
Үлкен арман керек екен адамға.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Даның қария екі жасқа қандай сұрақ қойды? Оған Дойыл не деп жауап берді? Оның арманы кім болу еді?
2. Дойылдың арманын қария қалай бағалады?
3. Қария неліктен Әбу сөзіне риза болды? Әбудің арманы не еді? Оның:
«Ұлы баба, бірақ менің арманым
Парыз бенен махаббаттан құралған»
деген сөзін қалай түсінесіндер?
4. Өлеңнің идеялық түйіні қандай жинақталған?
5. Ұлы ғалым бабамыз Әбу-Насыр әл-Фараби туралы не білесіндер?
6. Әбудің арманы баяндалған шумактарды жаттап алындар.



ТӨЛЕН ӘБДІКОВ

(1942 жылы туған)



Белгілі қаламгер, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Төлен Әбдіков Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. 1956 жылы ҚазМҰУ-ді бітіреді. Одан кейін «Жалын», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Қазақфильм» киностудиясында әр түрлі қызыметтер атқарды. 1964 жылдан бастап шығармалары жариялана бастады. Бірінші жинағы «Көкжие» 1969 жылы шықты. Одан жазушының «Ақықат», «Айтылмаған ақықат» т.б. әңгімелер мен повестер жинағы дүниеге келді. 2004 жылы Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері.

Т.Әбдіков көркем туындыларында, көбінесе, халқымыздың озық салт-дәстүрін ардақтап, адамгершілік, ізгілік мәселелерін көтерген. Мәселен, «Қонақтар» атты әңгімесінде жазушы оқыған, қалада тұратын Сапабектің қарт әке-шешесіне салқын, жасанды қарым-қатынасын суреттеу арқылы әлпештеп өсірген ата-ана алдындағы баланың мәңгілік перзенттік парызы туралы ой қозғайды.

Алыштағы ауылда тұратын, өзін сағына құтетін қарт әке-шешесіне жылына бір рет, онда да курорттан қайтар жолда бір-ақ күнге соғатын, ертеңіне қалаға асығатын Сапабек ұлттымыздың салт-дәстүрінен қол үзіп қалған, перзенттік борыш-парызды жеңіл түсінетін жан ретінде танылады. Жылына бір рет келгенін, азын-аулақ сәлем-сауқат әкелгенін ол өзінің ата-ана алдындағы борышын өтеу деп түсінеді. Қарияларға керегі – Сапабектің сыйлығы емес, жалғыз ұлдың амандығы, оның өздері картайған мына мазасыз

шақта қастарында болып, қамкорлық жасауы, жан жылуын төгі. Ал бір күнге келген Сапабектің қариялардың халін сұрауға да уақыты жоқ, айттар әңгімесі де басқа: геология, асыл тастар сыры, шетел сапарлары, т.б.

Әңгіменің түйіні де салмақты: ол – жастарды ата-ана алдындағы борышын ұмытпауға үндеу, адамгершілікке шақыру.

ҚОНАҚТАР

(*Біқшамдалып алынды*)

Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолай үйге соқпақ болған балаларын күтіп Ерғабыл шал түн ортасы ауғанда жатса да, ертеңіне күн шықпай ояndы. Алакеуімде үндемей жүріп киініп алды. Мәсісін де, шұлғауын да ешкімнен сұраған жоқ. Кенет әжептәуір қатал дауыспен:

–Әй, шақшам қайда? – Кемпір естеді ме, естімеді ме, – міз бақпады. Ергабыл оның үстінен сәл төнен түсіп:

– Кемпір, шақша көрmedің бе? – деді жұмсарып.

– Байғұс, «қайдалайды да» жүреді екенсін. Қойған жерінді ұмытып қаласың ба?... Мә!

Ерекең ләм-мим демей, алдымен бір атым насыбайды ерніне тастап, шақшасын қалтасына салды. Кемпірі басын ұстап қайтадан төсегіне жантайды.

–Басым сынып өлейін деп жатырмын, мазалай бермеші.

– Өлсең, Бағила кемпірді алып келемін, – деді шал бағана-дағыдай емес, көңілденіп.

–Иә, жетісерсің! Бала бір жақта, біз бір жақта. Мына құмоладан сүйегімізді табар бір күні. Осы Қаратұбектің басында жұмақ тұрғандай екі елі қия баспайсың... Бүгін келсін балалар, көрерсің, еріп кетемін. Қал жалғыз өзің омарлып.

–Кеше ноқтанаңың сағағын байламапсың ғой, кер құлын ағытылып кетті.

–Иә, бұған бірдене айтсан, бұл бірдене айтады.

–Е, не қыл дейсің маған. Бала...ың,... тартып жіберші кетпес, оралар... Тұып-өскен жері, елі... Ұста деймін, қаттырақ ұста. Қарайған малды тастап қайда барасың?

— Сен шал, алжисың. Осы ғой міне, алжыған деген осы шығар. Екі бие сенің басына көктас қоя ма? А-а-а, осыны алмаған құдайдың тамағы тоқ.

Ерекен ыңырана әндептіп таяғына сүйенди. Сыртқа шықты. Күншығыс аппақ. Ауа сәл-пәл дымқыл екен. Қолын көлегейлеп маңайына қарады. Көкжиек шыңылтыр ашық болатын. Бірақ шалға тұмандытып көрінді. «Кешке кер құлынды бостау қосақтап едім, оралып қалмады ма екен, – деп ойлады ол. – Анау Қарабидайықтың табанында жүрген солар шығар. Тұсауымен сонша жерге кетеді. Бұл иттерді байлап қоямын ба не істеймін?».

Бір қолымен белін ұстап, шық басқан көк шөптерді таяғымен анда-санда қағып қойып шабылған бидайықтың жиегімен келе жатты. Лезде белі ұйып, шаршап қалды. Таяғына сүйеніп аз тұрды да, буындары сұтырлап сүрлеу жиегіндегі төмпешікке келіп отырды.

— Кәрілік! Е-е, жарықтық-ай! Ух! – Орамалын алып терін сүртті. Күн жылынған шығар деп жұқа барқыт пешпентін шешіп, қолына алды. Ұқаланған өнерің жазып жатып: «Ертең сүйегіме шапан жетпей қалса, – деді ішінен, – Бектемірден қалған жалғыз Ерғабылдың басында түк болмады деген атаққа қалармын».

Өлдекалай, шалдың көз алдына өлгеннен кейін мұны жүрттың қалай шығарып салатыны елестеді. Елестегенде «құданың құдіретімен» өткендерді Айтыйбай шалдың сүйегін шығарғандағыдан бір айнымайды. Бірақ, мұның жүртқа үлестіретін киімі одан көп екен. Аққұдық пен Сарыөзек тегіс келген секілді. Бата оқырын бергеннен кейін атпен жарысып мүше алып қашқандар да бар. Жүрттың бері:

— Е-е, қайран дүние кімге опа берген, бұл кісілер де кетті-ау дүниеден. Мұндай кісілер енді тумайды, тумайды, – деп аза тұтып, енді біреулері:

— Шіркін, бала деген осы ғой! Сапабек әкесін қандай қып жөнелтті, ә! Ойпырмай, мұндай ұлы дүбірмен біздің елде әлі ешбір шал аттанбаған шығар, – десіп таң қалысып бара жатқанға ұқсайды.

Шал құлімсіреп таяғын ұстады. «Айдалада өлген кәрі қасқырға ұқсамай, ел-жүрттың алдында абыроыймен өту – осыдан артықтың өнді керегі жок». Орнынан тұра беріп:

Сапабекжандар кеше келмегені несі, – деді күшене сей-леп, – телеграмда кеше еді ғой.

Әлсін-әлі дамылдаумен Қарабидайықтың табанына келді. Бағанағы ойы бекер екен. Жылқылар әріде – Шайтанкөңнің маңында жүр...

Ерекең қайтып жаяу жетпесін білді де, кер құлынды ағытып, биені тұсаумен ноқталап алды. Арықтың ішіне енгізіп, жиектен асылып мінді. Әрең дегендे түзеліп отырды.

– А-а-а, жетпіс бес, – деді дауыстап, көзге көрінбейтін тап сондай біреумен сөйлесіп тұрғандай, – сен болар ма екенсің мені алып кететін, жоқ, сексен бес пе екен. Тұсімде айырып ести алмағанымды қарашы. Фью-фью, әй, жетер түнімен оттағаның...

Кер бие үйреншікті желінің басына тоқтады.

– Немене, ұзап кетіп пе? – деді кемпірі құлынды бай-лап жатып. – Қажыған шығарсың, шай қояйын ба, мызғып аласың ба?

– Шөлдедік. Шайыңды қой.

Ерекең есік алдындағы бөгетке шықты. Әлде бір мұнды өнді ыңылдай айтып, таяғына сүйеніп біраз тұрды. Өзен жиегіндегі қыстауын көріп, бағанағы кемпірінің сөзін есіне алды. «Осы Қаратұбек басында жұмақ тұрғандай екі елі қия баспайсың. Балаларға еріп өзім кетем».

«Әй, кемпір, – деді ішінен, бағанағы жерде айтатын сөзі ойына жаңа тұсіп, – азды-көпті ғұмырымның ішінде талай бақтан айырылып, талай баққа қолым жетті. Дүние бірде алдын берсе, бірде артын береді. Бірақ әкем көрген, әкемнің әкесі көрген қара орнынан айырылып көрген күнім жоқ. Не таңырқап отырсың!». Ерекең желі басында әлі күйбендер жүрген кемпіріне зекіп жібергісі кеп уыттана шақшия қарады. Кенет оның түк жазығы жоқ екені есіне тұсіп, са-бырмен ойға шомды.

Ертеректе осыдан алпыс жылдай бұрын сонау қыстау маңы тізілген үйлер болатын. Бектемір әuletі тегіс осы араны қыстайтын. Өмір-бақи жан-жаққа пышырап көрген емес, ағайыншыл еді ғой бәрі де. Көктемде ел қыстаудан көп ұзамай, өзен жиегіне қаз-қатар киіз үй тігеді...

Ол қундердің күесі боларлық бір пендені тірі күйінде кездестірем бе деген үмітінің шындыққа үйлеспейтінін сезген шал өзін-өзі сөгіп, қай-қайдағы ойдың қайдан келетініне кейіп, шошынып, «алжыппын» деп мойындал, бөгеттен түсті. Жерошақ басынан қолын шайып, шайға отырды. Ерекен шай үстінде көп сейлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқынып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ак селеу сақалын сипап ойланып отыр. Бас жағында сүйеулі тұрған ескі домбыраға шүқшиып қарады, қолына алған жоқ.

— Бір құй, — деді тершіген ақшыл білегімен кесесін нұсқап, — шөл қанатын емес. Ішім кеүіп кетті.

— Сапашжандар неге кешікті екен. Кеше емес пе келем дегені.

— Келетін шығар бүгін.

— Сен шал, осы жөнінді айтшы дұрыстап. Осы келгенде Женістайды алып каламын деп тұрсың ба? Жоқ, әлде еріп өзіміз кетеміз бе?

— Бос сөз сейлеме.

— Несі бос сөз. Мениң өлейін деп отырғаным мынау. Шай қайнатып беруге де шамам келетін емес.

— Ых. Баяғыда қосыларда көрісініп ең, жарамауға айналдың ба?..

Кемпір жауап қатпай, самауырды алып шығып кетті.

Ерекен шалқасынан жатып, ашық түндіктен аспанға қарады. Ақ шарбы бұлттар көшпей бір орында тұр екен.

— Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар, — деп мақалдап көзін жұмды. Ерекен ұйықтамаса да көзін жұмып отыруды ұнататын. «Уақыт шіркін зымырап өтті де шықты. Тәңірінің құдіреті күшті-ау! Енді міне тірліктеңі ырыздық несібенің таусылуы да тақады. Әйтеур артымызда бір жаман бар. Тұяқсыз пенде емеспіз... Жылда қолдарына шақырады. Ерекенің ойына кемпірінің сөзі түсті. Уай, ақымақ кемпір.

Өлер шақта тұрмыс қуып тентіреп жүре алмаспын. Ағайын жұрт, өз елідей елді табамын деп отырсың ба басқа жақтан... Айдаладағы бір қаладан».

...Ерекен үақыт қуалап, өзінің ұзақ ғұмырындағы бірлі – жарымды ерлік істерін көз алдынан өткізіп жатты. Сөйтіп жатып Ерекенің көзі ілініп кетті.

Машинаның гүрлінен оянды. Шаңқай түс. Іргеге созылған сол қолына күн сәулесі түсіп, қыздырып тұр.

– Ойбай, бала келіп қалды, – деп кемпір үйге жүгіріп кірді. – Эй, біліп ем ғой бүгін келерін.

Заматта гүрл үй сыртына келді. Бір-екі рет үстемелете арылдап өшіп қалды. Машинадан улап-шулап түсіп жатыр. Бала дауысы, әйел дауысы... Ерекен қапелімде тұра алмай қалды. Тырбандағы қолымен жер тіреп жатқанда:

– Ассалау мағалейкум, – деген бірнеше дауыс қатарынан шықты. Ауыл жігіттерінің бірі болу керек:

– Үйбай-үйбай, шалды қара, тұра алмай жатыр, – деп шиқылдап құліп жіберді.

– Қуаныш қой, қуаныш. Қуанған мен қорыққан бірдей дейді ғой.

– Қуаныш құтты болсын!

Ерекен жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректей көтеріліп, ат жақты қапсағай сары жігітті құшағына қысты. Одан соң омырау, жендері ашық шұбар көйлек киген, шашын қидырған топ-толық, ақ сары, ажарлы келіншекті шіміркеніңкіреп маңдайынан сүйген болды.

– Әлгі жаман қайда? Әкеліп пе едіңдер?

– Әкелдік қой. Эй, Женіс қайда? Женіс!

Жаюолы сөреден құрт алып үлгірген аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды.

– Бар, бар, атана бар.

Шал өзіне зорға келген немересін бауырына басып, бетінен сүйді. «Ой, тентек, атана сағынбайсың-ау» – деп жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сұртті.

– Кел, келе ғой, эй, – деді есік жақтан көрші кемпірлердің бірі қолын созып. – Шалдың баласысың ғой, кел.

Қитар ұл енді ешкімге бармады. Тіпті қайта шақырған Ерекенің өзіне де жолаған жоқ.

— Келсейші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан? — деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады.

Сапабек алдына келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп: — Ептең түсінеді, — деді.

— Қой, қазақша үйретіндер.

— Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, — деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп, ак сары келіншегіне қарады. — Тома, мынаның бет-аузы кір, жуындырышы, — деді орысшалап.

Көп ұзамай ауыл қонақтары да жиналышп алды. Ерекен сыртқа шығып, қой-ешкілерін жинап, бір семіз тоқтысын ұстап, бауыздап, «қолыңың қаруы бар ғой» деп кепкесін теріс киген бір жігітке терісін іретіп, мүше-мүшеге бөлдіріп, қалғандарын қатындарға тапсырып, үйге кіргенде бағанадағыдай емес, әңгіме қыза түсіпті. Көрші ауылдан шалдар келген. Сөйлеп отырған Сапабек:

— Жалпы геология халық тіршілігінің ең басты қажеттілігіне айналды, — деді ол «мұны тыңдал алындар, бұл өте қажет жері» деп балаларды өзіне қаратқан мұғалімдей жастар жағын қөзімен шолып. — Мынау тұрған жердің асты тұнған байлық. Біздің Қазақстанда өте сирек кездесетін элементтер бар. Асыл тастар қаншама! Меруерт, маржан, інжу, жақұт, гаугар – не керек, бәрі бар. Гранитке байланысты пайда болатын мөлдір, қызыл көк түсті слюода, ашық қызыл микролин, мөлдір көк флюорит, қою жасыл турмалин, қан қызыл граниттердің өзі неге тұрады. Бұл жөнінен бар ғой, бұл жөнінен біздің Қазақстан бүкіл дүние жүзіне әйгілі.

— Шырағым-ау, — деді қатар отырған қонқақ мұрынды Абыл қарт. — Сол тасыңдан өзі пайда бар ма? Маған біреуін әкеп берсеңші.

Тілі аңы шалдың қиқар сөзіне бұрын күліп үйреніп қалғандар қарқылдан күлісіп алды.

— Оның пайдасы деген шаш етектен, ақсақал. Мәселен, сонау Украина гранитті бізден алады. Оны өндөу тәсілін

шығарған да біздің ғалым. Жалпы мұның маңызы деген маңыз тіптен керемет.

— Қайдам, — деді Ерекен осының маңызына онша түсінгісі келмей, — осы таастардың соңында кеттің ғой өзінмен өзің бол. Тым болмаса жылына үйге бір апта да түнеп кетпейсіндер.

Сапабек әлденеге қынжыла құлді.

Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып өзінің Лондонға, Будапештке, Мароккоға, Италияға барған са-парларын әңгімеледі. Бөтен жат халықтардың дәстүрін, мәдениетін, адамдарын мақтады. Италиядағы кедейлердің ауыр тұрмысына аяныш білдірді. Шалдарға бұл әңгімені түсіну тым қыын еді. Сондықтан олар жастарға араласпай, өздеріне түсінкіті басқа әңгімеге ауысты. Босағада отырған Тома мұлде жалғыз қалды. Қала қыздарына тән епсіздікпен кішкентай қықша көрпенің үстінде қалай отырарын білмей, біресе қолымен жер тіреп, біресе бір жамбастап, жұрттың сөздеріне толық түсіне қоймай, әркімге бір қарап ұнсіз отырды. Кенет енесінің самауыр көтеріп келе жатқанын көріп, жүгіріп барып:

— Эже, бер, дайте, мне, дайте, — деді елпектеп.

Бұрқырап самауыр келді. Қызыл жолақ дастарқан жа-йылып, майы шылқыған күрең бауырсақтар төгілді. Шайды Тома құйды. Кемпір онша сеніңкіремей, қарсы отырып, қосарланып сүт құйып: «былай, былай, иә солай, сүт құй, ақ су, шай» деп бір-біріне байланыспайтын бір сөздерді айтып отыр. Сөйтсе жақсырақ түсінеді деп ойлайтын секілді.

Сапабек жастыққа шынтақтай жатып:

— Геологияның болашағы деген болашақ керемет қой. Әрине, ешбір қоғам мұнсыз күн көре алмас еді, — дегенде, әзілқой шалдардың бірі Ерекене:

— Өлетін кезің болды. Кезек сенікі, енді неге өлмейсін, — деп қолқалап отырған кезі еді.

— Иә, иә, Қазыбай тұқымында жетпіс беске келген ешкім жоқ. Мына Бектеміс жетпіске жаңа жетті. Кезек өзіндікі. Киімдерінді қимай отырсың ба? Бөрігінді, есінде болсын, өзім аламын, — деді шоқша сақалды, қара шал қулана құліп:

Ерекең көзі жұмұлы, риза болғандай: «Е-е», – деп жыныспын қояды...

Даладан жүгіріп келген қитар ұл Томаның жанына тізерлеп отыра кетті:

– Мама, мама, ребята идут на озеро...

– Ты что, с ума сошел! – деді Тома әрі сөйлетпей. Даусы шанқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді. Тома ұялғандай болып баласының құлағына зәрін төгіп сыйырлады.

– Біздің мынау да геолог боламын деп жүр, – деді Сапабек иегімен ұлын көрсетіп.

– Эке жолын қуалайын деген ғой.

– Бос сөз сөйлемендер! – Ерекең жастар жағына зекіп қалды. – Эке жолын қуса, мына менің жолымды кусын! Ие болсын мына қу шаңыраққа!

Жұрттың бәрі тым-тырыс.

– Жастардың бәрі сол, Ереке, – деді Абыл күрсініп. – Менің әлгі кішкентайым, құдай-ау, немене дейді... бірдене боламын дейді. Мені бақпайсың ба десем, хе-хе-хе, бақпаймын дейді. Хе-хе-хе.

– Eh-eh-eh... сол-сол.

Ерекең күлгөн жок.

– Сонда бұлар кім үшін туған, – деді кейіп. – Кімге керек сонда бұлар.

Сапабек осы сөздердің тура өзіне айтылып отырғанын мояныңдағандай маңындағыларға көзін қысып жыныспын қойды.

Жұрттың бәрі шай ішіп болып, Ерекең бәле-жаланың бәрін жатқа жіберіп, бақ пен ырыс, несібені от басы, ошақ қасына қалдырып, шаңырақтың амандығын тілеп бата қайырды. Шалдар да, жастар да, тіпті Тома да қолдарымен бетін сипады...

...Ерекең еттен соң ұзын сүйір аршасымен тісін шұқып отырғанда, Сапабек қайдағы бір қар адамы жайында, Америкадағы ұлтардың теңсіздігі жайында, қазіргі жетілген техника жайында қызық бір әңгімелерді соғып отыр еді.

– Эй, доғаршы енді, – деді Ерекең шыдай алмай. – Анау өзіміздің Аспандиярга домбыра берші, ән салсын.

— Ал, ән тыңдайық, — деп қисайып жатқан жүрт бастарын көтеріп алды.

Иегі шығыңқы, ірі, қапсағай жігіт кішкене есікі домбыраның ішектерін арбифан саусақтарымен еріне шертіп, құлағын бұрады. Біраз дыңылдатып отырып, сен үшін айтып отырмын дегендей Сапабекке қарап, жуан қоңыр дауыспен жеңіл бір әнді былқылдатып бастап кетті. Әнді толық айтпай ортасынан үзіп тастап домбырасын қайта бұрады.

Ерекен ашық түндіктен жұлдыздарға қарап жатқан, Әлде-қалай көңілі онша көтерілмей, немересінің шақырғанға кел-мегеніне, келінінің аяқ-қолының жалаңаш отырганына, Сапа-бектің таусылып бітпейтін мылжың әңгімесіне қырыстынып отырған.

— Әй, айтатын болсаң, айтсаңшы, — деді ақырып. — Кешегі әкең Дүйсенбі домбыра саусағына тиер-ти mesten айғай-лайтын. Неден мұнша жаман болып тудыңдар.

Аспандияр бағанадан осы сөзді күтіп отырғандай, домбыраны тырнақырап қағып-қағып жіберіп, тамағын кенеп алды. Кенет соншалықты зор, биік дауыспен шырқай көтеріп тынып қалып, домбыраны қайта сөйлетті. Одан соң алғашқы ашы айқайға түк қатысы жоқ жоғарғы ішектен күмпілдеген бір әнге ілесіп кетті:

— А-а-а...

Неғылып жөнге келмей тұр,
Домбырамның пернесі...

Ерекенің көзінен бір от жылт етіп:

— Е, осылай термеңе бас, — деді.

— Балалы арқар баурайды
Баласыз арқар зарлайды.
Атасы жаман қандайды-ды
Бас білмейтін нардай-ды.

— О, шіркін сөз-ақ қой!

Аспандияр термені аяқтап, домбырасын қайта тың-қылдатып аз-кем отырды. Сырттан ән тыңдауға келген қыз-

келіншектерге есік жақтан орын болмай, қайсы біреулері үйге кірмей даладан сығалап тұр.

— Қарағым, басшы айғайға, — деді Ерекен қуана күлімсіреп.

Аспандияр іркілген жоқ. Бағанағыдан да зор айбарлы биік үнмен:

— Ей, қалқа-а-а, а-а, а-а, — деп толқындағып созып әкетті. Көмекей бұғақтары қан толып, білеуленіп, күренітіп кетті. Ерекен тұла бойы шымырлап, өтіп кеткен бір оқиғаны айқынырақ көргісі келіп, көзін жұмды...

Ән бітті. Сапабек қайран қалып, басын шайқады:

— Тамаша, тамаша! Не істейсің қазір, Аспандияр?

— Тракторшы, — деді басқа біреу ол үшін.

— Тракториспін, — деді содан кейін Аспандиярдың өзі.

— Мынау дауысты құртуға болмайды. Мынау деген нағыз оперный баритон ғой. Так же, Тома? Тебе как, нравится?

— Мощный голос, — деді Тома басын шайқап.

Біраздан соң қонақтардың бәрі тарқап, үй-іші өздерімен өздері қалды. Өз тесегінде малдас құрып отырған Ерекен:

— Тағы бір қонып кетесіңдер ме? Жоқ боласындар ма біраз? — деді баласына тұра қарап.

— Ертең жүруіміз керек. Отпускамыз бітті, көке-ау. Онсыз да кешігетін болдық. Курорттан қайтарда сіздерге соға алмай кетеміз бе деп әбден састым өзім. Жол бойында самолётке отырудың өзі құдайдың бір азабы, халық көп...

— Баланы ше? Женісті тастан кетпейсіңдер ме? Екеуден екеу қашанғы отырамыз сойдиып.

— Оны өздерің білесіңдер, мазаларыңды алады демесендер...

Ерекен үндеген жоқ. Тесегін салдырып жатып қалды. Бірақ ұйықтамады. Мазасы кетіп, жүрегі қатты соғып, әлде бір қолайсыз жағдайға тап болғалы түрғандай өрекпи берді. Біресе кемпірінің баяу қорылыша, біресе шымылдықтың ар жағында сыйырласып жатқан баласы мен келінінің орысша сөздеріне құлақ түріп үнсіз жатыр. Ештеңеге түсінген жоқ. Бірақ, келінінің ашынған батыл үніне қарап онша жағымды

бірдене айтып жатпағанын сезген еді. Сезіп қана қойған жоқ, анық білді.

Ертеңіне тұрысымен, Сапабек қайтуға жиналды. Әкешешесіне алған базарлықтарын, біраз жинаған ақшаларын қалдырды.

— Осының бәрі Томаның жинап жүргені. Сіздерге деп осы шыбын-шіркей болып жүреді. Мен болсам, қалтама түскен затты сол күні құртам ғой, — деп қойды. Осыдан барысымен посылка салатынын айтты. Одан соң:

— Ал, енді мына балаларың, — деді Жеңісті көрсетіп, — бір түйір қазақша білмейді. — Таттанып қалған ба, немене?... Ал енді оқу уже басталып қалды. Бұл арада орыс мектебі жоқ. Мұны қалай оқытамыз деп отырсыңдар. Биыл жетіге келді.

Ерекең төмен қарап үн-тұңсіз ұзақ отырды.

— Алып кет өзіңмен бірге, — деді бір кезде даусы қарлығып. — Оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар.

Сапабек тағы да қынжыла құлді.

— Ой, көке-ай, мені бір баласырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе...

— Бар, бар, алып кет, — деді Ерекең. — Жолдарың болсын!

Тұстен кейін жалдаپ алған машиналарының кабинасына Жеңіс пен Томаны отырғызып, сыртқа Сапабектің өзі отырып, әке-шешелерімен тұра өткен жылғыдай сүйсіп коштасып, «ренжімемдер» деп ақыл айтып, ауылдан шығып кетті. Машина қарасы үзілген кезде ғана кемпір үн-тұңсіз жаулығының шетімен көзінің жасын сұртті.

— Көзің ағарсын сенің, — деді шал ақырып, — жылама!

* * *

Келесі күні Ерекең кетпенін алып «қысқа отын жоқ, бар кезінде қи ойып алайын» деп қыстау жанындағы қораға кетті. Уайымын басу үшін тағы да жігіттік дәуренін, бұрынғының адамдарын еске түсірмек болды. Қаншайымды, баяғы Сырға көшкен ағайын жүртты ойлады. Бірақ, құлазыған көңіліне ештеңе алданыш болмады...

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Әңгіме неліктен «Қонақтар» деп аталған? Автордың «қонақтар» деп отырғаны кімдер?
2. Шығармада автор қандай адамгершілік мәселесін көтеріп отыр деп ойлайсыңдар?
3. Ерекенің арманы не еді?
4. Ерекең мен оның кемпірінің баласын күтуі, оған деген сағынышы қалай суреттелген?
5. Сағынтқан Сапабек не туралы әңгіме айтты? Ұлына Ерекенің көңілі не себепті толмады?
6. Ерекене, Сапабекке олардың ой-толғаныстарына, сөздеріне сүйене отырып мінездеме беріңдер.
7. Баланың ата-ана алдындығы, азamatтың туған жер алдындағы парзызы дегенді қалай түсінесіндер?
8. Әңгіменің идеялық түйінін қалай қорытындылауға болар еді?



ТҰРАП АЙДАРОВ

(1932–1994)

Тұрап Айдаров 1932 жылы 22 қарашада Шымкент облысы, Келес ауданы, Ғани Мұратбаев атындағы ұжымшардың «Бірлік» ауылсында (бұрынғы аты «Қия жол») дүниеге келген. 1956 жылы Алматының Фараби атындағы Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, туған ауылсында мұғалімдік қызмет атқарды.

1957 жылдан Ташкенттің Низами атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне жұмысқа қабылданады. 1967 жылы «Тамды ауданы қазактарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғаған, ал 1981 жылы «Өзбекстандағы қазақ говорлары лексикасының ареалдық системасы» атты докторлық диссертациясын жазып, филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болған.

Т. Айдаров «Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері» (1975), «Лингвистикалық география» (1977), «Өзбекстандағы қазақ говорларының лексикалық және лингвистикалық географиясы» (1992) атты монографиялардың авторы.

Ақын балауса жырларын жас кезінен-ақ жаза бастайды. Ол бірінші рет «Үсенниң тілі» атты өлеңімен көрінеді. Өмірінің сонына дейін қазақ филологиясы бөлімінде ұстаздық қызметін атқарды. Бірнеше кітаптары шығады. Атап айтқанда: «Жана бер, жұлдызым» (1975), «Қоңыр жел» (1980), «Алша» (1989), «Көңіл салтанаты» (1992) өлеңдер жинағы жарық көрген.



ОТАНЫМ

Орман, тауың, көл, шөлің, құзың, далаң
Ашық аспан қаймағы бұзылмаған.
Дастарқандай жайылған, ғазиз өлкем,
Сыр шертеді желің де ызындаған.

Өмірімнен таппадым қайымды мен
Қызығыңмен ұмыттым қайымды мен...
Тыныштықты қорғайтын күш-қуатты
Абыройынан алғанмын айбынды мен.

Сен дегенде жадырап қас-қабағым,
Көмейімнен құйылар асқақ әнім.
Мен өзіңе барымды сарып етіп,
Қаламадым өмірдің басқа мәнін.

Айналамды жүрмеспін алдандырып,
Міндетімді өтермін таң қалдырып.
Сапарымды әр күнгі бастаймын мен,
Саған сәлем беруден таңнан тұрып.

Қиялымды шалқытып қиырыңмен,
Көтеремін еңсемді биігіңмен,
Сен дегенде, Отаным тіршіліктің,
Елемеспін ешқашан қынын мен.

Лапылдайды, лаулайды от жүрегім,
Сенің үшін келеді тірегім.
Бейбіт күнді ту еткен бағытында
Бөгет болса тауды да шөктіремін.

Күлімдеген күніңмен сырласамын.
Дірілдеген гүліңмен мұндасамын.
Арайына шомылып әрбір күннің
Өзіңменен келеді мың жасағым.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ақын өлеңде Отанға деген сүйіспеншілігін қалай суреттеген?
2. Өлеңнің басты тақырыбы не?
3. Өлеңді оқып шығып, ұнаған шумақтарынды жаттап алындар.
4. Бейбіт күнге жету жолындағы ақын мақсаттарын мұғалімнің көмегімен талдандар.

ТІЛ – ҚҰДІРЕТ

Тіл – тарих ғасырдан ғасыр асқан,
Уақыт – жарыс өзендей асып-тасқан.
Миллиондаған жыл өмір қүзетінде
Тіл-құдіret келеді жасымастан.

Жерге сыймай пенделер сан қағысты,
Тіл күшімен зұлым күш жай табысты.
Қасарысып қайтпаған қанды қылыш
Тілден ғана тауыпты тойтарысты.

Атамекен қыирда қалды талай,
Ел білмеді
Ертеңі әлдеқалай?
Жер мен көктің тұтқасын ұстап тұрған
Не ордалар атанды қанды сарай.

Жексен болды жер менен талай мекен,
Көшкен ел қара бұлттай тараиды екен.
Тұрмысын, туған жерін тастаса да,
Тілге ғана піріндей қарайды екен.

Тау екеш тау да шөгіп, өшіп жатты,
Ел мен ел араласып көшіп жатты.
Үргін-сүргін апattan аман қалып,
Бізді тек Ана тілі асырапты!

Шықса-дағы сірісі жаралып жан,
Ел бөлініп қалмады аралықтан.
Кете алмады уақыт сілкіп тастап,
Үрпақтан жатты үрпаққа таралып қан.

Қанатын қаққанымен күнге арманы,
Болмады кей жүректің тыңдарманы.
Елі жоқ, мекені жоқ адамдарды
Тек қана бір дәнекер –
Тіл жалғады!

Босып жүрген елді тіл табыстырыды,
Жат емесін тіл айтып таныстырыды.
Шашыраса күн кешу қызын екен,
Ал біріксе алдында табыс тұрды.

Тағдыр елді сарсаң ғып алып қашып,
Тіл ұқтырыды ел-елдің халін ашып.
Рұлық пен тайпалық кезеңдерден,
Халық келді тарихқа қалыптасып.

Тайпа тілден жаралды халықтық тіл,
Тіл тарихында ғажайып алыштық бұл.
Ел бірлігі, мекені, тіл бірлігі,
Халықтықты танытқан жарықтық бұл.

Туыс тілдер өзгеріп бөлектенді,
Кірме сөздер санада електенді.
Бірақ арғы ана тіл жоғалмады,
Күннен күнге жетілді, желектенді.

Ізі жоқ талай қауым, кезеңдердің,
Орны жоқ асып-тасқан өзен, көлдің,
Қатынасар халықтың құралы – тіл,
Тіл арқылы сақтайды сөз өрнегін.

Жер астында көміліп алтын қалды,
Су тұбінде жакұттар жарқылдады.

Жер мен мезгіл жасырды ұрпақтарды,
Тіл барлық санамызда сарқылмады.

Тіл – мәңгілік
Қоғаммен, елмен бірге,
Ол жарапан еңбекпен, термен бірге.
Ол халықтың тұрмысын көрген бірге,
Ашысы, тұщысынан өнген бірге.

Тіл арқылы танысты, табысты адам,
Тіл – ұрпақтың жалауы қолға ұстаған.
Өткеннің шежіресін тілден ұғып,
Мен тілмен келешектен коныс табам!

* * *

Тарихы бар, білгенге, әрбір сөздің,
Баяндайды мән-жайын бұлдырып кездің.
Жалтырайды маржандай тіл өрнегі,
Өзі екен сөз деген тарих-көздің.

Елеусіз сөз түбірі ата тілден,
Шешен халық мәйегін тата білген.
Өз мәнімен орнында керегі бар,
Тілімізде бір сөз жоқ қате жүрген.

Жалғыз сөз асыл ойдың қанатындей,
Бір сөзден адам бақыт табатындей.
Бір сөздей әрбір адам ұжымдасса,
Сол сөздей ел аузында қалатындей.

Сөздің нұры кем емес таң нұрынан,
Қолданудың мәні бар әр қырынан.
Тіл арқылы тірлігім бақыт тауып,
Сыр ұқтырар адамзат тағдырынан.

Сөздің жоқ жұпнысы, мінсізі де,
Не әрсіз, кілдіреген әлсізі де.
Болмаған әсері жоқ ешқашан да
Тартымы, татымы жоқ нәрсізі де.

Тіл – ұлы күш тіршілік құратын да,
Бейбіт күнге тірек боп тұратын да.
Тіл – соғысты жеңетін тозбас құрал
Адамзаттың сақтайтын мұратын да.

Ауылдың жөні басқа ғой,
Мен үшін жер жоқ аса алған.
Көңлімде тасып асқақ ой,
Әр барған сайын жасарғам.

Емеспін көптен еш, кенде,
Шүкірлік бұған етемін.
Жайсызды қып кетемін.

Анамдай аулым, жұбатып,
Шығады менің алдымнан.
Достарым қалар ұнатып,
Самайын аққа шалдырған.

Төбемді көкке жеткізіп,
Төбелер күтіп алады.
Мандайын жастар өткізіп,
Арқамнан қарттар қағады.

Ауаға таза мас етіп,
Шалқытар мені ақ таңы.
Тұлетіп, жанды жас етіп,
Жайылар жасыл мақпалы.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ақын тілдің адам өміріндегі қажетті құрал екенін өлеңде қалай суреттеген?
2. Өлеңде қандай өзекті мәселелер айтылады?
3. Тілдің мәртебесі қазіргі күнде қандай деп ойлайсындар?
4. Ана тіліміздің ұрпақтан-ұрпаққа, күннен-күнгे өркендеу себептерін мұғалімнің көмегімен талдау жасаңдар.
5. «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында шағын шығарма жазындар.



ҚАЛДЫБЕК СЕЙДАНОВ

(1941 жылы туған)

Қалдыбек Сейданов 1941 жылдың 15 тамызында Ташкент облысы Жана жол ауданына қаасты Шоралысай елді мекенінде дуниеге келген.

1958 жылы орта мектепті бітірген-нен соң, Шыназ ауданына қаасты «Өзбекстан» атындағы мектепте, бастауыш мектеп оқытушысы болып қызмет атқарады. 1959–1964 жылдары, Низами атындағы Ташкент Мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетін бітіреді.

Ол 1964–1981 жылдар аралығында Өзбекстан Республикасы Фылым Академиясына қаасты, бүгінгі таңдағы Әлішер Науай атындағы Тіл және әдебиет институтындағы «Әдебиеттер байланысы» бөлімінде кіші және аға ғылыми қызметкер болып 18 жыл жұмыс істесе, 1981–1993 жылдары Низами атындағы Ташкент Мемлекеттік педагогикалық институтында «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, доцент болып 12 жыл қызмет атқарады.

Сондай-ақ 1993–2003 жылдары «Нұрлы жол» газетінің бас редакторы қызметінде 10 жыл 6 ай жұмыс істейді.

Жазушы Қалдыбек Сейдановтың «Тоғысқан тағдырлар» романы, «Тағдыр» повесі, «Ана арманы», «Ерте үзілген гүл», «Аққызы», «Керемет келін», «Өмірде не болмайды», «Мұндайларда бар», «Жалқау бала», «Ормандағы арман қызы» сияқты т.б. әңгімелері мен тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие топ-топ цикл өлеңдері баспасөз беттерінде, жеке кітап болып жарық көрген.



Ақынның «Адам болу арманым», «Тұысқан бауыр өзбегім», «Өзбекстан – өз елім», «Ақылым – қылыш, сөзім – оқ», «Анадан артық, жан бар ма?», «Бақыттың менің», «Лашыным», «Әкімдер-ай» сияқты т.б. өлеңдерінде өмірлік мәні бар мәселелер жан-жақты көтерілген.

Әрі ол, 2010–2018 жылдар аралығында өзінің сегіз томдық «Таңдамалы шығармалар» жинағын да оқырман жүртшылыққа ұсыну мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ 2013 жылы өзінің «Сырлы сезімдер» атты өлеңдер жинағын да бастырып шығарған болса, 2018 жылы «Өзбекстан» баспасынан «Өмір өрнектері» атты бір томдық жыр кітабын да бастырып шығарды.

Тіпті оның баспасөз беттерінде жарық көрген тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие «Ғибратнамалары» ерекше мәнге ие.

Қалдыбек Сейданов ғалым, ақын-жазушы болумен бірге, танымал аудармашы да. Ол Ә. Тәжібаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, Б. Батыrbекова, Қ. Жұмағалиев сияқты т.б. қазақ ақындарының өлеңдерін өзбек тіліне аударған болса, өзбек ақын-жазушыларынан Әділ Якубовтың «Жоғалған жұлдызымы», Әткір Хашимовтың «Мен қалай жынданым», Тахир Мәліктің «Еркін», Еркін Мәліктің «Шайтанның шатақтары» атты прозалық шығармаларымен бірге Айбек, Ғафур Ғұлам, Хамит Әлімжан, Шайхзада, Зульфия, Ұйғын, Міртемір, Абдулла Орипов, Еркін Вахидов сияқты т.б. өзбек ақындарының өлеңдерін 2018 жылы «Біз – жырлаймыз» деген атпен қазақ тіліне аударған.

Ол 1989 жылдан Өзбекстан Жазушылар Одағы, 1993 жылдан Журналисттер Одағының мүшесі болса, 1992 жылдан Өзбекстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері.

Қалдыбек Сейданов белгілі жазушы, әрі ғұлама ғалым ретінде 2017 жылы «Мұхтар Әуезов – Орта Азия төрінде» атты ғылыми еңбегін жариялады, ал 2018 жылы «Өзбекстан» баспасынан қазақ-өзбек әдеби-мәдени байланыстары жайлы «Тұысқандар» атты монографиясы Шыңғыс Айтматовтың 90 жылдығына орай өзбек тілінде «Достық жыршысы» деген ғылыми-зерттеу еңбегін де оқырман жүртіна ұсынды.

ӨЗБЕКСТАН – ӨЗ ЕЛІМ!

Қысы – жаз, жазы – жаннат,
Әсем өлкө, гүлді өңір.
Шаттандырған көңілді,
Өзбекстан – нұрлы өңір!

Күзі – көктем,
Көктемі гүл – гүл жайнаған,
Қысы, жазы
Бәдене, бұлбұл сайраған –
Өзбекстан – өз елім!

Алма, өрік, әнжірі,
Жеміс берер әр жылы.
Малға толы аймағы,
Тамсандырған қаймағы,
Өзбекстан – өз елім!

Ой жіберсек өткенге,
Шықпас шіркін естен де.
Қашқадария жерінде,
Мидай жазық өнір де,
Құландаш таңы атқан да,
Куана күліп, іңгелап,
Бесігінде жатқанмын!

Түйе тартар бойында,
Қойташ елі қойнында,
Бақмал жері көк майсам,
Өткендерді ойға алсам,
Өзбек бауыр, достармен,
Асық ойнап, алысып,
Малды бірге баққанмын!

Еңбекқор өзбек халқынан,
Талай – талай ұлғі алып,

Еңбек етіп ерінбей,
Кетпендей де шапқанмын!

Есейе келе ер жетіп,
Тұысқан бауыр елінде,
Биіктеге қол созып,
Етегінде Замынның,
Кітап оқып жатқанмын!

Жасыратын не сыр бар,
Ешнәрсені бүкпестен,
Ашып айтсам анығын,
Сүйкімді сұлу жарды да,
Дәл осында тапқанмын!

Ташкентте оқып, тәлім ап,
Іздене жүріп, жетіліп,
Ылғи да алға үмтыла,
Білімнің дәмін татқанмын!
Өзбек бауыр, достардан,
Бойға – қуат, ойларыма – нәр алып,
Күліп, ойнап, би билеп,
Талай қызыққа батқанмын!

Досты да таптым осында,
Дүшпанды да дәл байқап,
Аң-таң болып кей кезде,
Сабырмен қарап әр іске,
Достықтың отын жаққанмын!

Науай, Айбек, Faфурдың,
Шығармаларынан нәр алып,
Жолына ғылым барғанмын.
Ненің жақсы, жаманын,
Ойша байқап, аңғарып,
Өзбекстан елінде,
Өз бақытымды тапқанмын!

Тағы да ашық айтайын,
Түйсқан өзбек – бауырмен,
Шайханада шай ішіп,
Кауыны мен палауын,
Бірге отырып, бірге жеп,
Әнекдот айтып, «айтысып»,
Күліп, ойнап шаттандым!

Міне, осылай, Ей достар!
Түйсқан – бауыр жерінде,
Алшаң басып аяқты,
Тебірене тереңге,
Ғылымның дәнін шаққанмын!

Ал ағайын, Ей достар!
Өздерің де мән беріп,
Тәуелсіз елге тән беріп,
Жан – жағына қараши!
Дәл қазіргі күндерде,
Арайлап атқан ак танда,
Ел ұйқыда жатқанда,
Ел басшымыз Ер Шавкат!
«Елім», «жұртым», «халқым» деп,
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Бірде – бір тыным тапқан ба?!

Өзбекстан елінің –
Болашағы жарқын деп,
Ұзақты байқап, көп көріп,
Таң шолпаны секілді –
Ерте тұрып, кеш жатып,
Ақылмен қарап әр іске –
Жақсылыққа жол ашып,
Шолпандайын жарқырап,
Айналып ұлы алыпқа,
Женілдік жасап халыққа,
Ерен еңбек етуде!

* * *

Көңілмен көріп осыны,
Ойым да шіркін жосылды.
Сексенге жасым жетсе де,
Президенттен үлгі алып,
Еселі еңбек етуге –
Күшіме күш қосылды.

* * *

Кел ағайын, кел бауыр!
Күй шертейік бір болып.
Қол ұстасып, би билеп,
Қуансын жүрек нұр толып.
Өзбек – қазақ достығы,
Халықтасын әманда –
Мерейлі, ойлы – жыр болып!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өлеңді мәнерлеп оқындар.
2. Өлеңнің мазмұнына мән беріндер.
3. Өлеңде достық жайлы не айтылған?

ТАСЫМА

(Кейбір достарға)

Тасыма досым, тасыма,
Тасыған жетеді басыңа
Көкірек керіп паңдансаң –
Жоламас ешкім қасыңа!

Қоғамшыл болсан, тәтті сөз,
Келер-ақ әркім жаныңа.
Ойланбай айтқан әр сөзің,
Таяқ боп тиер басыңа!

Бітпей жатса кей ісің,
Өкініп, өксіп, жасыма!

Бағың жанып, Бас болсан,
Ашуға мініп, айқайладап,
Тыжырынып, тырысып,
Қыр көрсетіп әркімге,
Кездейсоқ кейіп басынба!

Тек жүрген асыл жандарға,
Өсек айтып асылма!
Кейбіреу сыйлап дос болар,
Қайнаған қазан асыңа!

Басыңа қын іс түссе,
Жәмпендең жүрген көп достын,
Біріде келмес қасыңа!
Өскенін жұрттың көре алмай,
Іштей жанып, жасыма!

Сырттан айтқан қу өсек,
Жіберер істі насырға!
Адал еңбек, өрен ой;
Білім, кемел парасат,
Биік етер тұлғаңды,
Ғасырлардан ғасырға!

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 
- Өлеңді толық оқып, жаттап алындар.
 - «Достық» дегенде нені түсінесің?
 - Өлеңнен нені ұғындындар?
 - Өлеңнің тәлімдік-тәрбиелік мәніне мән беріндер.

АДАМ БОЛУ – АРМАНЫМ!

Пәк болып келдім өмірге,
Адам боп өту – арманым!
Құлықтан бойды аулақ сап,
Арамза іске бармадым.

Біреулердің сыртынан.
Өсек айтып өкірте,
Көрінгенге ғибаттап,
Жан сағалайтын жәмпенбай,
Жағымпаз жан да болмадым!

Талантты танып баулуға,
Бар қүшімді арнадым.
Кір тұсірмей көнілге,
Пәктікпен досты қармадым!

Жету үшін арманға,
Еңбек етіп, тер төгіп,
Биіктерге қол созып,
Қанаттана самғадым!

Көкірек керіп, паң болған,
Көргенсізді көргенде,
Сабыр сактап, сан ойлап,
Аулақ ұстап өзімді,
Берекесіздерге бармадым!

Жамандардан жиреніп,
Кейіп ылғи алғанмын.
Шыңын аңсан ғылымның,
Білімге асқақ самғадым!

Тебіреніп тереңге,
Қалам, сапты нық ұстап,
Әуезов пен Айбектің,
Игі жолын таңдадым!

Әділдік үшін алысып,
Шындық айтып, шырылдаң,
Кейбір кезде, кей сәтте,
Сүрініп те қалғанмын!

Бірақ оған титтей де,
Іштей жанып, күйініп,

Бармақ тістеп, бас шайқап,
Өкініп, өксіп налмадым!

Көлгірсіген қулардың,
Арамза ісін аңғарып,
Тыжырына тіксініп,
Аң-таң боп та қалғанмын!

Сырын ұғып Шыңғыстың,
Әлемді оймен шарладым.
Сүмдығын көріп сүмдардың,
Таңдай қағып, таң қалдым!

Жолымыз нұрлы болсын деп,
«Нұрлы жолды» таңдадым.
Білімді халқым алсын деп,
Жолына ғылым барғанмын!

Сол үшін де достарым!
Болды ғой ғылым қонысым.
Ақындыққа да бет бұрып,
Шаттыққа көңіл толды шын!

Өтірік емес, шын сөзім!
Опасыз осынау – жалғанда,
Бір күндері қуанып,
Енді бірде ыза боп,
Алпысқа жасым жеткенше,
Дәл осылай болғанмын!

Мұнан соң да, тап солай,
Бала пейіл, ақ көңіл,
Пәк сезімді, әрі әділ,
Адам болу – Арманым!

МЕН АҚЫНМЫН

Мен ақынмын!
Ақ көңіл, бала пейіл,
Пәк сезімді –
Зәлімдік, зұлымдықты,
Білмейтүғын!

Мен ақынмын!
Әр түлға, алмас тілді.
Жәдігөй, опасызды –
Оты сөзбен тілдейтүғын!

Мен ақынмын!
Жалын жүрек, ер көңілді,
Қу-сұмды, отты сөзбен –
Түррейтүғын!

Мен ақынмын!
Асқақ ұнді, тәкәппармын.
Санасызды, сан илеп,
Әдемілеп жүндейтүғын!

Мен ақынмын!
Бауырмал, інкәр көңіл.
Ашық мінез, ақ пейілді,
Жамандықты ешкімге,
Қимайтүғын!

Мен ақынмын!
Міне осындаі дара тума –
Сал-серімін!
Жамандыққа жаны қас,
Жаны жомарт –
Жайсаң жанмын!

Мен ақынмын!
Нар түлға, кемел ойлы,
Дархан пейіл!
Ешкімге мәйменқүлеп,
Имейтүғын!

Мен ақынмын!
Қайыспас, қажырлымын.
Опасызды оңдырмай,
Тезіге сап, илейтүғын!

Мен ақынмын!
Кеменгер, биік Емен.
Ерен ойлы
Парасатпын!

Жалғанда, кім бар екен?...
Дәл осындаі, бала пейіл,
Кемел ойлы ақылменен –
Таласатын!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Өлеңді мәнерлеп оқындар.
2. Ақын арманы жайлы не айтқан?
3. Өлеңде әділдік, шындық туралы не айтқан?



МЕКЕМБАЙ ОМАРҰЛЫ

(1949 жылы туған)

Мекембай Омарұлы 1949 жылы 9 ақпан күні Ташкент облысы, Қыбырай ауданы, Тұзел елді мекеніне карасты Таукент ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институттың қазақ филологиясы мамандығын бітіреді.

Оқытушы-әдіскер. Бастауыш сыйнаптарға арналған он бір оқулықтың және әдеби, ғылыми-танымдық кітаптардың да авторы. Ақын «Қазақ әдебиеті» газетінің, Алматыда болып өткен халықаралық айтыстардың және Орта Азия бахшылар байқауының жүлдегері.

Өзбекстан Жазушылар үйімінің мүшесі.



ТҮРКІСТАН

Тұсқенде бір ауырлық бар денеңе,
Кермектеу татиды еken бал да неге?
Кешкілік жүзінде нұр ойнағанмен,
Дел-сал болып тұрасың әлденеге.

Ақиқат –
Ана белі бүгілді ме?
Арманға жеткендейсің бүгін, міне,
Арын арлап тұратын азаматтың
Шұнтитып тастап еді тілінді де.

Егессіз ертеңіне құлмей ғана,
«Тұған жер!» деп жырлайтын гүлдей бала.

Ту етіп көтере ме елдің атын,
Ойлары болса оның түндей қара?
Оқ болып
Қияметтің көрдің ішін,
Орманнан
Аз ба еді қорқынышың?
Омалып ор ішінде жатсан-дағы,
Жеті жатқа создың-ау қолдың ұшын.

Төбенде
Бері айналып, әрі айналып,
Қара бұлттар қояды әлі айналып.
Кеудесін асқар таулар жаншитындей,
Таң атса мына саған арайланып.

Бастан қайта соқпайды ғұмыр-жел де,
Не болды қасиетті ғұмыр жерге ?
Асылдарын
Масылдары ұстап кеткен
Замана бұл байғұсты жұлып жер ме ?

Жалт бұрылмай
Кеудеден СЕНИМ ТАҢЫ,
Тұрлардың асқақтаған сенімді әні.
Адалдықтың асқандық басса аяғын,
Сүйегің сырқырайды сенің-дағы.

Қантардағы көк мұздай сына кетіп,
Сауынды да алғансың шұнақ етіп.
Ақиқаттың жолынан аттамадың,
Сенде қанша жатқанмен сынақ өтіп.

Зіл түскен заманаға ере аламыз,
Мықты болсақ,
Алшақтар неге арамыз?
Құйындаған күндерде түн үйқысын
Кімдер үшін төрт бөлді ЖЕР-АНАМЫЗ?

Мың әулие болсаң да елден аспақ
Жоқ бірақ,
Болса да өрге баспақ.
Жылыстарын шарлатып мұң – өзеннің,
Кеткендер аз ба сені көрге бастап?

«Тұран!» деп тырбаңдаған қандасты да,
Тірі қалса, ажалдың алды астына.
Сыр тартсаң қайтер еді өткен күннен,
Соның бәрін әлде бұл қар басты ма?

Тілек қып көзі ояу ғашықтар сан,
Сыр-сандықты сүйсініп ашып қалсаң,
Шіркін-ай, бір жарамай тіл қатуға,
Қасымнан кетер едің қашып қаншаң?

Ауызда,
Тілде неше от «еледі»,
Кірпіктен балаң саған от өреді?
Жүрегіңе жазықсызтиіп кеткен
Соққылардың бәрін кім көтереді?

Жүрсем де
Айдындарын көптен көрмей,
Терендікті ұқтырmas көктем көлдей.
Шыдамың шырқыраған терезенің
Сыртында үрпиіскен кептерлердей.

Туған жер,
Ердің жауы ел жауы ма?
Сұнқылдайды
Біреулер ең жауына
Сонда-дағы шілінгір шілде айда
Сенен нәрсе тілейді жем сауына.

Заманаалар қасқыры қалай да ұлып,
Тағдыр саған салды кеп талай бүлік.

Қалжыратып жатқанда қу жеміттер,
Он мен солың тұрды еken қалай бұғып?
«Итжеккенге ерлерің айдалмайды», -
Деп бүгін ешкім-дағы айта алмайды.
Елекке сап тұрмасаң оқта-текте,
Кімдердің кімдігі де байқалмайды.

Ойыңа
Алғаныңмен көп ниетті,
Нағыз ерді
Надандық көк ми етті.
Сен түгіл,
Менің де арқам құрысады,
Тұман басып тұрса егер көкжиекті.

Он екі айдың
Бәрі де асылмын дер,
Баяғыдай бал күндерің – асыл күндер
Яссайдей ұлы бабаң кесенесін
Досың ба,
Атқылаған басын кімдер?

Ішің іріп
Жолыңды тосқанына,
Көздің жасы толды ғой тостағыңа.
Жүргегі Түркістан деп соққан ердің
Арқасын темір қамшы оспады ма?

Құяды сүйн барып кенге Арысы,
Өзенінің
Өзеннен кем бе ағысы?
Байлығыңды сүліктей сорып алар
Келімсектің бар ма еді сенде ақысы?

Есікті
Сырттан-дағы іліпті іштен,
Ойлары күләбідей іріп түскен.
Алтыныңың

Берсең де бәрін тасып,
Күлімсіреп тұрдың-ау шірік тіспен.
Хақ сөзден
Неге енді арланайын?
Талай құлап жатты ғой арман-айың.
Сабагынан солдыру мақсаты еді
Топ етіп жерге түскен алмадайын.

«Доспын!» деп мың дәлелдеп тұрғанмен де,
Аяmas қыруға бет бұрған пенде.
Бауырыңа бастың оның балапаның,
Жүргегің емес сенің нұрдан кенде!

Кей үнінді
Білсе де тұншықтырды,
Қай бастарға көбірек күн шықтырды?
Қатарында қаздардың қалқып ұшқан
Бүркіттерің болған жоқ шымшық құрлы.

Өкінгеннен қыран да құзғынданып,
Соқты өзін басына құздың барып.
Қылмыскерге құл болып құлдық ұрып,
Қарақшыны ер деді біздің халық.

Ер Тұрардың соңынан біз ермедік,
Отанды түгел беріп, жүз «ерледік».
Жер емес, шен-шекпенсіз қалмайық деп,
Кімдердің алдында біз тізерледік?
Наныңды жеп, тұздыққа түкірсе де,
Ел болып сонда-дағы түзелмедік.

Сұрықсыз сұрақтары қыздың да анық:
«Басылған ба,
Басқан ба бұзғын халық?»
Япыр-ай, желтоқсанда дүниені
Дүр сілкінтекен – тағы да біздің халық.

Тағы нұрға болғанда бір бөлөнбек,
Дүрлікті: «Таудағы қай дүрбелен?» деп.
Тәте құйқаң шымырлап жатқанында
Дүниенің құлағы тұрды елеңдеп.
Көрдің әмбе арысты қорлағанын,
Қызы тапталып,
Қатты ғой қолда қаның.
Түркістан! Темір болып, Тұрар болып,
Айып па намысынды қорғағаның?

Қайраттар – зор ұлдарың
Білген ғой сорың барын:
Жолыңың торылғанын;
Қолыңың орылғанын;
Жаңыңың соғылғанын;
Қаныңың сорылғанын;
Сен қандай алып едің
Көтерген соның бәрін?!

Өзінде туған ұлан-мәнді жан шын,
Жұлдыздарың жарқырап, мәңгі жансын.
Сен Нөкіс, Ашхабатсың туы биік,
Әні әсем әйгілі Әндіжансың.

Тілек пен жүректегі сан армансың,
Содан ба, сен киелі саналғансың.
Бішкексің, Бұқарасың, Самарқантсың,
Ұл-қызың асқақ арман жетелеген
Қазығұрт, Қараспан мен Сарыарқамсың.

Тұрса да күтіп өзін алдан үш сын,
Аспанында қалықтап арман ұшсын.
Әйтеуір тегін Отан емессің сен, –
Манассың, Қобыланды, Алпамыссың.

Толқындары ай керім қуды ағызған
Көлінде ду да қызған, шу да қызған.

Ерніне кенезесі кепкен жердің
Тағы сенсің Сыр болып су тамызған!
Алатаудан нұр шашқан арайымсың,
Он сегіз мың әлемге ағайынсың.
Сен Фараби, Ибн Сина, Ұлықбексің,
Сен Науай, Бердақ пен Абайымсың.

Болса да қыз құпсініп, ұл ісінген,
Жауаптымын туған жер үні үшін мен.
Ей, Түркістан, ойыма аналардың,
Бойыма балалардың нұры сінген.

Қырында адам тұғіл, адтойнаған,
Сырынды ана ойлаған, ата ойлаған.
Жап-жалғыз жаннан кешіп, Ер Төңгелер¹
Кім үшін дүниеде атойлаған?

Туған жер Төңгедейін текті ұлменен,
Ешкімге көкірегін тептірмеген.
Сұлуларың² бар сенің өз басынан
Елдің басын төмендеу деп білмеген.

Елдікті, ерлікті де ел қаласын,
Ташкенттей қайта туған ер қаласың!
Топырағын Темір де сүйіп өскен
Сен Арыссың, Таразсың, Ферғанасың.

Күн деген көңілге нұр құя тұрсын,
Сен Қанқамсың, Отыrap, Қиятимсың,
Арымсың, ожданымсың жүректегі,
Жүзімдегі иба мен ұятымсың.

Гүл – тағдырың айналған дерексізге,
Ұлы десе, ұлы-ақ ел ек біз де.

¹ Ер Төңгे – халық батыры.

² Сұлу – халық батыры.

Ананың жүрегіндей бөлінбекен
Бір Түркістан бәрібір керек бізге!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Түркістан жайлы қандай шығармаларды оқыдындар?
2. Түркістан елдері қайсы?
3. Түркістан қаласын білесіндер ме?
4. Ақын осы өлеңі арқылы нені мақсат етіп отыр?
5. «Әйтеуір тегін Отан емессің сен, –
Манассың, Қобыланды, Алпамыссың»,
– дейтін өлең жолдары ақынның қандай ойын аңғартады?
6. Түркістанды осыншама көтеріңкі көңіл, мактанашибен жырлауының себебі не?
7. Жер-су, тау-тас аттарына көңіл бөліндер.
8. Түркістан елдерінен шыққан ұлы адамдардың есімдерін өлең жолдарынан тауып, сөздік дәптерлеріңе жазындар.

ХАЛҚЫМ

(*Терме*)

Қандайсың, халқым, қандайсың?
Қантарда жауған қардайсың.
Он бес күндік айдай боп,
Айтқан сөзден танбайсың.
Бақ-талайы ашылып,
Жапырақ жайған талдайсың.
Аңы менен тұщыны
Бәрінен жақсы талғайсың.
«Сіз» десең де кішіріп,
«Сен» десуге бармайсың.
Жатыры бөлек жат бала:
«Лаң тигендей...» – десе де,
Өзіме алтын мәндайсың.
Дүшпаныңа у татып,
Достарыңа балдайсың.
Көк найза бидай секілді
Надандардың алдында

Иілуге бармайсың.
Жұнін жұлған тырнадай
Жалған сөзге нанбайсың.
Сар баланың бағына
Арайлап атқан таңдайсың.
Алтын қазан ішінде
Майға піскен нандайсың.
Пана болып халқыңа,
Ел сұратқан хандайсың.
Қандайсың, халқым, қандайсың?
Сендер аман болсаңдар,
Алынбас дейсің қандай шың?
Қыжылы бар болса да,
Үзілгенді жалғайсың.
Қиямет-қайым төнгөнмен,
Алаштың арын арлайсың.
Қасқырдайын анталап,
Аққа қарсы бармайсын.
Дарабоз туған ұл-қыздың
Мейіріне қанбайсың.
Кесілсе де қайтар жол,
Айтқан жерде қалмайсың.
Қайтқан көңіл, шыққан жан,
Мойынсұнбас нардайсың.
Қандайсың, халқым, қандайсың?
Көлеңкесіз шамдайсың.
Ақыр заман орнатып,
Шымалды да шалмайсын.
Алған жардың алдына
Ата-ананы салмайсың.
Ауызынан ақ май ағызып,
Сөзінді соған арнайсың.
Толымы жоқтың қасында,
Болымы жоқтың басында
Таң атырма әрқайсың.
Отан үшін, ел үшін
Куырдақ боп қу жаның.

Қайтіп қана жанбайсың?
Қандайсың, халқым, қандайсың?
Нәубеттің жылын ойласаң,
Өмірден көnlі қамдайсың.
Көріге де, жасқа да
Дәнекердің керегін
Алдыменен аңдайсың.
Қадірі жоқ қарғадай
Қандасты қайтіп қарғайсың?
Қалсаң егер бір сөзден,
Кішірейіп қалмайсың
Әділдік бойда болмаса,
Суын сүт қып қайнатқан
Берекесіз жандайсың.
Жұлдыздайын таң көрген
Өшү үшін жанбайсың.
Оянатын түрің жоқ.
Үйқыға әлі қанбайсың?
Дүние түгел болады,
Орныңа тұрсаң әрқайсың.
Қандайсың, халқым, қандайсың?
Жел айдаған қаңбақтай
Бір орында тұрмайсың.
Жерде соққан қос жүрек –
Әму менен Сырдайсың.
Қиыс кетпей қыырда
Қимасқа түскен нұрдайсың.
Бір қарасам өзіңе,
Қасқырлардың ойынын
Әуес көрген ұлдайсың.
Қанатыңды қақпайтын,
Ана тілді сатпайтын
Асыл ұлдар ұлғайсын.
Қандайсың, халқым, қандайсың?
Мандайға біткен қалдайсың.
Ұшқыннан өрт шығады,
Соны да ойлап тұрғайсың.

Ұштық түгіл, пұштық жоқ,
Көңілдің бетін тырнаісың?
Өз тілінді кесуге
Неге дайын тұр қайшың?
Қонар көгі тарылып,
Ашу қысқан құрдайсың.
Ұялы қасқыр секілді
Біреуге тор құрмайсың.
Иманменен қапталған
Жұлдызы биік қырдайсың.
Адалдықтың тұсынан
Қолды дайым бұлғайсың.
Бұрысқа біреу бет бұрса,
Дұрысқа оны бұрғайсың.
Қандайсың, халқым, қандайсың?
Сүмбілдей сұлу ақылы.
Қыз есігін «ұрғайсың».
Біңіршағы айналған
Ұлынды да тыңдайсың.
Ұртын алып, мұрт жалға,
Мұнымен де тынбайсың.
Тұңғиық теңіз болсаң да,
Бір лайламай тұнбайсың.
Ұлық болсаң, кішік бол,
Көл-дария қарттардың
Қолын алып тұрғайсың.
Нан сындырып құда жақ,
Бетке жаққан ұндайсың.
Қандайсың, халқым, қандайсың?
Жайдың атқан тасындей
Шырық бұзып көрмейсің.
Арман ауыл есігін
Көппен ашып көргейсің.
Екі шоқып, бір қарап,
Жұрмеске сірә көнбейсің.
Суалса да екі ұртың,
Кем-кетігін жөндейсің.

Елеусізді ел қылып,
Өрісіңе өргейсің.
«Ел аузына елек сап», –
Қоямын деуден өңбейсің.
Әдет емес, әдепке
Тұз жегендей шөлдейсің.
Дәүлеті мен сәулеті
Бастан кетпес көлдейсің!
Қол жисаң да жетпіс жыл,
Жүректі жеңе білмейсің.
Жат есікте жүргенде
Ел қадірін білгейсің.
Адалдықтан қол үзген

Дүшпаныңа зілдейсің.
Қадірінді білгенге
Қайыспас қайсар пілдейсің.
Қараға да, ханға да
Тәңіртаудай бірдайсің.
Қадірдің жүзін кірлетпес
Ағайынды кім дейсің?
Біреулерге – терістік,
Біреулерге – күнгейсің.
Арқасында Ананың
Жыл он екі ай гүлдейсің.
Адамзатқа шуағын
Тең шашатын Күндейсің!

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Терме не үшін «Халқым» деп аталған?
2. Өлеңнің өне бойында өз халқын мактанашиб ететін қандай бейнелі сөздер бар?
3. Ақынның:
«Кандайсың, халқым, қандайсың,
Жатыры бөлек жат бала:
«Лаң тиғендей» десе де,
Өзіме алтын мандаісың», – деп толғануының сыры неде?
4. «Отан үшін, ел үшін
Куырдақ боп ку жаның
Кайтіп қана жанбайсың? – дейтін жыр жолдары оқырманды қандай ойларға бастайды?
5. Елдің арын арлап, бірлікке шақыратын өлең жолдарын атаңдар.
6. Өлеңнің мазмұнына көзіл бөліп, «Халқым» деген шығарма жазындар.

ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТИ ҮЛГІЛЕРИНЕН

МАҚСУД ШАЙХЗАДА (1908-1967)

Мақсұд Шайхзаданың есімі тек қана өзбек оқырманының ғана емес, сондай-ақ әзербайжан оқушысы үшін де ардақты есім. Себебі дарынды ақын Әзербайжан өлкесінде туылып, өзбек халқының бауырында үлкейді, дарынды қалам иесі ретінде танымал болды. Сонымен бірге өзбек әдебиетінің XX ғасырдағы ірі тұлғасына айналды. Екі халықтың перзенті болған Мақсұд Масумұлы Шайхзада 1908 жылы Әзербайжанның Агдаш (Ақтас) қаласында дәрігер отбасында дүниеге келді. Бастауыш және орта білімді өзі туып-өssен қаласында алғып, соң Бакудегі Жоғары педагогика институтына сырттай оқуға түседі.



1925 жылдан бастап Дербенттегі 1-басқыш Әзербайжан мектебінде, Бойнақтағы тәлім-тәrbie техникумында оқытуши болып істейді. 1927 жылы төңкерісшіл ұйым мүшесі ретінде қамауға алынып, 1928 жылдың ақпанында Ташкентке сүргін етіледі.

Мақсұд Шайхзада Ташкентке келгеннен кейін түрлі газет-журналдарда әдеби қызметкер, 1935-1938 жылдарда Өзбекстан Фылымдар комитеті жанындағы Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер, 1938 жылдан өмірінің сонына дейін Низами атындағы Ташкент Мемлекеттік педагогика институтының (қазіргі Низами атындағы Ташкент Мемлекеттік педагогика университеті) өзбек классикалық әдебиеті кафедрасында доцент міндетін атқарушы болып қызмет аткарды.

Шайхзада сауаты шықпай өлеңді жаттап, өлеңдерін суырып салып, айтушы ғана болған. Бертін келе ол өзінің алғашқы шығармаларының үлгілерін 1939 жылдан бастап жариялады. Отызыншы жылдары ақынның «Лайық сақшы», «Он өлең», «Үшінші кітап», «Республика», «Он екі», «Жаңа диуан», «Сайлау өлеңдері» атты өлең жинақтары баспадан шығады. Өлең жинақтары арқылы Максуд Шайхзада өзбек әдебиетінде өз дауысына ие болған үлкен дарын ретінде елге танылады.

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Шайхзада күллі өзбек ақын және жазушылары сияқты бар шығармашыл қабілетін фашизм үстінен жеңіске жетуге арнады. Бұл дәуір ақын шығармашылығы жоғары дәрежеге көтерілгенімен бірге шынайы отансүйгіш ақын екенін танытқан. Адамзатқа қауіп-қатер төндіріп тұрған XX ғасыр зұлматы – фашизмді жою, өмірді, тіршілікті, ар-намысты сақтау, халықты психологиялық тұрғыдан жүдемеуге, ерлікке үндеу ақынның сол жылдардағы басылған «Күрес не үшін» (1941), «Капитан Гастелло» (1941), «Көніл айтады» сияқты жинақтары басты тақырып болды.

Сол жылдары Шайхзада «Жалалиддин Мангуберді» (1944) драмасын жазды. Онда өз елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін монгол басқыншыларына қарсы құрескен Хорезм шахының жауынгерлік ерлігін тарихи тұрғыдан дәл және шынайы суреттеді.

Ардақты оқушы! Өзбекстан тарихы пәнінде айтылғандай, елімізді XIII ғасырларда Шыңғысхан әскерлері басып алмақ болғанда халымыздың ержүрек перзенттерінің бірі Жалалиддин Мангуберді басқыншыларға қарсы құреседі. Отан тәуелсіздігін сақтау үшін ерлікпен соғысқа шығады. Бұл драма өз уақытында сахнаға қойылған және батыл Жалалиддин Мангубердінің тұлғасын сахнада сүйікті актер Шұқір Бұрханов сомдаған.

Максуд Шайхзада соғыстан кейінгі жылдары тағы да қайтадан әділесіз сүргін етілгеніне қарамай, жасампаз өмірдің ләззатына түнілмеу мақсатында «Он бес жылдың дәптері», «Қол шапалақтарым», «Заман торлары», «Шола»,

«Ширек ғасыр диуаны» сияқты өлең жинақтарын баспадан шығарады.

1958 жылы талай оқиғаларды өз ішіне бүккен, көне Ташкент туралы терен философиялық сезімге ие «Ташкентнама» дастанын жазады.

Шайхзаданың лиро-эпикалық тундылары да бір төбе. Оның «Ортақ мұлік», «Топырақ және ақы», «Шырақ», «Мұра», «Аңшының қиссасы», «Дос», «Ескендір Зұлқайнар», «Он бірлер», «Женя», «Ақсақал», «Ахметжанның хикметтері», «Үшінші ұл», «Нұрмет атаның түсі» сияқты дастандары да бар.

Мақсұд Шайхзада көркем шығармалар жазумен қатар әдебиеттану мен әдеби сын саласында да тиімді жұмыстар атқарған. Әсіресе, оның ұлы ойшыл ақын Әлішер Науайдың шығармашылығы мен өмірін үйренуге арналған шынайы зерттеулері, Науантану ғылымын жаңа даму басқышына алып шықты. Сонымен қатар, ғалым өзбек классикалық және заманауи әдебиет өкілдері: Бабыр, Мұқыми, Фурқат, Айбек, Faфур Fұлам, Хамид Әлімжан туралы, сондай-ақ халық ауыз әдебиетінің тамаша өкілі Пазыл ақынды және әлем әдебиеті жүлдyzдары Низами Ганжауи, Шота Руставели, А.С.Пушкин, Н.А.Некрасов, А.Н.Островский, Т.Г.Шевченко, А.П.Чехов сияқты ақын-жазушыларына арналған шығармалар жазған.

Шайхзада шебер аудармашы ретінде Ш.Руставели, В.Шекспир, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Низами, Физули, Мырза Фатали Ахундов, Эзоп, Эсхил, Гете, Байрон, Маяковский, Назым Хикмет және басқа жазушылардың шығармаларын өзбек тіліне аударған.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Мақсұд Шайхзаданың өмірі мен шығармашылығы туралы не білесін? Ол неше рет саяси сұргіннен жәбірленген?
2. Мақсұд Шайхзада өз шығармаларын қашан жариялай бастаған?
3. 30-жылдарда ақынның қайсы шығармалары баспадан шықты?

4. Мақсуд Шайхзаданың соғыс жылдарында жазған тарихи драмасы не деп аталады?
5. Ақын жазған дастандарды атап айт.
6. Мақсуд Шайхзаданың ғылыми және педагогикалық қызметі туралы не білесіндер.

«МЫРЗА ҰЛЫҚБЕК» ТРАГЕДИЯСЫ ТУРАЛЫ

Темурилер династиясының ең әйгілі өкілдерінің бірі болған Мырза Ұлықбектің (шын аты Мұхаммед Тарағай) тағдыры бүгінгі күнге дейін адамдарды таң қалдырып келеді. Кесіпкер, мемлекет басшысы, әділетті шах, ғылымда жоғары шыңдарды иеленген адам, ғылыми қабілетті Мырза Ұлықбек сияқты тұлғада орын алуды таң қаларлық жайт.

Мырза Ұлықбек – Әмір Темірдің сүйікті немересі, яғни төртінші ұлы Шахрух Мырзаның перзенті. Ол бабасы Темірдің барлық жорықтарына қатысқан. Ұлы ғалым әрі қолбасшы туралы тарихи мәліметтерді көптеп келтіруге болады.

«Мырза Ұлықбек» трагедиясының мазмұнында мәлім болғандай ұлы ақынымыз Мақсуд Шайхзада аталмыш шығарманы жазуда шексіз ғылыми-тарихи деректерге сүйенгендігі көрініп тұрыпты. Жазушы шығармада Ұлықбек жасаған дәуірді, ол әкімшілік еткен сарайдағы ортаны көз алдымыздағыдан етіп жеке дара суреттеген. Мырза Ұлықбектің өмірінде көптеген оқиғалар болып өткен. Ол жоғары дәрежелі әмірші, ұлы ғалым ретінде көптеген нәрселерді басынан өткізген. Бұларды бес перделі тарихи трагедияға сыйғызуға болмайтындығын білген М. Шайхзада бұл шығармаға негізінен екі бағыттағы оқиғаларды, яғни сарайдағы келіспеушіліктері мен ұлы ғалым жүргізген ғылыми зерттеулерді ғана енгізген.

Драматург Мырза Ұлықбекті бір жағынан қатал, бүкіл Корасанды өз қарамағында сақтап қалу үшін кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға дайын әмірші ретінде, екінші жағынан алғанда ғылымның жанкүйері ретінде әлем

жаңалықтарын ашқан ғалым. Ғылым өкілін жанынан артық көретін, бірақ сарайдағы азғындық, пасық жұмыстар алдында соқыр бір адам ретінде суреттейді. Окушы, әмірші Ұлықбектің зұлым мен зомбылығын емес, ғалым мен данышпан, ағартушы Ұлықбекке күйінеді, оған сүйіспеншілігі артады. Ұлықбектің тарих алдындағы билеушілік қызметімен бірге, оның ғылым, руханият пен мәдениетті дамыту жолындағы еңбегі ерен. Осы мағынада Ұлықбектің ғылым мен мәдениеттің дамуы жолындағы қызметтері, оның зорлық-зомбылық қызметінен үстем екендігі окушыда күмән тудырмайды. Мақсуд Шайхзада Ұлықбек тұлғасындағы осы ерекшеліктерді терең білуі нәтижесінде окушының назарын көбірек оның ағартушылық қызметіне қаратады.

Драмада Ұлықбектің тұлғасы көбірек шығармадағы басқа образдар арқылы ашылған. Мәселен, Али Құсшы, Саккоки, Шайхул ислам Бұрханиддин, Шың, Үнді, Мысыр, Орыс елшілерімен болған әнгімеде ғылымның демеушісі, ұлы ғалым, ағартушылық белсенділігі сияқты ерекшеліктерінен көрінсе, Абдуллатиф Мырза, оның қызметкері Аббас, Қазы Міскін сияқты тұлғалар, опасыздыққа, рақымсыздыққа карсы құресте адам бейнесі арқылы суреттеледі.

Мырза Ұлықбек әмірші, үлкен талант иесі болумен қатар, ең әуелі адамгершілік қадір-қасиеттен жүрдай болмаған. Өз перзентіне мейірбан әке болумен қатар салтанаттағы ғылыми жұмыстарымен айналысып қалады, дүшпандары өз ұлын қарсы қойып, әуелісі тақтан, соң әміріне қиянат жасалып жатқанынан хабарсыз болды. Нәтижеде туған перзенті Абдуллатиф атасына қарсы бүлік шығарады да оның бүйрекшімен Ұлықбек өлтіріледі.

Ұлықбектің шынайы адамгершілік тұлғасы оның тақтан құлау сахнасында бейнеленген. Ол дүшпан әскерлерімен құресте аянышты халге түскеннен кейін, өз жанын құтқару үшін емес, керісінше мемлекет тыныштығын ойлап Абдуллатиф адамдарының алдына төмендегі шарттарға көнсө ғана тақтан бас тартуын жариялады. Ол алдымен мемлекетте бүліншіліктің дереу тоқтатылуын, көрші мемлекеттерге жаугершілік жасап темурилер әuletіне қарғыс

пен лағынет келтірмеуді, өз қарамағындағы арабтардан кек алмауды, медресе мен обсерваторияға зиян жеткізбеуді, кітапхана мен кітаптарды сақтауға серт беруін талап етеді. Жазушының суреттеуінде тарихи шындық пен оның көркем қорытындысы өте сенімді шыққан. Ұлықбек тұсында Әмір Темір негізін қалаған өте күшті мемлекет ыдырап кетті. Темурилер ұрпағы қалдырған өсietтер іс жүзіне аспады. Тәжге, таққа таласулар нәтижесінде мемлекет күйзеліске ұшырады.

Трагедия Мырза Ұлықбектің өлімімен аяқталады. Шығарманы оқып отырған окушы ұлы ғалымның бастаған жұмыстарының жалғасуына сенеді. Абдуллатиф сияқты әкесін өлтірген бүлікшілер өмірі қысқа екендігіне иман келтіреді.

Драматургтың сахна туындысын жазу барысындағы шеберлігінің Ұлықбек жасаған дәуірдегі адамдардың бейнесі, жанды және тартымды шыққан. Осы тұрғыдан алғанда «Мырза Ұлықбек» драмасы Отанымыз тарихында ең қасіретті дәуірді хикая етуші туынды ретінде оқып-үйренсек те Отанға деген сүйіспеншілігіміз артады. Бұл шығарманың негізінде «Ұлықбек жүлдзызы» атты кинофильмнің (режиссері Латиф Файзиев), әсіресе шетел экрандарында қайта-қайта қойылып жатқандығы пікіріміздің айғағы.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. «Мырза Ұлықбек» драмасындағы оқигалар қайсы тарихи дәуірді суреттейді?
2. Мырза Ұлықбек тұлғасының ұлы әuletке тиістілігін қысқаша айтып бер.
3. «Мырза Ұлықбек» драмасында Мырза Ұлықбектің ағартушылық қызметін айтып беріндер?
4. Драмадағы тарихи тұлғалар мен ойдан туган бейнелерді ажыратындар.
5. Мырза Ұлықбек неге тақтан бас тартады?
6. Мырза Ұлықбек тұлғасы, оның қайсы әuletке тиісті екендігі туралы қысқаша айтып беріндер.

ТІЛЕГІМ МЕНІЦ

Үміт пен арман болмаса,
Ол да бір қара таспен тең.
Көкіректе үміт, арман солмаса,
Тірлігім алға басты де.
Көктегі таң жұлдызы,
Тұрады ол жол сілтеп.
Ылғида өңім, түсімде,
Арманым жүрсін тек сөнбей.
Арманым менің айтады:
Сенші сәулем сезіме.
Осынау нәрлі жалғанда;
От жанып тұрсын көзінде.
 Тағы бір менің тілегім;
Қиялды ойдан арылып.
Ойға толған жүрегім,
Көкті ылғи шарласын.
Үмітте арман болмаса,
Ол да шіркін таспен тең.
Көкіректе үміт-арман солмаса,
Тірлігім алға басты де.
О, жұлдыз-арман жайнаған,
Сыйынды сыйла арнаған.
Сен жайнап, жадырасаң –
Бойға қуат,
жүрегіме нәр беріп,
Тұзағына байланғам.

Аударған Қ. Сейданов



МИРТЕМІР (1910–1978)



Міртемір 1910 жылы Түркістан қаласына жақын Иқан ауылында дүниеге келген. Әкесі диқан, шаруашылықпен шұғылданған адам екен. Міртемір алғаш аулындағы Асфандияр есімді ноғай молданың қолында, 1921–1923 жылдарда Ташкенттегі «Аманат» атты мектепте, 1925–1929 жылдарда Өзбек ұл бала-лар училищесінде оқиды. 1929 жылдан Самарқанттағы педагогика академиясына оқуға түсіп, Юлдаш Ахунбаевтың жеке хатшысы болып істеген.

Шығармалары: «Су қызы», «Балық ауы», «Торғай», «Бұлт», «Ана тілім», «Мен сені», «Сені, балалығым, мен көрдім...», «Абай ата», «Жастық шақ» т.б. өлеңдері мен поэмалары жарық көрген.

«Поэзияның баба диқаны» атанған ақын, 1978 жылы 24 қаңтарда 68 жасында дүниеден өткен.

СЕНІ, БАЛАЛЫҒЫМ, МЕН КӨРДІМ...

Құстар шыр-шыр, топ-топ ұшар,
Көкке көтерілер ұлken жол шаңы.
Бақта жүргенімде жадыма түсер,
Балалық күндерім – өмірімнің таңы.

Әр жапырақ, әр нуда нәрес бұтак,
Көктем аясына разы, армансыз.
Гүлдер шоқысынан топтанады бақ,
Жап-жасыл, сап-сары шешекпен әлсіз.

Көктем бейне балалықтай кіршіксіз,
Табиғат жасайды сондай асыл шақ.
Тағынған маржандары көк жеміс,
Суларын жұтар дүние сусындал.

Көбелектер ұшар гүлзар болып.
Атлас қанаттар көзге елестер,
Гүлдер сабағына жабысар қонып,
Қаптай соғып өтер топ-топ көк кептер.

Ұшар ұялардан шырқасып жыр,
Әдемі, шырайлы балапандар,
Ұшып-қонып, ойнақ салар, жұтып нұр
Жас қарлығаш – сәби жандар.

...Демек балалығым кетпедің жырақ,
Мен сені гүлдердің бағында көрдім.
Әрқиылды суреттерге қарасаң бір-ақ,
Мен аса көп күндер атқарып жүрдім.

Дос көрген соң күннің шұғыласын,
Көктем сүмбілері, сүмбіл жапырағы.
Елестейді көзіме балалықта өткен жасым
Күн сәулесінде туған таңдағы.

Ана мейірімділігінен құлсе ғана,
Бала жүзінде шаттық болады пайда.
Сені, балалығым мен көрдім мана,
Көктем дидарында раушан-жайда.

Құстар әндерімен келді әуезің.
Бұл әнің қадірлі жақын сезімге,
Солардың күйіндей өткір сазың
Апарды мені балалық кезіме.

Ерте таң салқыны, күн құлкісі,
Шапак сәулесі, бұлақ дидары,
Аналардың мейірі, ата пейілі –
Тіршілік тәттілігі «Өмір жаны».

Өзеннің аясында көрдім мен сені,
Көкте жаңа айдың жүзінде көрдім.
Таулардың тасында көрдім мен сені,
Сені сәбидің көзінде көрдім.

...Демек, балалығым кетпепті жырақ,
Бейнесі шапақтай-гүлдер реңінде
Әрқилы суреттерде көрінер, бірақ
Мән береді әрбір өмір таңында.

Аталық мейірімі тұсken нұрымен,
Жастық шақ кезімнен маған,
Еңбекке баулыған, тірлікке үйреткен,
Міндектермін, республикам, саған.

Шаттыққа үйреткен балалық шағым,
Көзім шарасында қалар өмірі.
Шашыма ақ түсті, ұлым шырағым,
Сен болшы жастығым, көзімнің нұры.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ақын балалық шағын табиғатпен қалай үйлестірген?
2. Ақын өлеңінде атамекені жайлы қандай ой толғайды?
3. Өлеңді мәнерлеп оқындар.
4. Өлеңнің құрылышына, ой екпініне, ішкі әуезділігіне мән беріндер.

АБАЙ АТА

Алатаудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.
Халқының ол зердесіне жағып сөнбес шырақты,
Елдің даңқын жырға бөлеп ойлы отырған сияқты.

Замандардан зарлап өмір, қаншалықты көрді азап,
Туған елдің күш-қуатын бірден ашты бұл қазақ.
Сол халықтың даналығы бойында еді Абайдың,
Ескерткіші алдында оның бас имесін қалай кім.

Алдында оның – айдай әлем, ойға кеткен бір түпсіз,
Көсемдей ол құдіретті, азапкердей үн-түнсіз.
Қарайды ол жасыл баққа... Оралады ән оған,
Жел ызыңы, құстын үні сыр шертеді жаңадан.

Жұпар иіс сезесіз бе? – Жайлау қазір жап-жасыл,
Ат дүбірін естисіз бе? – Жылқы жонда салды асыр.
Алатрудың шыңдарына жайылып ақ құшағы,
Көлеңкесі көлге түсіп, самолёттер ұшады.

Жердің жүзін, күннің көзін алып жатыр егісі,
Бір жағында тасқындайды қазба байлық, кен ісі.
Барлық жерге, гүл өмірге нұрын төккен арай күн,
Орындалып жатыр бүгін ақ арманы Абайдың.

Барған сайын терең бойлап табиғаттың сырына,
Бүгін, міне, шықты қазақ өнер, білім шыңына.
Жеті қабат көк жүзінде гарышқа да бойлады,
Жұлдыздарға бірге жетпек ақын Абай ойлары.

Жазда барсан, қыста барсан, – Абай отыр бір қалып,
Кептер болып иығына қонақтайды жыр барып.
Абай ата маңғаз отыр, төбесінде – көк аспан,
Тұнде жұлдыз жыптырласып көруге оны таласқан.

Алатрудың мәрмәр тасын тұғыр етіп қырандай,
Алматының көшесінен отыр көзін бір алмай.
Халқының ол зердесіне жағып сөнбес шырақты,
Жаңа күнді жырға бөлеп ойлы отырған сияқты.

Аударған: Абай Ділданов

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ақын өлеңінде Абай арқылы казақ халқының бүгінгі келбетін қалай суреттеген?
2. Өлеңде Абай бейнесін қалай аңғаруға болады?
3. Өлеңнің мағынасын түсініп, мәнерлеп оқындар.
4. Абай туралы мәлімет жинаңдар.



САИД АХМАД (1920–2008)



Өзбек әдебиетінің көрнекті жа-
зушыларының бірі Сайд Ахмад (төлөк
аты жөні Саидахмад Хусанхужаев)
1920 жылы Ташкент қаласына қаасты
Самарқант дарбазада туған. Ол орта
мектепті үздік бағамен аяқтап, алды-
мен Ташкент суретшілік білім ордасын,
1943 жылы Ташкент педагогика инсти-
тутын бітірген. Жастайынан әдебиетке
қызығушылығы мол жазушы әдебиет

сабактарына тиісті болған үйірмелерге белсене қатысады.
Ол алғаш «Муштум» журналында жұмыс істейді. Журнал
жазушы үшін шығармашылық мектеп болды. Одан ары қарай
да көптеген журнал, газеттерде қызмет етуінің нәтижесінде
елге танылды.

Сайд Ахмад шебер жазушы. Алғашқы туындысы 1940
жылы «Тарту» атты әңгімелер жинағы баспадан шықты.
Осыдан соң жазушының «Ер жүрек» «Ферғана әңгімелері»,
«Шөл бүркіті» «Махаббат» сияқты 50-ге жуық үлкен-
кішілі кітаптары жеке басылды. Шығармаларының барлығы
оқырманда қызығушылық әсер қалдырды. Себебі, жазушы
өзбек халқының шынайы психологиялық болмысын шынайы
суреттеді.

Сайд Ахмад – сатирик ақын. Бұл ерекшелік оның барлық
шығармаларында кездеседі. Жазушының 1976 жылы ба-
спадан шыққан «Келіндер қозғалысы» комедиясы бүкіл
әлемді тәнті етті. Шығарма өзінің қарапайым тілі, юморлық
кулкіге байлығымен ұлттық тәрбиелік рухының нәтижесінде

көптеген мемлекеттердің, көрермендерінің көңілінен шықты. Жазушының көркем фильмдерге жазған сценарийлерінің өзі үлт мақтанышына айналып отыр.

Тәуелсіздік жылдарында жазушы өнімді еңбек етті. Көптеген публицистикалық шығармалармен құлкі және лирикалық әңгімелер, естеліктер жазды. Жазушының «Бір сүюдің бағасы» сияқты сатиравы құниақтары, «Жоғалтқандарым мен тапқандарым», «Қара көз ғашық», «Кірпіктегі таң» атты үш томдық кітабы «Таңдамалы шығармалары» жарық көрді.

Оның прозалық шығармалары да оқырманға таныс. Оның 1988 жылы жазылған «Тыныштық» романы Кеңестік империя дәуірдегі тыныштық кезеңді суреттейді. Ал, «Көкжиек» романы әдебиетіміздің мақтанышына айналған үш томдық шығарма болып табылады. Романда Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі, соғыс жылдары, соғыстан кейінгі жылдардағы халықтың тұрмысы тартымды суреттеген. Романның бірінші кітабы «Қырық бес күн», екіншісі «Арман күндерінде», соңғысы «Көкжиек босағасында» деп аталады. Шығармада сол жылдары халықтың басына түскен ауыр күндер, қыншылықтарды қөрген тауқыметтері, оларды сабырлықпен жөніп өткен адамдар тағдырын жазушы қыл қаламынан аса шеберлікпен суреттеп берген.

Сайд Ахмадтың өз өмірі қиыншылықта өтті. Ол 1947 жылы «Халық жауы» деген жаламен қамауға алғынып, соның зардабын көрді. 1953 жылдан соң ғана акталды. Бірақ бұл азаптар жазушымыздың рухын сындыра алмады.

Жазушының өнімді және мазмұнды шығармалары мемлекетіміз тарапынан жоғары бағаланды. Ол «Өзбекстан халық жазушысы», Мемлекеттік сыйлықтың иегері және «Ұлы қызыметтері үшін», «Достық» ордендерімен марапатталған. Сонымен қатар, көп жылдық еселі еңбегін жоғары бағалап «Өзбекстан қаһарманы» атағы берілді. Жазушы 2008 жылы дүниеден озды.

«КӨКЖИЕК» РОМАНЫ ЖАЙЫНДА

Бұл романда өзбек халқының өте мазмұнды өткізген өмір тынысының қысқа бір дәуір кезеңі шынайы берілген. Себебі халқымыздың ұрыс жылдары алдындағы, II дүниежүзілік соғыс жылдары, сонымен соғыстан кейінгі ауыртпалық жылдарындағы қыншылықтарға қарамай көрсетілген ерліктерін суреттеген. Ұзындығы 270 км болған үлкен Фергана каналының қолмен қырық бес күнде қазып аяқталуы, ақылға сыймайтын дәрежедегі ерліктің нәтижесінде дүниежүзілік рекордты артта қалдырған еді. Тарихи мәліметтерге қарағанда канал қазуға 160 мың адам қатынасқан. Канал трассасында 17,8 миллион метр куб топырақ механизмдер көмегімен қазылған. Соғыс жылдарында халқымыздың фронт, фронт артындағы ауыр еңбектері, соғыстан кейінгі жылдардағы атқарған ауыр зардаптары ерлікпен теңелетін.

Бұл қыруар жұмыстардың артында қолы қабарған адамдар, олардың күрделі тағдыры мен арман-ұміттері бар еді. Сайд Ахмад дәл осы жанкуйер адамдардың өмірін шығармасына арқау еткен. Нәтижеде бір емес үш мазмұнды тұрғыдан бай шығарма жазған. Оларды топтап «Көкжиек» деп атаған. Романның бірінші кітабы «Қырық бес күн» екіншісі «Арман күндерінде», үшіншісі «Көкжиек босағасында» деп атаған. «Қашқын» деп аталатын бөлімі өте күрделі, оны оқып, сезіну қын. Соғыс батыры Икрамжан Оспанов фронттан бір аяғынан айырылып келеді. Артынан оған беріліп ұлғірмеген орден де тапсырылады. Мұнан шабыттанған Икрамжан, жұбайы Жәннат екеуі барлығымен бірдей еңбек етеді. Бірақ олардың өмірінде оқыс оқиға болады. Жалғыз ұлы Тұрсынбай соғысқа бара жатып қашады. Олардың жүзін жерге қаратады. Ең жаманы олардың жұмыс орнына жақын тоғай ішіне жасырынады. Баласының жасырынғанын тек анасы Жәннат ғана біледі. Анасы екі от арасында қалады. Бір жағынан ұлының Отан алдындағы опасыздығына күйзеліп, екінші жағынан жалғыз ұлына жаны ашиды. Қашқын ұлын бағу, оны адамдар көзінен жасырумен

әуре болған ана ауруға шалдығып, дүниеден көз жұмады. Икрамжан ұлының қылмысына шыдай алмайды. Сонда да Тұрсынбаймен кездеседі. Өке мен бала арасында қақтығыс болады. Икрамжан ұлын ел-жүрт алдында айыбын тән алып, кешірім сұрауын талап етеді де, ұлының көңіліне адамгершілік сезімін ұялатпақшы болады. Бірақ опасыз ұлы Тұрсынбай бұған көнбейді. Нәтижеде әкесінің қолынан қашып кетеді. Қашқын ұлы Тұрсынбай әке дидарынан, ана мейірінен, туыс-бауырлар арасынан жырақта, сағыр болып дауыс жететін жерде құғыншылықта жүріп әлемнен өтеді.

Шығармада Тұрсынбай қылмысы қараланады. Ұлының мұндай болуына ата-ананың да айыбы бар сияқты. Олар жалғыз ұлын бетіне қарамай өсірді. Бүгін олардың басын ел алдында жерге қаратты. Бұлардың бәріне бүгінгі күнде соғыс айыпты, барлық лағынеттер соғысқа айтылды. Соғыс ата-аналарды перзенттерінен айырып келген мемлекетті ойрандады. Барлық бақытсыздықтардың себепшісі де – қарғыс атқан соғыс.

Романда сөз тек Тұрсынбай жайлы айтылғанмен, бірақ ол жалғыз бейне емес. Мұны романды толық оқығанда көз жеткізуге болады. Жазушы «Көкжиек» романында халқымыздың соғыс артында жүргізілген ауыр еңбек пен қиын тұрмысын Икрамжан, Жәннат, Төлепбай, Низамжан, Асрора, Ділдар, Зебі, Ағзамжан сияқты кейіпкерлер тағдыры арқылы суреттеген.

Аса көрнекті жазушы Абдулла Қахар шығарманы жоғары бағалайды: «Бұл кітапты оқырман бастан-аяқ оқып, еш нәрсеге алаңдамай оқып шығады. Шығармада әрбір кейіпкердің қайғысы мен қуанышы, қылмысы мен жан айқайы аузынан шығатын әрбір сөзі шындық».

Шындығында да бұл шығарма «адамға қуат беретін үміт, оның басын «тастан» жарататын сенім жапырақтай құлпырып тұрған өмір суреті». Бұл роман үшін мұнан артық баға болмаса керек.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Саид Ахмад өмірі мен шығармашылығы жайында не білесіндер?
2. Саид Ахмад ненің шебері?
3. Жазушы сценарийісінде жазылған қандай көркем фильмдерді білесіндер?
4. Жазушының жинақтарын атап шығындар?
5. «Көкжиеқ» романы неше кітаптан тұрады?
6. Бірінші кітабы «45 күн» деп аталады, ол не жайында деп ойлайсындар?
7. Тұрсынбайдың ерке болып өсуіне кім айыпты деп ойлайсындар?
8. Ата-ана баласына жамандық тілей ме? Шығарма арқылы түсіндіріндер?
9. Бұл романға А.Қахар қандай баға берді?
10. Романды оқып, түсініктерінді жазындар.



АСҚАД МҰХТАР (1920–1996)

XX ғасыр өзбек әдебиеті поэзиясының, қара сөзі мен аудармашылық және драматургиясының дамуында Асқад Мұхтардың жеке қызметтері бар. Әлем әдебиетінің ең дара үлгілерін жете үйренген, көркем шығармашылыққа өте шынайы түрі ретінде қараған бұл жазушы өзінен бай және ғибратты мұрақалдырыды.

Асқад Мұхтар 1920 жылдың 23 желтоқсанында Ферғана қаласында теміржолшы жанұясында дүниеге келді. Жанұядағы екінші перзент болған Асқад енді 11 жасқа толғанда әкесі қайтыс болады. Он екі жетім баланы бағып үлкейту оңай шаруа емес еді. Асқаджан балағат жасына жеткенге дейін балалар үйінде тәрбиеленеді, оқиды. 1936 жылы ол Ташкентке келіп журналистер даярлайтын курстарға кіреді, газет баспаларында жұмыс істейді.



Кейінгі тағдыры көркем және публицистикалық шығармашылықпен байланысты екенін сезінген Асқад Мұхтар 1938 жылды Самарқанттағы оқу орнына оқуға түседі. Соғыс жылдары бұл оқу орны Орта Азия оқу орнына қосылуына байланысты көпшілік қатары Асқад Мұхтар да Ташкентте оқуды жалғастырады.

Университетті сәтті аяқтағаннан кейін оны Әндіжанға жұмысқа жібереді. Бұл жердегі педагогика институтында үш жыл бойы өзбек әдебиеті кафедрасы менгерушісі лауазымында қызмет етеді.

1945 жылды Асқад Мұхтардың тағдыры тағы да Ташкентпен жалғасады. Ол өз дәүірінің көзге түскен баспаларында

бөлім бастығы, жауапты хатшы міндеттерін атқарады. Бұл жылдары оның көркем және публицистикалық мәтінмен істеге қабілеті шындалады.

1960-1965 жылдар аралығында Асқад Мұхтар республиканың ең ірі әдеби баспасы – «Шарқ жүлдізы» журналына бас редактор болады. Оның «Гүлстан» журналына, «Өзбекстан әдебиеті және өнері» апталық газетіне бас редакторлық еткен жылдарын әріптестері жылы лебізben еске алады.

Асқад Мұхтар көркем шығармашылыққа жастайынан қызықты. Оның «Тілек», «Таң еді», «Дәмді сәттер» сияқты алғашқы поэзиялық шығармаларында (1935-1938) әдебиеттен өте көп нәрсөні күтуші, оған бүкіл өмірін арнауға даяр жазушылық кейпі бейнеленеді.

Екінші дүние жүзі соғысы жылдары Асқад Мұхтар поэзиясының негізгі тақырыбы, өз-өзінен соғыспен байланысады. Жас ақынның күшті пафосқа жазылған «Женіс сенімі», «Жауынгердің мереке кеші», «Тұысқандар қайтты», «Сағыныш» секілді ондаған өлеңдері соғыс кезеңі өзбек поэзиясының үлгілері болып қалды.

Оның «Полат құюшы» (1947), «Қалада старым» (1949), «Рахмет, мейірбандарым» (1954), «99 миниатюра» (1962), «Шын жүректен» (1956), «Керуен қоңырауы» (1964), «Өлеңдер» (1966), «Құн бесігі» (1971), «Сізге айттар сөзім» (1978) сияқты өлең жинақтарынан ақынның шығармашылық балағатқа жетілу процесін тануға болады.

Әсіреле, оның «99 миниатюра», «Керуен қоңырауы» жинақтарынан орын алған лирикалық шығармалары өз кезінің әдебиетінде сезілерлі дәрежеде көтерілуіне себепші болған еді.

Откен ғасырдың 50-жылдарынан бастап, Асқад Мұхтар өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін прозалық жанрларда да сынап көруге кірісті. Алғашқы шағын хикаялардан соң бірін-кетін жазушының «Дариялар тұтасқан жерде» (1950), «Қарақалпақ қиссасы» (1958), «Бұқараның жын көшелері» (1980), «Борандардан бордай сезімі», «Жар жағасындағы нажағай» (1982), «Күміс талшық» (1987)

сияқты қиссалары, «Әпке-сіңілдер» (1954–1955), «Тұылу» (1960–1963), «Дәуір менің тағдырымда» (1964), «Шынар» (1968–1973), «Аму» (1984) атты ірі романдары жазылып баспадан шықты. Бұл шығармалардың әрбіреуі оқырмандар тарапынан үлкен қызығушылықпен қарсы алынды, шынайы әдеби пікірталастар туындауды себепші болды.

Бұдан тыс, Асқад Мұхтардың балаларға арналған «Шын жүректен» (1956) атты өлең жолды, «Өмірге үндеу» (1956), «Дүние балалары» (1962) атты хикаялар жинақтары да баспадан шықты.

Орыс әдеби тілін өте жақсы меңгерген және сезінген Асқад Мұхтар аудармашылық саласында да ғибратты жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, ол ұлы драматург Софокльдің «Эдип шах» шығармасын шеберлікпен өзбек тіліне аударған еді. Бұған қосымша Асқад Мұхтардың Пушкин, Лермонтов, Тагор, Маяковский, Блок, Горький, Шевченко сияқты класиктерден аудармалары қазақ оқырманына тамаша сый болып табылады.

Әйгілі жазушы ұзаққа созылған дерптен кейін 1996 жылдың 17 сәуірінде Ташкент қаласында қайтыс болды.

«ШЫНАР» РОМАНЫ

Асқад Мұхтар романдарының ішінде әсіресе, «Шынар» туындысы авторға үлкен мәртебе келтірген. Бұл туынды басқа өзбек романдарынан бірнеше тұрғыдан ажыралып тұрады.

Алдымен романның композициялық құрылымы – туынды оқиғаларының өзара орналасуы басқа туындылардан ерекшеленеді. Онда идея бір-бірімен байланыспайтын бірнеше оқиғалар, хикаялар, қиссалар аралас тәртіpte келе береді. Оларда сурттелген оқиғалар заман, уақыт тұрғысынан ізшіл жүйеге мойсұнбайды. Мәселен, роман жазылған дәуір (өткен ғасырдың 60 жылдары) оқиғалары хикая етіп беріліп бірден ғасырдың басында болған қайғылы оқиғалардың бейнесіне орын беріледі.

Айту қажет, бұл «оғаштық» тек қана сырттай жеңіл-желлі қарағанда ғана осындай. Негізінде, романға жұмылдырылған

барша үлкен-кіші адамилық тағдырлар туындының ортасында тұратын образ – 93 жасты Очил бабаның тағдырына таянады.

Романның басында бүкіл елге тарап кеткен алыс-жақын туыстарынан хабар алуға аттанған Очил бабаға қосылып автор (демек, окушы да) алыс сапарға шығады. Міне, бұл өте қызық және ғибратты сапар негізінде баба маңдайындағы әжімдер сияқты бір-біріне ұласып кеткен тағдырлар туралы кейде тәтті, кейде ашы хикаяларға серіктес боласың.

Бұл тағдырлар бір-бірімен Очил баба арқылы байланысып, жалғыз шежірені – көне Шынарды жүзеге асырады.

Бұл романнан орын алған хикая мен қиссалар, көп туындыларда болған сияқты әлбетте жақсылықтың жамандық үстінен жеңіске жетуімен аяқталады. Туындыда ондаған адамдар тағдыры бар, аяусыз және аянышты өмірдің бораны оларды шөлдегідей бір үйім сабан сияқты әлекке салады.

Жазушы бас кейіпкер тағдырына араласу, оларды «тура жолға салып жіберуден» өзін тыяды. Артықша толқындану, эмоционалдық Аскад Мұхтардың әдісіне мүлдем жатекендігі (Шынар) романында дара өзін көрсеткен еді. Бұл тұрғыдан жазушы жастайынан оқып-ұйренгені орыс және батыс әдебиеті бағыттарын ұлттық әдебиетіміз майданында да нақты қолдаудан қорықпағанына күә боламыз. Қазіргі кезде өзбек әдебиеттануында көп тілге алынып жатқан «аяусыз реализм» көріністерін Аскад Мұхтар өткен ғасырдың 60 жылдарында өзбек романшылығына алып кіргені де оның шығармашылық бастамашылдығынан (новаторлығынан) дөрек береді.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Аскад Мұхтардың өмірі мен шығармашылығы туралы айтып беріңдер.
2. Аскад Мұхтардың қандай өлеңдерін білесіңдер?
3. Аскад Мұхтардың қандай прозалық шығармаларын білесіңдер?
4. Жазушының «Шынар» романынан басқа бірер прозалық туындысын оқығансыңдар ба?
5. «Шынар» романындағы Акбарәлі образы сендерде қандай көзқарас қалдырды?
6. Роман бойынша шағын хикая жазындар.



МҰХАММЕД ЮСУФ (1954–2001)

Өзбек әдебиеті сондай қызғалдақты өңір, оның қойнауында гүл көп, ғұлшанағы көп. Бұл бостанда бір-біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын ақындар әuletі қайта-қайта бой көтере береді.

Міне, сондай қайталанбас ақындардың бірі – Өзбекстан халық ақыны, халқымыздың бұлбұл тілді ақыны Мұхаммед Юсуф.

Ақын 1954 жыл 26 сәуірде Әндіжан облысының Мархамат ауданына қарасты, Қауыншы ауылында қарапайым енбекші адамдар жанұясында дүниеге келді. Осы ауылда ақынның пәк балалығы, қызығы мол өспірім жасы өтті.

Орта мектеп білімін алған соң ақын Ташкент қаласындағы Орыс тілі және әдебиеті институтына оқуға түседі де, оны 1978 жылы бітіріп шығады. Ақынның ең алғашқы өлеңдерінен үлгілер 1976 жылы «Өзбекстан мәдениеті» қазіргі (Өзбекстан әдебиеті және өнері) апталығында жарияланады.

Бұл кезеңде өзбек поэзиясы өзінің шарықтау шегіне жеткен. Шавкат Рахман, Усман Әзім, Хуршид Дәурен сияқты көптеген майталмандар арасында өзіне тән шығармашылық сайыстары деңгейіне жеткен еді. Бұл шығармашылық ортасына өктем кіріп бару, өзіне берілген орынды иемдену оңай емес еді. Бұл жұмыстың тізгінін қолына ала білген, әдеби қоғам назарын өзіне аудара алған ақындардың бірі Мұхаммед Юсуф болды. Жас ақын 1978–1980 жылдарда республика «Кітапқұмарлар» қоғамында, 1980–1986 жылдар арасында «Кешкі Ташкент» газетінде, 1986–1992 жылдар



Ғафур Ғұлам атындағы «Әдебиет және өнер» баспасында қызмет атқарады. Осы жерде ақын шығармашылығының өткірлігі, қуаттылығы аңғарыла бастайды. Оның үстіне ол жерде аға ұстаз ақындардың бірі Еркін Вахидов басшылық ететін. Ол ақынның шабыттануына түрткі болады.

Мұхаммед Юсуф 1992–1995 жылдарда «Өзбекстан даусы газетінде», «Өзбекстан Ұлттық ақпарат агенттігінде» қызмет етті. 1997 жылдан бастап ақын Өзбекстан Жазушылар Одағы төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Сондай-ақ, оның өлеңдері жиі-жиі газет бетінде жарияланып тұрса да алғашқы өлеңдер жинағы кештеу – 1985 жылы жарияланды. Осыдан соң ақынның «Бұлбұлға бір сөзім бар» (1987), «Кешірім» (1988), «Ұйқыдағы қызы» (1989), «Қалима әжемнің әлдилері» (1989), «Ғашық кемесі» (1990), «Көңілімде бір жар» (1990), «Өтірікші жар», «Ерке киік» (1992), «Аспаным алып кетемін» сияқты жинақтары оқырмандар қолына жетті. Ол көлемді поэтикалық жанрларда қалам тербетіп, «Аспанның соңы», «Қара күн» атты дастандар жазды.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгені ақын шығармаларында жана көкжиекті ашты. Оның ұлт пен егемендікке байланысты жазылған өлеңдері өзінің қарапайымдылығы, табиғильтік, сұлуулығы, әдеби маңыздылығымен миллиондар жүргегіне жол салды. Ақынның «Отаным», «Халық бол елім», «Дүние» «Тілек», «Өзбекнама» сияқты өлеңдері оқырманды қалай жырламақ керек екенін білдіретін шығармалар болып қалды.

Тәуелсіздік жылдары жазылған мол өлеңдері үшін, ерен енбегін бағалап ақынға 1998 жылы «Өзбекстан халық ақыны» атағы берілді.

Мұхаммед Юсуф шығармашылығы кейінгі кезең ән өнерінің дамуына да өз ықпалын тигізді. Ұлттық өнердің ең ірі майталмандарынан бастап жас әуескөй әншілері де ақын өлеңдерін әнге қосады.

Өкініштісі, ақын өмірі өте қысқа болды. Ол 2001 жылы 31 шілдеде Қарақалпақстаниң Елу дала ауданында ұйымдастырылған шығармашылық сапарында жүздеген көрермендердің алдында өлең оқып тұрғанда жүрек ұстамасынан

дүниеден көз жұмады. Дәл Бабырдай, Шавкат Рахман сияқты Мұхаммед Юсуф те бар-жоғы 47 жас ғұмыр кешті.

Бірақ қысқа өмір ақының туылуы мен кәмелетке жетуіне, өзін аялап ардақтаған елі мен халқына шын көңілден еңбек етіп, артына өшпес мұра, арқыраған арғымақ жырлар қалдырыды.

ОТАНЫМ

Мен дүниені не қылдым,
Өзің жарық жаһаным,
Өзің қаған
Өзің сұлтан
Сен тақты Сүлейменім.
Жалғызым бір өзіңсің дейін
бей?
Табылған сарайым дейін бей?
Өзің менің ұлылардан

Ұлығымсың Отаным...
Сен шақтары аспандарға
Тиіп тұрған шынарым,
Ата десем, ұлым деп
Бас иіп тұрған шынарым
Кеудемдегі қуанышым,
Мойнымдағы тұмарым,
Өзің менің ұлылардан
Ұлы болған Отаным!

Осы өлеңге жазылған әнді естімеген жан болмаса кепек. Сазгер ақын өлеңінің мазмұнына сай күй жаратқаны оны алдыннан біліп, поэзияға тың әуен, жаңа жүйе әкелді. Өлеңдегі сөздер күйге өмір сыйлағандай, әнші бүкіл болмысымен орындаиды. Бұл – сөз сиқыры, ақын жетістігі. Оның әрбір сөзі оқырманның жүргегінен орын алады. Отан жайында көптеген ақындарымыз жыр жазады, әнге салады. Бірақ оның өлеңі бәрінен өзгеше, көкейінде мәңгі сакталады. Себебі, ақын жырларында сөздердің мәні терең ырғағы күшейіп, ұйқасы түрленіп, мейірленуі де өзгеше. Ол өлеңінде Отан – анадан алған мейірі дәл қарындасының, аナンЫң мейіріндей ұлы, ол бірде аға болып, бірде ұл болып бұл мейірge жауап бергісі, егер осы жұрт оған «балам» дей отырып ынтық болса, оған кейінгі Ұлықбектерді пана етіп қойғысы келеді. Жырдағы ұлы ғұламалар: Ұлықбек, Науай, Бабыр барлығы бір-бір тарих беттері іспеттес.

Ақын тәуелсіздікті, еркіндікті қолға кіргізген Отаның құттықтай отырып, оған халқы атынан Өзің қаған, Өзің сұлтан, сен тақты Сүлейменім деп мақтаныш етеді.

МЕЙІР ҚАЛАР

Өтер қанша жылдар тозаңы,
Жұлдыздар – көз жасы
заманы

Өтер адам жақсы-жаманы
Мейір қалар, махаббат
қалар.

Анар, сенің жүздерің сұлу.
Құмар, сенің көздерің сұлу

Есте қалмас сөздерің сұлу
Мейір қалар, махаббат
қалар.

Не дейсің, ей ауыр адам
Өсектерің қылды мені қан.
Сен де бір күн өтерсің жан
Мейір қалар, махаббат
қалар!

Адамды адам еткен, оның өміріне адамилық мазмұн қалыптастырған сол сезімдер ең алдымен мейір және махаббат болады. Осы сезімдер арқылы адамдарда өмір сұру жалғасады, мәңгілік жеңіске жетеді. Сондай-ақ ата-ананың перзентке мейірі, ағаның қарындасына жаңы ашуы, достың досына қуаты, жігіттің қызға махаббаты дүниені ұстап тұрған мәңгілік сезімдер. Адамдар қарым-қатынасының арасында осы сезімдер жатыр. Дүниеден не бір салтанаттар, не бір «менің дүнием» деген ерендер өтті десенші! Олар жер жүзіндегі өмірді, мәңгілікті салтанатты сақтап қалды ма? Жоқ!. Өмірді, мәңгілікті адамдар арасындағы, оларға жаратқаннан аманат берілген мейір және махаббат сақтап қалды. Бұл ақын өлеңінде анық суреттелген. Оның өлеңдері осындағы сезімдерге бай. Оқи отырып еріксіз көзіңе жас аласың, өткенді еске аласың, бүгінге шүкіршілік етесін. Міне, ақын өлеңдерінің құдіреттілігі де осында.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Мұхаммед Юсуф өмірі мен шығармашылығын айтып беріңдер.
2. Ақын өлеңдерінің тақырыптары жөнінде айтындар.
3. Тәуелсіздік жылдарындағы поэзиясы жөнінде түсінік беріңдер.
4. Ақын өлеңдері негізінде айтылатын әндерді атаңдар.
5. «Отаным» өлеңіндегі тарихи ғұламаларды атап шығындар. дәптерлеріңе олар жөнінде не білетіндерінді жазыңдар.
6. «Мейір қалар» өлеңіндегі: «Өтер қанша жылдар тозаңы, жұлдыздар – көз жасы заманы» дегенде ақынның айтпақшы ойы не жайында?
7. Өлеңдерді жатқа айтындар.



ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ (1928–2008)

Шыңғыс Айтматов 1928 жылы 12 желтоқсанда қырғыз жеріндегі Талас облысының Шекер ауылында дүниеге келген. Әкесі Төреқұл өте парасатты, пайымды адам болған еken. Төреқұл ел басқару қызметінде болып, 1937–1938 жылдардағы «Халық жауы» деген жазықсыз жаланың құрбаны болады. Анасы Нагима білімді, сауатты кісі болған және мектепте мұғалима болып жұмыс істеген. Жас Шыңғыс орысша, қырғызша мектептерде білім алған. Алғашында Жамбылдағы зооветтехникумда, содан соң Фрунзе (казіргі Бишкек) қаласындағы Ауыл шаруашылық институтын бітіреді. мамандығы бойынша – зоотехник. Шыңғыстың көркем әдебиетке деген қызығушылығы ерте оянды. Бастапқыда аударма жұмыстарын студент кезінде-ақ бастап жібереді. 1952 жылдан бастап Ш.Айтматов өзінің түп нұсқадағы шығармаларын шығарып, баспаға ұсынады.



Шыңғыстың 1956 жылы жазылған «Жәмила» хикаяты бірден жұрт назарын аударып, көп ұзамай орыс тілінде, іле-шала Париже француз тілінде жарық көріп, жас суреткердің есімін әлемге паш етті.

Қазақ, қырғыз – ежелден қандас, бауырлас елдер. Бұрынғы кезде халық ақындары екі ауылда кезек-кезек ән шырқап, ақындар қазақ-қырғыз боп айтысып жүрсе, қазақтың ардақты ұлы Шоқан Үәлиханов – «Манастың» Еуропалық денгейдегі тұнғыш зерттеушісі. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отыр. «Манастың» зерттеушісі Мұхтар Әуезов Шыңғыстың ұстазы болды. Жақсы дәстүр жалғасы деген – осы.

АҚ КЕМЕ

(повестен үзінди)

Ол екі ертегі билетін. Біреуі – өзінен басқа тірі жанға белгісіз, сәби қиялынан туған. Екіншісі – атасы айтып берген. Кейін екеуі де ғайып болды. Айтайын дегенім де сол еді. Ол жылы баланың жетіні толтырып, сегізге аяқ басқан кезі.

Алдымен портфель сатып алынды. Жылтыраған сыйыртпалы бауы, кішкентай құлпы бар кара портфель еді, майдашүйде салатын кішкентай қалтасы және бар. Портфель болғанда қандай! Осы күнгі оқушы балаларды қолынан күнде көріп жүретін кәдімгі портфель бар емес пе, – сол. Бар әңгіме осыдан басталды.

Атасы оны жол-жөнекей соға кеткен автолавқадан сатып алған. Таудағы малышыларға шай-қант, ким-кешек кездемелер апарып жүретін автолавка анда-санда Сантас қойнауындағы орман қорығына да соғатын.

Осы бір қорықшалар отырған қотаннан жыныс шатқал, аңғар сайларды аралап, жоғары қарай жамырай өскен тау орманы да бар. Бұл қотанда небәрі үш-ақ үй тұрады. Автолавка мұндағы орманшыларға тым жиі соқпағанымен, кейде бұрыла кететіні бар.

Үш үйдің ортасындағы жалғыз ер бала автолавканы алдымен көруші еді.

– Келе жатыр, машина магазин келе жатыр, – деп екі салын ұрып, есік-терезелерден айқай салып, сүйінші сұрайтын.

Ыстықкөлдің жағасынан басталатын арба жол көл жиегі бойлай отырып, ойлы-қырлы мاشақаты мол шатқал сайлары қуалай, әрен дегенде бұларға да жететін. Мұндай жолмен жүрудің өзі оңайға түспейді. Қарауыл тауының етегіне келгенде шыңырау түбінен төмен қарай әзер жылжып, орманшылардың ауласына келіп бір-ақ тоқтайды. Қарауыл тауы болса тиіп тұр, жас келісімен бала құдайдың құтты күні осы таудың басына шығып алып, дүрбімен Ыстықкөлге қарайтын. Жол үстінде келе жатқанның барлығы – атты, жаяулысы болсын, машина-тракторы болсын, бәрі де

алақандағыдай айқын көрінеді. «Магазин машина келді! Мен саған кейін соғамын», – деді ол аптығып, «шөгіп жатқан түйеге». Белуарынан жерге сіңіп кеткен мына бір сарғылт тасты ол осылай атайдын. Былайғы құндерін оның жанынан тегін өтпейтін, әрдайым сол «түйенің» өркешінен сипайтын. Атасы, өзі мініп жүрген шолақ мәстегінің жал-құйрығынан «сен осы жерде тұра-тұр, мына шаруаны бітіріп алайын», деп қалай сипаса, бұл да тас түйесін солай мәпелейтін. Мұның ана бір тасқа койған аты да қызық: ортан беліне дейін ағарып келіп, жоғарғы жағы қошқыл қараға айналатын сол тасты ол «ерттеулі ат» дейтін. Кейде үстіне шығып алып, атқа мініп бара жатқандай мәз болатын. Мұның «қасқыр» деп атайдын тасы да бар. Осы бір көк құлан тас жалы тікірейіп, қойға шапқалы тұрған қасқырдан айнымайтын. Бұл оған әрдайым еңбектеп барып, үстіне қарғып мінетін. Ең жақсы көретін мынау жарқабақтың басында енді өзенге қойып кеткелі тұрғандай асылып қалған тасты бұл «танк» деп атайдын. Осы танк қазір өзенге қойып кетсе, өзеннің суы бұрынғыдан да ақ көбік атып, бұрқырай жөнелгелі тұр. Өзінің кинода көріп жүрген танкілері сүйтеді ғой. Ағысты баса көктеп тартқаны қандай ғажап десеңізші... Бала киноны сирек көретін, сондықтан да оның көргенінің барлығы көкірегінде сайрап қала береді. Атасы кейде таудың арғы етегіндегі совхоздағы асыл тұқымды мал фермасына келген киноға аппаратын, сонда осы танкілердің талайын көрген-ді. Мынау өзен жағасындағы суға қойып кеткелі тұрған танк содан кейін пайда болған. Осы маңайда «қайырымды тас», қатыгез тастар да бар. Кейбіреулеріне «ақымақ тас», «айла-кер тас» деп те ат қойған.

Өзімен бірге ойнайтын достары жоқ бала осындағы табиғаттың ортасында өзімен өзі болып жүре беретін. Жаңағана көрінген автолавка осылардың бәрінен қол үзіп, тұра жүгіруге мәжбүр етті. Қанша дегенмен, автолавка саған мынау жатқан тастардан, айнала қоршаған өсімдіктерден өзгеше ғой. Автолавкада керек дүниенің бәрі бар!

Бала үйге жақындағанша қотанның сырт жағынан автолавка да ауылға келіп кірді. Бұл жердегі үйлердің есік

терезесі өзенге қараған. Сол қорадан басталатын жайпауыт алаң өзінің жиегіне барып тоқтайды. Өзеннің арғы беті жарқабақтанып кетеді де, тау беттеген орман ішіне жоғалады екен. Сондықтан қотанға келетін жол үйдің арқалығында. Егер бала жүгіріп келмегенде, автолавканың қораға кіріп тұрғанын да ешкім байқамайтын еді.

Қазір ерек атаулыдан ешкім жоқ, бәрі де таң сәріден шаруаларына кеткен. Әйелдер болса үйдің кәкір-шүкірімен айналысып жатқан. Бала келісіменен:

– Магазин машина келді, магазин машина келді! – деп ашық есіктерден азан-қазан айқай сала жөнелді. Әйелдер абыржып қалды, өздерінің тынын-тебендеп жинаған ақшаларын іздеуге кірісті. Бәрі де үйлерінен бірімен бірі жарыса шықты. Ең ар жағы кемпірге дейін:

– Көрдіңдер ме, айналайын, ең алдымен осы байқайды бәрін, – деп баланы марапаттаған болады.

Мұны естігенде бала осы автолавканы өзі алып келгендей мәз-майрам боп қалады. Қазір бұдан бақытты ешкім жоқ, өйткені қуанышты хабарды әкелген өзі. Міне, осылармен жарыса қақтығысып, автолавканың ашылған есігінің алдына бұл да жетті. Лавкадағы мұлікті көрісімен-ак әйелдердің баланың бар жоғымен ісі болған жоқ. Мұны қайтсін олар. Лавкадағы мұліктерді көргенде естері шықты. Небәрі үш-ақ әйел, әжесі, Бекей апай. Бекей апай болса – осы баланың туған шешесінің сіңлісі, осы қотандағы орман қорықшыларының бастығы Оразқұлдың әйелі. Үшіншісі – орман жұмысшысы, қолына емшектегі қызын көтере шыққан – Сейдахметтің келіншегі Гүлжамал. Не бәрі үш әйел болғанмен, бір қора адамдай ауланы бастарына көтерді. Лавканың мұліктерін аударыстыра-төңкерістіре, бірінен соң бірін жұлқылап әбден берекесін алып бара жатқан соң дүкенші «шуылдамандар енді, былай бір тәртіп сақтасандар еді», – деуге мәжбүр болды.

Момын шалды осы маңайдағы салауатты жүрттың барлығы Елпек Момын дейтін. Қайда барса да мұны танымағыны жоқ, шал да бәрін біледі. Елпек атануы шалдың өзінен, өйткені бұл үлкен болсын, кіші болсын бәріне қол

ұшын беріп, көмек көрсетуге әрдайым дайын тұрады. Туыс болсын, көз таныс болсын, істейтіні сол, бәріне дайын, бәріне қайырымды, бәрінің іші бауырынан кіріп тұрады. Бірақ мұның осы бір мейірімді үлпек мінезі ешуақатта бағаланып көрген емес. Алтынды тегін шашқан қандай құнсыз болса, мұның енбегі де сондай бағасыз. Момынның жасындағы шалдар ие болатын құрмет-іззеттің бірде-бірін бұл адам баласынан көрген емес. Мұны елеп, есіркеп жатқан ешкім жоқ. Үлкен ас берілсе, той-томалақ болса, әсіресе бұғы әuletінің белгілі кісісінің астары болса бар жұмыстың басында Момын жүреді. Өйкені мұның өзі де осы Бұғы руынан. Өзінің руласының ас, құдайыларының бірде-бірінен қалып көрген емес. Өзінің осы рудан екендігін зор мәртебе мақтаныш санайды. Мұндайда мал сою, қонақты қарсы алып аттан түсіру, көлік жайғастыру, шай қою, қазан асу, су тасу, отын жару сияқты жұмыстардың бірі Момынның мойнында. Жан-жақтан соншама қонақ жиналған астардың тірлігі аз бола ма? Момынға не тапсырса бәрі қас пен көздің арасында бітіп жатады. Кейбіреулердей бұл қай шаруадан болса да бас тартпайды. Осынша топырлаған қонақты тамақтандыру, шай беру сияқты жұмыстар ауылдағы келін-кепшіктерді қанша әбігерге салғанмен, солардың ортасында Момын жүреді. Сондықтан да олар:

– Елпек Момын болмаса, біз түк бітіре алмас едік, – дейтін.

Сонша жерден немересін ертіп келген шал барған жерінде самаурын қойып, жігіт-желеценің жұмысына өзі кірісіп кетеді. Момыннан басқа біреу болса, мұндай іске қорланып, терісіне сыймас еді. Ал Момын бәрібір, шыбын шаққандай көрмейді.

Елпек Момынның қонақтарды осылай жайғастырып жүрген қылышына ешкім таңданбайды, сондықтан да ол өмір бойы Елпек Момын атана келе жатыр. Елпек Момын атанғанына өзінен басқа ешкім кінәлі емес. Егер біреу «Ақсақал, бала-шағаның ісіне араласып неңіз бар, бұл елдің жас жігіттері мен әйелдері не бітіреді?» – дей бастаса Момын: «Маркұм, менің туысым еді (Бұғы руынан

шыққанның бәрін туыс санайтын, ас иесінің «туыстығы» осы қонақтарға қандай болса, бұған да сондай). Олай болса, бұл қызметті мен істемегендегі кім істейді? Барлығымыздың түбіміз бір ғой. Әруағынан айналайын, осы әuletтің бәрі Бұғы анадан тарайды ғой, ол бізге бір-бірінмен тату, мейірімді болындар, бір-бірінді сыйландар, қолдандар, деп кеткен жоқ па?...» – дейтін.

Міне, Елпек Момын шалдың мінез-құлқы, бар-болмысы осы.

Улken болсын, кіші болсын, мұнымен «сен» деп сөйлеседі. Кейбіреулер өзілдең, өзінің құрдасындағы ойнаса да, оған ренжіп қабақ шытатын шал жоқ. Мұнымен ешкім санаспайды, оған ренжіп жатқан Момын жоқ. Тегінде, жұрт құрметтемесе өзің кінәлі, құрметтесін дейтін болсан, кеуденді көтеріп, маңғаз бас аяғынды деп бекер айтпайды ғой. Мұның бәрі Момын шалдың қолынан келмейтін кәсіп.

Өмірде бұл шал бес аспап – ағаш жону, есік-терезе жөндеу, шөп шабу, қуде тұрғызу – әйтеуір қолы тиғен шаруаның қай жағы болса да, тап-түйнақтай болып шыға келеді. Жас күнінде Момынның тұрғызған құдесі өзгеден оқшау, тиянақтылығы сонша, қанша нөсер жаңбыр жауғанмен мұның жинаған шөбі шірімейді. Итарқа етіп тұрғызған қудеге жауын да сіңбейді, қар да тұрмайды. Соғыс кезінде еңбек майданына барып Магнитогордың зауыттарынның қабырғасын қалап, стахановшы да атанды. Қайтып келіп, осы қорықта ағаш үй салып алды. Орман ісімен айланысты. Бұлайынша қарапайым жұмысшы болғанымен осы орманда бағып отыратын Момын. Бастық деген аты болмаса, күйеу баласы Оразқұл уақытын көбінесе ел қыдырыу, қонаққа барумен өткізеді. Әлдеқалай үлкен бастықтар келіп қалғанда Оразқұл бәрін өзі бітіріп отырғандай орманды аралатып, аңға шығарып, жік-жаппар болып жүреді. Қолдағы аз ғана мал да, омарта да – бәрінің тірлігі Момынның мойнында. Ертеден қара кешке дейін дамыл таппайды. Жұмыстан қолы босамайды, сөйтіп жүріп өзін құрметтейтін тірі жан көрген емес.

Ал Момын болса, мұның бәрінен жүрдай. Ол бір аңқау, кем ақыл, есуас – жұрттың бәрі шынында солай ойлады.

Бұл дүниеде Момын ренжитін бір-ақ нәрсе бар, егер біреудің асы берілгелі жатса, ағайын жиналып ақылдасқанда Момынды шақырмаса бітті... Бұған ол қатты күйзеледі, өзін-өзі іштей жеп әбігер болады. Елемеді деп өкпелейді. Елеген күнде де бұдан ақыл сұрап жатқан тірі жан жоқ, тек ішінде болса болды. Мұның ойлайтыны ата-бабадан келе жатқан дәстүр бұзылмаса екен, тұқымдас емеспіз бе? – деген ғана.

Момынның да өз бойына лайық қайғы-қасіреті жетерлік. Сол ішті жегідей жеген қапас ойдан шыдамай кей тұндері жылап та алады. Оны бөтен көз ешкім көрмейді, біліп жатқан да бөгде адам жоқ.

Бірақ жақындары біледі.

Жаңа Момын, немересін автолавканың жаңында тұрғанын көргеннен-ақ оның әлденеге ренжіп тұрғанын бірден сезе қойды. Дүкенші бөтен адам болғандықтан ең алдымен шал соған бетtedі. Атынан қарғып тұсті де, екі қолын ұсынып, ұмтыла берді.

– Ассалау мағалейкум, бәйекесі, – деді ол әзіл араластыра. – Қалай, керуеніңіз аман-есен жетті ме, саудаңыз сәтті жүріп жатыр ма? – деп өзі мәз-мейрам болып, дүкеншінің колын қайта-қайта сілкіп, – көрмегенімізге қаншама заман болды, қош келдіңіз!

Шалдың бұл сөзіне немқұрайды күле қараған дүкенші, мұның тозығы жеткен керзі етігіне, кемпірі тіккен кенеп дамбалына, әбден илеуі қанған пенжагіне, күнге қакталып жаңбыр сіңген қара қоңыр қалпағына көз тастап, Момынға жауап қатты:

– Керуен қалпында. Байекесі, өздеріңе арнайы келсе, сендер орман аралап, сай сағалап бет-бетіңе қашып кетесіңдер, мұны қалай түсінеміз? Әйелдеріңе болса, «бір тын шығарсандар жаңың бірге шығады», – деп тапсырасындар-ау шамасы. Қанша мұлікті үйіп-төксен де көк тын жұмсайтын сыңайларың жоқ.

– Айналайын, айыпқа бұйырма. Сенің келетінінді білсек табан қақпай отыратын едік қой. Жоққа жүйрік жетпейді, ақшаның жоғы рас. Мына күзге қарсы картошка сатып, былай нетіп, – деді шал өзінен өзі қысылып.

– Мұндай ертегі маған түсінікті, – деді дүкенші оның сөзін бөліп: – Сендер сияқты шіріген байларды білеміз. Бүкіл тауды билеп отырысындар, жер жетеді, шөп жетеді. Қаншама байлық сендердің қолдарында. Үш күн жүрсөң шегіне шыға алмайтын орман мынау. Мал ұстайсың ба, ұстайсың! Омартаң бар ма, – бар. Тын шығаруға келгенде қалтырай қоя бересіндер. Неге алмайсың мына жібек көрпені? Мына тігін машинасынан біреу-ақ қалды...

– Құдайдың бір ақына, шырағың, ондайға ақша жоқ, – деді Момын шал өзін өзі актап.

– Дәл осы сөзіңе сене қояды деп тұрмысың? Сараңсың, шалым сараңсың. Ақшаны басып жатырысындар, қайда жұмсайсындар сонда?

– Құдай білер, Бұғы ананың әруағымен ант етемін.

– Мына ши барқыттан ал ендеше, тым болмаса бір дені сау шалбар киерсің.

– Алар едім, амал қанша, Бұғы ананың әруағы атсын тарынсам...

– Ой, сеніменен сөз бітпес, – деді дүкенші қолын бір сілтеп. – Бекер келген екенмін. Оразқұл қайда?

– Таңертең кетіп еді. Ақсай жаққа беттеді-ау деймін. Сондағы малшылардың да шаруасы болса керек.

– Қонақтап кеткен гой, шамасы, – деді дүкенші түсінгендей. Қолайсыз ұнсіздік басты.

– Шырағым, сен енді ренжіме, құдай қаласа күз басталысымен картошкаларымызды сатып... – деді Момын арт жағын айтпай.

– Күзге дейін әлі қанша уақыт бар.

– Қайтеміз, енді ренжіме. Ал енді тәнір жарылқасын, үйге кіріп шай ішіп шық.

– Шай ішіп отыруға келген жоқпын. Шаруам жетерлік, – деді дүкенші.

Ол лавкасының есігін жаба берді де шалдың қапталында итінің құлағынан ұстап, машинаның ізінше тұра жүгіруге дайын тұрған оның немересіне көзі түсті.

– Тым болмаса портфель алсайшы, мына баланың оқуға баратын кезі болған жоқ па? Жасы нешеде өзінің?

Дүкеншінің мына сөзі Момынның ойынан дәл шыққандай болды. Бұдан бірдеме алып қалмаса, тым өкшелеп бара жатыр. Шынында да портфель керек болғанда қандай, немересі биыл күзде мектепке барады ғой.

— Мынауың ақыл болды-ау, — деді абыржып қалған Момын — ойыма да келменті. Биыл жетіден сегізге шығады ғой, бері жақындаши, қалқам! — деп немересін шақырды.

Шал қалтасын қарманып, жасырып жүрген бес сомдығын шығарды. Қай заманда қалтасына салғанын өзі де білмейді.

— Ұста мынаны, ей қалқаң құлақ! — деді дүкенші қулана көзін қысып, балаға портфельді берді. — Енді оқы, сауатынды ашпасаң — мынау атаңмен бірге таудың тағысы болып қала бердім дей бер.

— Оқығанда қандай! Бұл өзі пысық, ақылды, — деді Момын шал, қайырып алған тиыннын санап жатып.

Колындағы судай жаңа портфельді ыңғайсыздана ұстап тұрған немересіне көзі түсіп, өзінің бауырына тартты.

— Міне, сәті түсті деген осы. Күздігүні енді мектепке барасың, — деді ақырын ғана. Өзінің көп жарғақ боп қалған алақанымен баланың басынан сипады.

Осы сәтте баланың көмейіне бірдене кеп тығылғандай жүрегі алабұртып кетті. Атасының киімдерінің қоңырсық исі мен тарамыс боп қалған жүдеу қалпын сезді. Пішеннің исі, жұмыс адамының және терінің исі мұрын жарады. Бұл дүниеде баланың арқа тұтар, үміт күтер, жанашыр бір адамы болса, осы Момын. Атасы баладан жанын аямайды, үстіне түсіп, елпек қағады да жүреді. Осы бір анқау — адал, салауаттылар Елпек Момын атайтын шал бұл баланың асқар тауы. Жұрт не десе о десін, осы домаланған шал өзінің ең бір қадір тұтар, қайырым күтер атасы. Бәрінен де бары жақсы. Әйтеуір өз атасы ғой.

Бала дәл бүгін осындай қат-қабат қуанышқа ие болармын деп ойлаған жоқ-ты. Құні бүгінге дейін мектеп те ойына кіріп шықпаған. Бұған дейін мектепке бара жатқан балаларды Ыстықкөлдің жағалауындағы ауылдарға атасымен барғанда ғана көрген. Ол таудың ар жағында — Бұғы әuletінің бір атақты шалының асына барғанда болған. Бүгіннен бастап

бала портфелінен айрылған жоқ, қуана мақтанып, осы қотандағы отырған үйлердің бәріне көрсетіп шықты. Алдымен атам алып берді деп, әжесіне көрсетті. Одан кейін Бекей апайға, Бекей апайы портфель алғанына қуанып, баланың өзін де мақтап біраз жерге апарды.

Бекей апайдың мұндай көңілді кездері өте сирек болады. Көбінесе қабағын қарс жауып, томсарады да жүреді. Бұл бала туған немересі болса да жылы қарап бауырына тартпайды. Өз қайғысымен өзі, немересімен ісі де жоқ. «Әттең дүние, баласы болса мұның мінезі де, қылышы да өзгеше болар еді», – дейді кемпір. Орталарында өздерінен шыққан жас иіс жүрсе Оразқұл да дәл мұндай болмас еді. Баланың жүрген жері базар, қуаныш, береке емес пе? Мүмкін, онда Момын шал да дәл мұндай көрінгеннің айдауында жүрмес еді. Момын шалдың екі қызы болды, біреуі осы Бекей апай, екіншісі баланың шешесі. Кіші қызы бала көтермесе де өзінің ішінен шыққан шұбар жылан, балаңнан нәресте көрмеудің өзі қасірет. Осының барлығын кемпір айтады, не оймен айтатынын өзі білсін...

Портфелін Бекей апайға көрсеткеннен кейін бала Гүлжамалдың үйіне қарай бетtedі. Гүлжамалдың өзі мен қызына көрсетті де, пішен шауып жатқан Сейдахмет жаққа тартты. Тағы да сол шөгіп жатқан «түйе» тастың жанынан зырғып өте шықты. Оның өркешінен сипауға да мұршасы болмады. Бала ерттеулі «ат», «қасқыр», «тас», «танкке де» дейін аялдамай, өзенді жағалап итмұрын тоғайшығын жарып өтетін жалғыз аяқ жолмен жортып келеді. Әне-міне дегенше кең алқап шабындықтың үстімен Сейдахметке де жетті.

Сейдахмет бұл манда бүгін жалғыз еді. Атасы болса өзі сыбағасымен Оразқұлға тиісті жердің шебін әлдеқашан шауып алған. Шауып алу былай тұрсын, әжесімен Бекей апайға жинаттырып арбаға өзі артып қораға тасып та алған. Бұл сапарда бала – шамасы келгенше атасына көмектесіп бір сыпыра еңбек сіңірген. Қазір сиыр қораның жанында екі мая тұр. Атасы оны сондай тиянақтап көтерді. Қара нөсер төксе де тамшы тоқтамайды. Алыстан қарағанда,

атылатын арыстанның жалындай болып көрінеді. Атасының жыл сайын істейтіні осы Оразқұл өмірінде бір айыр шөп шауып көрген емес, өзі бастық болғасын ба, барлығын шалдың мойнына артып қойған. «Керек десендер, сендерді көзді ашып-жұмғанша жұмыстан қуып шығам», – дейді Оразқұл. Оның шал мен Сейдахметке көрсететін қыры осы. Онда да бұл сөзді мас болған кезде айтады. Шалды ол қайдан қусын, бұл кетсе кім жұмыс істейді? Бұл шалсыз күн көре алар ма? Әсіреле, күзге қарағанда. «Ағаш деген бетіне жайылып кететін отардағы қой емес, бірақ бұл да солардан кем бап тілемейді. Егер өрт түсे қалса, немесе қөктемде таудан қар еріп сел қантап келе жатса, ағаш деген жалтырап тұра қашатын жанды дүние емес, сол тұрған жерінде міз бақпай құриды. Орманшының бағатыны ағаш, мұның әр түбін көздің қараышында сақтау керек». Ал Сейдахметті Оразқұл қуа алмайды, өйткені Сейдахмет жуас, көнтерлі, не істе десе соған даяр. Ешнәрсеге араласпайды, сөз жарыстырып салғыласып жатқан ол жоқ. Бірақ соншалықты қарулы, мінезі орнықты болғанмен барып тұрған жалқау, үйқыдан бас көтермейді. Мұның орманшы болып жүргені де осы мінезі шығар. Атасының айтуына қарағанда: «Мұндай жігіттер тепсе темір үзіп, совхозда машина айдал, трактормен жер жыртады». Ал Сейдахмет болса өзінің бақшасында картошкасын отауға да ерінеді. Емшектегі баласын қолына алып жүріп, бақшаның бар жұмысын Гүлжамал бітіреді.

Керекті шөбін шауып алууды осы уақытқа дейін әкелген де Сейдахметтің өзі. Алдыңғы күні шал бұған біраз ұрысқан. «Өткен қыста саған жаным ашыған жоқ, малдарыңа жаным ашыды, сол үшін ғана шөп бердім. Ал енді биыл да шалдың шапқан шөбінен ауыз тием дейтін болсан, онда шынынды айт, ана шөпті мен-ақ шауып алайын», – деген. Сөздің төркінін аңғарған Сейдахмет бұғін таң атпай шалғысын алып тартқан-ды.

Біреудің жүгіріп келе жатқанын аңғарған Сейдахмет етегіне қолын сұртіп, артына бұрылады.

– Сен не ғып жүрсің, мені біреу ізденеп жатыр ма?

– Жоқ, менің портфелім бар, міне! Атам алып берді. Мен енді мектепке баратын болдым.

– Соны айтуға жүгіріп келдің бе? – деп Сейдахмет қарқарқ құлді. – Сенің Момын атаңың ылғи дені сау емес, – деп, саусағымен шекесін шертті. – Сен де содан ұзамапсын. Қане, бері әкелші, бұл өзі қандай портфель екен? – Ол портфельді қолына алып әрі-бері көрді де, басын шайқап, мазақтай күліп қайтып берді. – Айтпақшы, сен қайдағы мектепке барасың? Сенің мектебіңің өзі қай жерде еді?

– Қай жердегі несі? Фермадағы мектеп ше?

– Е, Желсайдағы мектепті айтасың ба? – деді таңданып Сейдахмет. Ол тауды тікелей асып жүргеннің өзінде аз деңгендеге бес шақырым.

– Атам өзі күн сайын атпен қатынаймыз деп отыр.

– Сонда әрі апарып салып, әрі алып қайтып жүре ме? Шал да алжыған екен... Онан да сенімен бірге мектепке өзі барсаши, партада бірге отырып, қол ұстасып шығатын шығарсыңдар. – Сейдахмет: ішек-сілесі қата құлді. Момын шал мен немересінің партада қатар отырғанын көзіне елестетіп, өзінен-өзі мәз болды.

Бала әлде неге ойланып қалды.

– Менің әшейін әзілім ғой, – деді Сейдахмет.

Ол көзін ала беріп баланың тұмсығына шертіп қалды да, оның басындағы кепкасын тұқырыта төмен басып қойды. Момын шал орманшыларға беретін кепканы өзі киуге ұялатын («Мен бұндайды киетін бастық па едім? Басымдағы қырғыз қалпағымды өлгенше ешнэрсеге айырбастамаспын»). Жазды күндері Момын шал жиегін сатинмен сырған атам заманғы киіз қалпағын киіп жүреді. Бұл «бір кездердегі» ақ қалпақ. Оның да әбден қыры түсіп, жұн-жұні шыққан. Қысты күні киетіні де қой терісінен жасалған ескі бөрік. Орман жұмысшыларының көкшіл кепкасын немересінің еншісіне берген.

Балаға Сейдахметтің осыншама қуанышты мазақпен қарсы алғаны ұнаған жоқ. Шапкасының күнқағарын жоғары көтерді, жүзінде едәуір реніш бар. Сейдахмет тағы да мұрның шерте бергенде басын тартып алып, салқын үнмен:

– Қойсайшы енді.

- Ойбай, мынаның ашуын қара? – деді күліп Сейдахмет.
– Қой, өкпелеме, портфелиң шынында да тамаша екен.
Ал енді жалтырат табанынды. Маған әлі қаншама шөп шабу
керек, – деп баланың арқасынан қақты.

Сейдахмет алақанына түкіріп алыш, қайтадан шалғысына
кірісті. Бала әлгі келген ізіменен баяғы өзінің тас серіктерінің
жанымен үйге қарай тартты. Өзінің бұрынғы достарына
көңіл бөлуге бұл жолы шамасы келген жоқ. Қанша дегенмен
портфельдің жөні басқа.

Бала өзімен өзі сөйлесуге әбден еті үйреніп қалған. Бұл
жолы өзімен өзі сөйлесуді қойып, портфельге тіл қатты. «Сен
оның айтқанына сенбे, менің атам Сейдахмет айтқандай кісі
емес. Ол қулық дегенінді білмейді. Сосын жұрттың бәрі оны
мазақтайтын себебі: атам қулық-сұмдықтан
құр алақан. Ол екеумізді мектепке апарып жүреді. Сен
мектептің қай жерде екенін әлі білмейсің ғой? Бұл жерден
онша алыс емес. Өзім көрсетемін. Анау Қарауыл таудың ба-
сына шығып, дүрбімізben көрерміз. Сосын мен саған өзімнің
ақ шаңқан кемемді көрсетемін. Бірақ алдымен сарайға кіріп
шығу керек. Мен дүрбімді сонда тығып қойғанмын. Оның
үстіне бұзау бағамыз. Сол кезде мен таудың басына шығып,
кемені көремін. Біздің бұзау да өсіп қалды ғой. Ноқтасынан
ұстасаң әл бермей сүйрей жөнеледі. Осы кезде есебін тауып
анасын еміп кетуді шығарып жүр. Біздің сиыр оның шешесі
ғой. Одан ешуақытта сүтін аямайды. Сен бұған түсінетін
шығарсың? Ана деген баласынан ешуақытта ешнәрсесін ая-
майды ғой. Ана кішкене қызы бар Гүлжамал солай дейді...
Қазір сиырды сауып болған соң біз екеуміз бұзау жаямыз.
Сол кезде Қарауылдың басына шығып, ақ шаңқан кемені
көреміз. Мен өзімнің дүрбіммен дәл осылай сөйлесем.
Бүгіннен бастап сен, мен, дүрбі үшеуміз боламыз».

Осылай ол үйіне келе жатты. Портфелімен бұлай
сөйлескені өзіне қатты ұнады. Тағы да әңгімесін жалғастырып,
өзі туралы портфельдің білмейтін жайларын баяндағысы
келіп еді, бірақ көлденеңнен келе жатқан ат тұяғының ды-
бысы сөзін бөліп жіберді. Ағаштың арасынан көк ат мінген
біреу көрінді. Бұл Оразқұл болып шықты. Үйіне беттеп келе

жатыр. Астындағысы өзінен басқа тірі жанға мінгізбейтін көкалабас. Сайлы ертоқым, сары жезден жасалған үзенғі, сылдыр қағатын сағалдырық пен көңілдірік күмістей жылтырайды.

Оразқұлдың қалпағы желкесіне қарай жылжып кетіпті. Түк басқан аласа мандай қызара бөрткен, күннің ыстығы әбден титығына жеткен сияқты, аттың үстінде үйиқтап келеді. Аудан әкімдерінің үлгісіне еліктеп тігілген ши-барқыт китель ағытылып кеткен алка-салқа. Ақ көйлегі умаждалып, белбеуінің астына барып орналасқан. Әрі тоқ, әрі мас. Жаңа ғана қонақта болып, майлыш етке қарынды кептеп, шамасы жеткенше қымыз берілген араққа басып келе жатыр екен.

Тау алқабына жазғы жайылымға шығатын қойшылар, жылқышылар Оразқұлды қонаққа жиі шақыратын. Олардың көбісі көз көрген дос-жарандар. Бұл шақырыстың да өз есебі және бар, Оразқұл – керек адам. Әсіресе, өздері тауды мекендеп орталыққа үй салуға ойы барлар алдымен Оразқұлды айналдырады. Бағып отырған малынды тастап, үй тұрғызуға керек дүниені қайдан іздерсің? Ең керегі ағаш емес пе? Көз алдында қалың орман тұнып тұр, егер Оразқұлдың ойынан шықсан, қалаған жерінен үш-төрт бөрене қызып аласың. Осылай етіп есебін таппасаң, өмір бойы таудың жықпышдарын аралап, меншікті үй көрмей мал соңында кетесің...

Құрым етік киген Оразқұл анда-санда үзенғіге аяғын бір тіреп, қалғып-мұлғіп, дел-сал болып келе жатыр.

Портфелиң бұлғақтатып қарсы алдынан бала шыға келгенде оқыс көріністен Оразқұл шошып кетіп аттың үстіне ұшып түсе жаздады.

– Оразқұл аға, менің портфелім бар, мен мектепке баратаң болдым. Міне, портфелімді көрдіңіз бе? – деді.

– Ә, сенің... – деп боктық айтып жіберген Оразқұл, аттың жүгенін қармана берді. Үйкі женіп келе жатқан ол қанталап кеткен көзін ашып, балаға ежіре耶 қарады.

– Бұл немене, қайдан жүрсің?

– Үйге бара жатырмын. Мына портфелімді жаңа ғана Сейдахмет ағаға көрсеттім, – деді бала сесі қайтып қалған үнмен.

– Бар ендеше, ойна! – деп бұрқ ете қалды Оразқұл. Ер үстінде теңселген қүйі әрі қарай жүре берді.

Мұның портфелінің Оразқұлға керегі не? Ата-анасты тастап кеткен, өзінің әйелінің немересі боп келетін мұндай қу жетімекті ол не қылсын? Тағдырдың мұны мазақ еткені аз ба, қасарысқан құдай өз қанасынан шыққан бала бермеді. Басқаларға торғайдай шұбыртып бергенде, бұған келгенде құдайдың көзі неге жұмұлы?

Оразқұл кемсендеп көзіне жас алды. Аяныш пен ашу-ыза аралас алқымына тығылды. Бұл өмірден ізсіз-түzsіз кеткенім бе деген өкініш ой зығырданын қайнатты. Осы ашуды енді бедеу қатыны Бекейден алады, бар бәле содан. Қанша жыл болды, әлі сол бір қысыр жылан...

«Сені ме, сені...» – деді іштей Оразқұл, жұдырығын тістене түйіп. Жылаған үнім шығып кетпесе еken, деп өзін-өзі әзер ұстап, ентіге булығады. Үйге келісімен әйелін қамшының астына алары белгілі. Оның ішкен сайынғы салты осы. Осы бір тоң мойын өгіз қара ашу қысқанда хайуан болып кетеді.

Бала осының артында жалғыз аяқ жолмен келе жатты. Кенет Оразқұлдан көз жазып қалғанына таң қалды. Ол өзен жаққа атын бұрып, түсті де, жүгенді тастай салып қалың құмай шөп аралас шатбұталарды қақ жарып жүріп кетті. Құларман тенселіп зорға барады. Мойның ішіне тартып, екі қолымен бетін басып алған. Өзенің жағасына жетті де жүресінен отыра кетті. Сөйтіп, қосқолдап алған мұздай соңғы бетіне себе берді.

Оразқұлдың мына қалпын көріп: «Е, басына құн өтіп кеткен еken ғой, мынау ыстықта», – деп ойлады бала. Ол Оразқұлдың еңіреп өксігін баса алмай отырганын сезген де жоқ. Оразқұл болса қарсы алдынан шыққан баланың өз баласы болмағанына ыза-қорлықтан жылайды, – дейді. Тым болмаса портфель алған баланың қуанышына ортақ боп, адам сияқты бір-екі ауыз жылы сөз айта алмағанына опық жейді.

Қарауыл таудың басынан төнірек түгел көрінеді. Етпетінен жатқан бала дүрбіні көз алдына әкеліп, қарана бастады.

Мұның қолындағы далалық жерге арналған жақсы дүрбі болатын-ды. Бір кездері қорықтағы ұзақ жылғы енбегі үшін атасына сыйға тартты. Шал болса бұл дүrbімен ісі болған жоқ. «Бұдан өзімнің көзім әлдеқандай артық», – дейтін. Бірақ иесі табылды, немересінің айнымас ермегіне айналды.

Бұл жолы бала таудың басына дүrbісімен, портфелімен шықты.

Алдымен көзге ілінген дүниенің барлығын секіріп, жылжып, ойнақшып кетіп еді, енді барлығы әйнектің ауқымына түсіп, айқын, өзінің қаз-қалпында көрінді. Мұның өзі қызық дүние болса осы бір тапқан фокустан дүrbіні айырмау үшін демін де зорға алады. Шамалыдан кейін он жағына бұрыла қарап еді, тағы да дүние астан-кестен араласып кеткендей болды. Әйнектің түбіндегі бұранданы қайтадан жылжытып, қалпына келтірді.

Осы жерден бәрі де көрінеді. Анау аспанмен астасқан қарлы шындарға дейін көз алдында, ар жағы тұңғиық аспан қарлы шындар барлық таулар үздік шығып алып жер жаһанның тас төбесінен қарайды. Қарлы шындардың төменгі жағы да тау. Солардан басталатын қалың қарағайлы жаныс орман етекке дейін жайласады. Мына жағына қарасаң күнгей Алатау. Күнгей Алатаудың өніріне көз тоқтатар ешнэрсе өспейді. Тек жұқалаң шалғын шөптер болмаса, ағаш атаулы жоқ. Одан төмен жатқан анау Ыстықкөлге барып жалғасатын аласа таулардың жалаң тастарында тірліктің нышаны сезілмейді. Осы бір жалаңаш жота алқапқа келіп жоғалады да, алқап Ыстықкөлмен шектеседі. Осы бетте егіс даласы, бау-бақша, ауылдар көрінеді... Мынау шалқар егістің көкшіл қалпының кей жері жолақ-жолақ, сарғая бастапты. Орақ маусымы жақын деген сөз. Сонау етектегі машиналар жорғалап келе жатқан тышқандай болып көрінеді. Ізінше көтерілген шаң тұра қашқан түлкінің құйрығындаиды бұландаиды. Жердің сонау құмдауыт шегінде көз жетер шамада көкпеңбек айнадай көл жатыр. Ыстықкөліміз осы. Шалқар көл аспанмен астасып кеткен. Екеуінің жігі біленбейді. Аржағы белгісіз жым-жылас жұмбақ дүние. Көлде ешқандай қимыл жоқ, жайсаң жатқан жалпақ жази-

ра. Жарға соққан толқынның көзге ілінер-ілінбес ақ көбігі ғана аңғарылғандай болады.

Бала бұл жаққа ұзақ қарады. «Ақ кеме әлі көрінбейді, – деді ол портфельге. – Ал енді өзіміздің мектеп жаққа тағы бір қарап алайықшы».

Осы таудың арғы етегіндегі қойнау бұл жерден апанақ көрінеді. Ұршық иіріп, үйдің іргесінде отырған әжейді де дүрбі арқылы көріп тұрмын. Желсай ойпатында орман болмайтын, әр жерде ғана атам замандағы жетім қарағайлар көрінеді. Бір кездері бұл маң да орман болған. Қазір оның орнында төбесін шифрлаған қаз-қатар мал қоралары. Олардың іргесінде қарауытып көрінген салмылтыр аралас боктық. Бұл жерде сұт фермасының асыл тұқымды жас малдары бағылады. Мал қораларынан әудем жерде көрінген еңістен төмен қарай түсетін шолақ көше малшылардың үйлері тұратын. Соның былайғы шетінде сыртына қарағанда тұрғын үйге құсай бермейтін қоныр шатырлы қораш үй көрінеді. Сол осы жердегі төрт жылдық мектеп. Жоғарғы сыныпта оқытын балалар совхоз орталығындағы мектеп – интернатқа кетеді. Мына жымырайған үйде жас балалар оқиды.

Бір жолы тамағы ауырып қалғанда фельдшерге атасымен бірге бала осында келген. Енді міне, дүрбіні соған бағыттап, мұржасы қисайған осы бір сұрықсыз жаман үйден көз алмайды. Мандайшасында жұқа тақтайға қолмен жазылған «Мектеп» деген сөз бар. Бала әлі хат танымаса да осыдан басқа сөз жазылмағанына іштей сенеді. Бұл дүрбінің ғажабы тырнақтай дүниенің өзін айдан анық көрсетеді. Ең ар жағы терезе әйнегін желімдеген қағазға дейін, үйдің сыртқы қабырғасындағы жарық сыйыққа дейін, анау бір жағы қисайып кеткен кіреберістегі дәлізге дейін көрінеді. Қазір ол мектепке қалай барғанын сол есіктен портфель екеуінің кіріп бара жатқанын көзіне елестетті. Әттең, есігі құлыштаулы тұр екен. Дөңбектей қара құлышқа көп қарады. Шіркін, сол есіктің ар жағындағы дүние қандай екен?

Мектептің бар болмысын тәптіштей қарап болған соң бала дүрбісін тағы да көл жаққа бұрды. Онда қас-қалпы

ешқандай өзгеріс сезілмеді. Ақ кеме әлі көрінген жоқ. Бала көл жаққа арқасын берді де, дүрбісін жанына қойып, таудың етегіне қарады, етекте көбігі күмістен ұшқан қылаудай көкке атып жатқан тау өзені, соны жағалай жалғыз аяқ жол кетеді де өзенмен бірге шатқалға кіріп жоғалады, өзеннің аргы беті орманды жарқабақ болатын. Сантастың орман қорығы осы жерден басталады, тау шатқалдарына ұйыса биікке өрмелей өскен қалың қарағай қарлы шыңға иек артып ба-рып тоқтайды. Сол иек артқан жерде көбіне қарағай өседі. Жабайы жартас пен таласа тамырласып кететін сиреп барып, кейбіреуі қалың қардың ортасынан нэр өзек тапқан секілді.

Бала Қорықтағы үйлерді, сарайды, қора-қопсыларды бүгін көргендей күле қарайды. Жоғарыда көз тастағанда бәрі де аласа, жермен жексен болып көрінеді еken. Әне үйлерден сәл әріректе өзен жағасындағы өзінің достарына көзі түсті. «Түйе», «қасқыр», «танк», «ерттеулі ат», – бәрі-бәрі қаз қалпында. Ең алғаш рет осы Карауыл таудың ба-сынан дүrbімен қарағанда, осы аттарды осы жерде отырып тапқан.

Бала өзінен-өзі мәз болып, орнынан тұрды да, қора жаққа қарай тас лақтырды. Бірақ ол қорага жетпейді еken, өзі тұрған жерден көп ұзамай таудың етегінде қалды. Орнына қайта отырды да енді аулаға дүrbімен қарады. Алдымен үлкен әйнегі мен кіші әйнек арқылы қарап еді, үйлердің бәрі ұзакқа кетіп қалды да, бәрі де кішкене-кішкене ойыншыққа айналды. Жаңағы «қасқыры» да, «түйесі» де, бармақ басын-дай тасқа айналды.

Атасы қалап берген тоғанның алақандай боп көрінгені сонша тап осы тұрғысында одан құмырсқа да кешіп өтетін шығар. Бала мәз боп басын шайқап күле берді. Енді қайтадан әйнектің кішкентай жағымен қарады. Әлгі өзінің «түйесі», «қасқыры», «танкі», «ерттеулі аты» бәрі де орнынан тұрып, сілкініп шыға келді де, дүrbі әйнегіне кеп тіреліп тұра қалды. Әсіреле, танктың дақ түскен жері дөңгелегінің бедеріне дейін анық көрінді. Бұл танк өте тамаша, жылжы-май тұрғаны болмаса, өзінің кинода көргенінен айнымайды. Әне, «қасқырды» қарашы, ол да айнымайтын – өзі.

Бұлардан сәл әрірек қырышық қайырға атасы қалап берген тоған, қазір осы жерден тамаша көрінеді. Осындағы жайпауыт қайранды жанай өтетін өзеннің ағысына бұл жerde көзге ілеспейді. Қырышық қайырға ағыстан ауысар судың терендігі тізеден-ақ келеді. Бұл тұстан өткесін арнасына түсіп алып жұлқына жөнеледі. Бірақ саяз жерінің ағысының қаттылығы сонша мына сияқты балаларды қаңбақтай ұшырып кетеді. Ағыс алып кетпес үшін бала жағада өскен құба талдардың бұтағына жармасып суға түсетін. Содан жібермей отырып ап, сұңгіп-сұңгіп алады. Бірақ бүйтіп суға түскені құрсын. Бұтаққа жабысып отырып адам суға түсіп она ма, бұл да бір қалаған шөбін жей алмайтын арқандаулы ат сияқты дуние. Ол ол ма, осы әдетің үшін қаншама сөз естисің. Әжем «осыдан суға кетіп қалсан, өз обалың өзіне, құдай бар, сені жоқтап іздейтін мен жоқ, туған эке-шешесіне керек болмаған, бұл кімге керек, маған осы үйдің бοқтығы да жетіп жатыр», – деп атасына талай ұрысқан.

Бұған не дерсің? Қария адам мүмкін дұрыс айтатын да шығар. Бірақ балаға да жаның ашиды. Мынадай мөлдір су көз алдында ағып жатқанда ол қалай шыдасын. Кемпір қанша қорқытса да, бала есебін тауып суға түсуін қойған жоқ. Содан кейін барып, Момын шал немересіне арнап тоған қалай бастады. Өйткені, жалғыз қуанышы, осы бір бала. Тым болмаса суға түскенде қамсыз, қауіпсіз болсын деді.

Момын шал ағыс жығып кетпесін деп тастардың да ірісін тасып, қаншама машақатқа тұсті. Сүйек шаққан мұздай судың ішінде ертеден қара кешке тас қалаумен болды да олардың арасынан су өтетіндегі біріне-бірін сүйестіре саңлау тастанап отырды. Домаланған бір уыс шал сонша қайратты қайдан табатынына қайран қаласың. Жейдесі мен бөз дамбалы тәніне жабысып, кешке дейін судан шыққан жоқ. Шай үстінде шалдың ауырып қалғаны байқалды, қайта-қайта, жөтеліп, белі көтертпей, жатып қалды. Мұны көрген кемпір: «Мынаны, есуас, ақылы жоқ бала дейік, сен сақалды сайтанға не жоқ? Албасты басып мұздай судың ішінде кешке дейін нең бар еді? Осы баланы асырап, сақтағанымыз аз ба? Не айтса

осының жетегінде жүресің. Немене, бұл сенің басыңа көк тас қоя ма? Ертең буыны бекіп, бұғанасы қатқасын әйт шу, қара құйрық деп тартып береді, түбімізге әлі осы жетеді», – деп ашуға басты.

Кемпір не десе о десін, өзенге салынған тоған тамаша болып шықты. Бала енді ешнәрседен қорықпай, суға еркін шомылды. Жағалаудағы бұтақтардан ұстап, ағысқа еркін түседі де тоғанға дейін ағып келеді. Сұңгігенде де көзін ашып сұңгиді. Көзін ашып сұңгитін себебі, балықтар да көзі ашық жүзеді ғой. Бұл баланың қиялы да, арманы да қызық. Кейде балық боп кеткісі келеді. Шіркін, балық боп жүзгенге не жетсін дейді.

Қазір дүrbімен сол тоғанына қарап отырған бала көйлекштанын шешіп, мұздай суға тітіркене барып қойып кеткенін көзіне елестетті. Тау өзендерінің суы салқын болатын әдеті ғой, бір сұңгіп алғаннан кейін барып бойың үйренеді. Міне, құба талдың бұтағынан ұстап ағысқа күмп берді. Етпетіңнен жатқанда асты-ұстіңнен құлағының түбінен, шулай тұла бойыңды қытықтай аққан су қызық. Судың астында жатқанда ешқандай дыбыс естілмейді. Тек қана ағыстың күміс сыйдыры еміс-еміс құлағыңа келеді. Енді көзін барынша ашып, жан-жағына су астының тірлігіне зерлей қарады. Көзі әлденеден қышып, ашығандай болды. Оған мән берген жоқ. Қайта масаттана күліп судың астында жатып кемпірге тілін шығарды. Кемпір мұның суға кетпейтінін, дәнеңеден қорықпайтынын көрсін. Осы кезде ұстап жатқан талшығын жіберіп қалғанда ағыс мұны домалатып айдай жөнелді де тоғанына бір-ак әкелді. Бұл жерде демі де біtedі. Содан судан атып тұрып қайтадан жағаға шығып, жүгіріп барады да әлгі талдан ұстап қайтадан суға түсіп тоғанға дейін көзін ашып сұңгіп барады. Бұл күніне, атасының осы арнайы қалап берген ғажайып тоғанында жүз қайтара суға түсуге даяр. Қысқасы, қашан балыққа айналудан басқа арманы жоқ сияқты...

Өзен жағасына қарап отырған бала енді дүrbісін аула ішіне бұрды. Балапандарын ерткен түье тауықтар, жаңғырыққа сүйеулі балта, түтінде жатқан самауыр, әр

жерде жатқан айыр, күрек соншалықты ұлken, соншалықты жақын бол көрінеді, бала қалай қолын созғанын да байқамай қалды. Ойбай, масқараның әкесі енді шықты. Көз алдында түйедей болып көрінген арамқатқыр тарғыл бұзау жаюлы көйлекті шайнап тұр. Рақаттанғандығы сонша екі көзін жұмып-жұмып алады, езуінен сілекей шұбырады. Екі ұртын толтырып күйсеп тұрғаны кемпірдің кейлегі.

– Ой, арам қатқыр ақымақ, – бала дүrbіsіn көзінен алмaston орнынан тұрып бұзауды айдағандай қолын ербендетеді. - Естіп тұрмысың, әрі, әрі кет деймін. Бәлтек, Бәлтек, қайдасың? (Дүrbіde көрінген үйдің көлеңкесінде маңқып жатқан Бәлтектің онымен ісі болған жоқ). Айтақ, айтақ! – деді бала жан ұшырып итке.

Бәлтек оның бұл бұйрығына селт етпеді. Сол күйі былқ етпей жата берді.

Бала дүrbіsіn көз жетеді-ау деген жаққа бағыштап, демін ішіне тартып, бір сәт қадалып қалды. Әне, әне! Енді дүниенің бәрі ұмыт болды. Көрдің бе, сызып келеді, анау бара жатқан Ыстықкөлдің айдын төсіндегі ақ кеменің бәрі шыға бергенін қарашы! Әнеки, әне! Дәл өзі, үсті каз-қатар мұржа сияқты, көрдің бе, жүрісін-ай шіркіннің. Қандай тамаша! Оқтай тұзу, алған бағытынан қайтпай жүзіп барады. Бала дүrbіnің әйнегін көйлегінің етегімен бір сүртіп, өзінше жөндеген болды. Пароходтың бар болмысы, бұрынғыдан да айқын көрінді. Енді толқын үстінде теңселіп бара жатқаны да айқын сезіледі. Ізінде қалып бара жатқан ақ көбік те көзге шалынады. Бала ақ кемеге бар ынтасымен ұздіге қарайды. Әттең, дүние! Шамасы келсе осы ақ кемені бермен – өзіне қарай жүр дер еді. Ол бері қарай келсе, үстіндегі адамдарды да көріп, қанша рақатқа батар еді. Не пайда, кеме баланың бұл арманын қайдан білсін? Ол сол өзінің баяу, байсалды қалпымен, алған бағытында кетіп бара жатыр. Қайдан шығып, қайда бара жатқаны белгісіз.

Кеме де баланың көз алдында ұзақ жүзді, осыған орай бала да өзінің балыққа айналып, ақ кемеге қалай жүзіп баруының жолдарын ойланды...

Осы Қарауылдың басынан жалқын-жасыл Ыстықкөлдің үстінде жүзіп бара жатқан таңғажайып ақ шаңқан кемені алғаш көргенде жүрегі алабұртып кеткен-ді. Әкесінің Ыстықкөлде матрос дегенін естіген бала оны дәл осы кемеде істейді дегенге өзін іштей берік сендеріп алған. Солай болса еken деген сәби сенімнен айрылмауға берік белбуған.

Әкесі де, шешесі де баланың есінде жоқ. Өмірінде оларды көрген де емес. Олардың да бірде-бірі мұны іздең келген жоқ. Бірақ бала әкесінің Ыстықкөлде матрос екенін, шешесінің күйеуінен ажырасқаннан кейін баласын шалдың қолына қалдырып, өзі қалаға кеткенін біледі. Сол кеткеннен хабар-ошарсыз мол кетті. Алыс қалада, таудың ар жағында, одан кейін көлдің аржағында тағы бір тау асқан жакта дегенді естіген.

Ақ кеме сол жүзген бетімен ұзай берді. Ана басы мен мына басы ат шаптырым аппақ көрінетін ол көк жалқын көлдің айнадай жалтыр бетімен, мұржаларынан түтін атып, бара жатыр. Балыққа айналған бала оның ізімен қуып келе жатқанын қайдан білсін?

Балыққа айналуға ынтызарлығы сонша, денесінің барлығы балықтан айнымаса еken деп арман етеді. Құйрығы, желбезегі, қабыршағы, қанаты – барлығы балықтан айнымай, тек қана қылқан мойны, қалқан құлағы осы бір қауға басы сол қалпында қалса еken дейді. Сонымен бірге осы көзі де балық көз болмай, орнында қалса онды болар еді. Бірақ кейде ашыған кезде жұмып, қалғып келеді, кейін үйренгесін ол болмайды ғой. Баланың кірпігі бұзаудың кірпігі сияқты жиі қызылсыз түратын ұзын кірпік. «Гүлжамал, шіркін, сенің кірпігінді менің қызыма берсе, қандай сұлу болып өсер еді», – дейді. Сұлу болып өскенде не пайда, сұлу жігіт болғанның пайдасы не? Оның ешнәрсеге керегі жоқ. Бұл балаға сұлу көзден гөрі судың астында жұмылмайтын, бәрін анық, айқын көретін көз керек.

Бұл балыққа атасының қалап берген тоғанының ішінде айналу шарт. Көзді ашып-жұмғанша балық болады да жалма-жан тоғаннан шоршып шығып, ақ жалданып жатқан ақ түтек

ағынға бір-ақ қояды. Ағыстың ығымен тартып бара жатыр. Анда-санда шоршып, су бетіне шығып жан-жағына қарап қояды. Өмір бойы судың астында жүзе берудің де қызығы болмайды ғой. Міне, ол алысқан екпінімен қызыл коңыр жардың жанынан өтіп бара жатыр. Аспалы көпірден де өтеді. Еңіс таулар, жыныс ормандар, жайдақ-жайпауыт жерлер бәрі артта қалады. Өзінің сүйікті достары дөңбек тастарымен де «Көріскеңше сау бол, түйем, қош болып тұр, қасқырым, сен де аман бол, ерттеулі атым, тағы бір айналып соғармын, танкім», – дейді. Қорымның жанынан өте бергенде судың бетінен мойын созып, атасына қанатын бұлғап: «Қош бол, ата! Мен ұзамай оралам!» – дейді. Атасы аң-тан, не қыларын білмей аласұрады. Кемпір, Бекей апай, қызын көтеріп тұрған Гүлжамал бұл не деген ғажайып деп ауыздары аңқылып қарап қала береді, өйткені олар басы адам, денесі балық болған кісіні көрген емес қой. Бұл оларға қанатын бұлғап: «Сау бола тұрындар, Ыстықкөлге жүзіп бара жатырмын, ақ кемеге барам, онда менің әкем матрос болып істейді», – дейді. Бәлтек бишара менің кетіп бара жатқанымды біліп, өзенде жағалай тұра жүгіреді. Ит деген мұндайды өмірі көрмеген ғой. Егер Бәлтек ақымақтық жасап, суға қарғып түскісі келсе, ол судың ішінен айқайлайды. «Әй, Бәлтек, байқа, суға кетіп қаласын», – дейді. Сөйтіп өз жөнімен жүзіп кете барады. Талай аспалы көпірлердің астынан өтеді, өзеннің екі бетіндегі шатқал, тоғайлар қала береді. Сонымен небір ғажайып бұрылыс, бұралаң адудын ағыстар мен алыса отырып, бірден Ыстықкөлге келіп тұседі.

Ал Ыстықкөл дегениңіз шалқар теңіз. Бұл жерде енді кеңшілік. Ыстықкөлдің толқынынан-толқынына асылып, еркін жүзеді. Алған бағыты ақ кеме. «Армысың, ақ кеме! Бұл келе жатқан мен ғой!» – дейді ол кемеге. – Сені дүrbімен талай көріп жүрген адам мен болатынмын». Кеменің үстіндегі адамдар мынау не деген ғажайып деп, аңырып қалды. Таңданғаннан жағаларын ұстайды. Сол кезде бұл өзінің матрос әкесіне: «Ассалаумағалейкум, ата! Мен сенің балаңымын ғой! Саған жүзіп келіп тұрмын», – дейді. – «Қайдағы баламсың? Өзінің басың адам, басқа денең балық қой?» –

«Сен әуелі мені кемеңе мінгіз, содан кейін мен сенің кәдімгі балаң болам». – «Мынау ғажап екен! Ал көрейік ендеше». Әкесі тор тастап мұны судан алады-дағы, кеменің үстіне шығарады. Сол сэтте ол өзі баяғы қалпына келеді. Ал содан кейін, содан кейін не болады?..

Содан кейін кеме сол бетімен жүзе береді. Бала өзінің барлық көрген-білгенін, қандай өмір кешкенін әкесіне түгел баяндайды. Өзі тұрған таулар, өзінің дос дөңбек тастары, орман қорығындағы адудын өзен, атасының қалап берген тоғаны, сол жерде қалай жүзіп үйренгенін, сұңгіген кезде балықша көзін ашып жүзгенін, не керек, бәрі-бәрін баяндайды...

Біз ойнап жүргенде ошақтағы оттар да лаулайды. От жанған кезде бүкіл жайылым жап-жарық болып кетеді дейсің бе, әке-ау, мұлде олай емес, ошақтың айналасы жарық болғаны болмаса, жан-жағы қараңғыланып кетеді. Осы кездері соғыс ойынын бастап жіберіп, бір-бірімізді іздеп, бір-бірімізге шабуыл жасап мәз боламыз. Кинодағыдан айныса бұйырмасын. Егер сен командир болсаң, бұйрығынды бәрі тыңдайды. Шамасы, командир болғаны рақат-ау...

Содан кейін таудың ар жағынан ай туып келеді, айдың жарығымен ойнаған бәрінен қызық. Не пайда бұл кезде атам мені алып қайтады. Біз жайылымды аралап, аласа тоғайшылықтардың ішімен келе жатамыз. Қойлар жатқан, айналада жылқылар жайылып жүр. Жол үстінде әлдебіреудің салған әнін, айтқан өлеңін естіміз. Оны айтып жатқан жас па, кәрі ме кім білсін, атам сол кезде кілт тоқтап: «Мінеки, тында! Мұндай өлеңді күн сайын естіп жатқан жоқсын», – дейді. Екеуміз тұра қалып тыңдаймыз. Әннің ырғағына балқып басын изеп тұрып, атам күрсінеді.

Атам айтады: ілгергі уақытта бір ханның қолына бір хан тұтқынға түсіпті. Сонда тұтқын ханға анау хан: «Егер құл болып өмір сүргің келсе, осылай жүре бересің, болмаса ойында не арманың бар, соны орындағын, бірақ артынша басынды алам», – депті. Сонда тұтқын ойланып отырып: «Құл болып тірлік еткім келмейді, онан да мені өлтіргенің

абзал. Бірақ өлтірердің алдында менің отанымнан көзіңе көрінген бір қойшыны экел».

– «Оның саған керегі не?»

– «Өлердің алдында соның әнін бір естіп кеткім келеді», – депті. Атамның айтуына қарағанда өз халқының әні үшін адам өмірін қияды, дейді. Сондай адамдардың түрі қандай болады екен, көрер ме еді өздерін? Мүмкін, ән үшін басын беретін үлкен қалаларда тұратын шығар?

– Тыңдағанда бойың шымырлап қоя береді, – дейді сибырлап атам. – Ой аллай-ай, неткен ғажайып ән еді!..

Мен атамды сонша аяп, сонша жақсы көретінімді осы күнге дейін түсінбеймін. Атам дегенде іші-бауырым елжіреп, кейде жылағым келеді...

Аударған: Қалтай Мұхаметжсанов

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Ш.Айтматовтың өмірі жайлы не білесіндер?
2. Шығармашылығы туралы айтындар.
3. «Ақ кеме» хикаяты қайсы ертегіден басталды?
4. Негізгі кейіпкерлер кімдер, атап шығып мінездеме беріндер.
5. Бала нені армандайды?
6. Момын шал қандай адам, суреттендер.
7. Оразқұлдың Бекейге қатығез болуының себебі неде деп ойлайсындар?
8. Бала неге балық болуды армандайды?
9. Маралдың өлімі балаға қалай әсер етеді?
10. Шығармадан қандай әсер алдындар?
11. Хикаят неліктен «Ақ кеме» деп аталған, оған өз пікірлерінді жазындар.
12. Ақ кеменің суретін салындар.



СЕРГЕЙ ЕСЕНИН

(1895–1925)



XIX ғасырда орыс әдебиетінде поэзия жанры жоғары сатыға көтерілді. XX ғасыр басына келіп орыс поэзиясында жаңа типтегі ақындар пайда болды. Солардың бірі – Сергей Есенин.

Әдебиеттанушылар арасында: «Ақындар ауылда туылып қалаларда өледі» – деген сөз айтады. Бұл сөз орыс әдебиетінің ұлы ақыны Сергей Есенинге атап айтылғандай.

Ақын 1895 жылы 3 қазанда Ресейдің көне тарихқа ие Рязань деревнясына қарасты Константинова ауылында қарапайым диқан жанұясында дүниеге келді. Әкесінің өте кедейлігі нәтижесінде әл-ауқатты бабасының қолына көшүйне мәжбүр болады. Бес жасында сауатын ашты, тоғыз жасынан бастап халық шығармаларынан сузынданап өлең жаза бастады.

Ауыл мұғалімдерін даярлайтын оку орнын бітіріп, он жеті жасында Мәскеуге барды. Саудагердің мекемесінде жұмыс істеді. Әдеби ән-жыр үйірмесіне қатысып, өлең жазуды жалғастырды. Он тоғыз жасында өлеңдері Мәскеу журналдарында жарияланып, елге танылды. Жиырма жасында Петербургқа келіп, атақты ақын Александр Блокпен танысады. 1916 жылдан әскер борышын атқарады. Патшаны мақтап өлең жазудан бас тартқаны үшін жазаны өтеу батальонына жіберіледі, соң қызмет етуден мүлдем бас тартаады. 1918–1921 жылдар Мурманск Архангелск, Қырым, Кавказ, Бессарабия, сондай-ақ Түркістан бойлап саяхат жасайды. 1922–1923 жылдары әйгілі америкалық биші А.Дупканмен Франция, Белгия, Италия мемлекеттерін аралайды, төрт ай Америка Құрама Штаттарында өмір сүреді.

Сергей Есенин 1925 жылы 28 желтоқсанда қайғылы казадан көз жұмады. Ақын қай елдерде болмасын, өзінің туған ауылында өмір сүргендей кейпінде болды.

«Енді қайтпаймын үйіме», «Қарындасыма хат» өлеңдерін оқи отырып ақынның өмірінің көбі шет мемлекеттерде өткенін байқаймыз. Қай елде өмір сүрсе де Отанға деген сезімі, сүйіспеншілігі, махаббаты, сондай-ақ ауылына деген сағынышы жүрегінде мәнгі сақталады.

Сергей Есенин өлеңдері қысқа қарапайым тілде, түсінікті жазылған. Лирик қаһарманның өмірі, адамдармен қатынасы мен жырларының табиғилығы және шынайылығы айқын көрініп тұрады. Ең ұтымдылығы өлеңдерінде оттылығы, алаулаған жалыны, биік парасаты мен шығысқа тән рух бар.

Бұл өздігінен пайда болған емес. Ақын парсы классикалық поэзия өкілдерінің шығармаларымен таныс болған соң, Иранға баруға ынтық болады. Сол кезде Ресей мен Иран елдері арасында бітімгершілік болмағаны үшін ақын ол елге бара алмайды. Дегенмен, қайсарлығы нәтижесінде ақын Бакуге таяу жерлердегі ауылдардың біріне барады. Осы арада шығыстың биік парасаты нәзік жырларын бойына сінірді. Шығыс адамдарының өмір сүру салтымен тереңнен танысады. Нәтижеде, «Парсы әуендері» атты өлеңдер жинағы баспадан шығады.

Ақын жырларында адамды қастерлеу, адамның сұлуулығын суреттеуі, олар арасындағы қарым-қатынас бірінші орында тұрады. Ұлты, діні, жынысынан тыс мейір, ізгілікке жол сезімдері пайда болады. Өлең көңілді тазалайды демекші, ақын өлеңдері дәл осындай қасиеттерге өте бай.

ҚОРАСАНДА БІР ДАРБАЗА БАР

Қорасанда бір дарбаза бар,
Босағасы гүлге көмілген,
Онда айдай ару жасар.
Қорасанда бір дарбаза бар
Бір-ақ оны аша алмадым мен.

Қолдарымда күш те жетерлі
Шаштарымнан алтын рең алған.
Тұтқын етті мені ол ару
Қолда бірақ күшім-жетерлі
Ол есікті аша алмадым мен.

Ерлігім не жар майданында
Шығыс зарын көрсетпесінші
Сүйе алмаса Шахи жан-тәнімен
Ол есікті аша алмасам
Ерлігім не жар майданында

Тұсті тағы Орысқа жолым
Иран сенен кетпедім әлі
Неге сені көз көрмес болдым?
Ата-анаға мейірім себепті
Тұсті тағы Орысқа жолым.

Қош бол енді, қайыр Перизат!
Дарбазанды аша алмасам да,
Тәтті қайғым бірге мәңгілік
Жырлап өтем сені жұрттымда
Қош бол енді, қайыр Перизат!

Бұл өлеңін ақын парсы поэзиясына еліктеп жазғанының нәтижесінде шабыт пен сағынышқа толы сезімдерден сыр шертеді. Дегенмен орыстың атақты ақынына Иранға бару бүйірмады. Соған қарамастан ол өзін Иран жерлерінде жүргендей сезінеді. Оны жоғарыдағы өлеңіндегі жан-айқайын көрүімізге болады.

Шап-шагын өлеңнің зілдей ауыр салмағы, жанды жа-нашыры сезімді тас-талқан етеді. Ондағы қайталаулар да өлеңге нәр мен мән беріп түрғандай. Міне, бұл шығыстық рух жемісі. Мұнда әуез де айқын көрінеді.

ҚАРЫНДАСЫМА ХАТ

Біздің Александр
Дельвиг жайында

Өлең жазған жаулап бас сүйегін
Қандай шірін
Қандай алыс ақида
Дәл гүл бағын көңілге жақын түйемін

Сәлем саған қарындасым
Сәлем, уағалейкүм ассалам
Тұған далалар
Сәлемің бар ма?
Қалай күтілуде бабам сені айт
Рязаньдағы біздің алшазар.

Сол алшазар
Бар ма есінде
Сорлы атам тынбай еңбек етер
Бір бөлек жерінен
Өнім алғанша
Соқа жыртып қанша азап шегер.

Есінде ме мейрам
Мамыражай май
Барлығы нұр шашып
Гүлдер құлпырған
Аппақ қайындар
Тынбай құшақтап
Нұрлы майдан да
Мастау едім мен.

Саған ашынамын
Жалғыз қаларсың
Мен болсам дайынмын
Дуэлге шығуға
Бақыты шығар ішіп болмаған
Тыңдал болмаған сыйызғы күйін.

Бірақ бауымыз
Әлі де бар

Ерке балалығың көктемде ойнар
Олар ойлап қойса бір рет болса да
Диуаналардың
Өткендерін зар...

Лирикалық қаһарманның туған жерге, даласына деген ақ сезімі тамаша суреттелген. Салыстыру – ақынның көркемдік бір тәсілі іспетті.

Әлем әдебиетінде нама, хат тәрізді өлең түрлері кездеседі. Мұндай түрлер орыс әдебиетінде де кездеседі Сергей Есенин өзінің бірнеше өлеңдерін хат негізінде жазған:

«Анама хат», «Әйелге хат», «Бабама хат» т.б. ақынның бірнеше өлеңдері арнау болып келеді. Сергей Есениннің «Қарындасыма хат» өлеңдері лирик қаһарманның ауылда қалған қарындасына мейірі шынайы суреттеледі.

Аға алшазарда, бір шүйкім жерден өнім алу үшін атаның тер төгіп еңбектенуін еске алады. Атаның мақсаты картоптан мол өнім алу болса, балаларға бақшадағы бау өте әдемі көрінеді. Бауды кесіп тастағанда ақынның жастық кездегі жылағандарын еске алады. Мұндай ішкі сезімдерін тек бауырына, қарындасына айтуға болатындығын, сонымен бірге мамыражай мамыр жайында да толғайды. Лирикалық қаһарман бір сәттілік ойға батады. Пушкин, Лермонтовтарды еске түсіреді, оларды бәрінен де жоғары тұратын тірегі, достары деп санайды. Сергей Есенин де халықтың мақтанышына айналған Пушкин, Лермонтов дәрежесіндегі сүйікті ақынына айналды. Ақын мен қарындасының сол бауларында көктемде ойнап жүретін ерке балалар секілді емес, кейіннен Рязань, тіпті бүкіл Ресей мақтанышына айналды. Оның шығармаларын әлемнің көптеген мемлекеттерінде, әсіресе, қазақ оқырманы да сүйіп оқиды. Сондай-ақ өзге тілдерге қайта-қайта аударылды.

«Қарындасыма хат» өлеңінің ықпалында көптеген ақындар шығармалар жазды. Мәселен, өзбек ақындарынан Оспан Өзімнің «Әпкеме хат», Мұхаммед Юсуфтың «Қарындасыма хат», тіпті жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың «Балама хат» өлеңін де атап айтуға болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар



1. Орыс ақындарынан кімдерді білесіндер?
2. Сергей Есениннің өмірі мен шығармашылығы жайында мәлімет топтаңдар
3. Ақын өлеңдері қалай жазылған?
4. Шығыстық рух, шығыстық сезім қайсы өлеңінде көрініс табады?
5. Ол өзге мемлекеттерде жүргенде өзін қай жерде жүргендей сезінеді, неге?
6. «Хат» негізінде жазған өлеңі сендерге қалай әсер етті?
7. Өлең құрылышы, тілі жайлы талдау жасаңдар
8. Ақынның бау-бақшасы шығармаларында қалай суреттелген?
9. Лирик қаһарманның арманы не?
10. Сергей Есенин шығармашылығынан қандай әсер алдыңдар?

МАЗМҰНЫ

Шәкірттерге арнау сөз	3
-----------------------------	---

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБІЕТІ

Біздің заманымызға дейінгі жазу-сызулар мен аныз-жырлар	5
Алып – Ер Тұңға	5
Алып Ер Тұңғаны жоқтау	6
Тасқа жазылған дастандар	7
«Күлтегін» жыры	9
Корқыт ата туралы ақиқат пен аңыз.....	17
«Корқыт ата кітабы» Корқыттың нақыл сөздері	19
Әбу Насыр әл-Фараби	20
Өлеңдер.....	21
Махмұт Қашқари	23
«Диуани лугат ат-түрік» (<i>Түркі сөздерінің жинағы</i>)	23
Жаз бен қыстың айтысы	24
Махмұт Қашқари жинаған түркі мақал-мәтелдерінен.....	26
Жүсіп Баласағұни	28
«Құтты білік»	29

XIX ФАСЫР ӘДЕБІЕТІ

Махамбет Өтемісұлы	31
Ереуіл атқа ер салмай.	33
Шортанбай Қанайұлы	34
Зар заман	34
Майлықожа Сұлтанқожаұлы	39
Толғау	40
Мұрат Мөнкеұлы	42
Қызы	43
Топқа түскендерді толғауы	44
Абай Құнанбайұлы	45
Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы.....	46

Адамның кейбір кездері	48
Әбдірахман өліміне.....	49
Он жетінші қара сөз.....	50
XX ФАСЫР ӘДЕБИЕТІ	
Шәкірім Құдайбердіұлы	52
Қалқаман-Мамыр	53
Жамбыл Жабаев	66
Жаныс ақынға. Патша әмірі тарылды.....	67
Міржақып Дулатұлы	69
Шешениң балаларын суюі	70
Жастарға	71
Жас қазактар, қайдасын?.....	72
Мағжан Жұмабаев	73
Түркістан	74
Батыр Баян.....	77
Ілияс Жансүгіров	90
Жетісу суреттері.....	92
Жетісуда су суреті	93
Мұхтар Әуезов	95
Қараш-қараш оқиғасы.....	97
Сәбит Мұқанов	145
Балуан Шолак.....	148
Габит Мұсірепов	166
Шұғыла	168
Қасым Аманжолов	184
Тұған жер.....	185
Домбыра.....	186
Жұбан Молдағалиев	188
Мен – қазақпын	190
Тәкеін Әлімқұлов. Қараой	194
Мұқағали Мақатаев	211
Ақкулар ұйықтағанда.....	212
Эпилог.....	221
Шерхан Мұртаза	223
Интернат наны	224
Қадыр Мырзаәлі	232
Нұр	233
Тұн кірпігін ілмеді.....	234
Қабдеш Жұмаділов.	235
Қаздар қайтып барады.....	236

Олжас Сүлейменов	249
Арғымақ	250
Қыз қуу	251
Төлеген Айбергенов. Ана	252
Аруана – бауыр дүніе	253
Мұхтар Шаханов	255
Арман	256
Төлен Әбдіков	260
Қонақтар	261
Тұрап Айдаров.	273
Отаным	274
Тіл – құдірет	275
Қалдыбек Сейданов	279
Өзбекстан өз елім!	281
Тасыма	284
Адам болу арманым	285
Мен ақынмын	288
Мекембай Омарұлы. Түркістан	289
Халқым	296

ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРИНЕН

Мақсуд Шайхзада	301
«Мырза Ұлықбек» трагедиясы туралы	304
Тілегім менің	307
Міртемір. Сені, балалығым, мен көрдім	308
Абай ата	310
Сайд Ахмад	312
«Көкжиеқ» романы жайында	314
Асқад Мұхтар	317
«Шынар» романы	319
Мұхаммед Юсуф	321
Отаным	323
Мейір қалар	324
Шыңғыс Айтматов	325
Ақ кеме (повестен үзінді)	326

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРИНЕН

Сергей Есенин	350
Корасанда бір дарбаза бар	351
Қарындастыма хат	352

Абдувалитов Е. т.б.

A 14

Әдебиет: Жалпы орта білім беретін орта мектептердің 8-сыныбына арналған оқулық / Е. Абдувалитов, С. Досымбетова, А. Бектаев. – Бесінші басылымы. –Т.: «O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2019. 360 б.

I. I, 2 Авторлар.

ISBN 978-9943-01-522-7

УҶК 821.512.122(075)
КБК 83.3(5)я 721

O'quv nashri

**Ergesh Abduvalitov, Salixa Dosimbetova,
Aytmurat Bektayev**

ADABIYOT

Umumiy o'rta ta'lif maktablarining 8-sinfi uchun darslik

5-nashri

(Qozoq tilida)

Original-maket «O'zbekiston» nashriyot-matbaa ijodiy uyida tayyorlangan,
100011, Toshkent, Navoiy ko'chasi, 30

Редакторы Г. Нисианова

Көркемдеуші редакторы Х. Күтлуков

Техникалық редакторы Л. Хижсова

Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

Баспа лицензиясы АI №158, 14.08.2009.

Басуға 2019 жыл 1 апрельде рұксат етілді.

Пішімі 60×90^{1/16}, «Таймс» гарнитурасы. Кеглі 11. Оффсеттік қағаз.

Оффсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табагы 22,5.

Баспа табагы 19,69. Таралымы 5691. Тапсырыс № 74.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы
күзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің
Faafur Fұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100128, Ташкент, Лабзак көшесі, 86.

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Окушының аты, фамилиясы	Оку жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің колы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің колы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парактары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сыйбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сзыылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сзыылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сзыылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мұлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парактары жетіспейді, сзызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

Абдувалитов Е. т.б.

А 14 Эдебиет: Жалпы орта білім беретін орта мектептердің 8-сыныбына арналған оқулық / Е. Абдувалитов, С. Досымбетова, А. Бектаев. – Бесінші басылымы. –Т.: «O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2019. 360 б.

I. I, 2 Авторлар.

ISBN 978-9943-01-522-7

УҶК 821.512.122(075)
КБК 83.3(5)я 721

O'quv nashri

**Ergesh Abduvalitov, Salixa Dosimbetova,
Aytmurat Bektayev**

ADABIYOT

Umumiy o'rta ta'lif maktablarining 8-sinfi uchun darslik

5-nashri

(Qozoq tilida)

Original-maket «O'zbekiston» nashriyot-matbaa ijodiy uyida tayyorlangan,
100011, Toshkent, Navoiy ko'chasi, 30

Редакторы Г. Ниишанова

Көркемдеуші редакторы Х. Құтлуков

Техникалық редакторы Л. Хижсова

Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

Баспа лицензиясы АI № 158, 14.08.2009.

Басуға 2019 жыл 1 апрельде рұқсат етілді.

Пішімі 60×90^{1/16}, «Таймс» гарнитурасы. Кеглі 11. Офсеттік қағаз.

Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табагы 22,5.

Баспа табагы 19,69. Таралымы 599. Тапсырыс № 75.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы
құзырындағы Ақпарат және бұкаралық коммуникациялар агенттігінің
Фауфор Фұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011, Ташкент, Лабзак көшесі, 86.